



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



**ҚҚДИ**  
РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

Қазақстандық  
қоғамдық  
даму  
институты

# «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың қорытындысы бойынша талдамалық баяндама (2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша) – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2019 ж.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың қорытындысы бойынша талдамалық баяндама (2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша) Бағдарламаның жай-күйін, үрдістері мен перспективаларын, сондай-ақ негізгі бағыттар мен 6 арнайы жоба бөлінісінде Бағдарламаны іске асырудың аса маңызды жетістіктерін талдауды қамтиды. Бағдарламаны орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өңірлік жобалық офистер деңгейінде іске асыру нәтижелері ұсынылған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың қорытындысы 6 арнайы жоба мен бағдарламаның бағыттары бойынша қарастырылады. Жүргізілген жұмысты талдау, сараптамалық сауалнама нәтижелері негізінде бағдарламаны одан әрі іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар ұсынылады.

## МАЗМҰНЫ

<b>ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ</b> .....	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ</b> .....	<b>5</b>
<b>I ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ</b> .....	<b>7</b>
1.1 «Туған жер» арнайы жобасы .....	7
1.2 «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы .....	9
1.3 «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы.....	10
1.4 «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы.....	12
1.5 «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы.....	14
1.6 «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы.....	17
<b>II ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ӨҢІРЛЕРДЕ АРНАЙЫ ЖОБАЛАР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ</b> .....	<b>21</b>
<b>III ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ҚОҒАМ МҮШЕЛЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ</b> .....	<b>109</b>
<b>IV ТАРАУ. НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР</b> .....	<b>126</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	<b>138</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	<b>139</b>

## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

1. **АҚДМ** – Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
2. **АШМ** – Ауыл шаруашылығы министрлігі
3. **БҚО** – Батыс Қазақстан облысы
4. **БҒМ** – Білім және ғылым министрлігі
5. **Бағдарлама** – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы
6. **БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы
7. **БАҚ** – Бұқаралық ақпарат құралдары
8. **ЖБ** – Жергілікті бюджет
9. **ЖАО** – Жергілікті атқарушы органдар
10. **ҚР** – Қазақстан Республикасы
11. **ҚХР** – Қытай Халық Республикасы
12. **МСМ** – Мәдениет және спорт министрлігі
13. **ОҚО** – Оңтүстік Қазақстан облысы
14. **ӨЖО** – Өңірлік жобалық офис
15. **СҚО** – Солтүстік Қазақстан облысы
16. **СІМ** – Сыртқы істер министрлігі
17. **ҰЭМ** – Ұлттық экономика министрлігі
18. **ҮЕҰ** – Үкіметтік емес ұйымдар
19. **ШҚО** – Шығыс Қазақстан облысы



Қазіргі жаһандық қоғам дамудың мүлдем жаңа түрінде дамып келеді. XX ғасырда қалыптасқан көптеген трендтер өзінің өзектілігін жоғалтуда. Технологиялардың оза дамуы, кірігу процестерінің күшеюі, қазіргі жастар санасының жоғары дәрежелі мобилділігі мен бейімделушілігі, еуропалық өркениет стандарттарының өзіне тартуы өткен жылдар ішінде қыры жазылған дәстүрлі ұлттық құндылықтардың шектерін шайып келеді. Соған байланысты көптеген дамыған мемлекеттер қоғамдық дамудың терең мүдделендірушісі ретінде ұлттық бірегейлікті сақтау бойынша тиімді шаралар қабылдауда. Сонымен, қазіргі өркениеттің қозғаушы күші бір жағынан адамгершілігі жоғары моральдық құндылықтарға, ұлттық мәдениет жетістіктеріне ие, екінші жағынан – қазіргі заманғы технологиялық мәдениет дағдыларына ие болып отырған адам болып табылады.

Соған байланысты, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев бастамасымен жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары – бұл ең алдымен дүниетанымдық – идеологиялық сипаттағы мақалалар, олар тиімді форматында XXI ғасырдағы қоғам дамуының жалпы бейнесін және қазіргі қатерлермен байланыста қоғамдық сананы жаңғыртудың тұжырымдамалық жолдарын көрсетеді. Сананы жаңғыртудың мақсаты күшті және жауапты адамдардың біртұтас Ұлтын құру болып табылады. Сонымен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға ғана бағытталмаған, сонымен қатар сананы жаңғыртуға және қазіргі қатерлер кезінде өзекті болып табылатын тұтас тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Бағдарламада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев болашақ қазақстандықтың мынадай сапаларын қалыптастыруға бағыттайды:

- Сандық сауаттылық арқылы бәсекеге қабілеттілік, шет тілдерді білу және мәдени ашықтық.
- Прагматизм және рационализм.
- Ұлттық және мәдени бірегейлікті сақтау.
- Білім және ғылымға бағыттылық.
- Дамудың революциялық емес, эволюциялық жолын қолдау.
- Сананың ашықтығы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы әрбір қазақстандықтың жақын болашақтағы күн тәртібіне енгізілуі тиіс 13 нақты жобаны белгілеп берді. Қоғамдық сананы жаңғыртудың «локомотивтері» қатарына келесі арнайы жобалар енгізілген: «Қазақ тілін латын графикасына көшіру», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Ауыл – Ел бесігі», «Архив - 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі».

Іске асырылуы барысында Бағдарлама айқын бейнеге ие болды, жаңғыртушылық қайта құрулар азаматтық сала, тұтас қазақстандық қоғам тарапынан белсенді, қызу қолдауға ие болды. Өңірлердің, оның ішінде аудандар мен ауылдардың инфрақұрылымдары елеулі көлемде жақсартылды; патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті дамыту бойынша іс-шаралар жүргізілді; даму зияткерлік инфрақұрылымды да қамтыды, білім сапасы арттырылды, ұлттық бірегейлік, оның ішінде ұлттық тарих, мәдениет бойынша білім өзектендірілді. Сонымен, аз ғана кезең ішінде мемлекет пен азаматтық саланың бірлесе күш жұмсауымен ел бойынша көлемді жобалар іске асырылды.

Олардың нәтижелілігін, Бағдарламаның құндылықтарға бағдар алу және тұрғындардың мүдделілігін арттыруға, жалпыұлттық идеологияны қалыптастыруға, тұрғындардың қоғамдық санасын жаңғыртуға, тұрғындардың азаматтық белсенділік деңгейін арттыруға ықпалын бағалайтын кез келді.

**Талдамалық баяндаманың мақсаты** – 2 жыл 9 ай бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуын талдау, оның нәтижелілігін бағалау, сондай-ақ Бағдарламаны одан әрі нәтижелі жүзеге асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Міндеттері:**

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 арнайы жобасының республикалық деңгейде жүзеге асырылуын талдау.
2. 6 арнайы жобаның өңірлер жіктелісінде жүзеге асырылуын талдау, проблемалық мәселелерді анықтау.
3. Бағдарлама бағыттарының өңірлер жіктелісінде жүзеге асырылуын талдау, проблемалық мәселелерді анықтау.
4. Сарапшылық бағалауды талдау.

5. Қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

**Зерттеу мәні** – 2 жыл 9 ай ішіндегі Бағдарламаның бағыттары мен арнайы жобаларының жүзеге асырылуының негізгі сандық көрсеткіштерін талдау, проблемалық мәселелер және оны жүзеге асырудың жалпы нәтижелері.

**Талдау барысында мынадай ақпарат көздері зерттелді:**

- Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы;

- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) әзірлеген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын зерттеу бойынша әдіснамалық көзқарастар: Қазақстан-Спектр//Ғылыми журнал. – 2018. - №1-3;

- «Нұр Отан» партиясының саяси менеджмент Мектебі өткізген «Қоғамдық сананы жаңғырту тұрғысынан алып қарағандағы қазіргі қазақстандық қоғамның құндылықтар қондырғылары» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есебі, 2017 ж.;

- «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік гранты шеңберінде «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі өткізген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижелілігі» тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп, Алматы, 2018ж.;

- «Жастар» ҒЗО» ЖШС жүргізген «Рухани жаңғыру: Бағдарламаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу, 2019 ж.;

- ҚР АҚДМ ұсынған Бағдарламаның орындалуының сандық көрсеткіштері, 2019 жыл бойынша өңірлердің есептері және өзге де құжаттар.

#### **Әдіснама**

Әдіснама негізінде бірнеше бір-бірінен тәуелсіз мәлімет көздерінің үйлесімді пайдаланылуы жатыр. Бұл мәлімет көздері құрамына өңірлерде Бағдарламаның жүзеге асырылуының жаңартылған көрсеткіштері, республикалық, жергілікті жауапты органдардың Бағдарламаның жүзеге асырылуының сандық және сапалық көрсеткіштері туралы тиісті ақпараттарымен қоса есептері, «Азаматтық бастамаларға қолдау көрсету орталығы» КЕАҚ мемлекеттік гранты шеңберінде «Жастар үні» Жастар қоғамдық бірлестігі өткізген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижелілігі» тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп, «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ өткізген эксперттік сауалнама нәтижелері кіреді.

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ дайындаған талдауды қоса алғандағы осы сыртқы талдаулар Бағдарламаның сәтті жүзеге асырылуы бойынша толыққанды және ұсынуға жарамды қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеулер арнайы жобалардың негізгі құбылмалы сандық көрсеткіштерінің типологиясын құрастыруға, статистикалық мәліметтерге салыстырма талдауды пайдалануға, сарапшылар қорытындыларын талдауға негізделеді.

## I ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) тәжірибеде жүзеге асыру мақсатында 2017-2018 жылдары жүзеге асырылған «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары» (бұдан әрі – 2017-2018 жылғы жоспар) бекітілді.

2017-2018 жылғы жоспарда Бағдарламаның 6 негізгі бағыты бойынша іс-шаралар қарастырылғанын атап өтуіміз қажет.

2018 жылғы 28 желтоқсанда ҚР Премьер-Министрінің № 160-р өкімімен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында көрсетілген жаңа жағдайларды есепке ала отырып, «2019 жылға арналған «Рухани жаңғыру» Бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары» бекітілді (бұдан әрі – 2019 жылғы жоспар), ол Бағдарламаның 7 арнайы жобасы және 6 бағыт бойынша 87 іс-шарадан тұрады.

2019 жылғы 20 мамырда ҚР Премьер-министрінің №86-р өкімімен 2019 жылғы жоспарға өзгерістер енгізілді. 2019 жылға арналған жаңа Жоспар 13 арнайы жоба және 6 бағыт бойынша 209 іс-шарадан тұрады.

Орталық мемлекеттік органдардың 2017-2018 жылдар ішіндегі және 2019 жылдың 9 айы бойынша қызметін бағалау жоғарыда аталған жоспарларды орындау бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептер негізінде жүргізілді.

### 1.1 «Туған жер» арнайы жобасы

**Мақсаты:** Кіші Отанды дамыту, азаматтарды туған өлкені дамытуға тарту, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешу.

#### Міндеттері:

1. Өскелең ұрпақ бойына өз Отанына деген сүйіспеншілікке баулу, қазақстандық патриотизм сезімдерін нығайту.

2. Білім беру, экология және абаттандыру салалары бойынша өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру, жергілікті тарихты зерттеу, жергілікті көлемдегі мәдени-тарихи ескерткіштер және мәдениет объектілерін қайта қалпына келтіру.

3. Өзінің кіші Отанына қолдау көрсетіп отырған бизнесмендерге, мемлекеттік қызметкерлерге, зиялы қауым өкілдері мен жастарға қолдау көрсету.

Жауапты мемлекеттік органдар: АҚДМ, БҒМ, МСМ, АШМ.

«Туған жер» арнайы жобасының жүзеге асырылуы екі кезеңге бөлінді:<sup>1</sup>

Бірінші кезеңде (2017-2022 жж.) – қажетті

нормативті құқықтық база, қоғамдық институттар, мониторинг жүйесі әзірленді және енгізіледі, сондай-ақ «Туған жер» арнайы жобасының жүзеге асырылу нәтижелерінің мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштері әзірленеді.

Екінші кезеңде (2023-2032 жж.) – мақсатты индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу бағалау.

2017 жылы, Бағдарламаны іске асыру бағытында, жобалық бағыт аясында «Туған жер» арнайы жобасы 4 кіші бағдарламаға бөлінді: «Атамекен», «Рухани Қазына», «Тәрбие және білім» және «Ақпарат толқыны».

«Атамекен» бағдарламасы тұрғындардың азаматтық жауапкершілігі мен әлеуметтік белсенділігіне, әрбір қазақстандықтың, жергілікті қауымдастықтың бәсекеге қабілеттілігіне, прагматизміне және жалпы қоғамның эволюциялық дамуына бағытталған.

«Рухани Қазына» бағдарламасы ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтауға және тарихи сананы дамыту, Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуімен танысу, заманауи қазақстандық мәдениетті дамыту және насихаттау арқылы әрбір қазақстандықтың көркем-шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталған.

«Тәрбие және білім» бағдарламасы біртұтас Ұлттың бәсекеге қабілетті, прагматик, қуатты, шығармашыл және патриот тұлғасын қалыптастыруға бағытталған, оның нәтижелі болашағының іргетасы – тәрбие және білімге басымдық беру.

«Ақпарат толқыны» бағдарламасы қазақстандық қоғамды ақпараттандыру және оны «Туған жер» жобасына қатысуға жанама түрде тартуға бағытталған.

Сондай-ақ, 2017 жылы орталық және жергілікті деңгейлерде штаттары бекітілген өңірлік жобалық офистер құрылды, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жергілікті жерлерде жүзеге асырумен айналыстын Офис жұмысына сарапшылар тартылды (ғалымдар, «Нұр Отан» партиясының өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясы, БАҚ, ҰЕҰ, балалар мен жасөспірімдер, жастар қозғалыстарының және бизнестің көшбасшылары).


Арнайы жобаны жүзеге асыруға 2018-2020 жж. арналған республикалық бюджеттен 311 873 мың теңге сомасындағы қаражат қарастырылды (2018 жылға – 105 546 мың теңге; 2019 жылға – 103 168 мың теңге; 2020 жылға – 103 159 мың теңге).<sup>2</sup>

Арнайы жоба аясында өскелең ұрпақты өз Отанына деген сүйіспеншілікке баулу мақсатында 2017 жылы өңірлер ерекшелігін есепке ала

1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау туралы жиынтық мәліметтер – 2017 жыл, 13 тармақ, шығыс №20-39/04-254 // 06.02.2018 ж., шығыс №17-01-38.24 (5-т).

2 Сонда

## 1-сурет. Қаржыландыру (мың теңге)



отырып, «Өлкетану» оқулығы құрастырылды. Аталған оқулықтар 2018 жылы жалпы орта білім беретін мекемелердің оқу процесіне енгізілді.

Сонымен қатар, мәдениет саласын цифровизациялау бойынша кең көлемдегі әдіснамалық жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда, мәдени мұраны қате цифрлау процесінен қорғауға мүмкіндік беретін халықаралық стандарттар негізіндегі мәдени мұра объектілерін цифрлау әдістемесі әзірленді.

Сонымен қатар, Мәдени мұра объектілерін цифрлау бойынша Ұлттық жоспар әзірленді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі негізінде «Мемлекеттік музей қоры каталогы» және «Қазақстан бойынша виртуалды турлар» пилоттық жобалары іске қосылды. Мысалы, «Мемлекеттік каталог» жүйесі пайдаланушыларға ҚР Музей қорының кез келген экспонатының 3D моделдеріне қас қағым сәтте қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

«Виртуалды турлар» жүйесі онлайн режимінде Киелі Қазақстан тізіміне енетін объектілерде болуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, кітапхана ісі саласында бірыңғай ақпараттық жүйе қалыптастыру мақсатында ҚР мәдениет және спорт министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және «Нұр Отан» партиясымен бірлесе отырып, «2018-2020 жылдарға арналған «Қазақстан Ұлттық электрондық кітапханасы» мемлекеттік кітапхана қоры» жобасын жүзеге асыру бойынша жол картасын құрастырды. Жол картасы 27 іс-шарадан тұрады және Қазақстан Ұлттық электрондық кітапханасын жетілдіруге, модификациялауға және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз

етуіне, электрондық кітапхана контентін халықаралық ақпараттық қауымдастықпен кіріктіруге, және нормативті құқықтық қамтамасыз етуге, қолданыстағы ҚР заңнамалар шеңберінде кітапхана қорындағы кітаптарды цифровизациялау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға, биллингтік жүйе мен бірыңғай электрондық оқырман билеттерін енгізуге бағытталған. Сонымен қатар, республикалық музейлерде музей артефактілерін цифрлау бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда. Мысалы, Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің жалпы музей қоры 24 813 дананы құрайды, оның ішінде цифрланғаны (суретке түсірілгені) – 13 700 дана немесе 55,2%.

2019 жылы «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыру оңтайландырылды. Бұрын жүзеге асырылған 4 кіші бағдарлама өзінің өзектілігін жоғалтты және 2 бағытқа өзгертілді – өлкетанулық қызмет және меценаттықты дамыту.

Өлкетанулық қызмет. Туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеу шеңберінде 2018-2019 оқу жылының екінші жарты жылдығынан бастап 5-7 сыныптардың мектеп бағдарламасына «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География», «Музыка» оқу пәндері шеңберінде «Өлкетану» кіріктірілген оқу курсы енгізілді (Қазақ тілінде оқымайтын мектептер үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті»). Сондай-ақ бұл пән сынып сағаттары, сабақтан тыс іс-шаралар, музейдегі сабақтар шеңберінде оқытылды (музейлер, мәдениет саласы мекемелері және тарихи объектілер негізінде).

2019 жылдың наурыз айында «Алматы-кітап» баспасы «Өлкетану» жалпы хрестома-



тиясын құрастырды және ол оқулықтар, оқу әдістемелік кешендер, оқу құралдары және өзге де қосымша әдебиеттер, оның ішінде электрондық тасымалдағыштарда әдебиеттер тізіміне енгізілді.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар хрестоматияларға тапсырыс беру бойынша жұмыс жүргізуде.

**Анықтама:** Хрестоматия құрамына «Ұлттық кодпен байланыста Қазақстан өлкетануының бастаулары және дәстүрлері», «Тарихи орындар мен оқиғалар, Қазақстанның киелі ескерткіштері», «Жалпыұлттық маңызы бар тарихи тұлғалар түпнұсқа көздерінде», «Дәстүрлі географиялық атаулар және ерекше географиялық объектілер», «Отандық және шетелдік авторлардың суреттеулері бойынша Қазақстан флорасы мен фаунасының ерекшеліктері», «Әлемдік қауымдастықта танымал және танылған Қазақстан ғылымы, әдебиеті және өнерінің ұлы қайраткерлерінің мұралары» сияқты тараулар енгізілген.

Туған өлкенің тарихын насихаттау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Мысалы, ел өңірлерінде облыстық, сондай-ақ республикалық жас өлкетанушылар, экологтар мен натуралистер байқаулары өткізілді, олардың нәтижелері бойынша үздік өлкетанушылар командалары анықталды. «Табиғатты аяла» республикалық форумы Қарағанды қаласында өткізілді.

Өлкетану бойынша жұмыстар шеңберінде жалпы білім беретін орта мектептерде 1670 мектеп музейлері және 2179 өлкетану үйірмелері жұмыс жасайды, олардың жұмысына 46,9 мың бала тартылған, сондай-ақ 46 станция (28,6 мың бала), 93 оқушылар сарайлары (8,1 мың бала), 4 жас натуралистер сарайлары (447 бала), 18 аула клубтары (2,4 мың бала) жұмыс жүргізіп келеді.

Меценаттықты дамыту: ЖАО-ның есепті кезеңдегі мәліметтері бойынша демеушілер қаражаты есебінен 2 148 объект салынған, 1 713 объект жөндеуден өткізілген.

Аталған жобаларды жүзеге асыруға бүкіл республика бойынша 11 173 меценат тартылған. Негізінен ірі объектілер: мектептер, балабақшалар, ауруханалар, емханалар, мәдениет үйлері, спорттық объектілер және т.б. салынған және жөндеуден өткізілген.

ҰЕҰ, мемлекет және бизнестің бірлесе қызмет етуінің үздік тәжірибесін тарату, белсенділікті арттыру және қосымша қорларды тарту, нормативті құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жыл сайын «ASAR» форумы өткізіледі. Ағымдағы жылы іс-шара 21-22 тамыз күндері Павлодар қаласында өткізілді.

Сонымен қатар, «Жомарт жүрек» мемлекеттік жобасы жүзеге асырылуда (кіші Отанын дамытуға қосқан үлесі үшін меценаттарға, қоғам қайраткерлеріне, бизнес-құрылым өкілдеріне, волонтерлерге және түрлі мекемелерге тапсырылады). 2019 жылы жоба шілде айында өңірлік деңгейде бастау алды, оның қорытындылары

бойынша «Жомарт жүрек» республикалық құрмет көрсету ұйымдастырылатын болады.

## **1.2 «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы**

**Мақсаты:** Қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиін қоғамдық қатынастардың барлық салаларында кезеңдеп көшіруді қамтамасыз ету.

**Міндеті:** Латын графикасына көшу процесіне ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

Жауапты мемлекеттік органдар – БҒМ, МСМ.

2017 жылғы 26 қазанда Елбасы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды.

Аталмыш Жарлықты орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен (2017 жылғы 14 қарашадағы № 153-ө) Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша ұлттық комиссия құрылды. 2017 жылдан бері Ұлттық комиссияның 6 отырысы өткізілді. Ұлттық комиссияның кезекті отырысы 2019 жылғы 2 желтоқсанға жоспарланған. 2018 жылғы 19 ақпанда Елбасының «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» жарлығымен латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа редакциясы бекітілді.

2018 жылғы 26 сәуірде латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің орфографиялық ережелерін құрастыру, оны тексеруден өткізу, әліпби бойынша оқыту, түсінік беру жұмыстарын ұйымдастыру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында «Til-Qazupa» ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталық құрылды.

2018 жылғы 13 наурызда ҚР Премьер-министрінің № 27-ө өкімімен 2025 жылға дейін қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл Жоспарды жүзеге асыру 3 кезеңде жүргізіледі – (бірінші кезең: 2018 – 2020 ж.ж., екінші кезең: 2021 – 2023 ж.ж., үшінші кезең: 2024 – 2025 ж.ж.).

Іс-шаралар жоспарына сәйкес мынадай мәселелер бойынша 4 жұмыс тобы құрылды:

- орфографиялық (латын графикасындағы қазақ әліпбиінің орфографиясы мен орфоэпиясы ережелерін құрастыру үшін);

- әдістемелік (оқыту, зерттеу әдістемелерін құрастыру және оларды біртіндеп білім беру жүйесіне енгізу үшін);

- терминологиялық (латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің терминологиялық қорын жүйелеу үшін);

- техникалық және ақпараттық сүйемелдеу (латын графикасын IT-технологияларға бейімдеу үшін).

2018 жылы қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері жобасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді. Ол үшін өңірлерге шығу, БАҚ арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді, латын графикасы негізінде «Til-Qazupa» ақпараттық-танымдық газет шығарылды, 2018 жылғы 14 қарашада республика бойынша

2 млн. жуық адамның қатысуымен жалпыұлттық диктант, ғалымдардың Түркия мен Әзербайжанға жұмыс сапарлары ұйымдастырылды. 2018 жылғы 6 желтоқсанда «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» жобасы мақұлданды.

Жаңа әліпбиді ақпараттық кеңістікке енгізу мақсатында 2018 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі бірнеше ақпараттық-технологиялық жобаларды жүзеге асырды:

- бейнетоптамалар, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсінік беру жұмыстарын өткізу үшін;

- қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша визуалды ақпарат өнімдері (билбордтар, лайтбокстар, баннерлер және т.б.);

- мемлекеттік тілді оқыту бойынша «Tilqural.kz» веб-сервисі;

- «Sozdikqor.kz» порталы;

- көп функциялы конвертер жобасы құрастырылды, оның мақсаты – қазақ тіліндегі мәтінді кириллицадан латиницаға конвертациялау бойынша веб – сервис құру.

Сондай-ақ 2019 жылғы 11 ақпанда 2018 жылы латиницадағы қазақ әліпбиін оқыту мен оны насихаттауға бағытталған инновациялық технологияларды қолдану арқылы құрастырылған веб-сервис, платформа, мобильді қосымша, анимациялық фильмдер, энциклопедиялық, танымдық, әдіснамалық, анықтамалық жұмыстар көрсетілді.

Латын графикасына көшудің барысы туралы барлық мәліметтер мен ақпараттар «Qazlatyn.kz» ұлттық порталында берілген. Порталдың қазақ әліпбиінің сауатты жазу ережелері бойынша құрастырылған көп функциялы конвертері мәтінді кириллицадан латиницаға аудару, тікелей жазу және кері аудару қызметтерін атқара алады. Интернет кеңістігінде машинамен оқыту негізінде мемлекеттік тілді оқытуға арналған «Tilqural.kz» веб-сервисі және «Sozdikqor.kz» электрондық іздеу жүйесі пайда болды, ол қазақ тіліндегі 300 мыңнан астам сөздің сипаттамасын көрсете алады.

Балаларды қазақ әліпбиіне оқыту мақсатында 3D форматында «IQdos» мультфильмі құрастырылды. «Селтең сері» анимациялық фильміне латын графикасындағы субтитрлермен дубляж жасалынды.

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы аймақтық орталықтардың қызметкерлерін латын графикасына оқытудың ережелері мен әдістеріне оқыту бойынша жүйелі негізде жұмыс жүргізуде.

Алайда, 2019 жылдың қазан айында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әліпбидің алдыңғы нұсқасын жетілдіруді тапсырды. Осыған байланысты, қазіргі уақытта осы арнайы жобаны іске асыру жұмысы тоқтатылды және кемшіліктер жойылғаннан кейін жалғастырылатын болады.

### 1.3 «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы

**Мақсаты:** Студенттердің гуманитарлық білім бағыттары бойынша мемлекеттік тілде үздік әлемдік үлгілерге сәйкес білім алуы үшін жағдай жасау.

#### **Міндеттері:**

1. Гуманитарлық мамандық студенттерінің мемлекеттік тілдегі дайындық деңгейін арттыру.

2. Жаһандық бәсекеге бейімделген мамандар даярлау.

3. Терминологияны жетілдіру, мемлекеттік тілдегі терминдер көлемін арттыру.

Жауапты мемлекеттік орган – БҒМ.

Арнайы жобаны жүзеге асыру шеңберінде 2017 жылы дайындық жұмыстары жүргізілді:

1. ЖОО және ҒЗИ ғалымдары, қоғам қайраткерлері, жетекші саясаттанушылар арасынан қазақ тіліне аудару үшін оқулықтар таңдап алу бойынша Жұмыс тобы құрылды.

2. Мемлекеттік тілге аудару үшін үздік оқулықтарды іріктеу бойынша тұжырымдама мен әдістемелік нұсқаулық әзірленді. Оқулықтарды іріктеу бағамдары анықталды (оқулықтар гуманитарлық пәндер бойынша болуы тиіс: тарих, философия, саясаттану, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, филология, педагогика, экономика, менеджмент; базалық оқулықтар әлемнің 100 жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары бойынша болуы және белгілі баспалардың базасында болуы тиіс (мысалы, Cengage Learning, SAGE); оқулықтар міндетті түрде бірнеше рет қайта басылып шыққан болуы тиіс. Оқулықтардың мазмұны объективті және бейтарап болуы тиіс).

3. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында «Ұлттық аударма бюросы» коммерциялық емес қоры құрылды. 90-нан астам мамандарды тарта отырып, 17 жұмыс тобы құрылды («Болашақ» магистранттары, PhD докторлар, ғылым кандидаттары мен докторлары, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқытушылары).

4. Гуманитарлық бағыт бойынша шетел әдебиеттерін талдау негізінде 17 шетелдік қоғамдық-маңызды және оқу әдебиеттері таңдап алынып, қазақ тіліне аударылды. 2018 жылға аудару үшін 30 шетелдік оқулықтар таңдап алынды.

5. Шетелдік баспалармен барлық бекітілген оқулықтарды аудару мен басып шығару құқығын иелену үшін шарттар жасалынды (АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Франция және Ресейдің жетекші баспалары).

2017 жылы аударылған 17 оқулық 113 жоғары оқу орындарына жеткізілді. Тираж көлемі 170 000 дананы құрады. Бұл оқулықтар «Философия», «Мәдениеттану», «Экономика», «Педагогика және психология», «Әлеуметтану», «Тарих», «Дінтану» пәндерін оқу барысында базалық оқулық ретінде пайдаланылады.

2018 жылы тағы 30 оқулық қазақ тіліне аударылып, басылып шығарылды, әрбір оқулық бойынша 50 бейне дәрістер жасалынды. 2019

жылы олар 132 жоғары оқу орындарының білім беру процесіне енгізілді. Жалпы тиражы 300 000 дананы құрады.

2019 жылдың соңына дейін тағы да 30 оқулық аударылып, басылып шығарылатын болады. «Ұлттық аударма бюросы» КеҚ жұмыс тобымен бірлесе отырып 2020 жылы аудару және басып шығару үшін оқулықтар тізімін іріктеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Аударылған оқулықтарды білім беру процесіне енгізу бойынша Жол картасын жүзеге асыру жалғастырылуда. Оқулықтар «Философия», «Мәдениеттану», «Экономика», «Педагогика және психология», «Әлеуметтану», «Тарих», «Дінтану» пәндерін оқу барысында базалық оқулықтар ретінде пайдаланылады.

Мысалы, жоғары оқу орындарындағы философия кафедралары «Философия» және «Тарих және философия ғылымдары» пәндері бойынша келесі оқулықтардың материалдарын пайдаланады:

1. Дерек Джонстон «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін»;

2. Реми Хесс «Философияның таңдаулы 25 кітабы»;

3. Энтони Дж.Патрик Кенни «Батыс философияның жаңа тарихы. 1 том. Антика философиясы»;

4. Энтони Дж.Патрик Кенни «Батыс философияның жаңа тарихы. 2 том. Орта ғасыр философиясы».

Бакалавриаттың барлық мамандықтары үшін «Дінтану» пәнінің мазмұнына Карен Армстронгтың «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану Ба-

яны» кітабынан мәліметтер енгізілген.

«Психология» пәнінің мазмұнында мынадай оқулықтар пайдаланылады:

1. Дэвид Дж.Майерс. «Әлеуметтік психология», 12 басылым;

2. Эллиот Аронсон. «Көпке ұмтылған жалғыз: әлеуметтік психологияға кіріспе», 11 басылым;

3. Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульц «Қазіргі психология тарихы», 11 басылым.

Қазақ, орыс және шет тілдері кафедралары тілдік пәндерді оқыту кезінде келесі оқулықтарды пайдаланады:

1. С.Г. Тер-Минасова «Тіл және мәдениетаралық коммуникация»;

2. В.Фромкин, Р.Родман, Н.Хайамс «Тіл біліміне кіріспе», 10 басылым, Халықаралық басылым.

«Кәсіпкерлік», «Кәсіпкерлік негіздері және бизнесті басқару», «Менеджмент теориясы және тәжірибесі» және «Менеджмент» сияқты пәндер мен экономикалық мамандықтар бойынша оқыту барысында мынадай оқулықтар пайдаланылады:

1. Дональд Ф. Куратко «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика», 10 басылым»;


2. Рикки У. Гриффин «Менеджмент», 12 басылым»;

3. Грегори Мэнкью. «Экономикс принциптері», 8-ші басылым;


4. Клаус Шваб «Төртінші өндірістік революция».

Сонымен қатар, ЖОО-да мынадай оқулықтар пайдаланылатын «Мәдениеттану» және «Әлеуметтану» пәндері оқытылады:

## 2-сурет. Жоғары оқу орындарының оқулықтармен қамтамасыз етілуі



## 3-сурет. Аударылған оқулықтар саны



Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортега «Әлеуметтану негіздері» 9-шы басылым;

1. Джордж Ритцер, Джеффри Степницки «Әлеуметтану теориясы»;

2. Алан Барнард «Антропология тарихы мен теориясы».

Оқулықтар дәріс дайындау үшін жұмыс бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдаланылады. Оқулықтарды танымал ету үшін жоғары оқу орындары негізінде оқулықтарды талқылау және оларды оқу процесінде пайдалану бойынша тақырыптық конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізіледі. Жоғары оқу орындары оқытушыларын оқыту ұйымдастырылған.

Жүргізілген жұмыстар оқушыларға, студенттерге, мұғалімдерге, оқытушыларға және жалпы тұрғындарға әлемдік авторлардың еңбектерін мемлекеттік тілде оқуға қол жеткізіп, олармен танысуға мүмкіндік берді.

Жалпы арнайы жоба бойынша үлкен көлемдегі және сапалы жұмыстар жүргізілді. Жалпы алғанда, есепті кезең ішінде 47 кітап аударылып, басылып шығарылды (30 кітап жариялау кезеңінде), олар [www.100kitap.kz](http://www.100kitap.kz) ресми сайтына және «Қазақстанның ашық университеті» - [www.OpenU.kz](http://www.OpenU.kz) порталына электрондық түрде оқу үшін орналастырылған. Қалған 23 оқулық 2020 жылы аударылатын болады.

2019 жылдың 1 қазанына «Қазақстан ашық университеті» платформасына 116 жоғары оқу орны қосылды, 7 225 адам тіркелді, оның ішінде: 3 442 студент, 2 489 адам – профессорлық-

оқытушылық құрам және 1 294 адам – жеке пайдаланушылар.

### 1.4 «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы

**Мақсаты:** Тарихи және мәдени ескерткіштерді, киелі жерлерді танымал ету, сақтау, қалпына келтіру.

#### Міндеттері:

1. Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құрастыру, оның рөлін анықтау.

2. Ақпараттық жобаларды БАҚ арқылы насихаттау.

3. Ішкі туризмді дамытуға қолдау көрсету.

4. Киелі орындар объектілерінің инфрақұрылымдық және логистикалық жағынан қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Жауапты мемлекеттік органдар – МСМ, БҒМ.

Арнайы жобаны жүзеге асыру мақсатында 2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі жанынан «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды.

Орталық жанынан Қазақстанның белгілі ғалымдары, өлкетанушылар және қоғам қайраткерлері арасынан Ғылыми сарапшылар кеңесінің жұмысы ұйымдастырылды.

2017 жылы «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы 5 бағыт және қасиетті жерлер объектілері бойынша этномәдени экспедициялар жүргізді:

- Солтүстік Қазақстан бағыты (СҚО, Қостанай,



Ақмола обл.);

- Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан бағыты (Павлодар обл., ШҚО);

- Батыс Қазақстан бағыты (Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау обл, БҚО);

- Оңтүстік Қазақстан бағыты (ОҚО, Жамбыл, Қызылорда обл.);

- Алматы қаласы және Алматы обл.

Осы экспедициялардың нәтижесінде «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның киелі объектілері» (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жалпы тиражы 1000 дана) және «Қазақстанның жергілікті киелі объектілері» кітаптары шығарылды (қазақ және орыс тілдерінде, жалпы тиражы 1000 дана).

Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын кең көлемде жүйелеу нәтижесінде жалпыұлттық маңызы бар 100 кешеннен (201 объекті) және жергілікті маңызы бар 580 объектіден тұратын Қазақстанның киелі орындарының тізімі құрастырылды.

Жалпы арнайы жоба жүзеге асырыла бастаған кезден бастап, республикалық маңызы бар 48 тарихи және мәдени ескерткіштерге ғылыми-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, олар негізінен алғанда Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары тізіміне кіретін объектілер болып табылады.

2018 жылдың 29 қыркүйегіндегі Елбасының Түркістан облысына сапары барысында түркі әлемінің мәдени және киелі орталығы ретінде «Әзірет Сұлтан» музей-қорығын дамыту жоспары мақұлданды. Түркістанның түркі әлемінің рухани орталығы ретіндегі ерекше мәртебесін есепке ала отырып, ежелгі Түркістан қаласының шынайы келбетін қалпына келтіру бойынша орасан зор көлемдегі жұмыстар басталды. Үздік әлемдік тәжірибені есепке ала отырып, бүкіл инфрақұрылым ең алдымен танымдық, рухани және көңіл көтерушілік мазмұндағы туристерді кең көлемде және жаппай тартуға бағытталатын болады.

Сонымен қатар, Күлтөбе қалашығында археологиялық зерттеу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Археологиялық жұмыстар 2019 жылдың қаңтар айынан бастап жүргізіліп келеді, қазіргі уақытта 15 ғылыми қызметкер мен 40 лаборант-жер қазушылар жұмыс жасауда. Жалпы алғанда археологиялық саябақ құру бойынша жұмыстарды толық көлемде 2021 жылы аяқтау жоспарланған.

Елбасының тапсырмасы бойынша Отырар қалашығын қалпына келтіру бойынша тұжырымдама құрастырылды. Соған байланысты, 2019 жылы Отырар қалашығында қалпына келтіру жұмыстары басталды. Сонымен қатар, Солтүстік және Батыс өңірлерінің, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының мәдени-рухани және туристік кластерін қалыптастыру мақсатында 2018 жылғы 31 наурызда және 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №150 және №162 қаулыларымен «Бозоқ», «Ботай» және «Сарайшық» үш республикалық тарихи-мәдени му-

зей-қорықтары құрылды.

Қазақстанның киелі объектілерін сақтау және танымал ету саласындағы көлемді жоба сапар-орталықтарын құру болып табылады. 2019 жылдың соңына дейін «Отырар», «Ұлытау» және «Таңбалы» 3 сапар-орталығы ашылатын болады. 2019 жылы «Есік», «Ордабасы» және «Әзірет Сұлтан» 3 сапар-орталығы бойынша жобалық-сметалық құжаттарды (ЖСҚ) құрастыру жұмыстары жүргізілуде.

2018 жылы тұңғыш рет «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның киелі объектілері» тізіміне енген 12 сәулет ескерткіштері 3D форматында цифрланды (Қ.А.Иассауи кесенесі, Қарахан, Жошы хан, Алаша хан, Бекет ата кесенелері, Бөкей Ордасы кешені, Абай-Шәкәрім мемориалдық кешені, Қорқыт ата, Қарасай-Ағынтай кесенесі, Баба Түкті Шашты Әзіз, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Арыстанбаб).

Киелі орындарды әлеуметтік желілерде ашып көрсету мен алға жылжыту мақсатында 2018 жылы 90 бейнебаян орналастырылды, ал 2019 жылы мобильді форматтағы ұзақтығы 40 секундты құрайтын, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі тағы да 30 бейнебаян орналастырылды.

2017 жылы BBC World News телеарнасының қатысуымен әзірленген «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Алтын жауынгер», «Қожа Ахмет Иассауи және Айша Бибі кесенелері» фильмдер топтамасы шығарылды, «Күлтегін. Жаңа көзқарас» деректі тарихи фильмі, «Castlefilm» американдық компаниясының және Марк Дакаскостың қатысуымен «Көшпенділер жері» фильмі шығарылды. «BBC World News», «Хабар», «Kazakh TV», «Ел арна» телеарналарында «Алтын жауынгер», «Қожа Ахмет Иассауи және Айша Бибі кесенелері» деректі фильмдері көрсетілді. Ал «Euronews» телеарнасында «Алтын жауынгер», «Қожа Ахмет Иассауи және Айша Бибі кесенелері» фильмдерінің жарнамалық роликтері көрсетілді.

2018 жылы киелі объектілер туралы «Ерекше жер. Қызылорда» (Байқоңыр ғарыш айлағы), «Алатау (Жоңғар Алатауы – Бурхан Булақ сарқырамасы – Хан Тәңірі – Нарынқол)», «Алакөл» (Жетісу – Қазақстанның ертегідегідей табиғаты), «Катон-Қарағай – Қазақстанның ертегідегідей табиғаты туралы» деректі фильмдері шығарылды.

Бұл фильмдер Қазақстанның әлемдік деңгейдегі имиджін көтеруге ықпалын тигізеді, сондай-ақ еліміздің көрікті жерлерінің бай географиясы мен мәдениетін танымал етеді.

«BBC World News» телеарнасымен бірлесе отырып, «Travel show of Kazakhstan» жобасын іске қосу жоспарлануда – бұл Қазақстанның туристік мүмкіншіліктері туралы 5 бағдарлама, олар жаһандық эфирде көрсетілетін болады.

Сондай-ақ, 2019 жылы Қазақстанның таң қаларлық, ғажайып табиғаты туралы «Қарқаралы» және «Баянауыл» деректі фильмдер топтамасы түсіріледі, «Көкшетау» деректі фильмінің түсірілімі аяқталды.

2018 жылы «Қасиетті Қазақстан» орталығының және Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының қызметкерлері қазақ халқының тарихымен және қазақтың ұлы тарихи тұлғаларымен байланысты киелі орындарды зерттеу үшін Ресей мен Өзбекстанға экспедициялар ұйымдастырды. Экспедиция нәтижесінде киелі объектілер бойынша жаңа материалдар жинақталды, оның ішінде аңыздар, ғылыми мақалалар басып шығарылды, жиналған материалдар ғылыми айналымға енгізілді. Келесі жылдары жақын және алыс шет елдерге осындай экспедициялар ұйымдастыру жоспарланған (Ресей және Өзбекстан – жалғасы, Моңғолия, Қытай және т.б.).

Арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстардың жеке бағыты сондай-ақ ішкі туризмді дамыту болып табылады. Қазірдің өзінде киелі объектілер бойынша 63 жаңа туристік маршруттар құрастырылған.

2019 жылғы 31 шілдеде Мәдениет және спорт министрлігі және Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі арасында «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығын дамыту туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум шеңберінде «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы және археологиялық саябақ объектілерінің жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге қатысты келісімге қол қойылды.

2019 жылдың соңына Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі объектілері тізіміне енген 15 объектінің 3D моделін аяқтау жоспарланған («АЛЖИР» тоталитаризм мен саяси қуғын-сүргін құрбандарының мемориалдық кешені, Қабанбай батыр кесенесі, Қосбатыр-Құмай мемориалдық кешені, Кенесары Қасымов үңгірі, Беспақыр кесенесі, Рабия Султан Бегим, Гаухар ана, Есім хан, Ибрагим ата, Карашаш ана, Укаш ата, Қарабура, Домалақ ана, Хақназар хан кесенелері, Бірлік-Ордабасы кешені).

2019 жылдың басынан бастап Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай облыстарының табиғи және тарихи-мәдени мұра және әлеуметтік-саяси объектілер, кешендері, тарихи тұлғалары бойынша басылып шығарылатын «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының III томына материал жинақтау жүргізілуде.

2019 жылдың қазан айында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті, онда киелі объектілерді зерттеу мен танысу бойынша шетелдік тәжірибе қарастырылды. Конференция жұмысына Түркия, Германия, Ресей және Қырғызстан ғалымдары және еліміздің барлық өңірлерінің ғалымдары, ғылыми зиялы қауым, археологтар қатысты.

### **1.5 «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы**

**Мақсаты:** Қазақстанның мәдени жетістіктерін әлемдік деңгейде насихаттау.

#### **Міндеттері:**

1. Қазақстандық мәдениетті елімізде танымал

ету, сондай-ақ Қазақстанның мәдени жетістіктерін шет елдерде танымал етуге қолдау көрсету.

2. Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті алға жылжыту үшін материал ұсынудың заманауи формаларын пайдалану.

3. Шығармашыл зиялы қауымға қолдау көрсету.

Жауапты мемлекеттік органдар – МСМ, СІМ.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы 2 кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең – ұлттық мәдениеттің үздік туындыларын іріктеу, талдау; екінші кезең – оларды шет елдерде насихаттау.

Шығармаларды жинау және жүйелеу бойынша бірінші кезең аяқталды. Мәдениет қайраткерлері, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері арасынан жұмыс және сарапшылар топтары құрылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде мәдениеттің 4 жанры – «Әдебиет», «Театр, кино және хореография», «Классикалық және дәстүрлі музыка», «Сурет өнері» бойынша шорт-парақтар әзірленді.

Жобаны жүзеге асырудың екінші кезеңі таңдап алынған шығармаларды жаһандық әлемде насихаттау болып табылады. Шығармаларды жинақтап және оларды жария талқылағаннан кейін бұл жұмыстар белгілі мәдениет қайраткерлері, ғалымдар, сарапшылар мен сыншылардан құрылған жұмыс топтарында сараптамадан өткізіледі.

Мәдениет және спорт министрлігі бұл кезеңді 3 бағыт бойынша жүзеге асырады:

1. Материалдық мәдениет пен өнердің үздік туындыларының шет елдердегі көрме-презентацияларын ұйымдастыру;

2. Қазақстандық авторлардың үздік әдеби шығармаларын аудару және презентациялау;

3. Театрлар мен ұжымдардың шет елдерге гастрольдерін ұйымдастыру.

#### **Бірінші бағыт аясында:**

2017 жылдың 14 қыркүйегінен 2018 жылдың 14 қаңтарына дейін Британ музейінде (Ұлыбритания) «Еуразия көшпенділері» халықаралық көрмесі өткізілді.

2017 жылдың қараша айында UNESCO Париждегі штаб-пәтерінде бағдарлама презентациясы ұйымдастырылды, оның шеңберінде белгілі қазақстандық және шетелдік саясат және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференция, картиналар мен фотожұмыстар көрмесі, Қазақстан өнер шеберлерінің концерттері ұйымдастырылып, өткізілді.

Қазақстанның тәуелсіздік күніне орай, 2017 жылдың соңында Нью-Йорк қаласында (АҚШ) «PHOTO fest KZ» – гүлденген Қазақстан әлемдік фотография көрмесінен фотокөрмесі ұйымдастырылды. Фотокөрмеде біздің еліміздің Бурабай, Қорғалжың, Баянауыл, Шарын шатқалы, Ұлытау, Қарқаралы, Түркістан, Отырар, Шымбұлақ, Медеу, Тамбалы тас, Көлсай және т.б. табиғаты көркем жерлері көрсетілді.

«Алтын адамның әлем музейлері бойынша шеруі» жарқын жобалардың бірі болды,

үш жыл ішінде көрме әлемнің 26 елінде өткізілетін болады. 2018 жылы көрмелер Ресейде, Беларусьте, Әзірбайжанда, Қытайда, Кореяда, Польшада өткізілді. 2019 және 2020 жылдардың ішінде көрмелер Ұлыбритания, Өзбекстан, Жапония, АҚШ, Грузия, Италия, Франция, Аустрия музейлерінде өткізілетін болады. Көрмелер қорытындысы бойынша ғылыми-зерттеу фильмдерінің топтамасы шығарылатын болады, сонымен қатар «Алтын Адам» анимациялық фильмін түсіруге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2018 жылдың 18 маусымы мен 15 шілдесі аралығында Нью-Йорк (АҚШ) Ұлттық өнер клубының Гранд галереясында «Азия мен Еуропа қиылысында. Ә.Қастеев атындағы өнер музейі топтамасынан ХХ ғасыр жауһарлары» көрмесі болып өтті. 2018 жылдың 9 қараша – 9 желтоқсаны аралығында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі ТЮРКСОЙ түркі мәдениетінің халықаралық ұйымының қолдауымен Стамбул қаласындағы түрік және ислам өнері музейінде «Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті» халықаралық көшпелі көрмесін өткізді. 2018 жылдың 13 шілдесінде Баку қаласында Қазақстан мәдениетінің Әзірбайжандағы күндері болып өтті.

Сондай-ақ, Лос-Анджелес (АҚШ) қаласында «Ұлы дала рухы» атауымен Қазақстан мәдениеті мен киносы күндері ұйымдастырылды, онда «Қыз-Жібек», «Алмас қылыш», «Анаға апарар жол», «Менің балалық шағымның аспаны» фильмдері көрсетілімі, сондай-ақ Голливудтың жетекші кино өндірушілерімен кездесулер ұйымдастырылды. Қорытындысы бойынша голливудтық «НБС Универсал» кинокомпаниясының вице-президенті Ричард Смоткиннің, «CEO оф Глобал Полиси Инициативс» компаниясының президенті Джей Кери Футликтің және Киноиндустрияның америкалық ассоциациясының вице-президенті Гейл Маккинен ханымның Қазақстанға сапары ұйымдастырылды. «Warner Bros. Entertainment, Inc», «Motion picture», «20th Century Fox», «NBC Universal», «The Walt Disney Company», «YMF Enterprises Paramount Pictures Corporation», «HBO West Coast Production», «A+E Studios» компанияларының басшылығымен белсенді түрде келіссөздер жүргізілуде.

2018 жылдың мамыр айында 71-ші халықаралық Канн фестивалі кезінде Қазақстанның ұлттық павильонының көрмесі өткізілді, онда соңғы жылдардың үздік кинокартиналары және жас кинематографистердің жаңа жұмыстары көрсетілді. Мысалы, картиналарды жасаушылармен кездесулер және Әбдірашевтың «Қазақ хандығы» фильмі, Дж.Весптің «Әміре» фильмі, Х.Ахметовтың «Әруақ» фильмі және т.б. жаңа қазақстандық фильмдердің тұсаукесері өткізілді.

Сонымен қатар, тұңғыш рет «Әміре» фильмі Голливудтағы кинофестивальдің жеңімпазы атанды. Лос-Анджелес қаласында 2018 жылдың 23-28 қазанында өткен Hollywood Film Festival кинофестивалінің қорытынды кезеңінде «Әміре» фильмі «Best Global Hollywood Film» жоғары ма-

рапатын иеленді.

Біздің еліміздің атынан ұсынылған Сергей Дворцовоидың «Айка» кинокартинасы «Оскар» премиясының шорт-парағына енгізілді. Фильм Америкалық киноакадемияның «Үздік шетелдік фильм» номинациясы бойынша ең белгілі сыйлықтың ізденуші тоғыз кандидатының бірі болды.

Басты рөлді орындаушы – Самал Еслямова, 2018 жылы бұрынғы кеңес елдері кеңістігі ішінде тұңғыш рет Канн кинофестивалінде үздік әйел рөлі үшін сыйлыққа ие болды.

Халықаралық қауымдастықпен байланысты нығайту мақсатында шет елдерде – Қытай, АҚШ, Түркия, Ресей, Финляндия, Корея, Малайзия, Венгрия, Швеция және т.б. елдерде қазақстан әдебиетінің 28 орталығы ашылды. Елімізде қазақстандық ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің мемориалдық коллекцияларын, қолжазбаларын, бірегей басылымдарын, сондай-ақ әлемнің көптеген тілдеріндегі әлем әдебиетінің сирек кездесетін басылымдарын кітапхана қорларына сыйға тарту бойынша бірегей акция іске асырылды.

#### **Екінші бағыт аясында:**

2018 жылы шет елдерде презентациялау үшін өнер шығармаларын іріктеу және сарапшылар тобының жұмысын жүргізу барысында жоба шеңберінде әдеби шығармалар (проза және поэзия), сондай-ақ сурет өнері шығармалары таңдап алынды. Құрамына республикалық және халықаралық көлемдегі көркем шығармаларды бағалау және сараптама жасау саласының кәсіпқой сарапшылары енген халықаралық сарапшылар тобының қарауына 254 автордың 500-ден астам жұмысы ұсынылды. Қорытындысы бойынша 60 суретшінің 180 жұмысы таңдап алынды. Осы жоба аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Қазіргі қазақ сурет өнерінің антологиясы» каталогы шығарылды.

Сонымен қатар, МСМ 2018 жылдан бастап «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорымен бірлесе отырып, қазіргі қазақ әдебиетін (поэзия және проза бойынша) БҰҰ ресми 6 тіліне аудару бойынша жобаны жүзеге асыруда.

Аударма сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін Бюро БҰҰ 6 тіліндегі мәтінге комментарийлер мен түсініктемелер бере отырып, қазіргі қазақ әдебиетін тікелей және әдеби авторлық аудармасын жүзеге асыру үшін жауапты деп табылды.

Мысалы, 2018 жылы жоба шеңберінде шетелдік баспашы-сарапшыны тарта отырып, БҰҰ 4 ресми тіліне (ағылшын, француз, испан, орыс) сөзбе-сөз аудару жүзеге асырылды.

Қазіргі қазақ әдебиетін 4 тілге әдеби авторлық аударма жасау, сондай-ақ қытай және араб тілдеріне сөзбе-сөз және әдеби аударма жасау бойынша қызметтер, дизайн және теру, антологияны БҰҰ 6 ресми тілінде басу және тираждау, оларды шет елдерде презентациялауды Бюро 2019 жылы жүзеге асырады.

Жоғарыда аталған жоба қызметінің нәтижесі – БҰҰ 6 ресми тілінде Қазіргі қазақстандық



поэзияның антологиясын және Қазіргі қазақтандық прозаның антологиясын басып шығару.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы Президент көмекшісі - А.Ғ. Балаева қазақстандық авторлардың кітаптарын басып шығару туралы шартқа отыру мақсатында Франция, Ұлыбритания және Испанияға сапармен барды. «Әдебиет» бағыты бойынша шығармаларды іріктеу жүргізілді, жұмыстың бастапқы кезеңінде белгілі жазушылар, сыншылар және әдебиетшілермен бірлесе отырып, проза және поэзия жанрлары бойынша қазіргі қазақстан әдебиетін антология түрінде аударма жасауды жүзеге асыру туралы шешім қабылдады. Тәжірибеде тиімді жүзеге асыру үшін жетекші әлемдік баспа және аударма үйлерімен келіссөздер жүргізіліп, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды. Әріптестер ішінде – «Британдық кеңес» және Кембридж университеті, Испания мәдениет министрлігі және «Сервантес институты», Франциядағы Мишель де Мол ұлттық кітап және баспа орталығы. Жақын болашақта осындай шарттар Ресей, Қытай және Араб Әмірлігіндегі әріптестермен жасалынатын болады.

Антологиялардың әрқайсысының құрамына шамамен 30-ға жуық қазақстандық авторлардың жұмысы енгізілетін болады. Антологияның құрылымы мен мазмұны Қазақстан жазушылар одағының арнайы отырысында бекітілді.

Жобаның мынадай шетелдік әріптестері бар: «Британдық кеңес» және Кембридж университеті, Конфуций институты, Ресей жазушылар одағының Мәскеу қалалық ұйымы және т.б.

#### **Үшінші бағыт аясында:**

2018 жылдың қаңтар айында АҚШ-та Нью-Йорк қаласының аса ірі мәдени орталығының сахнасында «Астана Балет» театры ұлттық стильдегі 6 хореографиялық миниатюра, неоклассикалық, қазіргі заманғы балет фрагменттерін және әйгілі «Щелкунчик» спектаклі қойылымын, 15 әсерлі номерлерден тұратын бағдарлама көрсетті.

2018 жылдың 26 – 30 сәуірі аралығында «Қазақ концерт» мемлекеттік концерт ұйымының «Forte Trio» мемлекеттік триосы және «Астана Сазы» фольклорлық ансамблі Пезаро (Италия) қаласындағы XV халықаралық музыка байқауына қатысты, онда «Шекті аспаптар» номинациясы бойынша жеңіске жетті (Нарбеков М., «Россини Интернешенел» байқауының Бас жүлдесі, виолончель), «Халықтық музыка» номинациясы бойынша (Якияев Н. және Абылайхан О., 1 сыйлық, домбыра; Омаров А., 1 сыйлық, қылқобыз), «Халық ансамблі» номинациясы бойынша («Астана Сазы» фольклорлық ансамблі, 1 сыйлық).

2018 жылдың 22 мамырында «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі «Түркісіб» концертімен Лондон (Ұлыбритания) қаласында сәтті өнер көрсетті.

М.Әуезов атындағы мемлекеттік академия-

лық драма театры Токио қаласында «Ақтастағы Ахико» көрсетілімімен және «Ұлы дала елі» концертімен өнер көрсетті, Ұлыбританиядағы қазақстандық өнердің 3- фестиваліне қатысты.

2018 жылдың шілде айында Авиньон қаласында (Франция) М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театры, «Астана Мюзикл» мемлекеттік театрлары өз қойылымдарымен өнер көрсетті.

Жобаның елеулі оқиғаларының бірі «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрының Оман, Италия, Венгрияға гастрольдері болды.

Абай атындағы қазақ мемлекеттік опера және балет театры Италия қалаларында гастрольдік сапарда болды, «Қазақ концерт» мемлекеттік концерт мекемесінің шығармашылық ұжымдары Италия, Франция, Германия, Ресей және т.б. елдерде гастрольдік сапарда болды.

Тұңғыш рет операның отаны Италияның Генуя қаласындағы Еуропаның ең үлкен залдарының бірінде «Карло Филиче» театры сахнасында 2018 жылдың 8 – 10 қарашасында «Астана Опера» театрының ұжымы қазақ тілінде «Абай» ұлттық операсының қойылымын көрсетті. Спектакль үлкен жетістікке қол жеткізді, барлық билеттер сатылды, театр ұжымы кең көлемдегі халықаралық танымалдыққа ие болды.

Сондай-ақ, қараша айында Ұлыбританияның астанасы Лондон қаласында «Indigo at the O2» залында Димаш Құдайбергеновтың шығармашылық концерті жоғары деңгейде және сәтті өтті.

2019 жылдың 15 сәуірінде Ташкент қаласында (Өзбекстан Республикасы) «Өзбекстан» халықаралық форумдар сарайында Қазақстанның Өзбекстандағы жылының салтанатты ашылуы шеңберінде Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы мемлекет басшыларының қатысуымен Қазақстан өнер шеберлерінің гала-концерті өткізілді.

Сондай-ақ, Өзбекстандағы Қазақстан жылының ресми ашылуы шеңберінде форумдар сарайында «Ұлы дала мұрасы» көрмесі өткізілді. Көрме үш негізгі бөлімнен тұрды.

Бірінші бөлімде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорынан Қазақстанның ежелгі өнерінің жауһарлары қойылды. Бұл Есік қорғанынан алынған «Алтын адам», Берел қорғанынан табылған жылқылар реконструкциясы, «Тақсай-1» қорғанынан табылған «Тақсай ханшайымы» реконструкциясы, «Арал төбе» қорғанынан табылған сармат жауынгері, «Шілікті» қорғанынан табылған алтын жауынгер.

«Түркістан – түрік әлемінің қасиетті жері» деп аталатын екінші бөлімде - «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қорынан алынған ерекше заттар қойылды. Сондай-ақ осы бөлімде Қожа Ахмет Иассауи және Арыстанбаб кесенелерінің үлгісі көрсетілді.

Үшінші бөлімде «Қазақтуризм» АҚ «Қазақстанның інжу-маржандары» көрмесі көр-

сетілді.

Сонымен қатар, 2019 жылдың 11 сәуірінде Өзбекстан мемлекеттік өнер музейінде «Ұлы дала: тарихы және мәдениеті» көрмесі өткізілді, ол 11 мамырға дейін жалғасты.

Ағымдағы жылдың 18 сәуірінде Андрис Лиепаның «Афтографтар және имидждер» жобасы аясында өткен гала-концертте «Астана Опера» балет тобы Мәскеу қаласының Кремль залының сахнасында «Шехеразада» балетімен өнер көрсетті (Ресей Федерациясы).

2019 жылдың 22-24 сәуірінде Алматы облысының Талдықорған қаласында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының екі жылдығына арналған «Заманауи қазақстандық мәдениетті жаһандық әлемге ілгерілету» I халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып өтті.

2019 жылдың 28 сәуірінен 5 мамырына дейін «Жеке орындаушылар академиясы» мемлекеттік оркестрі Валетта (Мальта) қаласында өткізілген «Malta International Music Festival» халықаралық музыка фестиваліне қатысты.

2019 жылдың 29 сәуірі мен 2 мамыры аралығында М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театры Будапешт (Венгрия) қаласында өткен «Имре Мадач атындағы VI халықаралық театр кездесулері» фестиваліне қатысып, «Қорқыт туралы аңыз» қойылымын көрсетті. Сонымен қатар «Түрік мәдениеті: Қорқыт мұрасы» ғылыми конференцияға қатысу нәтижесі бойынша театр АҚШ-қа гастрольдік сапар жасауға шақырылды.

2019 жылдың 2-6 мамыры аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік халық аспаптар академиялық оркестрі өзінің 85-жылдық мерейтойы шеңберінде «Ұлы дала әуендері» бағдарламасымен Мәскеу қаласының «Геликон-опера» музыкалық театры сахнасында және Санкт-Петербург (Ресей Федерациясы) қаласының Михайлов театрының сахнасында өнер көрсетті.

2019 жылғы 12 мамырда Ташкент қаласында (Өзбекстан Республикасы) Әлішер Науаи атындағы мемлекеттік академиялық Үлкен театр сахнасында Қазақстан Республикасы «Салтанат» мемлекеттік би ансамблінің шығармашылық концерті өтті. Концерт бағдарламасына қазақ ұлттық билері мен әлем халықтарының билері енді.

2019 жылғы 14 мамырда Варшава ұлттық этнографиялық музейі мен Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік музейі арасында музей ісі саласында өзара тәжірибе алмасу және Қазақстан мен Польша арасында мәдени байланыстарды нығайту мақсатында Ғылыми және мәдени ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде тараптар 2021 жылы Варшава қаласында Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік музейі қорлары топтамасынан «Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті» көрмесін өткізу туралы келісімге келді.

3 маусымнан бастап 15 шілдеге дейінгі аралықта Сазхаломбатта (Венгрия) қаласының Матрика музейінде «Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті» халықаралық көшпелі көрмесі өткізілді. Көрмеде ежелгі көшпенділердің археологиялық артефактілері, Есік қорғанынан табылған «Алтын Адам» ғылыми реконструкциясы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік музейі қорының топтамасынан алынған дәстүрлі қазақ мәдениетін көрсететін этнографиялық құндылықтар көрсетілді.

2019 жылдың соңына дейін республикалық театрлар және концерттік мекемелер Францияға, Ұлыбританияға, Германияға, АҚШ-қа, Испанияға, Литваға, Ресейге және өзге де елдерге гастрольдік сапарлар жоспарлап отыр. Сонымен қатар, республикалық музей қорларынан Малайзияда, Италияда, Македонияда, Чехияда көрмелер өткізілетін болады. Сондай-ақ, желтоқсан айында АҚШ-та Қазақстан мәдениеті күндерін өткізу жоспарлануда.

Жалпы алғанда, есепті кезең ішінде арнайы жоба шеңберінде шет елдерде республикалық шығармашылық ұжымдардың қатысуымен 1 презентация, 3 фильмнің тұсаукесері мен көрсетілімі, 55 гастрольдік сапар, 19 көрме, 1 фестиваль өткізілді.

#### **1.6 «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы**

**Мақсаты:** Тұрғындар арасында өмірдің және қызметтің түрлі салалары бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізген отандастарын мысалға келтіре отырып, сәттілік идеясын ілгерілету

##### **Міндеттері:**

1. Еліміздің дамуына үлес қосқан замандастарымызға қолдау көрсету.
2. Ұлы замандастарымызды ақпараттық қолдау мен танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын құрастыру.
3. «100 жаңа есім» өңірлік жобаларын дайындау.

Жауапты мемлекеттік органдар: БҒМ, МСМ.


2017-2018 жылдар ішінде жобаны жүзеге асыруға шамамен 4,5 мың тапсырыс қабылданды (2017 жылы – 2112, 2018 жылы – 2388). Бүкіл халықтық онлайн дауыс беру арқылы (100 esim.el.kz ресми сайтында) 131 жеңімпаз анықталды (2017 жылы - 102, 2018 жылы - 29).

Дауыс беру қорытындысы мен жеңімпаздарды іріктеу нәтижелері бойынша жеңімпаздардың Елбасымен екі кездесуі ұйымдастырылды. Мысалы, 2017 жылғы 1 желтоқсанда Елбасының «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарымен кездесуі өткізілді. 2018 жылы жоба аясында қызметтің түрлі салаларының өкілдері қатысты.

2019 жылғы 13 ақпанда Елбасының 2018 жылғы жоба жеңімпаздарымен кездесуі ұйымдастырылды.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жүзеге асырылу кезеңі ішінде АҚДМ еліміздің

4-сурет. 2017, 2018 жылдардағы қатысушылар мен жеңімпаздар саны.



жұртшылық арасында жоба жеңімпаздарының нәтижелі тарихының мысалдарын насихаттау бойынша кең көлемдегі ақпараттық және имидждік жұмыстар жүргізді.

Жүз жаңа есімнің жетістіктері туралы шағын метражды деректі фильмдер топтамасы шығарылды және олар теледидар және интернет желісі арқылы көрсетілді:

- 102 ролик көлемінде деректі фильмдер шығарылды (хронометражы – 10 минут);
- «Астана» ТК 4-сериялы деректі фильмдер топтамасы;
- «МИР» телеканалы арнайы деректі фильмдер шығарды (хронометражы 26 минуттан кем емес)
- «Жетінші канал» телеарнасында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасын түсіндіруге бағытталған ақпараттық-талдамалық бағдарламалар топтамасы шығарылып, орналастырылды. Бір шығарылымның хронометражы 40 минуттан кем емес. Жалпы саны – 26 шығарылым;
- «Хабар» ТК «Еленген есім» бағдарламасында жоба жеңімпаздары туралы хабарлар топтамасы.

«Қазақстан» және «Хабар» ТК «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының екінші кезеңінің жеңімпаздары туралы қысқаметражды роликтер шығарып, көрсетті.

Мемлекеттік және коммерциялық басылымдар жоба кейіпкерлері туралы мақалалар және сұқбаттарды кең көлемде тираждады.

Мектеп оқушыларымен, жоғары оқу орындары студенттерімен, мүмкіндігі шектеулі тұлғалармен және жетім балалармен ынталандырушы кездесулер мен тақырыптық әңгімелер жүйелі түрде жүргізіліп отырды.

100 жаңа есімнің қатысуымен бүкіл ел бо-

йынша 300-ге жуық түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді.

Қазіргі уақытта «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасын имидждік ілгерілету аясында министрлік жобаға қатысушылардың суреттері басылған баннерлер, эскиздерін құрастырды, баннерлерді бүкіл ел бойынша сыртқы жарнама құралдарында орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жоба жеңімпаздарының тұрғындармен кездесулерін ұйымдастыруда. Есепті кезең ішінде тұрғындармен 2259 кездесу ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, жүз жаңа есімнің әлеуметтік маңызды бастамаларына мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында министрлік 21 жобадан тұратын жол картасын құрастырды. 2019 жылы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының 3 кезеңі бастау алады.

Жобаның үшінші кезеңінің жұмысына «Бюро 100» қоғамдық бірлестігі белсенді түрде тартылатын болады.

Мекеменің қызметі «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының үшінші кезеңінің іске қосылуының кең көлемдегі анонстық компаниясын жүзеге асыруға бағытталатын болады. Бүкіл ел бойынша ерекше жетістіктері бар қазақстандықтарды іздеу мен ұсыну бойынша жұмыс жүргізіледі. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына қатысу арқылы отандастарының жетістіктері тарихын көрсету мүмкіндіктері туралы ел тұрғындарының ақпараттануын қамтамасыз ету. Әлеуметтік желілерде танымал блогерлерді, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту қарастырылған.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы 2019 жылдан бастап ресми сайтқа көшіріледі. Сайтқа қол жетімділік ruh.kz порталы немесе тікелей 100esim.ruh.kz адресі арқылы жүзеге асырылады.

2019 жылғы 30 қыркүйектен 1 қарашаға дейін [100esim.ruh.kz](http://100esim.ruh.kz) платформасында тапсырыс қабылдау жүргізіледі.

2019 жылғы 1 – 22 қараша аралығында құзыретті қазылар алқасының шешімі бойынша және бүкілхалықтық онлайн-дауыс беру нәтижелері бойынша жоба жеңімпаздары анықталатын болады.

Онлайн-дауыс беру кезеңіне таңдауды белгілі қазақстандық қоғам қайраткерлері, мәдениет және спорт өкілдері, танымал бизнесмендер мен блогерлерден тұратын қазылар алқасы жүзеге асыратын болады.

## АРНАЙЫ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

### 1. «Туған жер» арнайы жобасы

Бұл арнайы жоба бойынша Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қажетті нормативті-құқықтық базаны, мониторинг жүйесін құрастыру мен енгізу, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижелерді және қабылданған шаралардың



нәтижелілігін бағалау индикаторларын қалыптастыру бойынша үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді. Орталық және жергілікті деңгейлерде бекітілген штаттары бар жоба кеңселері құрылды.

Мәдениет және спорт министрлігі мәдениет саласын жаңғырту және цифровизациялау бойынша кең көлемдегі әдіснамалық жұмыстар жүргізіп келеді. Білім және ғылым министрлігі «Өлкетану» пәнін әзірлеп, мектептердің оқу процесіне енгізді.

Жалпы республикалық деңгейде арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша мақсатты түрде бағытталған сапалы жұмыс жүргізілуде. Дегенмен, арнайы жобаны жүзеге асыру барысында орын алған мынадай жағдайларды атап көрсетуге болады:

1. Арнайы жоба аясында, негізінен өңірлердің даму жоспарларында қарастырылған қалалар мен ірі елді мекендерде ірі объектілерді салып, жөндеуден өткізіп келеді. Сонымен бір мезетте арнайы жобаның негізгі мақсаттарының бірі «Кіші Отан» ауылдық елді мекендері аумағының инфрақұрылымын дамыту болып табылады. Соған байланысты алыстағы елді мекендердің, атап айтқанда кенттер мен ауылдардың инфрақұрылымын дамыту қажет. Еліміздің барлық тұрғындары үшін қолжетімді және бұқаралық болып табылатын және үлкен қаржылық шығындарды қажет етпейтін аулалар, балалар мен спорт алаңдарын, саябақтарды, аллеялар мен скверлерді салу және жөндеу жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

## **2. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы**

Есепті кезең ішінде Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет және спорт министрлігі қазақ тілін кириллицадан латиницаға көшіру бойынша ауқымды, жемісті жұмыстар жүргізді. Латын графикасындағы қазақ әліпбиін оқып-үйрену және оны насихаттауға арналған веб-сервистер, платформалар, мобильді қосымшалар, анимациялық фильмдер, энциклопедиялық, танымдық, әдіснамалық, анықтамалық материалдар құрастырылып, енгізілді.

Жобаның ел тұрғындары арасында танымал екендігін атап өтуіміз қажет. Оған 2019 жылы «Жастар» ҒЗО «Рухани Жаңғыру: бағдарламаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі» тақырыбында өткізген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері дәлел бола алады. Мысалы, сауалнамаға қатысушылардың 78,6% қазақ тілінің латын графикасына көшірілетіні туралы хабардар екенін көрсеткен. Мұның өзі жобаны жүзеге асыру бойынша жүргізілген ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының нәтижелілігін дәлелдей түседі.

Сонымен қатар, тұрғындарды неғұрлым кең көлемде қамту және латын графикасына визуалды оқытуды қамтамасыз ету үшін 2020 жылдан бастап бүкіл медиа-контентті латын әліпбиіндегі субтитрлерімен барлық мемлекеттік телеарналарда көрсете бастау бойынша ауқымды жұмыстарды бастау қажет екенін атап өту қажет.

## **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы**

Білім және ғылым министрлігі есепті кезең ішінде осы арнайы жоба шеңберінде көлемді жұмыстар жүргізді. Аударылған оқулықтар жоғары оқу орындарының оқу процесіне белсенді түрде енгізілуде. Оқулықтарды талқылау және оларды оқытушылардың оқу процесінде қолдануы, сондай-ақ студенттердің алған білімдерін бекітуі бойынша түрлі форматтағы іс-шаралар жүргізілді (зияткерлік ойындар, дөңгелек үстелдер, тақырыптық конференциялар, семинарлар және т.б.). Жүзеге асырылатын іс-шаралар арнайы жобада қарастырылған мақсаттарға қол жеткізу мен міндеттерді орындауға бағытталған. Алайда кейбір жағдайларды атап өтуіміз қажет:

1. 2020 жылы жоспарланған 100 оқулықтың қалған 23 оқулығын аударып, басып шығару жоспарлануда. Өзекті әдебиеттерді аудару бойынша арнайы жобаны жүзеге асыруды жалғастыруды ұсынамыз, бірақ тек қана оқу және ғылыми әдебиеттермен шектелмеу қажет. Қазіргі заманғы идеяларды ілгерілету мақсатында оң, бәсекеге қабілетті, креативті және ашық сананы қалыптастыруға ықпал ететін, сондай-ақ жас ұрпақ бойында патриотизм, әлеуметтік жауапкершілік, құқықтық мәдениетті тәрбиелейтін шетелдік жазушылардың танымал шетелдік көркем әдебиет шығармаларын аударуды ұсынамыз.

2. Аударылған шығармалар [www.100kitap.kz](http://www.100kitap.kz) сайтында орналастырылған және жүктеп алуға болмайды. Бұл авторлық құқық талаптарына байланысты болып отыр. Оқу үшін электрондық форматта оқулықтар «Қазақстанның ашық университеті» порталында орналастырылған - [www.OpenU.kz](http://www.OpenU.kz). 2019 жылғы 1 қазан жағдайына оқуға мүмкіндігі бар 7225 адам тіркелген. Алайда ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2018 жылы еліміздің жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің саны 542 000 адамды құрағанын есепке алатын болсақ, онда сайтта тіркелген адамдардың саны өте аз және ел бойынша студенттердің жалпы санының тек бар болғаны 1,3% құрайды. Соған байланысты, оқу орындарында «Қазақстанның ашық университетінің» қызметі туралы ақпараттандыру бойынша жұмыстарды белсенді ету ұсынылады.

## **3. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы**

Арнайы жоба аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі және Білім және ғылым министрлігі тарихи және мәдени ескерткіштерді танымал ету, сақтау, қалпына келтіру бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізіп келеді, этномәдени экспедициялар ұйымдастырылды, Қазақстанның киелі жерлері тізімі құрастырылған және толықтырылып отырады, сапар-орталықтар құрылуда, анимациялық, көркем және деректі фильмдер түсіруде.

Сонымен қатар, кейбір орын алған кемшіліктерді атап өтуіміз қажет:

1. Түсірілген фильмдер қалалар мен ірі елді мекендерде көрсетіледі және еліміздің шалғай орналасқан елді мекендерінде қолжетімді емес. Кез келген ауыл тұрғынының қалаға немесе тіпті аудан орталығына барып осы фильмдерді көруге мүмкіндіктері бола бермейді. Соған байланысты тұрғындарды барынша кең көлемде қамту мақсатында ұсынылады:

- жүйелі негізде еліміздің барлық елді мекендеріндегі халықтың барлық жіктерін қамти отырып (мектептерде, мәдениет үйлерінде, кинотеатрларда, оның ішінде ашық аспан астындағы және т.б.), мемлекеттік тапсырыс бойынша түсірілген анимациялық, көркем және деректі фильмдердің жаппай көрсетілімін ұйымдастыру;

- фильмдерді Интернет каналдарға ашық қолжетімділікпен жүктеу және фильмдердің орналастырылғаны туралы ақпараттық жұмыстар жүргізу.

2. Ішкі туризмді дамыту мақсатында киелі объектілер бойынша туристік маршруттар құрастырылуда. Алайда маршруттардың басым бөлігі тұрғындарға таныс емес және инфрақұрылыммен жеткілікті қамтамасыз етілмеген. Соған байланысты ұсынылады:

- құрастырылған маршруттардың жол көрсеткіштерін тираждау және қоғамдық орындарда тарату (темір жол вокзалдары, автовокзалдар, әуежайлар, ОСО, тікелей объектілердің өзінде және т.б.). Жол көрсеткіштерде қосымша жақын орналасқан объектілер туралы ақпараттар орналастыру. Мұндай әрекеттер туристердің бірнеше киелі орындарда болып, олардың тарихымен танысуына мүмкіндік береді;

- киелі орындарда болуды арттыру және елеулі нәтижелерге қол жеткізу мақсатында бір территория шеңберінде киелі орындардың инфрақұрылымы мен логистикасын дамыту және олардың негізінде біртұтас туристік кластер әзірлеу.

#### **4. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы**

Мәдениет және спорт министрлігінің, Сыртқы істер министрлігінің, сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Қазақстанның мәдени жетістіктерін шет елдерде танымал ету бойынша үйлесімді жұмысының арқасында белгілі қазақстандық және шетелдік саясат және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, картиналар мен фотожұмыстар көрмелері, қазақстан өнер шеберлерінің концерттері ұйымдастырылды, сондай-ақ қазақстандық жазушылардың үздік әдеби шығармалары аударылып, ұсынылды. Жалпы арнайы жоба тиісті деңгейде жүзеге асырылуда.

Сонымен бір мезетте шет елдерде жүргізілген жұмыстарды ел ішінде, өңірлік деңгейде насихаттау қажет екенін атап өтуіміз қажет. Театрлар мен ұжымдардың облыс орталықтарына көшпелі гастрольдарын ұйымдастыру қа-

жет. Бұл іс-шаралар қазақстандық мәдениетті ел ішінде танымалдандыруға және өңірлердің шығармашылық зиялы қауымына қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

#### **5. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы**

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі осы арнайы жоба аясында үлкен ұйымдастырушылық және ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізіп келеді.

Арнайы жоба есепті кезең ішінде ең имидждік, тұрғындар арасында танымал және үлкен сұранысқа ие жобалардың біріне айналды. «Жастар» ҒЗО» ЖШС «Рухани жаңғыру. Бағдарламаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі» тақырыбында өткізген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің 25,8% арнайы жобаның жүзеге асырылуы туралы хабардар екенін көрсеткен. Бұл барлық арнайы жобалар ішінде танымалдығы жағынан екінші көрсеткіш.

Сонымен қатар, жүзеге асырылатын жобалардың өзектілігі мен нәтижелілігін қолдау үшін олардың түрін өзгертіп, жаңа құрамдас бөліктермен толықтырып отыру қажет. Соған байланысты азаматтық қоғамның ұйымдастырушылық-дайындық және ақпараттық жұмыстарға қатысуын кеңейту ұсынылады. Мысалы, ҰЕҰ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ арқылы гранттар бөлуді тарту. ҰЕҰ мүмкіншіліктері бұл арнайы жобаны жаңа форматта жүзеге асыруға, жаңа трендтер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 арнайы жобасын республикалық деңгейде жүзеге асыру бойынша келесі ұсыныстарды жасауға болады:

1. Арнайы жобалардың мақсатты индикаторлары мен нақты соңғы нәтижелерінің болмауы жобалар мен іс-шараларды жүзеге асырудың тиісті тиімділігіне мүмкіндік бермейді. Соған байланысты жүргізілген іс-шаралардың нәтижелілігі мен сапасын тиісті деңгейде бағалау мүмкін емес болады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында барлық арнайы жобалар бойынша ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілген. Барлық осы жұмыстарды іс жүзінде үш министрлік жүзеге асырды (СІМ, БҒМ, МСМ). Алайда, «Рухани жаңғыру» қызметтің барлық салаларын қамтиды және еліміздің бүкіл тұрғындарының санасын жаңғыртуға бағытталады. Соған байланысты 2020 жылы барлық орталық мемлекеттік органдарды бағдарламаны жүзеге асыруға тартуды және әрбір орталық мемлекеттік органның жауапкершілік аумағын анықтауды ұсынамыз.



## II ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ӨҢІРЛЕРДЕ АРНАЙЫ ЖОБАЛАР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

### 1. «ТУҒАН ЖЕР» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ

2017 жылы 12 сәуірде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты өзінің бағдарламалық мақаласында патриотизм өз жеріне, өз ауылына, қаласына, өңіріне, өзінің кіші Отанына деген сүйіспеншілігінен бастау алады деп атап көрсеткен болатын. Соған байланысты Елбасы алдағы жылдардың күн тәртібіне «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруды енгізуді тапсырды.

Сонымен, «Туған жер» арнайы жобасы басталды (бұдан әрі – Арнайы жоба), оның мақсаты – қазақстандықтардың бойында шынайы патриотизм сезімдерін тәрбиелеу.

Арнайы жобаны жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер қойылды:

1. Білім беру, экология, абаттандыру бағыттарында өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру, жергілікті тарихты зерттеу, жергілікті көлемдегі мәдени-тарихи ескерткіштер және мәдени объектілерді қалпына келтіру.

2. Азаматтарды туған өлкесін дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешуге тарту.

3. Қайырымдылық мәдениетін дамыту.

4. Өлкетану, қолданбалы-декоративтік көрмелер ұйымдастыру.

5. Туристік экспедициялық жасақтар құру.

Сонымен, «Туған жер» арнайы жобасының түпкілікті мақсаты – жалпыұлттық патриотизмді қалыптастыру. Құндылықтармен және адамгершілік бағамдарымен қосыла отырып, патриотизм мемлекеттің ұлттық стратегиясының бір бөлігі болып табылады және оның базалық негіздерінің бірі өзінің кіші Отанына, Туған жеріне деген сүйіспеншілік арқылы қалыптастырылады.

### **«ТУҒАН ЖЕР» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Қазіргі уақытта арнайы жобаның жүзеге асырылуы екі негізгі бағыттан тұрады – кіші Отанын зерттеу бойынша өлкетаншы және азаматтарды туған өлкесін дамытуға, қайырымдылық мәдениетін дамыту негізінде әлеуметтік мәселелерін шешуге тарту.

Жалпы, арнайы жоба аясында республика бойынша 2 жыл 9 ай ішінде жоспарланған 29 922 іс-шараның 39 149 астамы өткізілді, 27 377 541 адамды қамтыды. Сонымен, жоспардың асыра орындалуы 130% құрады.

Іс-шаралар санын талдау (5-сурет), есепті кезең ішінде өткізілген іс-шаралардың басым

көпшілігі ШҚО, Алматы, Ақтөбе, Ақмола облыстарына келетінін көрсетеді. Іс-шаралардың ең аз көлемі Атырау облысында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында өткізілген<sup>3</sup>. Абсолюттік көрсеткіштерде іс-шаралардың барынша жоғары және барынша төмен көрсеткіштері арасындағы айырмашылық мынадай болып отыр: Алматы облысында өткізілген іс-шаралардың саны (ең жоғары көрсеткіші) республика бойынша өткізілген барлық іс-шаралардың 25,6% құрайды, ал Атырау облысы бойынша (ең төменгі көрсеткіші) бұл көрсеткіш тиісінше 0,6% құрайды.

Іс-шаралар санын талдау олардың жылдар бойынша біркелкі емес екендігін көрсетеді. Облыстардың көпшілігі 2017 жылдан 2018 жылға дейін іс-шаралар санының елеулі көлемде өскенін және 2019 жылға қарай белсенділіктің төмендегенін көрсетеді. Мұндай жағдай Алматы, БҚО, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстарына тән болып келеді. 2017, 2018, 2019 жж. іс-шаралардың тұрақты өсімі үрдісі СҚО, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарына тән. Алматы облысы жылдар бойынша іс-шаралар санының тепе-теңдігін сақтап отыр.

Жалпы іс-шаралар саны Бағдарламаны жүзеге асыру сапасының репрезентативті көрсеткіші болып табылмайды, алайда өткізілген іс-шаралар көлеміндегі үлкен өзгерістер бюджет және объективті көрсеткіштер арқылы бекітілуі тиіс, сондай-ақ өңірлер бойынша өткізілген іс-шаралардың көлеміндегі елеулі айырмашылықтар жобаның мақсаты мен міндеттерін жеткілікті түсінбегендігінің дәлелі бола алады.

Жалпы, жиынтығында ең көп іс-шаралардың өткізілуі 2018 жылға келеді (есепті кезеңнің барлық іс-шараларының 40,9%), 2017 және 2019 жж. тиісінше – 27,9% және 31,2%.

Іс-шараларды жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 36 958 434 865 теңге бөлінді (6-сурет). ЖБ қаражаты неғұрлым көп бөлінген Алматы қаласы (республикалық көрсеткіштің 16,2%), Шымкент (15,5%), Алматы (15%), Павлодар облыстары (11,3%), ШҚО (13,7%). Ең төменгі көрсеткіш – Ақмола облысы (0,4%), СҚО (0,33%).

2017 жылдан 2018 жылға дейінгі аралықта көптеген өңірлерде ЖБ қаражатын жұмсау көрсеткіштерінің артуы көрініс тапқан болса (Нұр-Сұлтан – 3%, Алматы – 18%, Ақмола – 490%, Ақтөбе – 43%, Атырау – 180%, Жамбыл – 103%, Қарағанды – 177%, Қостанай – 690%, Қызылорда – 40%, Павлодар – 59%, Түркістан – 85%), 2018 жылдан 2019 жылға дейін ЖБ шығындарының төмендеуі байқалады (Нұр-Сұлтан, Алматы, БҚО, Қарағанды, Қызылорда, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Маңғыстау облыстары). Есепті кезең ішінде

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласы және Түркістан облысы болып бөлінуіне және құқықтық және өзге де процедуралардың жүргізілуіне байланысты мәліметтер 2019 жыл бойынша берілген

**5-сурет. Өңірлер жіктелісінде 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың  
9 айындағы өткізілген іс-шаралардың саны бойынша жалпы  
көрсеткіштер**


Өңірдің атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж. 9 айы	2 ж. 9 ай.	Өткізілген іс-шаралардың жалпы республикалық көрсеткіштен %
Нұр-Сұлтан қаласы	56	87	95	238	0,6%
Алматы қаласы	81	137	63	281	0,71%
Шымкент қаласы			13	13	0,03%
Ақмола облысы	1 369	2 906	963	5 238	13,37%
Ақтөбе облысы	1078	3783	580	5 441	13,8%
Алматы облысы	3 987	3 035	2 999	10 021	25,59%
Атырау облысы	75	50	72	197	0,5%
ШҚО	2 166	2 073	1 589	5 828	14,88%
Жамбыл облысы	50	132	934	1 116	2,8%
БҚО	263	1 121	564	1 948	4,9%
Қарағанды облысы	164	250	113	527	1,34%
Қостанай облысы	346	833	654	1 833	4,68%
Қызылорда облысы	36	44	150	230	0,58%
Маңғыстау облысы	116	161	111	388	0,99%
Павлодар облысы	347	499	242	1 088	2,77%
СҚО	300	297	1 218	1 815	4,63%
Түркістан облысы	482	615	1 850	2 947	7,52%
<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>10 916</b>	<b>16023</b>	<b>12210</b>	<b>39149</b>	<b>100%</b>

ЖБ шығындары өсімінің тұрақты көрсеткіштерін Түркістан және Павлодар облыстары көрсетіп отыр.

Жалпы, арнайы жобаны жүзеге асыруға ЖБ шығындарының ең үлкен көлемі 2019 ж. келеді (барлық жұмсалған ЖБ жалпы сомасының 37%),

2017 және 2018 жж., тиісінше – 32% және 31%.

«Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға демеушілер мен меценаттардан тартылған қаражат сомасы 274 129 014 477 теңгені құрайды, мұның өзі осы арнайы жобаны жүзеге асыруға жұмсалған қаражаттың жалпы санының



80% астамын құрайды (7-сурет).

Өңірлер жіктелісінде демеушілер қаражатының ең көп тартылуы Түркістан (республика бойынша тартылған қаражат сомасының жалпы санының 15,6%), Алматы (12,7%), Қызылорда (9%) облыстарына, Алматы қ. (9,3%) келеді. Ең төменгі көрсеткіштер - Жамбыл (1%), Қарағанды (1,25%) облыстары, БҚО (1,1%), СҚО (1,27%).

Өңірлерде жылдар бойынша қаражат тарту көрсеткіштері біркелкі емес болып келеді. Егер де 2017-2018 жылдары жекелеме өңірлер тартылған қаражат көлемінің өсімін көрсетсе (Нұр-Сұлтан 23 есе, Алматы 2,7 есе, Қызылорда 2,3 есе, Павлодар 5,4 есе), онда 2018-2019 жж. осы өңірлердің көпшілігінде арнайы жобаға демеушілік қаражаттың тартылу көрсеткішінің төмендеу тенденциялары байқалады (Нұр-Сұлтан 596 есе, Алматы 12,6 есе, ШҚО 6,2 есе, БҚО 4 есе, Ақтөбе облысы 4,15 есе).

Жылдар бойынша тұрақты көрсеткішті СҚО, Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Павлодар облыстары көрсетіп отыр, мұның өзі Жалпы ЖАО және ӨЖО нәтижелі жоспарлауы мен жүйелі жұмысының көрсеткіштері болып табылады.

СҚО ЖБ игерілген қаражат бойынша да, демеушілер қаражатын тарту бойынша да ең төменгі көрсеткіштердің бірін көрсетіп отырғанын атап өтуіміз қажет.

Жалпы, арнайы жобаны жүзеге асыруға демеушілер мен меценаттардың қаражатын тартудың жалпы сомасы бойынша ең жоғары көрсеткіш 2017 ж. келеді (барлық тартылған қаражаттың 43,3%) 2018 ж. - 39,2%, ең төменгі - 2019 ж. (тиісінше 17,5%).

Арнайы жобаны жүзеге асыруға 11 173 меце-

нат қатысты (8-сурет). Есепті кезең ішінде меценаттар мен демеушілердің ең көп саны Түркістан облысында (37%) және Нұр-Сұлтан қаласында (22%) тартылған. Бұл көрсеткіштер осы өңірлерде тартылған демеушілік қаражат көлемімен тығыз байланысты болып келеді (ең жоғары көрсеткіштердің бірі - 15,6% және тиісінше 6,6%).

Демеушілердің ең аз саны - Павлодар (1%), Жамбыл (1,3%), Қарағанды (1,33%), Қызылорда (1,42%) облыстарында. Соған қарамастан, Қызылорда облысы тартылған демеушілік қаражат сомасы бойынша ең жоғары көрсеткіштердің біріне ие болып отыр (республикалық көрсеткіштің 9% астамы).

Жалпы, Бағдарламаның танымалдығын арттыру үшін арнайы жобаны жүзеге асыруға меценаттар мен демеушілердің мүмкіндігінше ең көп санының тартылуы өте маңызды. Жылдар бойынша меценаттар мен демеушілердің тұрақты өсімі ШҚО, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Павлодар облыстарына тән. 2018 жылдан бастап демеушілер санының елеулі көлемде төмендеуі Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ., БҚО, Қарағанды, Маңғыстау, Түркістан облыстарында байқалады, мұның өзі белгілі бір дәрежеде ЖАО бизнес өкілдері арасында жеткілікті деңгейде жұмыс тәртібі қалыптаспағандығын көрсетеді.

Арнайы жоба жүзеге асырылған кезең ішінде меценаттар қаражаты есебінен жүзеге асырылған жобалардың жалпы саны 6 691 құрайды (8-сурет).

Меценаттық шеңберінде жүзеге асырылған жобалардың ең көп саны Ақтөбе облысы (14,4%), ШҚО (20%), Түркістан (16,1%) облыстарына келеді. Ең аз көлемі Атырау (2,2%), Жамбыл (3%),

6-сурет. Өңірлер жіктелісінде 2017, 2018 және 2019 жылдың 9 айы бойынша ЖБ шығындарының жалпы көрсеткіші

№	Өңірлер	2017ж.	2018ж.	2019ж. 9 айы	2 жыл 9 ай.
		ЖБ	ЖБ	ЖБ	ЖБ
1	Нұр-Сұлтан қаласы	786 900 000	812 600 000	71 247 000	1 670 747 000
2	Алматы қаласы	2 472 450 000	2 940 778 000	595 798 300	6 009 026 300
3	Шымкент қаласы			5 732 664 000	5 732 664 000
4	Ақмола облысы	18 700 000	110 602 549	25 860 700	155 163 249
5	Ақтөбе облысы	761 691 000	1 096 622 000	331 715 000	2 190 028 000
6	Алматы облысы	3 407 577 587	1 618 800 000	527 850 000	5 554 227 587
7	Атырау облысы	100 000 000	280 000 000	223 000 000	603 000 000
8	ШҚО	1 538 007 900	751 692 000	2 770 022 700	5 059 722 600
9	Жамбыл облысы	91 700 000	187 000 000	129 399 339	408 099 339
10	БҚО	188 375 400	109 244 070	18 974 438	316 593 908
11	Қарағанды облысы	428 277 000	1 188 402 600	69 389 610	1 686 069 210
12	Қостанай облысы	30 999 000	245 182 000	227 184 120	503 365 120
13	Қызылорда облысы	156 246 000	218 774 748	78 000 000	453 020 748
14	Маңғыстау облысы	1 013 540 000	432 902 000	107 174 234	1 553 616 234
15	Павлодар облысы	571 577 245	914 449 568	2 703 944 308	4 189 971 121
16	СҚО	72 823 540	7 652 130	40 793 614	121 269 284
17	Түркістан облысы	131 349 416	242 977 188	377 524 561	751 851 165
<b>18</b>	<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>11 770 214 088</b>	<b>11 157 678 853</b>	<b>14 030 541 924</b>	<b>36 958 434 865</b>

Қарағанды (2,6%), Қызылорда (3%), Павлодар (1,8%) облыстарында байқалады. Жобалар саны өсімінің тұрақты көрсеткіштерін СҚО, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстары көрсетіп отыр. Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында 2018 жылдан бастап демеушілер мен меценаттардың санының да, олар жүзеге асырған жобалардың санының да төмендегені байқалады.

Жалпы, өңірлердің 65% астамында жұмыс жүйелі сипатта жүргізілген, демеушілер мен меценаттардың санының да, олар жүзеге асырған жобалардың санының да өсімі байқалады. Бұл

үрдіс – ЖАО және ӨЖО меценаттық мәдениетті ілгерілету, сондай-ақ олардың бастамаларына қолдау көрсету бойынша сәтті жұмыс жасауының индикаторы.

«Туған жер» арнайы жобасы жүзеге асырылған кезең ішінде өңірлерде меценаттарды, белгілі тұлғаларды тарту арқылы кіші Отанын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді, мұның өзі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға және республикада мемлекет пен жеке меншіктің әріптестігін дамытуға ықпал етті. Арнайы жоба шеңберінде қоғамның өмір сүру қызметінің көптеген салаларын қамтамасыз еткен әлеуметтік инфрақұрылым объектілері салынып, жөн-

7-сурет. Өңірлер жіктелісінде 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша демеушілер қаражатын пайдаланудың жалпы көрсеткіштері

	Өңірлер	2017ж.	2018ж.	2019ж. 9 айы	2 жыл 9 ай
1	Нұр-Сұлтан қаласы	743 516 598	17 300 000 000	29 000 000	18 072 516 598
2	Алматы қаласы	6 385 800 000	17 816 988 000	1 403 100 000	25 605 888 000
3	Шымкент қаласы			3 508 000 000	3 508 000 000
4	Ақмола облысы	4 199 200 000	5 197 577 000	4 155 811 000	13 552 588 000
5	Ақтөбе облысы	5 704 611 000	3 774 500 000	909 205 000	10 388 316 000
6	Алматы облысы	21 031 676 413	6 979 718 900	6 855 400 000	34 866 795 313
7	Атырау облысы	11 000 000 000	6 000 000 000	6 000 000 000	23 000 000 000
8	ШҚО	11 400 000 000	10 701 481 000	1 713 208 240	23 814 689 240
9	Жамбыл облысы	1 000 000 000	1 016 287 000	895 400 000	2 911 687 000
10	БҚО	2 344 000 000	547 674 000	132 180 000	3 023 854 000
11	Қарағанды облысы	1 809 509 000	989 252 000	638 766 000	3 437 527 000
12	Қостанай облысы	2 694 506 000	2 589 746 000	3 295 289 000	8 579 541 000
13	Қызылорда облысы	5 804 426 000	13 177 860 000	5 846 930 000	24 829 216 000
14	Маңғыстау облысы	11 074 114 000	5 958 800 000	5 345 234 000	22 378 148 000
15	Павлодар облысы	566 604 185	3 072 116 390	6 056 733 835	9 695 454 410
16	СҚО	1 278 790 050	1 504 190 000	711 734 725	3 494 714 775
17	Түркістан облысы	31 252 000 000	11 103 059 000	615 020 141	42 970 079 141
	<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>118 288 753 246</b>	<b>107 729 249 290</b>	<b>48 111 011 941</b>	<b>274 129 014 477</b>


деуден өткізілді. Әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар барлық өңірлерде жүргізіледі.

Бағдарлама жүзеге асырылған кезең ішінде арнайы жоба шеңберінде республика бойынша 2 148 объект салынды, 1 713 объект жаңғыртыл-


ды және жөндеуден өткізілді (9-сурет). Объектілердің ең көп саны Түркістан (21,6%), Маңғыстау (11,2%), Ақтөбе (12,5%) облыстарында салынған. Ең аз көлемі және саны – Нұр-Сұлтан (0,9%), Алматы (0,79%) қалаларында. Жылдар бойынша жүзеге асырудың тұрақты көрсет-

## 8-сурет. Өңірлер жіктелісінде 2017, 2018 жылдардағы және 2019 жылдың 9 айындағы меценаттықты дамыту бойынша жалпы сандық көрсеткіштер

Тартылған меценаттар саны (адам.) – жеке және заңды тұлғалар



Меценаттық шеңберінде жүзеге асырылған жобалардың саны



кіштері ШҚО, БҚО, СҚО, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар облыстарында байқалады.

Жөндеуден өткізілген объекттердің ең көп саны Қостанай (18,7%), СҚО (15,7%), Алматы қаласына (13,3%) келеді. Ең аз саны – Атырау облысына (0,3%), Нұр-Сұлтан қаласына (1,1%). Жалпы, өңірлердегі жұмыстар туған өлкенің

инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған, барлық дерлік өңірлер жалпы сомасында объектілер салу және жөндеуден өткізу бойынша үлкен жұмыс көлемі жасалғанын көрсетеді.

Өлкетанулық қызметпен қамту – патриотизмді дамытудың маңызды факторы. Есепті кезең ішінде 1 995 502 мектеп оқушылары өлкетанулық қызметке тартылды.



Өңірлердің көпшілігінде өлкетанулық қызметке тартылған мектеп оқушыларының санының тұрақты өсімінің үрдісі орын алды (Нұр-Сұлтан қ., Маңғыстау облысында 2 еседен астам). Сонымен қатар, кейбір өңірлерде өлкетанулық қызметпен айналысатын мектеп оқушыларының санының азаюы үрдісі орын алды: Алматы (50%), Шығыс Қазақстан (70%), Жамбыл (40%), Қостанай (72%), Қызылорда облысы (90%) астам.

### АРНАЙЫ ЖОБАНЫҢ ӨҢІРЛЕР ЖІКТЕЛІСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ


Нұр-Сұлтан қаласында есепті кезең ішінде жоспарланған 249 іс-шараның 238 жобасы/іс-шарасы жүзеге асырылды. 1 134 112 тұрғын қамтылды.

Әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етіл-

ген тұрғындар жігіне әлеуметтік қолдау көрсету бойынша үлкен көлемді жұмыс жүргізілді. 2018 жылы қарт адамдар мен I және II топ мүгедектері үшін күндізгі бөлімдер ашылды. «Нұрал» балаларды дамыту орталығы өз жұмысын бастады, оның құрылысына 80 млн. астам теңге жұмсалды (бұл орталықтың құрамына спорттың 8 түрі бойынша спорт залдары кіреді, оларда тұрғындардың аз қамтамасыз етілген топтарынан шыққан балалар спортпен айналыса алады); ерекше қажеттіктері мен сұраныстары бар балаларды дамытуға арналған «Күн-шуақ» балалар алаңы (бұл объектінің құрылысына «Ротари-клуб Нұр-Сұлтан» қоғамдық бірлестігі 29 млн. теңге бөлді); өзінің сипаттамалары бойынша ТМД елдері ішіндегі ең үздік халықаралық деңгейдегі параолимпиадалық жаттығу орталығы, оның ашылуына меценат К. Боранбаев 1,7 млрд. теңге салды.

## 9-сурет. Есепті кезең ішінде салынған және жөндеуден өткізілген объектілердің саны

Салынған объектілер (саны)



621 702

■ 2017 жыл ■ 2018 жыл


825

■ 2019 жылдың 9 айы

2148

■ 2 жыл 9 ай

Жөндеуден өткізілген объектілер (саны)



414 752

■ 2017 жыл ■ 2018 жыл

547

■ 2019 жылдың 9 айы

1713

■ 2 жыл 9 ай

10-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша мектеп оқушыларының өлкетанулық қызметке тартылуы (адам).

Өңір атауы	2017 жыл	2018 жыл	2019 жылдың 9 айы	3 жыл бойынша
Нұр-Сұлтан қаласы	600	3400	9 000	13 000
Алматы қаласы	13969	14278	14755	43002
Шымкент қаласы			2 000	2 000
Ақмола облысы	9623	34972	6 760	51 355
Ақтөбе облысы	53300	65633	51550	170483
Алматы облысы	77 880	140 898	70 000	288 778
Атырау облысы	3790	5087	5289	14 166
ШҚО	116000	225500	6859	348 359
Жамбыл облысы	24677	31093	18424	74 194
БҚО	2993	2820	3089	8 902
Қарағанды облысы	10645	12628	9925	33 198
Қостанай облысы	10164	12238	3315	25 717
Қызылорда облысы	126444	153231	1792	281 467
Маңғыстау облысы	18255	20515	67180	105 950
Павлодар облысы	99388	99980	116841	316 209
СҚО	10016	20561	22 825	53 402
Түркістан облысы	320	450	164550	165320
<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>578 064</b>	<b>843 284</b>	<b>574 154</b>	<b>1 995 502</b>


2018 жылы «Шекарасыз спорт: Астана-Париж» веломарафоны ұйымдастырылды. Көзі әлсіз көретін және көрмейтін 12 адамнан тұратын команда Нұр-Сұлтаннан Парижге дейінгі 5000 км. қашықтықтағы жерді велосипедпен еңсерді, бұл маршрут әлемнің 6 елінің 30 қаласынан өтті. «Кедергісіз Қазақстан» акциясы бастау алды, оның шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі және «Kino Park Theatres» кинотеатрлар желісі арасында Меморандумға қол қойылды, мұның

өзі ерекше қажеттіліктері бар балалардың аптасына бір рет кинотеатрға тегін баруға мүмкіндік берді. Әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 4 мың баланы қаланың театрлары мен музейлеріне тегін баруын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде.

Балалар бойында халық мұрасын зерттеуге қызығушылықты арттыру мақсатында «Музей – тарих айнасы» жобасы жүзеге асырылуда. Алайда, қазіргі күні мектеп оқушыларын өлкетану



3 жыл ішінде оқушыларды өлкетану қызметімен қамту



қызметіне тарту бойынша Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанның аймақтары арасында 16 орын алып отыр.

2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы кезеңі ішінде «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 2 466 меценат тартылды, олар 54 жобаны жүзеге асырды. Жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы – 18 072 516 598 теңге, мұның өзі осы жобаға жұмсалған барлық қаражаттың 99,6% құрайды.

Есепті кезең ішінде **Алматы қаласында** арнайы жоба аясында жоспарланған 337 іс-шараның ішінен 281 жоба/іс-шара өткізілді, оған 3 815 855 адам тартылды. Арнайы жоба аясында 17 әлеуметтік маңызды объект салынып, 228-і жөндеуден өткізілді.

Халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген тобына қолдау көрсету бойынша үлкен жұмыс атқарылды: мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Мейірім» сауықтыру орталығы өз жұмысын бастады (2,2 млрд. тг.); аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балалар үшін ШҚО (50 бала, 6 млн. тг. ЖБ), Түркістан облысы (100 бала, 12 млн. тг. ЖБ) тарихи орындарға, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне экскурсия ұйымдастырылды (300 бала, 2 млн. тг.).

Өлкетанулық қызмет бағыты бойынша көп бағыттағы жұмыстар жүргізілді. Киелі орындарға 56 топтық сапарлар ұйымдастырылды, оларға 20,5 мың оқушы тартылды. 16 мыңнан астам мектеп оқушылары және 4 мыңнан астам колледж оқушылары «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешенінде болып қайтты. 1000 астам мектеп оқушылары және 500 тәлімгер-педагогтар «Қазақ эпосы» - «Қобыланды-батыр»

байқауына қатысты. Өңірде «Туған жер» жыл сайынғы жастардың жазғы лагерінің жұмысы, «Тұлпар мініп, ту алған!» тарихи-танымдық байқауын өткізу тәжірибесі орын алды. «Өлкетану» оқулығына және «Өлкетану Хрестоматиясына» қажеттілік 100% қамтамасыз етілген.

Демеушілер мен меценаттар қаражаты есебінен туған өлкенің инфрақұрылымын дамыту бағыты бойынша көлемді жұмыс жүргізілді: 1200 орынға арналған мектеп салынды (2,2 млрд. тг.), 500 адамға арналған емхана (1,3 млрд. тг.), «Әліби Сити Парк» (350 млн. тг.); спорт объектілері: «Эйс» теннис орталығы (1,3 млрд. тг.), жеңіл атлетика стадионы (600 млн. тг.), «Жас қыран» футбол орталығы (610 млн. тг.), «Жарыс арена» кешені (300 млн. тг.) салынды; «Тәңірлік күнтізбе» мүсіндік кешені ашылып, Орталық мәдениет және демалыс саябағын жөндеу жұмыстары аяқталды (1,6 млрд. тг.), Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасы (147,5 млн. тг.) және т.б. салынды.

2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы кезеңі ішінде «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 162 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражат сомасы – 25 508 388 000 теңге, бұл осы жобаны жүзеге асыруға жұмсалған барлық қаражаттың 81% құрайды.

**Шымкент қаласында** арнайы жоба шеңберінде 2019 жылдың 9 айы ішінде 6 200 адамды қамти отырып, 13 іс-шара өткізілді.

Қала инфрақұрылымын дамыту әлеуметтік объектілер салуға бағытталған: «Медикер К» клиникасы пайдалануға берілді (1 млрд. 500 млн. теңге); мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 110 орындық арнайы түзету сәбилер балабақша-

сы салынды; 220 орынға арналған балабақша; 100 млн. теңге сомасына дәрі-дәрмек өндірісі бойынша ғылыми орталық; 540 көп балалы отбасылар үшін 10 көп қабатты үйлер салынды. Қаланың 4 ауданында 32 балалар ауласы, 5 спорт алаңдары, 25 жол жөнделуде. Қаланың кардиорталығына арналған автотұрақ салынды. Жобалардың негізгі бөлігі демеушілер мен меценаттардың қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Өлкетанулық қызмет бағыты бойынша мынадай жұмыстар жүргізілген: 9 ай ішінде 40 712 мектеп оқушылары қамтылды, 60 448 дана «Өлкетану» бойынша оқулықтар шығарылып, мектептерге таратылды, 12 932 дана «Өлкетану. Хрестоматия» оқулықтары шығарылып, мектептерге таратылды; 17 650 адамды қамтыған экскурсиялар және танымдық сабақтар ұйымдастырылды, 6 315 турист қаланың тарихи орындарында, 69 мыңнан астам адам қала музейлері мен галереяларында болды.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту бағыты бойынша «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 6 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы – 3 508 000 000 теңге, мұның өзі арнайы жобаны жүзеге асыруға жұмсалған барлық қаражаттың 38% құрайды.

**Ақмола облысында** есепті кезең ішінде 686 328 адамды қамтыған 5 238 жоба/іс-шаралар өткізілді.

Өлкетанулық қызметті жүзеге асыру өңірде жүйелі негізде жолға қойылған:

- «Абылай ханның ордасы», Уәли хан мазары, «Абылай хан алаңы», «Хан тағы» кешені, Бурабай кенті тарихының музейі арнайы туристік маршрут бойынша облыстың жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары және жоғары оқу орындары студенттері үшін экскурсиялық турлар өткізіледі;

- Бурабай курорттық аймағында «Звездный» балалар сауықтыру орталығы негізінде демалыс уақыттарында жыл сайын «Жас өлкетанушылар академиясы» көшпелі сессиясы өткізіледі;

- Өлкетану бойынша хрестоматияның мазмұндық жағын күшейту мақсатында мектеп оқушыларының Щучинск-Бурабай аймағында ғылыми-зерттеу жұмыстары, өзге де жұмыстар жүргізілді.

Аясында Ресей Федерациясының этникалық қазақтары үшін Ақмола облысының киелі орындары бойынша танымдық экскурсиялар өткізілген «Айналайын, Атамекен» жобалары өзекті болып табылады.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету үшін құрамында жобаларды жүзеге асыру үшін тұрақты негізде қаражат бөлген 845 меценат, 69 мекеме бар деректер қоры әзірленді.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға 195 меценат тартылған, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы – 13 552 588 000 теңге, бұл арнайы жобаны жүзеге асыруға жұмсалған барлық қаражат сомасының 98,9% құрайды.

**Ақтөбе облысында** арнайы жоба аясында есепті кезең ішінде 1 351 308 адамды қамтыған 5 441 жоба/ іс-шара өткізілді.

Өңірдің инфрақұрылымын дамыту әлеуметтік маңызды объектілер салуға бағытталды. 2017 жылы демеушілік қаражат есебінен балаларға арналған «Шығармашылық академиясы», 720 орынға арналған «Жекпе-жек» спорт сарайы, Өнер орталығы, Хоккей модулі және т.б. салынды; 2018 жылы 5 мектеп жөндеуден өткізілді, 4 балабақша, «Күншуақ» инклюзивті-сауықтыру лагері, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған орталық, түзету балабақшасы, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бейімделу орталығы салынған. Ата-анасыз қалған 81 бала пәтер алды, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалардың банк шоттары 80 миллион теңгеге толтырылды; 2019 жылы Темір ауданында «Әке мен анаға тағзым» саябағы ашылды, Шұбаршы ауылында мектеп түлектерінің қолдауымен оқу орындарының материалдық-техникалық базасы 7 млн. 335 мың теңге сомасына толықтырылды, Ойыл ауданындағы Ақшатау ауылында жеке кәсіпкер Сапаров Төлеу 20 млн. теңге сомасына ауыл клубының құрылысына демеушілік көмек көрсетті, Шалқар ауданы Қауылжир ауылы тұрғындарының қолдауымен скважина пайдалануға берілген (1 млн. 900 мың теңге), Мартөк ауданында «Коквест» ЖШС, «ПГС Қаратоғай» ЖШС, «Көктау» ЖШС демеушілік көмегінің негізінде Елек өзені арқылы Қаратоғай ауылы мен «Ақтөбе – Орынбор» бағытындағы автомобиль жолын жалғайтын көпір және жалпы сомасы 30 млн. теңге және өзге де объектілер салынды.

Өзекті жобаның бірі - «Қарғалы фест» туристік фестивалі, онда Қазақстан мен Ресей өңірлерінен келген қонақтарға арналған туристік жобалардың тұсаукесері өтті.

Өңірдің визиттік карточкасына айналып келе жатқан жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, «Аймақты әнмен тербетіп» республикалық байқауы, ол Ырғыз ауданында 23 жыл бойы өткізіліп келеді.

Тұрғындарды өлкетанулық қызметке тарту жұмыстары жүргізіледі, мектеп оқушылары мен жастар үшін экскурсиялар ұйымдастырылады.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға 620 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы – 10 388 316 000 теңге, бұл жобаны жүзеге асыруға жұмсалған барлық қаражаттың жалпы сомасының 82,6% құрайды.

Есепті кезең ішінде **Алматы облысында** арнайы жоба аясында 6 524 165 адамды қамтыған 10 021 жоба/іс-шара өткізілді. Инфрақұрылымды дамыту бағыты бойынша 2017 жылы Қарасай ауданында «Атамекен» - ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының тарихи-мәдени орталығы салынып, пайдалануға берілді; «Батыр бабалар» музейі және өзге де объектілер салынды; 2018 жылы – Алакөлауданында «Тарлан» спорттық-сауықтыру кешені, Кербұлақ ауданының Тастыбастау

ауылында бастауыш сыныптарға арналған мектеп, Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылында балабақша салынды, Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында Жамбыл Жабаевқа ескерткіш қойылды. Орбұлақ шайқасының 375-жылдығының құрметіне «Ұлы жебе» мемориалдық кешені ашылды, Талғар ауданының Жаңалық ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің салтанатты ашылуы өткізілді. 2019 жылы Қарасай ауданының Шамалған ауылында жалпы сомасы 6 млрд. 260 млн. теңгені құрайтын «Үшқоңыр» спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілді.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту бағыты бойынша облыс меценаттары мен демеушілері бірнеше әлеуметтік маңызы бар объектілер салғызды: 2017 жылы Қарасай ауданының Шамалған ауылында әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген тұрғындар жігіне арнап 17 үй салынды ( «BN INVEST қаржы-өнеркәсіп холдингі» ЖШС басшысы 160 млн. теңге бөлді); балалар мен футбол алаңдары («АмалБио») ЖШС, кәсіпкер А.Сабилов – 30 млн. теңге); Жамбыл ауданының Ақтерек ауылында 20 отбасыға арнап үй салынды (140 млн. теңге, шаруа қожалығының басшысы Т. Шайнусипов). 2018 жылы – 130 көп балалы және баспананы қажет ететін отбасылар үшін әлеуметтік үйлер (300 млн. теңге), 2019 жылы көп балалы отбасылар үшін үйлер салынды.

Өлкетанулық қызмет бағыты бойынша ұйымдастырылды:

2017 жылы «Жетісу – кітап оқырмандары өлкесі» буккросинг жобасы, жоба шеңберінде «Жетісу» балалар кітапханасы балалар үшін 8 автордың үздік шығармаларын басып шығарды;

2018 жылы мемлекет, бизнес және үкіметтік емес ұйымдардың үш жақты ынтымақтастығының «Асар» II Республикалық форумы өткізді, түркі елдері өкілдерінің қатысуымен «Туған жерім – тұғырым» суретшілердің халықаралық пленері өткізілді, «Жетісу көктемі» жас жазушылардың I-форумы өткізілді.

Туған өлкені зерттеу мақсатында «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында мектеп оқушыларының тарихи, мәдени, табиғи ескерткіштер, әскери даңқ орындары мен музейлер бойынша сапарлары ұйымдастырылды; 5-7 сынып оқушылары үшін қосымша сабақтар есебінен «Өлкетану» курсы бойынша экскурсиялық турлар ұйымдастырылды. «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 255 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған барлық қаражат сомасының 86,3% құрады.

**Атырау облысында** Бағдарламаның жүзеге асырылуы барысында арнайы жоба шеңберінде 1 132 000 адамды қамтыған 197 іс-шара өткізілді.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту бағыты бойынша есепті кезең ішінде ауылды жер-

лерде балабақшалар, орта мектептер, спорт кешендері мен алаңдар, тұрғын үйлер, мәдениет объектілері, саябақтар мен аллеялар, сондай-ақ медициналық сауықтыру орталықтары сияқты бірнеше әлеуметтік маңызы бар объектілер пайдалануға берілді. Ауылдық кітапханалар желісін жөндеуден өткізу бойынша жоба өзекті болып табылады. 2018 жылы 8 кітапхана жаңа форматтағы мәдени ағартушылық орталықтарға айналды. 2019 жылы Исатай ауданында көп балалы отбасыларға арналып үйлер салынды, Атырау қаласында велоорталық ашылды.

Өлкетану бағыты бойынша жазғы маусым ішінде «Жас археологтар» тобы құрылды, ол өңірдегі археологиялық қазба жұмыстарына белсенді қатысты, көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін (50 бала) 2019 жылы Батыс Қазақстан бойынша 10 күндік экскурсия ұйымдастырылды. Осындай іс-шараларды өткізу туған өлкені зерттеуге қызығушылықтың өсуіне ықпал етеді.

«Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 255 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 98,4% құрады.

**Шығыс Қазақстан облысында** арнайы жоба аясында Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 1 299 460 адамды қамтыған 5 828 жоба/іс-шаралар өткізілді.

«Менің мектебім» жобасы ерекше жобалардың бірі болып отыр, ол 2017 жылы өткізілген «Туған жер» кәсіпкерлер форумына жиналған меценаттар мен демеушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылып келе жатыр. Бірінші кезеңде мектептерді жаңа қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жарақтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді, екінші кезеңде 2019-2021 жылдарға арналған шағын комплектлі мектептерде білім беру сапасын арттыру жобасы әзірленді, барлық 655 мектепте ІТ-сыныптары жұмыс істейді. 2019 жылы демеушілер мен меценаттардың қаражаты есебінен инфрақұрылымды жақсарту бойынша әртүрлі жұмыстар жүргізілді: жағалау линиясын жөндеу (Глубокое ауданы), көпір (Үржар ауданы), мектеп қоршауын жөндеу (Ұлан ауданы), мектептердегі жөндеу және өзге де жұмыстар.

Жалпы, арнайы жоба шеңберінде 63 объект салынған, оның ішінде: мектеп – 2, балабақша – 10, мәдениет объектілері – 26, денсаулық сақтау объектілері – 1, спорттық объектілер – 17, балалар алаңдары – 11; жөндеуден өткізілген 24 объект, оның ішінде: балабақша – 6, мәдениет объектілері – 7, денсаулық сақтау объектілері – 2, спорттық объектілер – 2, балалар алаңдары – 3.

Өлкетанулық бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде, Риддерде экологияны жақсарту және өзге де бағыттар бойынша мектеп жобаларының тұсаукесерімен туристік отрядтар слеті өткізілді, Баймұрат батыр туралы кітап шығарылды, өзге де жұмыстар жүргізілді.

«Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асы-

руға қатысуға 562 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 82,5% құрайды.

**Жамбыл облысында** арнайы жоба шеңберінде Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 710 602 адамды қамтыған 1 116 жоба/іс-шара өткізілді.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту бағыты бойынша демеушілік және меценаттық көмекті тарту арқылы жергілікті атқарушы органдар балансына 81 объект ауыстырылып берілді (24 тұрғын үй, 12 пәтер, 4 аллея, 4 медициналық пункт, 1 музей, 27 спорт мекемелері, 5 балабақша, 1 интернат, 3 мешіт).

Инфрақұрылымды дамыту бағыты бойынша Б.Момышұлы атындағы «Жеңіс» саябағы жөнделіп, жаңғыртылды, Қ.Рысқұлбеков атындағы «Желтоқсан» саябағы жөнделді, Жастар аллеясы ашылды, «Құрметті азаматтар» (Сарысу ауданы), «Білім» алаңы, жастарды дамытуға арналған «Жастар қабілет орталығы» орталығы, «М. Міғас» сәбилер балабақшасы, «ULAR», «Тәттімбүбі» салынды (Т.Рысқұлов ауданы, Жарлысу ауылы, сомасы 582 млн.), медициналық пункт (Сарысу ауданы, 30 млн. теңге), «Шәушен» интернаты (Т.Рысқұлов ауданы, Жарлысу ауылы, 150 млн. теңге) және т.б.

Өлкетануды дамыту бағыты бойынша жаңа оқу жылында «Өлкетану. Жамбыл облысы» оқулығын және «Өлкетану. Хрестоматия» 19 854 дана кітап сатып алу жоспарланған, бұл жалпы қажеттіліктің 26% құрайды. «Өлкетану» және «Туған өлке тарихы» оқу курстарына (7,8 сыныптар), «Тарихи өлкетану», «Әдеби өлкетану» (колледждердің 1,2 курстары) оқушылар 100% тартылған (57 786 адам).

Республикалық «Казахстанская правда» газетінің жергілікті корреспонденті Михаил Төнің «Қазақстанның киелі жерлері. Ежелгі Тараздың қасиетті орындары» атта кітабы жарық көрді. Туған өлкені, оның тарихы мен мәдениетін зерттеу бойынша бірнеше танымдық жобалар жүргізілді. 2017 жылы «Алаңдағы тоғызқұмалақ» командалық ұлттық ойыны басталды, оған 370 ойыншыны қамтыған 37 команда қатысты. Спорттың бес түрін біріктірген «Аула ойындары» фестиваліне 2017 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейін 57 мыңға жуық адам қатысты. Жастар арасында ұлттық спорттық ойындарды насихаттау мақсатында «Алтын сақа», «Құсбегілік және тазы иттер», көкпар, аударыспақ, теңге ілу, садақ ату сияқты ойын түрлері бойынша ашық біріншіліктер өткізілді.

Әлеуметтік желілерде ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды насихаттауға бағытталған «BILIM анимация» жобасы жүзеге асырылуда. Әлеуметтік желілерден іріктеу арқылы үздік 95 ролик облыс мектептері бойынша таратылды (45 – 2018 жылы және 50 – 2019 жылы). «YouTube» бейне-хостингі каналы бойынша анимациялық фильмдері ең көп көрермен жинағаны үшін (11 153 онлайн-қаралым) 27 жеңімпаз республи-

калық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығына жолдама ұтып алды.

#Bestвидео «РоднойКрай» онлайн дауыс беру арқылы жүргізілген онлайн байқау аясында оқушылар бейнероликтер әзірлеп, «Youtube» каналына, «Facebook» беттеріне орналастырды. 2018 жылы 450 бейнеролик ішінен 39 бейнеролик үздік деп танылды (дауыс берген 22 016 адам), 2019 жылдың тамыз айында қаралым саны 27933 жетті.

«Талас толқындары» қобызшылар, ұлттық ансамбльдер, әншілердің байқауы өткізілді (іс-шараға 3 мыңнан астам көрермен қатысты). «Ежелгі Тараз дауысы» бірінші республикалық этно-фальклорлық фестивалі өткізілді. Байқаудың қорытындысы бойынша «Ежелгі Тараз дауысы» партитуралар жинағы шығарылды (CD диск MP-3 әуендер), ол 17 күйден тұрады.

Жалпы, арнайы жобаны жүзеге асырудың барлық көрсеткіштерінің өсімі орын алды. 2017-2018 жылдары ішінде тұрғындарды жобаға тартуды қамту бес есеге өскен, бұл үрдіс 2019 жылы да сақталуда.

«Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 153 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 87,7% құрады.

**Батыс Қазақстан облысында** арнайы жоба аясында Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 677 922 адамды қамтыған 1 948 іс-шара өткізілді.

Өлкенің инфрақұрылымын жақсарту мақсатында келесі әлеуметтік маңызы бар жобалар жүзеге асырылды: Қазтал ауданында 3 фельдшерлік-аккушерлік пункт салынған, Шыңғырлау ауданында Шыңғырлау өзені бойымен көпір, спорт залдары мен алаңдары салынды, скверлер мен саябақтар абаттандырылды, Орал қаласы мен облыс аудандарында шағын сәулет ескерткіштері орнатылды.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту бағыты бойынша меценаттар есебінен «Рухани жаңғыру» музейі ашылды, ол еліміздің жетістіктері мен Батыс өңірінің тарихын көрсететін 500-ден астам экспонаттармен жабдықталған. Музей ашылған кезінен бастап 12 мыңнан астам адамды қабылдаған. Сырым ауданының кәсіпкерлері «Өмірге жолдама» жобасын жүзеге асыруда, оның шеңберінде жастар ақысыз негізде жоғары оқу орындарында оқу мүмкіндігіне ие болады.

Патриотизмді дамыту жағынан алып қарағанда, Құрманғазыға арналған іс-шаралар топтамасының өткізілуі өзекті болып табылады: «Ғасыр қойнауынан жеткен балалар үні» халықаралық экспедициясы, «Жаһандану әлемі және Құрманғазы Сағырбайұлының мәңгілік мұрасы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Ұлы дала мұрасы» домбырашылардың республикалық байқауы, «Нағыз қазақ домбыра» атты домбырада ойнау бойынша кең көлемді акция, оған 1700 домбырашылар қатысты. Бұл көрсеткіш ресми тіркеліп,



Қазақстанның Гиннес рекордтары кітабына енгізілді. Жалпы, осы іс-шара Құрманғазы шығармашылығын, сондай-ақ домбырада ойнау өнерін насихаттайтын болашақ жыл сайынғы республикалық жобаның негізін қалады.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 284 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 90,5% құрайды.

**Қарағанды облысында** Бағдарламаны жүзеге асыру барысында арнайы жоба шеңберінде 1 755 788 адамды қамтыған 527 жоба/іс-шаралар өткізілді.

«Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға Қарағанды облысының кәсіпкерлері мен меценаттары елеулі үлес қосты, олар қала мен облыс аудандарындағы саябақтар мен скверлерді абаттандырды, аулаларға балалар алаңдарын орнатты, спорттық кешендерді жөндеуден өткізіп, жаңадан салды, сауықтыру орталықтарын, белгілі тарихи және танымал тұлғалардың ескерткіштері мен монументтерін орнатты. Мысалы, Қарағанды қаласында кәсіпқой бокстен әлем чемпионы Геннадий Головкин «Жұлдызай» балалар ойын алаңын орнатты.

Өлкетануды дамыту бағыты бойынша 2018 жылы Қарағанды қаласында «Балалар туризмін дамыту орталығы» ашылды, оның мақсаты – спорттық туризмнің, өлкетанудың, экологияның және әскери-патриоттық тәрбие берудің бірлігі мәселесін шешу, оған тартылатын қала мектептерінің оқушыларының саны біртіндеп өсіп келеді, олар кіріктірілген және арнайы қосымша білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл іс-шаралар өңірлердің өлкетану қызметін дамыту бойынша жұмыстарының жүйелілігін көрсетеді.

«Жетістік формуласы» телебағдарлама жобасы – өзекті, онда бизнесмен Әділ Есенұлы Упабеков жастармен кездеседі. Үздік сұрақ үшін бағдарлама қонағына сыйлық беріледі. Бұл іс-шара жастардың өңірдің белгілі тұлғаларымен кездесуін ұйымдастыру бойынша болашақ ауқымды жобаның негізін қалай алады.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 149 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 67,1% құрайды.

**Қостанай облысында** Бағдарламаны жүзеге асыру барысында арнайы жоба аясында 1 278 275 адам қатысқан 1 833 жоба/іс-шара өткізілді.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту мақсатында мынадай жобалар жүзеге асырылуда: «Көркейе бер, Қостанай!», ол меценаттарды туған өлкені дамытуға тарту, «Облыстық қор орталығы», азаматтық қоғамның белсенділігін арттыруға бағытталған, «Рақмет саған, Туған ел» жетістікке жеткен жерлестерді өңірдің зияткерлік дамуына тарту. 2018 жылдың қорытындысы бойынша облыстан тысқары жерлерде тұратын

30 жерлесіміз тұрғындармен кездесулер өткізді. Рудный қаласының тумасы, Қазақстан Республикасы Президентінің істерін басқару орталығының медициналық орталығының тамыр хирургі Берік Қайкенов өзінің кіші Отанында тегін 100 пациентті қабылдады, аяқтың төменгі бөлігінің қан айналымын қалпына келтіру бойынша 3 ота жасады. «Астана Операның» жетекші жеке орындаушысы – Сүндет Байғожин, олимпиадалық ойындардың күміс жүлдегері – Василий Левит, баскетбол бойынша Қазақстан құрамасының «Astana tigers» клубының капитаны – Рүстем Ерғалиев тұрғындардың қатысуымен белсенді іс-шаралар өткізді. Ағымдағы жылы 89 белсенді азаматтардың қатысуымен 157 іс-шара өткізу жоспарланған.

Демеушілер мен меценаттар қаражаты есебінен бірнеше әлеуметтік маңызы бар объектілер салынды: әмбебап спорт алаңдары (Ұзынкөл, Амангелді және т.б. аудандар), көп қызмет түрлерін көрсететін демалыс саябақтары (Рудный, Амангелді ауданы), көп пәтерлі үйлер, оның ішінде жас мамандарға арналған (Қарасу, Амангелді және т.б. аудандар). Мектептер жөнделіп, құрал-жабдықтармен жабдықталды: 23 роботтехникасы кабинеттері орнатылды, 28 ақпараттық технологиялар кабинеттері жарақталды (235,5 млн. теңге).

Өлкетану жұмыстарын жақсарту үшін 5-ші және 7-ші сынып бағдарламаларында 5 сабақ міндетті түрде музейлер мен тарихи объектілерде өткізуге бөлінген.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2017-2018 оқу жылында, облыс тұңғыш мектеп оқушыларының ғылыми жобалары республикалық жарыстарының жеңімпазы атанды. 24 ғылыми жұмыстың ішінен үштен біріне жуығы өлкетану тақырыбында болды (Қарасу ауданының Амангелді мектебі оқушыларының 3 орын алған жұмысы - «Экологиялық соқпақ»; Ы.Алтынсарин атындағы ДБМ оқушылары 2 орын - «Агротуризмді дамыту еңбекпен қамтуды дамыту негізі ретінде»; 1 орын Қостанай қаласының №1 мектеп-лицейінің түлегінің ғылыми жобасы «Қостанай облысында энергияның жаңартылған көздерін енгізу жобасы»). 2018-2019 оқу жылында облыс оқушылары республика бойынша 52 орынды иеленді.

Аумақта туризмді дамыту саласында тәжірибе жинақталды. Мысалы, Қарасу ауданында 20 жылдан астам уақыт бойы Ключевой орта мектебінде Қазақстанның скауттар қозғалысы ұйымының облыстық филиалы жұмыс жасап келеді. Амангелді ауданында жазғы уақытта мектеп оқушыларының туған өлкенің тарихымен танысуға бағытталған 3 күндік саяхаты ұйымдастырылады, Қостанай, Лисаковск, Арқалық қалаларында туристік-өлкетану жұмыстары жүйелі негізде жолға қойылған.

Туристік маршруттарды өзектендіру үшін Қостанай автомобиль жол көлігі колледжі жанынан туристік дайындықтың жастар қоры орталығы құрылған, оның мақсаты – туризмнің

барлық түрлері бойынша өлкетану маршруттары құрастыратын нұсқаушылар даярлау. Қажетті туристік құрал-жабдықтарды сатып алуға облыстық бюджеттен 5 млн. теңге бөлінген.

Дене тәрбиесі аймақтық орталығы жанынан тоқсан сайын «Қостанай облысындағы дене тәрбиесі» журналы шығарылып отырады, оның номерлерінде арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша үздік жобалар орналастырылады.

Іс-шаралардың жаңа форматы Қостанай ауданының Павлов атындағы ауылында І облыстық отбасылық туристік слет өткізілді (16 отбасы). Бұл іс-шараны республикалық деңгейдегі ірі жобаға кеңейтеді, сонымен қатар, отбасылық құндылықтарды нығайтуға ықпал ететін болады.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 758 меценат тартылған, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 94,5% құрады.

**Қызылорда облысында** Бағдарламаны жүзеге асыру барысында арнайы жоба аясында 402 414 адамды қамтыған 230 жоба/іс-шаралар өткізілді.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту бойынша облыста әлеуметтік маңызы бар объектілер салынды: «Б. Өтемұратов қоры» жеке меншік қоры 100 аз қамтамасыз етілген отбасы үшін 100 үй салу құрылысын қаржыландырды (2 млрд. теңге), «ҚазГерМұнай» ЖШС «Жастар орталығын» салды (1,7 млрд. теңге), жеке кәсіпкер – Г. Ерекеев Шиелі ауданында спорттық-сауықтыру кешені құрылысына қолдау көрсетті (180 млн. теңге), «Абай-Даулет» ЖШС балалардың ойын алаңы құрылысын қаржыландырды (3 млн. теңге), жеке кәсіпкер – Е. Төрежанов Ақүйек және өзгерт ауылдарында медициналық амбулаториялар салды (300 млн. теңге), меценат З. Бекжановтың қолдауымен Қармақшы ауданында мүгедек балаларға арналған «Дәметкен» мәдени-сауықтыру медициналық орталығы салынды (20 млн. теңге), «НЫШ-ЕР» ЖШС қаражатына Жаңақорған ауданының Манап ауылында медициналық амбулатория салынды (20 млн. теңге), М.Нәлібаев ауылында фельдшерлік-акушерлік медициналық амбулатория (26 млн. теңге), Байкенже ауылында «Билібай» медициналық амбулаториясы (20 млн. теңге), меценат – Н. Пирмантаев есебінен Қармақшы ауданының Дауылкөл ауылында 80 орынға арналған балабақша (55 млн. теңге) және т.б. объектілер салынды.

Жаңақорған ауданының «Жаңарған Жаңақорған жастары» волонтерлері «Асар» әдісі бойынша мүгедек анаға арнап үй салды, сондай-ақ тегін киімдер тарататын әлеуметтік дүкен ашты.

Жеке кәсіпкер Ырзақұл Нұртаев 1 миллион теңге сомасына Қазақстан тарихы бойынша республикалық цифрлық олимпиаданы өткізуге қаржылай қолдау көрсетті. «Мектепке тағзым» акциясы бойынша 2018 жылы өңір мектептерінің түлектері 40 млн. теңге, ал 2019 жылы –

42,1 млн. теңге жинады.

Жастар мен тұрғындарды өлкетану қызметіне тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп келеді. «Жастардың ауыл тірлшілігімен танысуы» еңбек лагері меценаттар қаражаты есебінен жұмыс жасап келеді, 2019 жылдың көктемінде облыс бойынша ағаш отырғызу бойынша акция өткізілді, оның шеңберінде 3 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 159 меценат тартылды, жұмсалған демеушілер қаражатының жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған барлық қаражат сомасының 98,2% құрайды.

**Маңғыстау облысында** Бағдарламаның жүзеге асырылуы кезеңі ішінде арнайы жоба шеңберінде 858 000 адамды қамтыған 388 жоба/іс-шаралар өткізілді.

Арнайы жоба аясында өңір меценаттары мен волонтерлерінің көмегімен мынадай негізгі жұмыс түрлері жүзеге асырылды:

- Достық үйі, 500 орынға арналған мәдениет үйі (кітапханасы бар), 2 жатахана (100, 500 орын), 100 орынға арналған жастар үйі салынып, пайдалануға берілді, 59 үй жөндеуден өткізілді, 16 үйдің шатыры жаңартылды.

- «Жасыл мектеп – жасыл үй» жобасы іске қосылды, оның аясында қалалық және аудандық мектептер жанынан 27 жылыжай салынып, пайдалануға берілді.

- 12 спорт кешені мен 39 балалардың ойын алаңы салынды.

- Ақтау қаласындағы «Жартас соқпақ» учаскесін абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ Каспий теңізі жағалауындағы аңыздар алаңында 13 шағын сәулет ескерткіштері орнатылды.

- Ауылдық елді мекендерде мектеп түлектері 2 демалыс аумағын, 3 саябақ және 2 субүркек салынды.

- Облыс орталығында Абай Құнанбайұлы, Нұрмахан Жантөриннің құрметіне ескерткіштер орнатылды, «Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінде үш қазақ биіне ескерткіш орнатылды.

- «Жер жақұты – Жаңаөзен», «Шотан батыр», «Қазақ киіз үйі» деректі хронологиялық фильмдер түсірілді, сондай-ақ жазушы – Ә.Кекілбаевтың 80-жылдығының құрметіне бұдан 40 жыл бұрын басып шығарылған «Ұйқыдағы арудың оянуы» кітабының желісімен «Ұлы дала шежіресі – мұрағат деректерінде» деректі фильмі түсірілді.

- облыстың 10 жалпы білім беретін орта мектептері 133 жаңа компьютерлермен жарақтандырылды, сауықтыру орталығына балаларға арналған монтеessori құралы сатып алынды, сондай-ақ облыстық мамандандырылған балалар үйі мен 50 жалпы білім беретін орта мектеп спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзивті білім беру орталығы ашылды. Университетте 4 оқу аудиториясы ашылды.

- аудандық емханаларға 6 электрокардиограмма, бактериологиялық анализатор, ПЦР ам-

плификатор, қышқыл-негіздік ортаны анықтайтын аппарат, 3 ультрадыбыстық зерттеуші рентген аппараты, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін «Газель» таксиі сыйға тартылды, денсаулық сақтау саласы қызметкерлері автокөлік алды және 1 медициналық орталық ашылды.

Демеушілер мен меценаттар есебінен ұлттық спорт түрлері бойынша республикалық және жергілікті спорттық жарыстар ұйымдастырылып, өткізілді (қазақша күрес, тоғыз құмалак, асық, жамбы ату, ат спорты, казандоп).

Өлкетанулық қызметті дамыту, киелі орындарға туризмді дамыту мақсатында жеке кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындары халық көп келетін киелі орындарда 14 қонатын үйлер салды, 17 қонуға арналған ескі үйлерді қалпына келтірді, екі объектіге газ құбырын жүргізді; «Қойнауы құтты Жаңаөзен», «Өсиетнама», «Ілімнің бұлағы – тақуалық қайнары», «Өзімнің атым – Қашаған», «360 әулиелі Маңғыстау», «Тарихы Маңғыстаудың таста қалған», «Әбілқайыр хан және Бопай ханым» танымдық энциклопедиясы шығарылды, Ә.Кекілбаевтың 25 томнан тұратын шығармалар жинағының 7 данасы басып шығарылды. Қарақия ауданының Құрық ауылындағы геолог-барлаушылардың жұмысы туралы естелікті сақтау үшін Геолог-зерттеушілер музейі ашылды.

Жергілікті орындаушылардың өнерін насихаттау мақсатында «Сөз және саз» 24 концерттік бағдарламалары өткізілді, оларда Маңғыстау облысы мен өзге өңірлердің композиторларының шығармалары таныстырылды. 2-республикалық ақындар айтысы, 3 ақындарының ақындар айтысы – мұшайралар өткізілді.

Өзге өңірлердің көпшілігінде қолға алынбаған волонтерлерді кіші Отанының дамуына белсенді түрде тартылуын, сондай-ақ арнайы жобаны жүзеге асыру барысында туған өлкенің инфрақұрылымын дамыту мен жергілікті мәдениетті насихаттауға басымдық берілетінін атап көрсетуіміз қажет.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 582 меценат тартылды, жұмсалған демеушілік қаражаттың жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 93,5% құрады.

**Павлодар облысында** Бағдарламаның жүзеге асырылуы барысында арнайы жоба шеңберінде 825 563 адамды қамтыған 1 088 жоба/іс-шаралар өткізілді.

Арнайы жоба аясында демеушілер қаражаты есебінен бірнеше объектілер салынды: 2017-2018 жылдарда Шарбақты ауданының Верненск ауылдық округінің Львовка ауылында жеке кәсіпкер – Вильгельм А.Ф 50 орынға арналған балабақшасын салғызды; Шарбақты ауданында демеушілер жалпы сомасы 36 млн. теңгені құрайтын Александровка ауылына баратын жолды жөндеу жұмыстарын жүргізді, Орловка ауылында 2 млн. теңге сомасына спорт залы күрделі жөндеуден өткізілді. 2019 жылы меценаттар есебінен жалпы сомасы 126,3 млн. теңгені құраған 9 объект жаңадан салынып,

9 объект жаңғыртылды, олар ауылдағы өмір сүру деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді (асхана, жылыжай, хоккей корты мен футбол алаңы, IT кабинет, «Рухани жаңғыру» музейі және кабинеті).

«Мектебіме тағзым» жобасы жүзеге асырылуда, оның шеңберінде мектеп түлектері өз мектептеріне демеушілік көмек көрсетеді. 298 мектепке жалпы сомасы 309 млн. теңгені құрайтын көмек көрсетілді.

Өлкетану бағыты бойынша көп бағытты жұмыстар жүргізіледі: «TUR FEST» туристік лагері ұйымдастырылды (40 адамды қамтыды), волонтерлердің 3 күндік шеберлік класстарын өткізе отырып, «Senimdiıgraq» форумы, экскурсиялар (60 адамды қамтыды), әдеби-музыкалық кештер, туған өлкенің тарихын білуді көздейтін зияткерлік ойындар, өзге де іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Жалпы, 15 мыңнан астам мектеп оқушылары мен жастар Қазақстанның киелі жерлеріне экскурсиялық сапармен барып қайтты.

«Туған жер» арнайы жобасы аясында өткізілетін басты іс-шара – Олжабай батырдың қылышы мен қалқанының туған жеріне қайтарылуы. Ғалымдар Омск қаласына барған кезде қазақ жауынгері Олжабай батырдың қару-жарақ топтамасының сақталған орыны анықталды. Қазіргі уақытта оларды қайтарып алу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Отбасылық «Family camp», «Қонақжай реорле» лагерінің ұйымдастырылуы – өзекті жоба, мұнда Новосибирск қаласынан, Моңғолия Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағынан, Якутия Республикасынан келген балалар ойын түрінде Қазақстанда тұратын ұлттардың мәдениетімен, тілімен, тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен танысты.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 116 меценат тартылды, жұмсалған демеушілер қаражатының жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 69,8% құрады.

**Солтүстік Қазақстан облысында** Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңі ішінде арнайы жоба аясында 469 697 адамды қамтыған 1 850 жоба/іс-шаралар өткізілді.

2017 жылы М. Жұмбаев атындағы ауданда «Ноғайбай» ЖШС демеушілік қаражаты есебінен (Сапаров А.С.) 5 тұрғын үй салынды; 2018 жылы «Дайындық-Агро» ЖШС демеушілік қаражаты есебінен (Шаймерденов Б.А.) Аққайың ауданының Дайындық ауылында спорт кешені салынды; 2019 г. жылы Петропавлда 65 млн. теңге сомасына аумағы 250 шаршы метрді құрайтын балалар спорт алаңы салынды. 3 объект салынып, 16 объект жөндеуден өткізілді.

Өлкетану бағыты бойынша «Мен музейге барамын» акциясы ұйымдастырылды, тегін кірудің негізінде келушілердің саны екі есеге ұлғайды, спорттың 4 түрі бойынша «Тұлпар» кәсіпқой клубтар желісі ашылды (аударыспақ, көкпар, теңге ілу, жамбы ату).



Өлкетану мектептерде ғана емес жоғары оқу орындарында да оқытылатынын атап өтуіміз қажет. М.Қозыбаев атындағы СҚМУ студенттеріне «Өлкетану және туризм», «Тарихи өлкетану», «Филологиялық өлкетану», «Өлкетанулық қызметтің негізі» пәндері оқытылады.

Жалпы, «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруға қатысуға 311 меценаттар тартылды, жұмсалған демеушілердің қаражатының жалпы сомасы арнайы жоба бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 96,6% құрады.

**Түркістан облысында** Бағдарламаның жүзеге асырылу кезеңі ішінде арнайы жоба аясында 4 281 812 адамды қамтыған 2 947 жоба/іс-шаралар өткізілді.

Қайырымдылық мәдениетін дамыту және меценаттар қаражаты есебінен әлеуметтік мәселелерді шешу бағыты бойынша түрлі әлеуметтік мақсаттағы объектілер салынды: 75 орынға арналған «Хансұлтан» балабақшасы (Қазығұрт ауданы, Шарапхан ауылы), «Алтай» спорт кешені (Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауылдық округі), жабық спорт кешені, (Сарыағаш ауданы, Қап-ланбек ауылы), жабық футбол алаңы «Аңғар» (Кентау қаласы, Қарнақ ауылы), 110 орынға арналған коррекциялық балабақша және өзге де объектілер.

2018 жылы «Табысқа апарар жол» жобасы жүзеге асырылды, оның шеңберінде облыстың 16 ауданы мен қалаларында 14 550 адамның қатысуымен 97 іс-шара өткізілді. «Волонтерлер корпусы» жобасы аясында база қалыптастырылды, оның құрамына 1000 астам волонтер енді, 2 964 жастардың қатысуымен 71 іс-шара ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «АЛТЫН ҰЯМ» жобасы аясында әр жылдардағы мектеп түлектері өз мектептеріне көмек көрсетті, оның қорытындысы бойынша 9 млн. 145 мың. тг. облыс мектептерінің материалдық-техникалық базасы жақсартылды.

Туған өлкенің тарихи-мәдени инфрақұрылымын дамыту бағыты бойынша 2018 жылы «Қымызмұрындық», «Қауынфест», «Наурыз Қазығұрттан басталады» іс-шаралары өткізілді, олар тұрғындар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. «Салбурын – мереке ғой саятшыға» атауындағы іс-шара жүйелі негізде өткізіліп отырады, оның мақсаты – ежелгі дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды ілгерілету, «Ақсу-Жабағылының алауы, Шұбайқызылдың жалауы» қызғалдақтар фестивалі өткізіледі, оның мақсаты – тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыру; «Ұлттық қолөнер – ұлы мұра» қолөнер шеберлерінің халықтық фестивалі өткізіледі, «Қош келдің Ұлы Наурыз» халық шығармашылығы бұйымдары мен ұлттық тамақ түрлері көрмесі өткізіледі. Көрменің басты мақсаты – ата-бабамыздан мұраға қалған ұлттық қолөнерді дамыту, қолөнер шеберлеріне қолдау көрсету, өз қолыңмен жаса идеясын насихаттау.

Әйтеке би Байбекұлының 375-жылдығына байланысты Қазығұрт ауданының Шарафан ауылында 2019 жылы ұлы билер – Төле, Қазыбек,

Әйтеке билерге ескерткіш орнатылды. Жалпы, «Бабалар рухына тағзым» кешені 3 гектар жерді алып жатыр, онда «Жастар» саябағы орналасқан, Салқам Жәңгір хан мен Жалаңтөс батыр ескерткіштері орналасқан.

Өлкетануды дамыту бағыты бойынша тұрғындарды өлкетану қызметіне тарту бойынша жұмыстар жүргізіледі: оқу бағдарламалары «Өлкетану» бойынша факультативтік сабақтармен толықтырылды, музейлерде сабақ өткізу тәжірибесі енгізілді, тарих және археология бойынша үйірмелер жұмыс істейді, «Өз өлкеңді біл және бағала» жобасы, мектеп оқушылары арасында ғылыми жобалар байқауы жүзеге асырылады.

Жалпы, барлық бағыттар бойынша арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келеді. 2017-2018 жылдары тұрғындарды арнайы жобаға тарту 12 есеге өскен. Оқушыларды өлкетанулық қызметке тартудың тұрақты өсімі байқалады.

Түркістан облысы жобаны жүзеге асыруға ең көп меценаттарды тартты (4 140 адам), демеушілер қаражатының ең көп мөлшері тартылды (42 970 079 141 теңге), ол республика бойынша тартылған барлық қаражат сомасының 17,8% және арнайы жоба бойынша жұмсалған барлық қаражаттың жалпы сомасының 99,8% құрайды.

## **ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ**

### **1. Меценаттықты дамыту**

Арнайы жобаның басым міндеттерінің бірі – әлеуметтік маңызды жобаларға меценаттар мен демеушілерді тарту, олар қайырымдылық мәдениетін қалыптастырады, патриотизмнің берік іргетасын қалауға ықпал етеді.

Жалпы, есепті кезең ішінде арнайы жоба шеңберіндегі іс-шаралардың 17,9% меценаттар мен демеушілердің есебінен өткізілген. Демеушілер мен меценаттардан тартылған ақша қаражатының жалпы сомасы осы арнайы жобаны жүзеге асыруға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасының 80% астамын құрайды (11-сурет). Мәліметтер көрсеткішінен көріп отырғандай: демеушілердің қаражаттары, негізінен, қомақты сомадағы жобаларды жүзеге асыруға бағытталған (құрылыс, жаңғырту, инфрақұрылымды дамыту).


Жүзеге асырылған жобалардың жалпы санынан алынған меценаттар мен демеушілер қаражаты есебінен жүзеге асырылған жобалардың неғұрлым басым саны Қызылорда (87%), Маңғыстау (84%), Атырау (76%), Түркістан (37%), Қарағанды (34%) облыстарында өткізілді, бұл жүйелі жұмыс жүргізілуінің және ЖАО мен бизнес құрылымдарының нәтижелі бірлесу жұмыс жасағанының көрсеткіші болып табылады. Ең төменгі көрсеткіштер Ақмола (5%), Алматы (2,8%) облыстарында байқалады.

Жалпы, меценаттар мен олар жүзеге асырған жобалардың саны бойынша ең жоғары көрсеткіштерді Түркістан облысы көрсетіп отыр (53% және тиісінше 37%). Ең төменгі көрсеткіш Павлодар облысында тіркелді (1% және тиісінше 11%).



## 11-сурет. Есепті кезең ішінде өңірлер жіктелісінде меценаттықты дамыту бойынша жиынтық сандық көрсеткіштер

Өңір	Есепті кезең ішінде тартылған меценаттардың саны (адам.) – жеке және заңды тұлғалар	Есепті кезең ішінде меценаттық шеңберінде жүзеге асырылған жобалар саны	Өткізілген іс-шаралардың жалпы саны
Нұр-Сұлтан қаласы	2466	54	238
Алматы қаласы	162	96	281
Шымкент қаласы	6	7	13
Ақмола облысы	195	256	5 238
Ақтөбе облысы	620	968	5 441
Алматы облысы	255	286	10 021
Атырау облысы	255	150	197
ШҚО	562	1355	5 828
Жамбыл облысы	153	206	1 116
БҚО	284	409	1 948
Қарағанды облысы	149	180	527
Қостанай облысы	758	387	1 833
Қызылорда облысы	159	201	230
Маңғыстау облысы	582	327	388
Павлодар облысы	116	121	1 088
СҚО	311	607	1815
Түркістан облысы	4140	1081	2 947
<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>11 173</b>	<b>6 691</b>	<b>39 149</b>



11-суреттен өңірлерде шығынның жалпы сомасынан демеушілер мен меценаттар есебінен қаржы тартудың ең жоғары көрсеткішін Түркістан, Ақмола облыстары, Нұр-Сұлтан қаласында байқалатындығын көруге болады, бұл тиісінше 98,2%, 98,9% және 99,6% құрайды. Осы көрсеткіштер Нұр-Сұлтан қаласы мен Түркістан облысында «Демеушілер мен меценаттар саны» көрсеткішімен өзара байланысқан (2 466 немесе 22%, 4140 немесе тиісінше 37%), мұның өзі бизнеске әлеуметтік жүктеменің біркелкі бөлінгендігінің дәлелі бола алады. Ақмола облысында арнайы жобаны жүзеге асыруға, жалпы, 195 бизнес субъектілері қатысқан, бұл бизнеске ауқымды көлемде әлеуметтік жүктеме жасалғанын білдіреді.

Шығындардың жалпы сомасынан демеушілер мен меценаттар қаражатын тарту бойынша ең төменгі көрсеткіштерді (12 сурет) Шымкент қ. (38%), Қарағанды (67,1%) және Павлодар облыстары (69,8%) көрсетіп отыр. Демеушілер мен меценаттар санының ең төменгі көрсеткіші Жамбыл (1,3%), Батыс Қазақстан (2,5%), Қарағанды (1,3%) облыстарында байқалады, бұл осы өңірлердегі демеушілерден тартылған қаражат сомасының

республикалық көрсеткіштермен өзара байланысын көрсетеді – 1,06%, 1,1% және 1,25%.

Жалпы, көрсеткіштерден өңірлердің елеулі көлемде демеушілік қаражат тартқанын көрсетеді, олардың орташа көрсеткіші өңірлердегі шығындардың жалпы сомасының 86% құрайды.

Бизнеспен жұмыс жасауға жаңа көзқарас және қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға жаңа көзқарастың қажеттігін дәлелдейтін мәселелердің бірі – 2019 жылдан бастап демеушілер мен меценаттардан тартылған қаражат көлемінің төмендеуі. 13-суретте жылдар бо-


йынша өңірлерде демеушілер қаражаттын тарту көлеміндегі өзгерістер динамикасы көрсетілген. Негіз ретінде әрбір өңірдің 2017 жылғы көрсеткіштері алынған (100%).

Теріс динамика (тартылған қаражат көлемінің азаюы) өңірлердің 80% орын алып отыр: Нұр-Сұлтан қ, Алматы қ, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары. Өңірлердің 50% астамында демеушілер мен меценаттар санының төмендеуі орын алып отыр. Тартылған демеушілер қаража-


**12-сурет. Өңірлерде демеушілер қаражаттын тартудың өңір бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасынан пайыздық көрсеткіштері**

Өңір атауы	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар қаражаты	Жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы	Демеушілер қаражаттын тартудың өңір бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасынан пайыздық көрсеткіштері
Нұр-Сұлтан қ	1 670 747 000	18 072 516 598	19743263598	99,6%
Алматы қ	6 009 026 300	25 605 888 000	31 614 914 300	81,0%
Шымкент қ	5 732 664 000	3 508 000 000	9 240 664 000	38,0%
Ақмола облысы	155 163 249	13 552 588 000	13 707 751 249	98,9%
Ақтөбе облысы	2 190 028 000	10 388 316 000	12 578 344 000	82,6%
Алматы облысы	5 554 227 587	34 866 795 313	40 421 022 900	86,3%
Атырау облысы	603 000 000	23 000 000 000	23 380 000 000	98,4%
ШҚО	5 059 722 600	23 814 689 240	28 874 411 840	82,5%
Жамбыл облысы	408 099 339	2 911 687 000	3 319 786 339	87,7%
БҚО	316 593 908	3 023 854 000	3 340 447 908	90,5%
Қарағанды облысы	1 686 069 210	3 437 527 000	5 123 596 210	67,1%
Қостанай облысы	503 365 120	8 579 541 000	9 082 906 120	94,5%
Қызылорда облысы	453 020 748	24 829 216 000	25 282 236 748	98,2%
Маңғыстау облысы	1 553 616 234	22 378 148 000	23 931 764 234	93,5%
Павлодар облысы	4 189 971 121	9 695 454 410	13 885 425 531	69,8%
СҚО	121 269 284	3 494 714 775	3 615 984 059	96,6%
Түркістан облысы	751 851 165	42 970 079 141	43 721 930 306	99,8%
<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>36 958 434 865</b>	<b>274 129 014 477</b>	<b>311 087 449 342</b>	<b>88,6%</b>

Демеушілер қаражатын тартудың өңір бойынша жұмсалған қаражаттың жалпы сомасынан пайыздық көрсеткіштері



13-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айында өңірлер бойынша тартылған демеушілік қаражат көлеміндегі өзгерістер



тының саны бойынша оң динамика тек Павлодар облысында сақталып отыр, өңірлердің 41% демеушілер санының өсу үрдісі байқалады.

Сонымен, Жалпы арнайы жобаны жүзеге асыруға демеушілер мен меценаттарды тарту бойынша ауқымды жұмыс жүргізілгенімен, жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерден туын-

дап отырғандай, 2019 жылдан бастап бизнестің арнайы жобаларға қатысуы төмендеуде, жүзеге асырылған жобалардың саны азайған, бөлінген қаражат сомасы, демеушілер мен меценаттар саны азайған, мұның бәрі нәтижесінде бизнесті, меценаттарды арнайы жобаға қатысуға тартуға жаңа көзқарастар қалыптастыруды талап етеді.

**14-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша өңірлердің ЖБ қаражатын игеруі (жоспар/нақты).**

Өңірлер	2017 жыл		2018 жыл		2019 жылдың 9 айы		2 жыл 9 ай.	
	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты
	ЖБ	ЖБ	ЖБ	ЖБ	ЖБ	ЖБ	ЖБ	ЖБ
Нұр-Сұлтан қаласы		786 900 000		812 600 000		71 247 000	0	1 670 747 000
Алматы қаласы	2 472 450 000	2 472 450 000	2 952 378 000	2 940 778 000	184 926 000	595 798 300	5 609 754 000	6 009 026 300
Шымкент қаласы						5 732 664 000	0	5 732 664 000
Ақмола облысы	18 700 000	18 700 000	110 602 549	110 602 549	68 900 000	25 860 700	198 202 549	155 163 249
Ақтөбе облысы	764 107 000	761 691 000	1 111 526 000	1 096 622 000	352 237 000	331 715 000	2 227 870 000	2 190 028 000
Алматы облысы	3 407 577 587	3 407 577 587	1 818 800 000	1 618 800 000	2 501 631 102	527 850 000	7 728 008 689	5 554 227 587
Атырау облысы	100 000 000	100 000 000	280 000 000	280 000 000	223 000 000	223 000 000	603 000 000	603 000 000
ШҚО	1 533 007 900	1 538 007 900	788 627 000	751 692 000	380 787 000	2 770 022 700	2 702 421 900	5 059 722 600
Жамбыл облысы	91 700 000	91 700 000	187 000 000	187 000 000	280 624 200	129 399 339	559 324 200	408 099 339
БҚО	185 000 000	188 375 400	94 251 070	109 244 070	59 872 816	18 974 438	339 123 886	316 593 908
Қарағанды облысы	428 277 000	428 277 000	3 328 500 000	1 188 402 600	775 459 000	69 389 610	4 532 236 000	1 686 069 210
Қостанай облысы	138 721 000	30 999 000	275 165 000	245 182 000	174 321 000	227 184 120	588 207 000	503 365 120
Қызылорда облысы	86 246 000	156 246 000	120 789 563	218 774 748	150 236 000	78 000 000	357 271 563	453 020 748
Маңғыстау облысы	1 013 540 000	1 013 540 000	2 140 531 000	432 902 000	1 361 024 540	107 174 234	4 515 095 540	1 553 616 234
Павлодар облысы	571 577 245	571 577 245	914 449 568	914 449 568	2 477 638 304	2 703 944 308	3 963 665 117	4 189 971 121
СҚО	72 638 540	72 823 540	7 652 130	7 652 130	26 219 365	40 793 614	106 510 035	121 269 284
Түркістан облысы	131 349 416	131 349 416	242 977 188	242 977 188	77 524 561	377 524 561	451 851 165	751 851 165
<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>11 014 891 688</b>	<b>11 770 214 088</b>	<b>14 373 249 068</b>	<b>11 157 678 853</b>	<b>9 094 400 888</b>	<b>14 030 541 924</b>	<b>34 482 541 644</b>	<b>36 958 434 865</b>


**2. Бюджет қаражатының игерілуі.**

Арнайы жобаның нәтижелі жүзеге асырылу факторларының бірі – бюджет қаражатын жоспарлау және игеру. Қазіргі уақытта республикада арнайы жоба бойынша ЖБ бөлінген қаражатты игеру бойынша жоспарды асыра орындау

2 млрд. 475 млн. 893 мың 221 теңгені құрайды.

ЖБ қаражатының игерілмеуі (2019 жылдың IV тоқсаны бойынша мәліметтерді есепке алмағанда.) Алматы (игеру 71% құраған), Ақмола (тіісінше 78,2%), Қарағанды (37,2%), Маңғыстау облыстарында (34,4%) орын алған. Сонымен,

## 15-сурет. Жоспар/нақты жіктелісіндегі іс-шаралар саны



өңірлердің 20% астамында ЖБ де, іс-шараларды да жеткілікті жоспарламау мәселесі туындап отыр, мұның өзі нәтижесінде іс-шаралар сапасының төмендеуіне, іс-шаралар логикасының өзгеруіне және кешенді нәтижеге қол жеткізбеуге алып келуі мүмкін.

**3. Іс-шараларды жоспарлау** – жобалар және іс-шараларды сәтті жүзеге асырудың маңызды құрамдас бөлігі. Есепті кезеңішінде 39 149 іс-шара өткізілді, нәтижесінде жоспарды асыра орындау 9 227 құрайды.

Жоғары сапалы жоспарлау (жоспар мен нақтылы орындалуы арасындағы сальдонның шағын болуы) Нұр-Сұлтан қ., Ақмола, Атырау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алып отыр. Жоспар мен нақты орындалуы арасында ұлғаю жағына қарай үлкен айырмашылықтың орын алуы Алматы (асыра орындау 319%), Жамбыл (507%), Батыс Қазақстан (193%), Түркістан (142,9%) облыстарында байқалады. Жоспардың орындалмауы Алматы қ. (83%), Шығыс Қазақстан (90,5%), Қарағанды (81,6%),

Маңғыстау (74%) облыстарында орын алған.

Жоспарлау міндеттерді уақытпен байланыста нәтижелі бөлуге бағытталады және мақсатқа қол жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Жоспарланған іс-шаралар санына елеулі өзгерістер енгізу мақсат қоюда да, оған қол жеткізу құралдарында да өзгерістердің орын алуына алып келеді. Соған байланысты, жоспарды орындамау – оны асыра орындау сияқты жүзеге асыру сатысында қажет емес болып табылатын форс-мажорлық жағдай.

### 4. Іс-шаралар сапасын талдау

Бағдарламаны жүзеге асыруда жалпы нәтижелілікті қалыптастыруға өткізілетін іс-шаралардың сапа деңгейі, таңдап алынған форматы, уақыты, өткізілетін орыны, контенттің мақсатты аудиторияға сәйкес келуі және т.б. елеулі көлемде ықпал етеді. Жүзеге асыруда жалпы нәтижелілікті төмендететін іс-шараларға мыналарды жатқызуға болады:

- арнайы жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін іс-шаралар өткізу. Мысалы, 2019 жылғы 1 қыркүйектегі «Соңғы ұрпақ – жарқын болашақ» салтанатты лездеме (Жамбыл облысы), «Конституция – мемлекет іргетасы» деңгелек үстелі (СҚО);

- Іс-шара өткізуде терең әлеуметтік нәтижеге қол жеткізуге бағытталмаған, бір мезеттік, формалды өткізілуі. Мысалы, Мектептерде «Рухани жаңғыру» бұрыштарын тиісті дизайн пайдаланбай, ақпаратты жаңартып отырмай ашу. Мұндай жағдай барлық өңірлерде орын алған;

- Көп мағыналы, нақтыланбаған мақсат қойылған іс-шаралар ұйымдастыру. Мысалы, білімді дамыту мақсатында «Мектепке тағзым» жобасы шеңберінде 1982 жылғы түлектермен кездесу (Жамбыл облысы, 2019 ж.);

- Спикерлері таңдап алынған тақырып бойынша маман болып табылмайтын тақырыптық кездесулер (барлық өңірлерде);

- Іс-шаралардың басым бөлігін мектеп қызметі аясында өткізу. Мысалы, 2019 жылдың қыр-



күйек айында Жамбыл облысында өткізілген 90 іс-шараның 50-ден астамы мектеп шеңберінде өткізілген. Мектеп оқушыларын осы арнайы жобаға кең көлемде қамту негізгі мақсат болып табылмайды, ол мектеп оқушылары мен оқытушылары үшін қосымша жүктеме. Тұрақты және шынайы нәтижелерге қол жеткізу үшін тұрғындардың барлық топтарын, сондай-ақ өңірдің түрлі мекемелерін қамту қажет;

- Міндеттің басымдықтары мен деңгейін жеткілікті сезінбеу. Мысалы, Қарғалы ауданының Қос-Естек ауылында шаруа қожалықтарының, жеке кәсіпкерлердің, ауыл тұрғындарының қолдауымен Серке батырға ескерткіш тұрғызу. Жоба сомасы 70 млн. теңгені құрады (Ақтөбе облысы, 2019 ж.). Бұл қаражатты мектеп, ауыл клубының инфрақұрылымын дамытуға, өзге әлеуметтік объектілерге жұмсаған тиімді болар еді.

Айқын мақсат қойылған іс-шаралар өткізу, спикер ретінде қоғам қайраткерлерін, белгілі тұлғаларды, өз ісінің кәсіби шеберлерін шақыру, іс-шараны қызықты форматта өткізу, нақты аудиторияға бағыттылық бюджет қаражатын үнемдеу мен ұйымдастырушылар энергиясын дұрыс арнаға жұмсаумен қатар, оң қоғамдық пікір тудырады және Бағдарламаны жүзеге асыруға деген құлшыныс қалыптастырады.

Сонымен қатар, қызықты, әлеуметтік маңызды жоба/іс-шараларды атап өтуге болады:

- «Қазақстанның үздік әлеуметтік жобалары» байқауы, оған ҰЕҰ, қоғамдық бірлестіктер, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың ұйымдары қатысады. 14 ерекше әлеуметтік жобалардың жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтар (2 млн. тг.), сертификаттар (Алматы) тапсырылды;

- Гидтер, экскурсоводтар мен нұсқаушыларды оқыту бойынша 10 күндік семинар (Алматы);

- «IV international Almaty Mountain Festival» халықаралық тау фестивалі, туристік индустрия мен таулық спорт түрлерін дамытуға бағытталған. Қамтуы 20 000 адамды құрады (Алматы);

- «Ананы еске алу асы» - үлкен ұрпақ буынының отбасылық құндылықтар туралы әңгімесі. Спикерлері – қоғам қайраткерлері, ардагерлер. Кездесуге жиналғандар өздерімен бірге өз аналарының портреттерін ала келді және олар туралы әңгімеледі (Ақтөбе облысы);

- Орталық кітапханада белгілі ғалым-фальклоршы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматовпен кездесу-әңгіме, түркілердің әлемге көзқарасының рухани негіздері тақырыбын талқылау (Ақтөбе облысы);

- Атырау облысының мектеп оқушылары үшін Батыс Қазақстан қалаларына 10 күндік экскурсия ұйымдастыру (қамтуы 50 оқушы);

- «Бір бала – бір ағаш» акциясы (Жамбыл облысы). Бұл жобаны отырғызылған ағашты оны отырғызған балаға бекітіп беріп, оны күтіп-баптау бойынша белгілі бір кезеңді қамтитын байқау өткізумен жалғастырған тиімді болар еді;

- «Қарияларға қамқорлық» тақырыбындағы акция, онда мектеп оқушылары қарт адамдардың үйі мен ауласын тазалауға қолдарынан кел-

генше көмек көрсетті (Жамбыл облысы);

- «Төрешов» шаруа қожалығы негізінде волонтерлердің еңбек лагерін ұйымдастыру (Қызылорда облысы);

- «Мен армандай білемін!» қазіргі әлемге бейімделудің өзекті түрлерін қалыптастыруға бағытталған жасөспірімдермен тренинг (Шымкент);

- «Туған жерге менің сүйіспеншілігім» өзен бойымен жаяу-қайықпен экспедиция. Жас туристер өздерінің басшысы В.В. Болотновпен бірге Үлбі өзені бойымен жүзіп өтті, оның барысында резина қайықты жүзуге дайындады, оны суда басқаруды, өзен жағасына қонып шығуды үйренді (ШҚО);

- «Өмірге жолдама» жобасы, оның шеңберінде жастар меценаттар есебінен жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік алады (БҚО);

- «ӨРКЕНИЕТ: JAIYK SMART IDEAS CLUB» зияткерлік алаңын құру, мақсаты белсенді, креативті адамдарды біріктіру, өздерінің «Self Made» идеяларын, дарындары мен жетістіктерін презентациялау, (БҚО) өзге де іс-шаралар.

Бұл іс-шаралардың нәтижелілігін бір реттік өткізілу сипаты төмендетеді. Терең әлеуметтік нәтиже алу, оларды өткізудің сапасын арттыру, насихатталатын істі күнделікті әдетке айналдыру үшін оларды жоба деңгейінде ұйымдастырып, өңір, республика көлемінде өткізу тиімді болар еді.

## **5. Волонтерлік қозғалыстың даму деңгейінің жеткіліксіздігі.**

Волонтерлік қозғалысты дамыту – қоғамдық сананы жаңғыртудың маңызды құрамдас бөлігі. Қазіргі таңда тек жеке өңірлер ғана волонтерлерді қайырымдылық қызметіне белсенді түрде тартып келеді (Қызылорда, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстары).

**6. Өлкетанулық қызметті дамыту** – ескелең ұрпақ бойында патриоттық сезімдерді нығайтудың маңызды шарты. Еліміздің барлық өңірлері мектеп оқушыларын өлкетану жұмыстарына тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді, ол мектептерде «Өлкетану» пәнаралық пәнін оқыту, туған өлкені зерттеу бойынша үйірме жұмыстарын жүргізу, экскурсиялар, ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы жүзеге асырылады (экспедиция, кітап шығару).

«Өлкетануды» оқытуға нәтижелі көзқарасқа Қостанай облысын мысалға келтіруге болады, онда 3 пән бойынша қосымша 5 сағатты музейлер мен тарихи орындарда өткізу енгізілген. Жыл сайын осындай форматта мектеп оқушылары контингентінің 70% қамти отырып 1000 астам сабақтар өткізіледі. Сабақтарды өткізуге сондай-ақ ата-аналар мен аға буын өкілдері тартылады. Бұл тәжірибе Түркістан, Қызылорда облыстарында орын алған.

Өлкетану бойынша өзекті білім алу үшін жүйелі түрде ғылыми-зерттеу және археологиялық жұмыстар жүргізу қажет. Мұндай бағыт Атырау, Қостанай, Ақтөбе, Алматы облыстарында белсенді жүзеге асырылып келеді.

## АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАТЕРЛЕР

1. Арнайы жобаның мақсаттары мен міндеттеріне жүйелі көзқарастардың болмауы нәтижесінде жоспарлау сапасының төмендігіне, өзекті мәселелерді шешуге бағытталмаған көптеген іс-шаралардың өткізілуіне, бір реттік шараларға, іс-шара форматтарының түрлендірілмеуіне, олардың мақсатты аудиторияға сәйкес келмеуіне, міндеттерді шешу деңгейлерінің дұрыс анықталмауына алып келуі мүмкін. ҚР «Жастар үні» жастардың қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижелілігі» тақырыбында өткізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша сарапшылардың 22,7% іс-шараларды өткізудің формалдылық сипатын атап көрсетеді.

2. Өзекті мәселелерді шешуге кешенді бағытталған, өзара бір-бірін толықтырып отыратын өзара байланысты іс-шаралардан тұратын, арнайы жобаның мақсаттары мен міндеттеріне тұрғындардың басым бөлігінің назарын аударуға қабілетті, азаматтық белсенділікті дамытуға ықпал ететін, нәтижелі жүзеге асырудың драйвері бола алатын ірі зәкірлік жобалардың болмауы.

3. Өңірлердің есептерін талдау еріктелердің әлеуметтік мәселелерді шешуге тартылу деңгейінің төмендігін көрсетеді. Қазіргі уақытта волонтерлер азаматтық бастамаларды дамытудың, әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін қалыптастырудың, тәлімгерлік принциптер негізінде жұмыс жасайтын, жаңа жобалардың бастамашысы бола алатын, өзін өзі ұйымдастыруға қабілеттіліктің факторы болуы тиіс. Волонтерлер пайда болған әлеуметтік мәселелерге икемді жауап бере алатын, оларды шешудің неғұрлым тиімді жолдарын ұсына алатын, оларды қоғамдық ілгерілету мен қоғамды топтастыруға қабілетті болуы тиіс. Сондықтан да осы бағыттағы жұмыстар тұрғындардың арнайы жоба мақсаттары мен міндеттерін белсенді қабылдауына ықпал ете алатын болады. Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстанның өңірлерінде Жалпы волонтерлік қозғалыстың белсенділігін арттырған. «Өңірлерде әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру шеңберінде волонтерліктің дамуын қалай бағалайсыз? Деген сұраққа сарапшылардың тең жартысы орташа деңгей немесе одан біраз жоғары деп көрсеткен (56,7%). Бағалауда төменгі деңгейді сарапшылардың 19,2% және тек 13,5% жастардың әлеуметтік жобаларға қатысуының жоғары деңгейін көрсеткен.

4. Бизнес құрылым өкілдерін кіші Отанын дамытуға қатысуға ынталандыру бойынша жұмыстар жүйелі негізге қойылған. Біріншіден, талдау көрсетіп отырғандай жеке өңірлерде жыл сайын іс-шаралар белгілі бір меценаттар есебінен өткізіледі. Екіншіден, өңірлердің 50% астамында

<sup>4</sup> Сонда

<sup>5</sup> «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС өткізген «Рухани жаңғыру бағдарламаның жүзеге асырылу нәтижелілігі» зерттеуі, 2019 жыл.

2019 жылдан бастап арнайы жобаны жүзеге асыруға қатысатын меценаттар санының азаюы орын алған; өңірлердің 80% астамында тартылған демеушілік қаражат көлемінің төмендеуі орын алып келеді. Сонымен, қайырымдылық мәдениетін дамыту міндеті көптеген өңірлерде бірінші басымдықтан екінші кезекке ығыстырылып отыр. Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сәйкес<sup>4</sup>, сарапшыларға бизнес өкілдерінің бағдарламаға қатысу деңгейін бағалау ұсынылған болатын. Сарапшылардың тек төрттен бірі жобаға бизнес өкілдері белсенді түрде қатысады деп көрсеткен (27,9%). Сауалнамаға қатысушылардың дәл сондай бөлігі керісінше бизнес қауымдастықтың бағдарламаны жүзеге асыруға пассивті қатысатынын атап көрсеткен (26,9%). Сарапшылардың 18,3% бизнес өкілдері бағдарламаға күштеу арқылы, әкімдіктің қысым көрсетуімен, бұйрық арқылы қатысады деп көрсеткен. Сауалнамаға қатысушылардың 15,4% бизнесмендер жобаға белсенді қатысқысы келеді, бірақ олар кімге және қалай нақты көмек көрсетуге болатынын білмейді деп көрсеткен.

5. Ақпаратпен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес<sup>5</sup>, «Туған жер» арнайы жобасы туралы ақпараттану деңгейі 16,2% құрайды. Демек, жеткіліксіз ақпараттандыру Бағдарламаның тұрақты оң нәтиже беруіне қол жеткізуге елеулі кедергі болып отыр.

6. Сандық және сапалық көрсеткіштерді есептеудің бірыңғай әдіснамасының болмауы. Бір жоба шеңберінде өткізілген іс-шараларды өңірлер жеке шара деп есептейді, сол арқылы жоспарды орындаудың сандық көрсеткішін арттырып көрсетеді. Мысалы, Жамбыл облысының 27 мектебінде «Бір бала – бір ағаш» жобасы жүзеге асырылған, ол есепте 27 жеке іс-шара ретінде көрсетілген.

## ҰСЫНЫСТАР

1. «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асырудың сандық және сапалық көрсеткіштердің өзекті жүйесі белгіленген, қызмет нәтижесінің басты көрсеткіштері мен индикаторлары берілген, қоғамдық санадағы өзгерістерді көрсете алатын, сондай-ақ іс-шараларды өткізудің форматтары ұсынылатын Тұжырымдама құрастыруды ұсынамыз.

2. Іс-шараларды нәтижелі жоспарлау, синергетикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатында өңірлерге міндеттердің өзектілік деңгейі мен оларды кешенді шешу жолдарын көрсете отырып, Арнайы жобаны жүзеге асырудың жол картасын құрастыру ұсынылады.

3. Барлық әлеуметтік топтарды олардың мүмкіншіліктерін пайдаланудың басым бағыттарын анықтай отырып, іс-шараға қатысушылар, спикерлер ретінде белсенді түрде тартуды ұсынамыз (ҰЕҰ, қауымдастық, волонтерлер, бизнес-құрылымдар, оқушылар). Волонтерлерді әскери-патриоттық, өлкетану жұмыстарына, экс-

курсиялар ұйымдастыруға, әлеуметтік роликтер, вайнерлер құрастыруға, тілдерді оқытуға, компьютерлік сауаттылық негіздерін оқытуға т.б. жұмыстарға белсенді түрде пайдалануға болады. Аға буын өкілдерін патриоттық және тәрбиелік сипаттағы іс-шараларда спикерлер ретінде нәтижелі пайдалануға болады. Гуманитарлық мамандық студенттерін каникул уақыттарында экскурсовод, тілдерді оқытудағы тәлімгер ретінде пайдалануға болады. Жоғары оқу орындары студенттері жүргізген жұмыстарды өндірістік тәжірибеден өту ретінде есепке алуға да болады. Түрлі номинациялар тағайындау, қоғамда оң имиджін қалыптастыру, өз идеялары мен бизнесін PR-ілгерілету мүмкіндіктерін беру арқылы белсенді азаматтарды, бизнес-құрылым өкілдерін, ҰЕҰ ынталандырудың нәтижелі жүйесін құру. Сол арқылы қайырымдылық мәдениетін дамыту мәселесін жүйелі негізге қою.

4. ӨЖО-ға ҰЕҰ бастамашыл топтардың, жеке азаматтардың арнайы жобаны жүзеге асыруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған өңірлік деңгейдегі әлеуметтік жобалардың деректер қорының ашық платформасын өзектендіруді ұсынамыз («Әлеуметтік бастамалар картасы»).

5. Әлеуметтік топтар мен әр түрлі жастағы тұрғындар топтарын кең көлемде іс-шарамен қамтуға бағытталған, өзара бір бірін толықтырып отыратын, өзара байланысты өзекті міндеттерді шешуге бағытталған кешенді зәкірлік жобалар топтамаларын ойластыру ұсынылады. Бұл жобалар азаматтық бастамалардың өсуінің драйверлері, қоғамды Бағдарламаның базалық құндылықтары шеңберінде топтастырушы болуы тиіс.

6. Арнайы жобаны ақпараттық ілгерілету бойынша жұмыстарды күшейту қажет. Заманауи қарым-қатынас трендтеріне сәйкес болу, барынша нәтижелілікке қол жеткізу мақсатында танымал вайнерлерді, блогерлерді, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту.

7. Туған өлке тарихы бойынша жүйелі білімдерді қалыптастыру, оқу мен оқыту сапасын арттыру мақсатында «Өлкетану» мектеп курсын жеке пән ретінде енгізу. Оқу курсының мазмұндық контентін жақсарту үшін жүйелі түрде ғылыми-зерттеу, археологиялық жұмыстар жүргізу және алынған нәтижелерді оқу процессіне енгізіп отыру. Өлкетану бойынша оқулық пен хрестоматияның пилоттық контенттерін апробациядан өткізу, сондай-ақ өңір деңгейінде оқулықты онлайн режимде ата-аналардың, қоғам өкілдерінің қатысуымен ашық талқылауды ұйымдастыру.

8. Тұрғындардың туған өлке тарихына қызығушылықтарын арттыру, туған өлкеге деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында өлкетану объектілері бойынша оқушылар мен студенттер үшін тегін экскурсиялар ұйымдастыруды ұсынамыз.

## 2. «ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2017 жылғы 26 қазанда Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына сәйкес, «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» жарлыққа қол қойды, бұл арнайы жобаны жүзеге асырудың бастамасы болды.

Арнайы жобаның мақсаты – латын графикасы негізіндегі қазақ тілін пайдалануға кезеңдеп көшуді қамтамасыз ету.

Өңірлердің арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша міндеттері:

1. арнайы жобаның мақсаты мен міндеттерін өңірде ілгерілету бойынша ақпараттық-имидждік жұмыстарды ұйымдастыру.

2. латын графикасына көшу процессіне ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

3. Тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша іс-шаралар өткізу.

### «ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ САҢДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 4 598 051 4 598 051 адамды қамтыған 22 667 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 4241/1147114 адам, 2018 жыл – 9202/1850156 адам, 2019 жылдың 9 айы – 9224/1600781 адам).

Талдау (16-сурет) өңірлердің көпшілігінде жылдар бойынша арнайы жобаның жалпы көрсеткіштерінің тұрақты өсімі («Өткізілген іс-шаралар саны», «Латын графикасына оқытылған тұрғындар саны», «Тұрғындарды арнайы жобаға қатысумен қамту»), белгілі бір деңгейде жүргізілген жұмыстардың жүйелілігі мен мақсатқа бағыттылығын көрсетеді.

Арнайы жобаның барлық көрсеткіштерінің тұрақты өсімі ШҚО, СҚО, Қарағанды, Қызылорда облыстарында орын алған. Негізгі параметрлер бойынша көрсеткіштердің төмендеуін Түркістан облысы көрсетіп отыр, бұл белгілі бір деңгейде облыстың және облыс орталығының ауысуымен байланысты болып отыр.

Өзге өңірлерде арнайы жобаның бағыттары бойынша біркелкі жүзеге асырылмау орын алып отыр. Мысалы, «Өткізілген іс-шаралар саны» және «Латын графикасына оқытылған тұрғындар саны» көрсеткіштері арасында кері корреляция Нұр-Сұлтан қаласында, Алматы, БҚО, Ақмола облыстарында орын алып отыр: іс-шаралар санын арттыру латын графикасын оқып үйренген тұрғындар санының арттырылуына алып келмеді. Соған байланысты осы өңірлерде арнайы жобаның танымалдығын арттыратын іс-шаралар өткізуге басымдық берілген. Бұл өңірлерге сондай-ақ тұрғындардың арнайы жобаға қатысуының төмендеу үрдісі тән.

16-сурет. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасының жүзеге асырылу көрсеткіштері

Өңір атауы	Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру								
	Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша іс-шаралар (саны)			Оқытылған тұрғындар саны			Тұрғындарды қамту, адам.		
	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж. (9 ай.)	2017 ж.	2018ж.	2019 ж. (ай)	2017ж.	2018 ж.	2019 ж. (9 ай)
Нұр-Сұлтан қаласы	2	67	120		138000	5906	627650	320600	57520
Алматы қаласы		18	32		21600	9800		30000	13000
Шымкент қаласы			2179			625182			641552
Ақмола облысы	456	1008	949	0	12324	4801	124486	164371	136635
Ақтөбе облысы	133	434	212			1594	14476	22470	22000
Алматы облысы	416	288	401	0	110560	3622	23750	221120	48674
Атырау облысы		9	80	0	4800	162	0		45500
ШҚО	143	934	751	0	20	1369	28322	32865	37937
Жамбыл облысы	1019	120	399	0	0	2970	16000	150000	198555
БҚО	138	205	129	0	164840	31380	21753	164840	31380
Қарағанды облысы	0	536	757	0	7767	15141	0	147244	159019
Қостанай облысы	325	3505	1687	0	260000	60000	2000	261550	66733
Қызылорда облысы	45	340	220	0	0	815	5550	9855	10200
Маңғыстау облысы	19	153	85	0	49200	54310	29600	56800	53800
Павлодар облысы	107	247	73	0	1624	6186	150062	97958	27359
СҚО	100	200	400		60	1050	11000	35000	44000
Түркістан облысы	1338	1138	750			900	108465	135483	6917

Жамбыл, Маңғыстау, Павлодар облыстарында іс-шаралар санының азаюы мен латын графикасына оқытылған тұрғындар санының артуы арасында корреляция байқалады, бұл іс-шаралардың латын графикасын оқып үйренуге бағыттылықпен жүргізілгендігін және басым міндеттердің нәтижелі жүйесінің құрастырылғандығын көрсетеді.

Жалпы, іс-шараның ең ауқымды көлемі Қостанай (24,3%), Түркістан (14,2%), Ақмола (10,7%) облыстарында, Шымкент қаласында (9,6%) өткізілген. Өткізілген іс-шаралардың

неғұрлым аз мөлшері Алматы қаласына (0,2%) және Атырау облысына (0,39%) келеді.

2017 жылы арнайы жоба шеңберіндегі іс-шараларды өткізуде неғұрлым белсенді өңірлер: Түркістан (республика бойынша 2017 жылы өткізілгеннің 31,5%), Жамбыл (24%). 2018 жылы ең көп өткізілген іс-шаралар Қостанай (38%), Түркістан (12,3%), Ақмола (10,9%) облыстарына; ең азы – Атырау (0,09%), Алматы қ. (0,19%) келеді. 2019 жылдың 9 айы ішінде іс-шараларды өткізу бойынша неғұрлым белсенді өңірлер – Шымкент қаласы (23,6%), Қостанай (18,3%) облысы, ең



төменгі белсенділік көрсеткен – Алматы қаласы (0,3%), Павлодар облысы (0,8%).

Жалпы, бірнеше өңірлерде 2019 жылдан бастап латын графикасына оқыту бойынша іс-шаралар санының төмендеуі орын алған, мұның өзі 2019 жылы «Тұрғындарды латын графикасына оқыту саны» көрсеткішінің төмендеуімен корреляцияланады.

Арнайы жобаның жүзеге асырылуының 2 жыл 9 айы ішінде жергілікті бюджеттен 602 807 894 теңге бөлінген (2017 ж. – 394 421 780 теңге, 2018 ж. – 103 714 094 теңге, 2019 ж 9 айы. – 104 672 020 теңге), демеушілер мен меценаттардан тартылған қаражат сомасы – 2 432 375 теңге (17-сурет). Демеушілер қаражаты Алматы және Павлодар облыстарында тартылған.

Есепті кезең ішінде ЖБ шығындарының тұрақты өсімі Нұр-Сұлтан қаласында, СҚО, Алматы, Ақмола, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарында орын алған, мұның өзі осы өңірлерде өткізілген іс-шаралар санының өсу көрсеткіштерімен корреляцияланады. ЖБ шығындарының төмендеуі ШҚО, Жамбыл, Ақтөбе облыстарында байқалып отыр. Алматы қаласында арнайы жобаны жүзеге асыруға ЖБ қаражаты тек 2018 жылы бөлінген.

Абсолютті көрсеткіштерінде ЖБ қаражаты ең көп мөлшерде бөлінген Павлодар облысы (республика бойынша жұмсалған барлық қаражаттың 67,8%). ЖБ шығындарының орташа көрсеткіштері – Нұр-Сұлтан қаласы (3,8%), БҚО (5,9%), ШҚО (2,5%), Қостанай (4,1%), Маңғыстау (3,1%), Ақтөбе облыстары (2,4%). ЖБ қаражаты неғұрлым аз жұмсалған Алматы қаласы (республика бойынша жұмсалған барлық қаражаттың 0,3%), СҚО (0,38%), Ақмола (0,3%), Түркістан (0,4%) облыстары.

Жалпы, жылдар бойынша 2017 жылы ЖБ қаражаты ең көп тартылған, бұл барлық жұмсалған қаражаттың 65% астамын құрайды. 2018 және 2019 жылдары ЖБ шығындары тиісінше 17,2% және 17,3% құраған. Сонымен қатар жылдар бойынша іс-шаралар саны кері картинаны көрсетеді – 2017 ж. іс-шаралардың жалпы санының 18,7% өткізілген, ал 2018, 2019 жылдары тиісінше – 40,6% және 40,7%. Жалпы, 2017 жылғы ЖБ шығындарының ең жоғары көрсеткішіне қарамастан, осы жылға республика бойынша іс-шаралардың ең төменгі көрсеткіші сәйкес келеді.

### **АРНАЙЫ ЖОБАНЫҢ ӨҢІРЛЕР ЖІКТЕЛІСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ**

#### **Нұр-Сұлтан қаласы**

Арнайы жоба аясында тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша 189 іс-шара өткізілді, оның шеңберінде 143 906 адам оқытылды, бұл арнайы жобаға қатысушылардың 9% құрайды.

Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 23 229 000 т., бөлінді (2017 ж. – 2300000 т., 2018 ж. – 4475000 т., 2019 жыл-

### **17-сурет. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасын қаржыландыру көрсеткіштері**

Өңір	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж. 9 айы.
	Жергілікті бюджет	Жергілікті бюджет	Жергілікті бюджет
Нұр-Сұлтан қаласы	2300000	4475000	16454000
Алматы қаласы	0	2100000	0
Шымкент қаласы			2800000
Ақмола облысы	700000	800000	500000
Ақтөбе облысы		9086000	5824000
Алматы облысы	2346800	7032000	1557500
Атырау облысы		3700000	4328900
ШҚО		13834000	1621500
Жамбыл облысы	0	6794000	4725000
БҚО	11342882	24681069	
Қарағанды облысы	0	1220000	13028500
Қостанай облысы	1 000 000	3000 000	20 946 000
Қызылорда облысы	0	2 100 000	1 680 000
Маңғыстау облысы	5000000	6 500 000	7 300 000
Павлодар облысы	371 482 098	15 432 025	22 173 020
СҚО	250 000	860 000	1 182 000
Түркістан облысы	0	2 100 000	551 600

- білікті жаттықтырушылар даярлау бойынша курстар (14 оқытушы-жаттықтырушы);

- мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің, жалпы білім беретін орта мектептердің, арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыру курстары (А. Байтұрсынов атындағы тілтану институты қызметкерлері, С. Демирель атындағы университет, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» Ұлттық



ғылыми-тәжірибелік орталығының қызметкерлері);

- әкімдік қызметкерлері, БАҚ өкілдері, мемлекеттік қызметкерлерге арналған семинар-оқытулар (162 қызметкер).

Латын графикасын оқытудың қосымша оқыту құралдарын әзірлеу бағыты бойынша мобильді қосымшалар, веб-сервис, платформа, бейнероликтер әзірленді, олар тұрғындар арасында белсенді түрде таратылуда. Мысалы, 2019 жылғы 11 ақпанда Astana Hub халықаралық технопаркінде «Жаңа жаһандық кезеңдегі қазақ тілі» тақырыбында презентация ұйымдастырылды, онда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы әзірленген және латын графикасы негізіндегі қазақ тілін оқытуға бағытталған веб-сервис, платформа, мобильді қосымшалар, анимациялық фильмдер, энциклопедиялық, танымдық, әдістемелік және анықтамалық жұмыстар көрсетілді.

Талдау астанадағы жұмыс көп бағытты сипатқа ие, арнайы жобаны жүзеге асырудың сандық көрсеткішінің өсімі орын алып отырғандығын көрсетеді. Жұмысты ұйымдастыруға білікті кәсіпқой мамандардың тартылуы және оқытуға азаматтардың түрлі санаттарының тартылуы өзекті болып отыр.

#### **Алматы қаласы**

«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 43 000 адамды қамтыған 50 іс-шара өткізілген, бұл 2,0% және тиісінше республикалық көрсеткіштің 0,9% құрайды. Жаңа әліпбиге 31 400 адам оқытылған (республика бойынша барлық оқытылғандардың 2%). Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 2 100 000 теңге бөлінген.

Латын графикасын оқытатын мамандар даярлау бағыты бойынша жаңа әліпбиге оқыту бойынша білікті жаттықтырушылар даярлау бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастырылды. Жалпы 170 маман сертификат алды, 1500-і ағымдағы жылдың соңына дейін оқытылатын болады.

Латын графикасына оқытудың қосымша құралдарын әзірлеу бағыты бойынша Алматы қаласы әкімдігінің тапсырысына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелер желісіне 32 сериялы анимациялық ойындар жинағы әзірленіп, енгізілді. Онлайн-қосымшалар мен электронды оқу курстары құрастырылуда, сөздіктер, орфография ережелерін шығару жоспарлануда. Сонымен, арнайы жобаны жүзеге асыруда оқытудың қосымша құралдарын әзірлеуге басымдық берілген (анимациялар, мобильді қосымшалар).

Алматыда ғылыми қауымдастықты латын графикасын насихаттау мен енгізуге тарту бойынша жұмыстардың әлсіз жүргізілетіні байқалады, ал қаланың елеулі көлемдегі ғылыми зерттеу мүмкіндіктері көп.

#### **Шымкент қаласы**

«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы шеңберінде 2019 жылдың 9 айы

ішінде 641 552 адамды қамтыған 2179 іс-шара өткізілді. Шымкент «Латын графикасына оқытылған тұрғындар саны» көрсеткіші бойынша көшбасшы болып табылады – 625 182 адам. Оқытылған тұрғындар санының арнайы жобаға қатысушылардың жалпы санымен арақатынасы 97,4% құрайды. 2019 жылы арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 2 800 000 теңге бөлінген.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағыты бойынша БАҚ беттерінде («Шымкент келбеті» апталық газеттерінде келесі рубрикалар ашылған: «Латын әліпбиін үйренеміз!»), сондай-ақ әлеуметтік желілерде, баннерлерде латын транскрипциясындағы материалдар орналастырылған. БАҚ, әлеуметтік желілерде қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшірудің өзектілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруді кезеңдеп апробациядан өткізу бойынша барлық кітапханалар мен оқу орындарында «Ұлттық мұра» тақырыбына латын графикасы негізінде диктант жазу бойынша акция ұйымдастырылды, оған 28 мыңнан астам адам қамтылды.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру бағытында 7 329 оқытушылар және 4500 түрлі сала мамандары «латын графикасын нәтижелі оқып-үйрену курстары» курсынан өтті. Курстар жылдың екінші жартысында жалғастырылады. Қала тұрғындары үшін мамандандырылған орталықтар ай сайынғы оқу курстарын ұйымдастырады. Жалпы, оқытумен білім беру, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерімен қатар, қоғамның өзге салаларының өкілдері де қамтылды.

#### **Ақмола облысы**

Арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде латын графикасын оқыту бойынша 425 492 адамды қамтыған 2 413 іс-шара өткізілді, олардың шеңберінде 17 125 адам оқудан өтті, бұл арнайы жобаға қатысушылардың жалпы санының 1,1% құрайды. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 2 000 000 теңге бөлінген.

Кәсіпқой мамандар даярлау, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бағыты бойынша әртүрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді: облыс аумағында 19 мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылды, оларда жұмыс істеу үшін 84 оқытушы оқудан өтті.

2019 жылдың мамыр айында Ақмола облысының «Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты негізінде «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасы негізінде оқыту» кабинеті ашылды. Кабинет қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілін оқытуға арналған. Залдың құрал-жабдықтары онлайн режимде тренингтер мен семинарлар өткізуге мүмкіндік береді. Ағымдағы жылдың 9 айы ішінде тұрғындар арасында 1000 түрлі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді, анықтамалық материалдар таратылды, 13 000 астам

адам қамтылды.

Сонымен қатар, кабинеттік негізде латын графикасын оқыту бойынша кәсіпқой жаттықтырушылар даярлау бойынша курстар ұйымдастырылды.

Қазақ әліпбиін латын графикасына кезеңдеп көшіруді апробациялауды өткізу бойынша тұрғындар арасында ең үлкен танымалдыққа ие болған жоба – «Қазақстан жастары болашақ туралы» тақырыбында ЖОО студенттері арасындағы латын графикасы негізінде жазылған эссе байқауын атап өтуге болады (2019 ж., ақпан).

Латын графикасына оқытудың қосымша құралдарын әзірлеу бағыты бойынша арнайы жобаны ақпараттық ілгерілету дәстүрлі БАҚ арқылы, сондай-ақ Интернет қорлар арқылы жүргізіледі. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында облыстық теледидар облыс азаматтарының латын графикасын талқылауы бойынша жобаны жүзеге асыра бастады. Жалпы, облыста осы арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар көп бағыттылық сипатқа ие болып келеді.

#### **Ақтөбе облысы**

«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 58 946 адамды қамтыған 779 іс-шара өткізілді.

2019 жылы тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша 212 іс-шара өткізілді және 1 594 адам оқудан өтті, бұл республикалық көрсеткіштің 0,1% құрайды.

2018 жылы арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 908 600 теңге, ал 2019 жылы 5 824 000 теңге бөлінді. 2017 жылы осы өңірде іс-шараларды өткізуге ақшалай қаражат бөлінген жоқ.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағыты бойынша облыста мақалалар шығару, сұқбат алу, телесюжеттер ұйымдастырылды, «Латиницаға көшу: тәжірибесі, мәселелері және оларды шешу жолдары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді, «Қош келдің, жаңа әліпби» ақпараттық-түсіндіру жобасы жүзеге асырылды, «Жаңа әліпби негізінде қазақ тілінде сауатты жазу ережелері» сынақ-сауалнама жұмысы, жалпыұлттық ашық диктант ұйымдастырылды, оған 100 мыңнан астам тұрғындар қатысты. Бұл жұмыспен облыстың көптеген аудандары қамтылды. Сонымен, өңірде латиницаға көшу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына басты назар аударылған.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруді кезеңдеп енгізуді апробациядан өткізу бойынша 2019 жылдан бастап тұрғындарды латын графикасына кезеңдеп оқыту қолға алынды. Жергілікті теледидар арқылы «Жаңа әліпбиді бірге үйренейік», «Тілдарын», «Төрлет, төл әліпби» кешенді жобасы сияқты апта сайынғы жобалар іске қосылған, «Ақылды әліпби» мобильді қосымшасы әзірленді, латын графикасы негізінде әзірленген «Білімді балақай» балалар өлеңдерінің жинағы шығарылуға әзірленуде.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына

көшіру бойынша біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру бағыты бойынша қазіргі күні ең маңызды бағыттардың бірі, әсіресе мектеп оқытушыларын, өзге оқу орындары оқытушыларын, мемлекеттік қызметкерлерді латын графикасына оқытушы курстар ұйымдастыру болып табылады. Жалпы арнайы жобаны жүзеге асыруға облыстың барлық аудандары қамтылған.

Сонымен қатар, нақты мақсатқа қол жеткізуде тұрғындарды қамту бойынша белгілі бір дәрежедегі диспропорция орын алып отыр, жалпы қамтудан оқытылған тұрғындардың үлес салмағы – 0,9% құрайды.

#### **Алматы облысы**

«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 293 544 адамды қамтыған 1 105 іс-шара өткізілді. Жаңа әліпбиге 114 182 адам оқытылған, бұл жалпы республикалық көрсеткіштің 7,2% құрайды.

Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 10 936 000 теңге бөлінді. 2 жыл 9 ай ішінде арнайы жобаны жүзеге асыруға 2 000 000 теңге демеушілер қаражаты бөлінген, бұл республикалық жиынтық көрсеткіштің 82,2 % құрайды (2 432 375 теңге).

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағыты бойынша 2017 жылдан бастап жұмыста негізгі басымдық облыстың барлық аудандарында арнайы жобаның мақсаты мен міндеттері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге берілген, ол үшін «Жазу тарихы», «Латын әліпбиін пайдалану» әдістемелік анықтамалар шығарылған.

Латын графикасына көшу бойынша халықаралық тәжірибені жинақтау үшін 2018 жылы «Латын әліпбиі: тәжірибе, көзқарас» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Іс-шараға шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарының профессорлары қатысты.

Латын графикасына оқытудың қосымша оқу құралдарын әзірлеу бағыты бойынша 2019 жылы тұрғындарды латын графикасына оқытумен қамту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіле бастады. «Қазақ тілінің жаңа әліпбиімен танысамыз» онлайн оқыту жобасы жүзеге асырылуда (қамтуы 800 адам, [tildamytu-tdk.gov.kz](http://tildamytu-tdk.gov.kz) ресми сайты).

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша біліктілікті жетілдіру курстарын ұйымдастыру бағыты бойынша облыстың 4 ауданында оқыту курстары, латын графикасының орфографиялық ережелерін оқыту бойынша 24-сағаттық семинар ұйымдастырылды.

Жамбыл ауданы оқушылары арасында өткізілген «Латын тілінде жазуды үйренейік» эссе байқауы тұрғындар арасында үлкен қызығушылық тудырды.

#### **Атырау облысы**

Есепті кезең – 2 жыл 9 ай ішінде 45 500 адамды қамтыған 89 іс-шара өткізілді, оның ішінде

80 іс-шара тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша. Латын графикасына 4 962 адам оқытылды. Жалпы, жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 8 028 900 теңге бөлінген.

Латын графикасына оқытудың қосымша оқу құралдарын әзірлеу бағыты бойынша бейнеролик дайындалды, ол әлеуметтік желілер, мессенджерлер, «Caspian News» телеарнасы арқылы көрсетіледі.

Шығыс Қазақстан облысында арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде 99 124 адамды қамтыған 1828 іс-шара өткізілді, мұнда латын графикасына 1 389 адам оқытылды, бұл республика бойынша тұрғындарды оқытудың жалпы санының 0,1% құрайды.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсінік беру жұмыстары бағыты бойынша іс-шаралар кешенді негізде жүргізіледі. Бірнеше жобалар жүзеге асырылуда: «Жаңа әліпби – өркениетке жол» (мемлекеттік қызметкерлерге, бюджеттік сала қызметкерлеріне, ҰЕҰ өкілдеріне арналған семинар-тренингтер).

Кәсіби мамандар даярлау, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бағыты бойынша әр түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді: 25 оқытушы-жаттықтырушы үшін біліктілігін арттыру курсы, облыс аудандары бойынша 8 көшпелі семинар-тренингтер, вебинарлар, әдістемелік материалдар құрастыру (100 құрал, 100 дәптер шығарылған), облыстың ересек тұрғындары үшін қысқа мерзімдік курстар. 2019 жылы латын графикасына 350 педагог оқытылды.

Латын графикасына оқытудың қосымша құралдарын әзірлеу бағыты бойынша: бейнеконференц байланысын орната отырып кабинет ашу бойынша жұмыс жүргізілуде, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық материалдар әзірленуде (6 бейнесюжет, 15 мақала, 9 ролик).

Жамбыл облысында арнайы жоба шеңберінде 2 жыл 9 ай ішінде 364 555 адамды қамтыған 1538 іс-шара өткізілді. Латын графикасына 2 970 адам оқытылды, бұл республика бойынша оқытын тұрғындардың жалпы санының 0,2% құрайды.

Кәсіби мамандар даярлау, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бағыты бойынша түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді: ТарМУ негізінде латын графикасына оқытатын кабинет, ТарМПУ - «Қазақ филологиясы мен латын графикасына оқыту» кафедрасы ашылды, тілдерді оқу орталығында «Рухани қайта өрлеу: латын әліпбиі» кабинеті жұмыс жасайды, «Тіл-Қазына» орталығы жүйелі түрде «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» байқауын өткізеді, онда 75 тілтанушы мамандар жұмыс жасайды.

Латын графикасына оқытудың қосымша оқу құралдарын әзірлеу бағыты бойынша белгілі бір дәрежедегі жетістіктерге қол жеткізілді: қашықтықтан оқыту іс-шаралары шеңберінде Qazalipbi.kz, онлайн оқыту бағдарламасы енгізілген, «77 TV» облыстық телеарнасында айына 2 рет «LatynLIVE» оқытушы хабары өткізіледі,

жаңа әліпбиге қашықтықтан оқыту бойынша «Цифрлы әліпби» интербелсенді-ақпараттық жүйесі» жобасы іске қосылған ([www.elatyn.kz](http://www.elatyn.kz)).

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстары бағыты бойынша арнайы жобаны ақпараттық ілгерілету жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, 2019 жылдың маусым айында өкілдерінің қатысуымен тұрғындар арасында ақпараттық-насихат апталығы өткізілді, оның барысында семинарлар, дәрістер, брифингтер ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, тұрғындарды қамту мен нақты мақсатқа қол жеткізу арасында белгілі бір дәрежеде диспропорция байқалады – өңір оқытылған тұрғындардың жалпы қамтумен арақатынасының ең төменгі көрсеткіштерінің бірін көрсетіп отыр (0,8%).

### **Батыс Қазақстан облысы**

Арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде 217 973 адамды қамтыған 472 іс-шара өткізілді, оның ішінде 334 іс-шара тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша (2018 ж. – 205, 2019 ж. – 129). Батыс Қазақстан облысында латын графикасына оқыту бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі тіркелді – 196 220 адам (2018 ж. – 164 840 а., 2019 ж. – 31 380), бұл өңір тұрғындарын осы арнайы жобаға қамтудың 90% және республика бойынша тұрғындарды оқытудың жалпы санының 12,3% құрайды. Осы көрсеткіштер жүргізілген жұмыстардың жоғары нәтижелілігін көрсетеді.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағыты бойынша арнайы жобаны имидждік ілгерілету аясында 2017-2018 жылдар барысында бірнеше іс-шаралар жүзеге асырылды. Өзекті жоба – бұл «Qazaq kitaptary 1929-1940» кітаптар көрмесі сериясының ұйымдастырылуы, мұнда 1929-1940 жылдар ішінде басылып шығарылған, сирек кездесетін кітаптар қорынан алынған латын графикасы негізіндегі 100 кітап көрсетілді. Көрмені 3500 адам көрген.

Облыста 2 ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді, онда латын графикасына көшудің өзекті мәселелері, сондай-ақ тілдің ұлттық кодты сақтаудағы рөлі мәселелері талқыланды.

Кәсіби мамандар даярлау, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бағыты бойынша түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді: 2 жыл қатарынан Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалы негізінде мемлекеттік қызметкерлер латын графикасына оқудан өтіп келеді (Жалпы – 1040 адам). 2019 жылы 1800 адам оқудан өткен, жылдың соңына дейін тағы да 5000 адамды оқыту жоспарланған.

Латын графикасына оқытудың қосымша оқыту құралдарын әзірлеу бағыты бойынша 2018 жылы қашықтықтан оқыту «Сандық әліпби» интербелсенді-ақпараттық жүйесі» жобасы іске қосылды ([www.elatyn.kz](http://www.elatyn.kz)).

### **Қарағанды облысы**

«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру»

арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 306 263 адамды қамтыған 14 жоба жүзеге асырылды. Тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша 1293 іс-шара өткізілді. Жаңа әліпбиге 22 908 адам оқытылды, мұның өзі өңір тұрғындарын осы арнайы жобамен қамтудың 7,5% және республика бойынша оқытылатын тұрғындардың жалпы санының 1,4 % құрайды. Жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі – 14 248 500 теңге.

Кәсіби мамандар даярлау, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бағыты бойынша әр түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді: облыста латын графикасы негізіндегі қазақ тілде сауатты жазу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру ережелерін енгізу үшін жауапты тұлғалар бірлігі енгізілді. 408 мекемеден 8463 адам оқудан өтті.

Латын графикасына оқытудың қосымша оқу құралдарын әзірлеу бағыты бойынша: әрбір бейсенбі күндері WhatsApp мессенджері арқылы «Аудиодиктант жазамыз» онлайн акциясы өткізіледі.

Облыстық қор орталығы жаңа әліпбиді оқып, үйрену бойынша бейнероликтер әзірлеген, олар YouTube бейнехостингінде, Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде орналастырылған. Қазіргі уақытта осы материалдардың қаралымы 13 000 астам адамды құрайды.

«Búgingi oi» жобасы аясында қоғамдық орындарда, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, облыстың білім беру мекемелерінде жаңа қазақ әліпбиін ілгерілету бойынша акция өткізіледі.

«Latyn karaoke» жобасы жүзеге асырылуда, онда латын графикасында жазылған қазақтың белгілі әндері жинақталып, пайдаланылған. 2019 жылдың наурыз айынан бастап облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде апта сайынғы сенбілік «Jańǵury jazýdan bastalady» рубрикасы ашылған, онда жаңа ережелер түсіндіріледі және латын графикасы негізінде оқу және жазу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар беріледі. Қарағанды облысында жаңа өзекті форматтарды пайдалана отырып, 14 ірі жоба жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында Қостанай облысында 2 жыл 9 ай ішінде 330 263 адамды қамтыған 5517 іс-шара өткізілді, бұл 24,3% және тиісінше республикалық көрсеткіштердің 7,2% құрайды. 320 000 адам оқытылған, мұның өзі өңір тұрғындарын осы арнайы жобамен қамтудың 88% құрайды. Бұл атқарылған жұмыстардың жоғары нәтижелілігін көрсетеді.

Жергілікті бюджеттен іс-шараларды өткізуге 24 946 000 теңге бөлінді.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағыты бойынша: 2018 жыл ішінде негізгі іс-шаралар ұйымдастырушылық-ағартушылық жұмыстар өткізуге бағытталды. «Қазақ жазуы: бүгінгі мен ертеңі» ғылыми-теориялық конференция-

сы, «Латын әліпбиінде жазамыз» тақырыбында көшпелі семинарлар ұйымдастырылды

Латын графикасына оқыту бойынша негізгі жұмыстар 2019 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Ағымдағы жылы тілдерді оқыту орталығының 72 оқытушысы Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» Ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығында оқудан өтті. Облыс мектептерінің 407 астам қазақ тілі және бастауыш сынып оқытушылары «Өрлеу» АҚ Қостанай филиалы ұйымдастырған курстар мен семинарлардан оқудан өтті.

2019 жылдың сәуір айында «Тілдарын» облыстық орталығы негізінде латын графикасы негізіндегі қазақ тілін оқып, үйрену бойынша кабинет ашылды, онда латын графикасына жоғары деңгейде оқыту мен таныстыру бойынша арнайы сабақтар өткізіледі.

Латын графикасына оқытудың қосымша оқу құралдарын әзірлеу бағыты бойынша жүйелі негізде ақпараттық жұмыстар жүргізіледі: «Алау» телеарнасында «Сауат ашу» телебағдарламасы, өңірлік БАҚ «Бірге оқимыз», «Жаңа әліпби» рубрикалары ашылған.

#### **Қызылорда облысы**

2 жыл 9 ай ішінде 25 605 адамды қамтыған 605 іс-шара өткізілді, оның ішінде 120 іс-шара тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша 815 адам латын графикасына оқытылды, бұл өңір тұрғындарын арнайы жобамен қамтудың 0,1% құрайды. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 3 780 000 теңге бөлінді (2018 ж. – 2 100 000 теңге, 2019 ж. – 1 680 000 000 теңге).

Арнайы жобаны жүзеге асыру мақсатында латын графикасын енгізу бойынша бірнеше іс-шаралар өткізілді: әдістемелік материалдар әзірленді, латын әліпбиіне оқытатын арнайы аудитория ашылды, мектеп мұғалімдері үшін түсіндіру және оқыту семинарлары ұйымдастырылып, өткізілді, өзге де іс-шаралар жүргізілді. 2019 жыл ішінде 815 мемлекеттік және бюджет қызметкерлері жаңа қазақ әліпбиі бойынша оқудан өтті.

Есепті кезең ішінде бұл облыс тұрғындарын оқумен қамтудың барынша төмен көрсеткіштерін көрсеткен өңірлер қатарына енді, арнайы жобаға 25 605 адам қамтылған (0,6%), нақты мақсаттарға қол жеткізуде де, өңірде оқытылған тұрғындардың жалпы қамтылу мен арақатынасы көрсеткіштері де ең төменгілердің бірі болып отыр (3,2%).

#### **Маңғыстау облысы**

Арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде 140 200 адамды қамтыған 257 іс-шара өткізілді.

Латын графикасына 103 510 адам оқытылған, мұның өзі республикалық көрсеткіштің 6,5% және өңірден қатысушылардың жалпы санының 93% құрайды. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 18 800 000 теңге бөлінді.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі



негізде жүргізіледі. 2017-2018 жылдар ішінде 172 ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді (3 семинар-кеңес, 61 кездесу, 63 презентация, 14 дөңгелек үстел, 12 тақырыптық көрме). Жаңа әліпбиді өңір тұрғындары арасында насихаттау мақсатында ақпараттық парақтар, әдістемелік құралдар таратылды, әлеуметтік желілерде пікірталастар өткізілді.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша біліктілігін арттыру бағытында сертификатталған нұсқаушылардың қатысуымен семинарлар, дәрістер, тренингтер ұйымдастырылды.

#### **Павлодар облысы**

2 жыл 9 ай ішінде тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша 275 379 адамды қамтыған 427 іс-шара өткізілді. Латын графикасына 7810 адам оқытылды, бұл оқыған тұрғындардың арнайы жобаға жалпы қамтылған тұрғындармен арақатынасы бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірі болып табылады – 2,8 %.

Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 409 087 143 теңге бөлінді, мұның өзі ЖБ бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 67,9% құрайды. Бұл көрсеткіш республика өңірлері арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады.

Есепті кезең ішінде арнайы жобаны жүзеге асыруға 432 375 000 теңге демеушілер қаражаты бөлінген, мұның өзі жиынтық республикалық көрсеткіштің 99% құрайды (602 807 894 теңге).

Кәсіби мамандар даярлау, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бағыты бойынша түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді. 34 мамандандырылған оқыту орталықтары ашылды. 2019 жыл ішінде 11 педагог оқудан өткен, олар қазіргі уақытта мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасы ұйымдастырған оқытушы семинарларды өткізуге тартылуда. С.Торайғыров атындағы ПМУ жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері үшін латын графикасын оқып, үйрену бойынша курстар ашылды.

Қазақ әліпбиін латын графикасына кезеңдеп көшіруді апробациялауды өткізу бойынша облыста бірнеше тиімді жобалар жүзеге асырылуда. «Отбасымен бірге үш тілді үйренейік» отбасылық тілдік жексенбілік бренч жобасы, оның мақсаты – жаңа технологияларды пайдалана отырып және тіл ортасына ене отырып, тілді оқып үйрену.

Латын графикасына оқытудың қосымша оқыту құралдарын әзірлеу бағыты бойынша «Күн сәулесі» жобасы әзірленді, ол Брайл жүйесі бойынша көзі көрмейтін немесе нашар көретін азаматтарға арналған аудиокурсты қолдану арқылы қазақ тілін оқытудың арнайы курсынан өтуге негізделеді. Жобаның нәтижелілігінің көрсеткіші көзі көрмейтін немесе нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған мекемелердегі азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеруінің үлес салмағының 20% артуы болып табылады. «Ана тілі» мобильді қосымшасы

құрастырылған, ол латиницаны пайдаланудың тәжірибелік дағдыларын игеруге бағытталған.

#### **Солтүстік Қазақстан облысы**

Арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде 90 000 адамды қамтыған 700 іс-шара өткізілді. Тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша 26 іс-шара өткізілді (2018 ж. – 9, 2019 жылдың 6 айы. – 17). Оқудан өткен тұрғындар саны 1110 адамды құрайды, бұл өңір тұрғындарын осы арнайы жобамен қамтудың 1,2 % құрайды.

Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 2 292 000 теңге бөлінді.

Кәсіби мамандар даярлау, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бағыты бойынша түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді: 2017 жылдан бастап латын әліпбиін оқып, үйрену орталығы жұмыс істейді, онда сабақ беру үшін 73 жаттықтырушы-педагог Республикалық әдістемелік орталықта оқудан өтті. Жалпы Орталық негізінде 960 адам оқудан өтті. Облыстың барлық аудандарында оқытушы семинар-тренингтер өткізіледі, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ студенттері үшін «Тәжірибедегі қазақ тілі» арнайы курсы әзірленуде.

Латын графикасы бойынша оқытудың қосымша құралдарын әзірлеу бағыты бойынша «В контакте» және «Инстаграм» әлеуметтік желілерінде түрлі ұлт өкілдерінен тұратын балалар мен жасөспірімдер ұйымдастырған «Ózım túraly» жобасы тұрғындар арасында үлкен қызығушылық тудырды. «Латын әліпбиіндегі мұралар: өткеннің өшпес ізі» тақырыбында үлкен ақпараттық көрме өткізілді.

#### **Түркістан облысы**

Арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде 250 865 адамды қамтыған 3226 іс-шара өткізілді, оның ішінде тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша 1 465 іс-шара өткізілді. Латын графикасына 900 адам оқытылды, мұның өзі республика бойынша оқытылған адамдардың жалпы санының 0,06% және өңір бойынша арнайы жобамен қамтылған адамдардың 0,4% құрайды. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 2 651 600 теңге бөлінді.

Қазақ әліпбиін латын графикасына кезеңдеп көшіруді апробациядан өткізу бойынша 2019 жылғы 19 маусымда облыстың 428 кітапханасында «Ұлттық мұра» тақырыбына латиницада диктант ұйымдастырылды, оған 15 000 астам адам қатысты. 2019 жылы аудандарда және қалалардың тілдерді оқыту мен дамыту орталықтарында латиницаға 603 тыңдаушы оқытылды.

Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшуі бойынша біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру бағытында 16 тілдерді оқыту және дамыту орталықтарының қазақ тілі оқытушылары кестеге сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласында 72 сағаттық курстан оқудан өтті.

2018 жылы және 2019 жылдың 9 айы бойынша Түркістан облысы іс-шаралар өткізу бойынша ең белсенді облыстардың қатарына енді – 3226.



## 2 ЖЫЛ 9 АЙ ІШІНДЕ АРНАЙЫ ЖОБАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

1. Тұрғындарды қамту. Жалпы өңірлердің 60% астамында іс-шаралармен қамтылған тұрғындар санының тұрақты түрде өсуін атап көрсетуге болады (16-суретті қар.). Тұрғындардың арнайы жобаға қатысуының елеулі көлемде төмендеуін (50% астам) Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы қ, БҚО, Алматы, Павлодар, Түркістан облыстары көрсетіп отыр. 2 жыл 9 ай ішінде қазақ әліпбиін латиницаға көшіру бойынша тұрғындарды іс-шараларға тартудың ең жоғары көрсеткіштерін Нұр-Сұлтан қаласы (республикалық көрсеткіштің 21,8%), Шымкент (13,9%), Ақмола облысы (9,2%). Ең төменгі көрсеткіш Қызылорда облысында (0,6%) тіркелді. Тұрғындарды арнайы жобаға қатысуға қамту – арнайы жобаны жүзеге асырудың ең маңызды индикаторларының бірі, себебі тұрғындардың латын графикасының қажеттігін қабылдауы уақытты, қорларды қажет етеді, сондықтан да алғашқы кезеңдерде тұрғындарды әртүрлі мазмұнға бай іс-шараларға барынша көп мөлшерде тарту маңызды болып табылады, мұның өзі осы реформаның

өркениеттік маңыздылығын жаппай ұғынуды қалыптастырады.


2. Оқыған тұрғындар саны. Өңірлердің есептері бойынша жаңа әліпбиді оқыған тұрғындардың жалпы саны тұрғындардың арнайы жобаға қатысуға жалпы тартылуы 4 614 051 болған кезде 1 595 983 адамды құрайды, бұл 34,6% құрайды (18-суретті қараңыз). Латын графикасына оқыған тұрғындардың ең көп саны Шымкент қаласына (республика бойынша барлық оқығандардың 39%, Қостанай облысына (тиісінше 20%), БҚО (12,3%) келеді. Ең аз мөлшері СҚО (0,06%), ШҚО (0,08%), Қызылорда (0,05%), Түркістан (0,05%), Ақтөбе (0,09%) облыстарына келеді. Сонымен, өңірлердің 40% астамында латын графикасына оқыту бойынша жұмыс бір реттік сипатта болып келеді.

Оқыған тұрғындардың арнайы жобаға қамтылған тұрғындармен арақатынасы бойынша (18-сурет) ең жоғары көрсеткіштерге Шымкент, Алматы, БҚО, Қостанай, Маңғыстау облыстары қол жеткізген, мұның өзі осы өңірлерде «Оқыған тұрғындар саны» көрсеткішімен корреляцияланады. Бұл нәтижелер өңірлердің арнайы жобаның мақсатты қондырғыларын дұрыс

18-сурет. Тұрғындарды латын графикасына оқыту көрсеткіштері

Өңір	Тұрғындарды арнайы жобамен қамту	Оқыған тұрғындардың жалпы саны, адам	Оқыған тұрғындардың арнайы жобаға қатысқан тұрғындармен арақатынасы, %
Нұр-Сұлтан қаласы	1005770	143906	14,3
Алматы қаласы	43000	31400	73,0
Шымкент қаласы	641552	625182	97,4
Ақмола облысы	425492	17125	4,0
Ақтөбе облысы	58946	1594	2,7
Алматы облысы	293544	114182	38,9
Атырау облысы	45500	4962	10,9
ШҚО	99124	1389	1,4
Жамбыл облысы	364555	2970	0,8
БҚО	217973	196220	90,0
Қарағанды облысы	306263	22908	7,5
Қостанай облысы	330283	320000	96,9
Қызылорда облысы	25605	815	3,2
Маңғыстау облысы	140200	103510	73,8
Павлодар облысы	275379	7810	2,8
СҚО	90000	1110	1,2
Түркістан облысы	250865	900	0,4
<b>Жалпы</b>	<b>4614051</b>	<b>1595983</b>	<b>34,6</b>

Оқыған тұрғындардың арнайы жобаға қатысқан тұрғындармен арақатынасы, %



ұғынғанын, сондай-ақ оларды жүйелі түрде жүзеге асырғанын көрсетеді. Оқыған тұрғындардың арнайы жобаға қатысқан тұрғындармен арақатынасы бойынша ең төменгі көрсеткіштерді ШҚО, СҚО, Түркістан облыстары көрсетіп отыр.

3. Демеушілер қаражатын тарту. Осы арнайы жоба бойынша іс-шараларды өткізуге демеушілердің қаражаты Павлодар (432 375 теңге) және Алматы (2 000 000 теңге) облыстарында тартылған. Павлодар облысы ЖБ жұмсалған қаражат көлемі бойынша да көшбасшы болып отыр. Сонымен қатар, өңір латын графикасына оқытылған тұрғындардың саны бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр (ресубликалық көрсеткіштің 0,5%).

4. Іс-шаралар сапасын талдау. Жалпы, өткен кезең ішінде өңірлерде қазақ тілін латын графикасына көшіру идеясын ілгерілету, оқытудың ұйымдастырушылық негіздерін құру және оқыту іс-шараларын өткізу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Латын графикасына оқытудың ең сәтті тәжірибесін жинақтау Алматы қаласы (электрондық оқу курстары, сөздіктер әзірленген, Шымкент қ. («Шымкент келбеті» апталық газеттерінде «Латын әліпбиін үйренеміз!» арнайы рубрикалары ашылған), Ақмола («Қазақстан жастары болашақ туралы» тақырыбында жоғары оқу орындары студенттері арасында латын графикасы негізінде эссе жазу байқауы), Жамбыл облысында («Қазақ филологиясы және латын графикасына оқыту» кафедрасы ашылды, «77 TV» облыстық телеканалында «LatynLIVE» оқыту бағдарламасы жүргізіледі), Қарағанды (әр бейсенбі сайын WhatsApp мессенджері арқылы «Аудиодиктант жазамыз» онлайн акциясы, бел-

гілі қазақ өлеңдері жинағымен «Latyn karaoke» жобасы), Павлодар (көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтармен Брайл жүйесі бойынша аудиокурсты пайдалана отырып, «Күн сәулесі» оқыту курсы), СҚО (СҚМУ студенттеріне арналған «Тәжірибедегі қазақ тілі» арнайы курсы) және т.б.

Тұрғындарды нәтижелі қамту үшін түрлі қарым-қатынас каналдары пайдаланылады: кәсіби жаттықтырушылармен оқыту курстары, апта сайынғы телехабарлар және жергілікті газеттердегі рубрикалар, әлеуметтік желілердегі шағын үй тапсырмалары берілетін бейнероликтер, караоке, сөздіктер және т.б.

Ұсынылған жобалар мен іс-шаралар түрлі форматта болып келеді және белгілі бір деңгейде қазақ тілінің латын графикасына көшуінің кезеңдік процесін қолдау бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауды қамтамасыз етеді. Осы арнайы жобаны жүзеге асыру барысында түрлі заманауи форматтарды пайдалану – ғылыми-әдістемелік көзқарас жағынан ғана емес, сонымен қатар ел тұрғындарының қызығушылығын тудыру жағынан да әсіресе жастар арасында қызығушылық тудыру жағынан да өзекті. Жалпы, қазақстандық қоғам қазақ тілінің латын графикасына көшірілуін қазақстандықтардың санасын жаңғыртуға және қоғамның қарым-қатынас кеңістігін кеңейтуге бағытталған прогрессивті қадам ретінде қабылдайды.

### АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҚАТЕРЛЕРІ МЕН МӘСЕЛЕРІ

1. Латын графикасын пайдаланудың орфографиялық ережелерінің аяқталмағандығы және оған жүйелі түрде өзгерістер енгізіліп оты-

руы тұрғындардың латын графикасын оқу қажеттілігіне сенімсіздігін туғызуы мүмкін.

2. Тұрғындардың мемлекет тарапынан түрлі мемлекеттік құрылымдардың латын графикасына көшуінің нақты кезеңдері туралы әлсіз ақпараттануы қоғамның арнайы жоба мақсаттарының өзектілігіне сенімсіздікпен қарауын, латын графикасын оқуға мүдделіліктің төменгі деңгейде болуын, жалпы, жүргізілген іс-шаралардың маңыздылығына сенімсіздігін тудырады.

3. Қазіргі уақытта латын графикасында баннерлер, маңдайшалар рәсімделінеді, газеттерде материалдар басылады, көлемі шағын семинар-тренингтер өткізіледі. Сонымен қатар, бұл іс-шаралар бірыңғай жүйеге келтірілмеген, міндеттерді шешудегі басымдықтар анықталмаған. Нәтижесінде, жүргізілген іс-шаралардың ауқымды көлеміне қарамастан, қоғамда латын графикасына көшудің маңыздылығы мен болашағы зор екендігіне сенімділік қалыптастырылған жоқ.

4. Іс-шаралардың нәтижелілігіне тұрақты мониторингтің болмауы. Форматтарының өзектілігіне, материалды беру әдістеріне, олардың мақсатты аудиторияға сәйкестігіне назар аудару ұсынылады.

5. Жоғары нәтижелерге қол жеткізу үрдістері, арнайы жоба аясында қойылған міндеттердің басымдықтарын ұғынбау өткізілген іс-шаралардан жалпы нәтиже алудың төмендеуіне алып келеді. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында арнайы жобаға қатысуға жалпы саны – 1 005 770 адам тартылған, сонымен бір мезетте латын графикасына оқығандардың саны 143 908 адамды құрайды, демек 9,1%. Қазіргі уақытта өңірлердің 47% оқығандардың саны арнайы жобаға қатысушылардың жалпы санының 5% құрайды.

### **ҰСЫНЫСТАР**

1. Латын графикасын пайдаланудың орфографиялық ережелерін жасауды аяқтау.

2. Оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін енгізу (иллюстрациялар, инфографикалар, ойын түрлері). Іс-шаралардың форматы мақсатты аудиториясына сәйкес келуі тиіс. Егер де аға ұрпақ үшін неғұрлым репрезентативті дәстүрлі оқыту, оның ішінде БАҚ арқылы оқыту (телебағдарламалар, латын графикасындағы титрлармен фильмдер, оқытушы телебағдарламалар, газеттер) болса, жас ұрпақ үшін Интернет қорларды пайдалану тиімдірек болады: өзекті ақпараттарды латын графикасында жариялау, онлайн курстар өткізу. Қазақ тілді ватсап мессенджерін латын графикасына көшіру де нәтижелі болмақ. Жалпы осы кезеңде қоғамда латын графикасына көшудің маңыздылығы мен болашағы туралы тұрақты оң пікір қалыптастыру міндеті тұр, тиісінше барлық іс-шаралар латын графикасының оң жақтары мен мүмкіншіліктерін толық ашып көрсетуге бағытталуы тиіс.

3. XX ғасырдың 30 жылдары латын графикасы негізінде басып шығарылған кітаптарды көрсету және жариялау (оның ішінде Интернетте).

Бұл кітаптар латын тілін пайдалану, оқу тәжірибесін алу, белгілі авторлардың кітаптарын, мақалаларын жариялау мүмкіндіктерін тудырады.

4. Өткізілген іс-шараларды өңірлік және республикалық БАҚ, әлеуметтік желілерде, танымал Интернет алаңдарында мазмұнды, сапалы және өзекті ақпараттармен қамтамасыз ету, сондай-ақ БАҚ негізіндегі жобаларды жүзеге асыру: теледидар, радио арқылы арнайы оқытушы хабарлар жүргізу, ынталандырушы роликтер жасау, қазақ тілін латын графикасына көшіру туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыруға бағытталған өзге де бейнематериалдар әзірлеу, сондай-ақ латын графикасына оқыту тәжірибесін енгізу.

5. Оқыту курстарының тұрғындардың түрлі санаттары үшін көп нұсқалылығын қарастыру. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер үшін оқытуды ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалдары негізінде өткізу, студенттер үшін – IT-технологиялар пайдаланылған курстар ұйымдастыру, кіші мектеп курсы үшін латын графикасы негізінде танымал әдебиеттер шығару, мультфильмдерді латын графикасы негізіндегі субтитрлармен сүйемелдеу.

### **3. «ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ**

Қазақстан республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында біздің қоғамымыз үшін қазіргі заманды және болашақты жақсы түсінетін гуманитарлық сала адамдары қажет деп атап көрсеткен болатын. Осы міндетті жүзеге асыру үшін 2017 жылдан бастап «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы жұмыс жасап келеді. Жобаны жүзеге асыру бойынша тұжырымдама әзірленген, мемлекеттік тілге аудару үшін үздік оқулықтарды іріктеу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірленген, оқулықтарды іріктеу бағамдары анықталған. Оқулықтар байқауы ашық негізде өткізілді. Жалпы, жоғары оқу орындарынан 800-ге жуық ұсыныс алынды.

Сонымен, арнайы жобаның мақсаты – студенттердің үздік әлемдік үлгі бойынша мемлекеттік тілде гуманитарлық білім бағыттары бойынша білім алуы үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Гуманитарлық мамандық студенттерінің мемлекеттік тілде дайындық деңгейін арттыру;


2. Жаһандық бәсекеге бейімделген мамандар даярлау;

3. Терминологияны жетілдіру, мемлекеттік тілдегі терминдердің көлемін арттыру.

### **АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Осы арнайы жобаны жүзеге асыруға ЖБ шығындары 225 358 945 теңгені құрады, мұның өзі өңірлерде арнайы жобаға жұмсалған барлық шығындардың 39% құрады (19-сурет). Жергілік-

## 19-сурет. Өңірлер жіктелісінде «Жергілікті бюджет шығыны», «Тартылған демеушілер қаражаты» көрсеткіштерінің динамикасы



ті бюджет қаражаты өңірлердің 35% тартылды. 2017 жылы ЖБ арнайы жобаны жүзеге асыру үшін тек екі өңірде тартылды: Павлодар облысы (республикалық көрсеткіштің 99,8%) және Ақмола облысы (тиісінше 0,12%). 2018 жылы – СҚО, Ақмола, Павлодар облыстары (тиісінше 56,5%, 0,8% және 42,6%). 2019 жылы ЖБ қаражаты Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Маңғыстау, Қарағанды облыстарында (тиісінше 0,3%, 0,1%, 5,2%, 1,6%, 93,2%) тартылды.

Жалпы, арнайы жобаны жүзеге асыруға ЖБ жиынтық ең көп мөлшерде пайдалану 2017 жылға келеді (ЖБ жұмсалған барлық шығынның 63%), 2018 және 2019 жж. – тиісінше 10,7% және 25,9%.

Демеушілік қаражат 355 973 000 теңге сома-сына тартылған, бұл арнайы жобаға жұмсалған барлық қаражаттың 61% құрайды. Демеушілік қаражат өңірлердің 41% тартылған: Павлодар облысында (республика бойынша барлық тар-тылған қаражаттың 97,9%), Шымкент қ. (0,6%), Ақмола (0,05%), Ақтөбе (0,14%), Алматы (1,2%) облыстары.

2 жыл 9 ай ішінде ЖБ, сондай-ақ демеушілер мен меценаттардың қаражаты тартылмаған өңірлер – Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ., ШҚО, БҚО, Атырау, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Түркістан облыстары.

«100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 1 518 594 адамды қамтыған 2 268 іс-шара өткізілді (20-сурет). Арнайы жобаға

қатысушыларды тартудың ең жоғары көрсеткішін Атырау, Маңғыстау облыстары көрсетті, мұның өзі тиісінше республикалық көрсеткіштің 24,2%, 37% құрайды. Тұрғындарды іс-шаралармен қамту бойынша ең төменгі көрсеткіштерді көрсеткен Нұр-Сұлтан қаласы (0,04%), Алматы (0,13%), ШҚО (0,9%), Жамбыл (0,2%), Қарағанды облысы (0,7%), СҚО (0,9%).

Жалпы, арнайы жобамен қамтылған тұрғындар санының өсу үрдісі байқалады. Жиынтық көрсеткіштер 2017 жылы – 21%, 2018 жылы – 22,3%, 2019 жылы – 56,6% құрайды.

Іс-шаралар саны бойынша көшбасшылар Алматы (452/ 19,9%), Ақмола (351/ 15,4%), Павлодар (447 / 19,7%) облыстары. Іс-шаралар саны бойынша ең төменгі көрсеткіштер – Нұр-Сұлтан қаласы (8/ 0,35%), Алматы (4/ 0,2%), Қарағанды облысы (12/0,5%). Нұр-Сұлтан қаласында, Алматы және Қарағанды облыстарында іс-шаралар өткізілмеді.

Өңірлердің 60% 2017, 2018, 2019 жылдары іс-шаралар санының өсуінің тұрақты көрсеткіштері байқалады. 2018 жылдан бастап Ақмола (4 есе), Павлодар (8 есе), Қостанай (1,2 есе) облыстарында іс-шаралар санының төмендеуі орын алған, мұның өзі іс-шараларға қатысушылар санының төмендеуінен көрініс табады (Павлодар облысынан басқа).

Арнайы жобаның жүзеге асырылуын талдау жылдар бойынша негізгі көрсеткіштердің өсу үрдісін көрсетеді (21-сурет). Ең үлкен динами-

каны «Тұрғындарды арнайы жобаға қатысуға тарту» көрсеткіші көрсетіп отыр: 2018 жылдан 2019 жылға дейін өсім 214% құрады, мұнда 2019 жылғы іс-шаралардың саны 2018 жыл деңгейін сақтап отыр. Сонымен, 2019 жылы өткізілетін іс-шаралардың бұқаралығына басты назар аударылған.

ЖБ ең көп қаражаты 2017 жылы жұмсалды (ЖБ барлық жұмсалған қаражатының 63%). Жалпы, көрсеткіштерді талдау жұмыстың үдемелі сипатын көрсетеді, мұның өзі өңірлердің арнайы жобаны жүйелі түрде жүзеге асыруға кіріскенін көрсетеді.

#### Арнайы жобаның өңірлер бойынша жүзеге асырылуын талдау

Нұр-Сұлтан қаласында 9 ай ішінде 700 адамды қамтыған 8 іс-шара өткізілді, мұның өзі республика бойынша жүзеге асырылған іс-шаралардың 0,3% құрайды.

Оқулықтармен қамтамасыз ету астананың барлық жоғары оқу орындарының жалпы саны-

ның 20% құрайды. Арнайы жобаны жүзеге асыру негізінен сандық міндеттерді орындау бағытында жүргізілген: жоғары оқу орындарының, кітапханалардың кітаппен қамтамасыз етілуін арттыру. 2017, 2018 жылдары осы оқулықтарды ілгерілету, сапалық жағынан игеру бойынша іс-шаралар жүргізілген жоқ.

Еліміздің жоғары оқу орындары осы оқулықтарды оқу процесіне енгізу бойынша Жол картасын бекіткен, алайда қазіргі уақытқа дейін Нұр-Сұлтан қаласы бойынша оларды ғылыми-зерттеу және оқу процесінде пайдалану нәтижелі деңгейге жеткен жоқ.

Алматы қаласында 9 ай ішінде 2020 адамды қамтыған 4 іс-шара өткізілді, бұл республика бойынша жүзеге асырылған іс-шаралардың 0,53% құрайды.

Аударылған оқулықтармен мазмұндық та-нысуға бағытталған іс-шаралар туралы: зияткерлік және шығармашылық байқаулар, студент жастардың диалог алаңы бойынша ақпарат

20-сурет. Өңірлер жіктелісінде «Іс-шаралар саны», «Тұрғындарды арнайы жобаға қатысуға тарту» көрсеткіштерінің динамикасы

Өңір	2017 ж.		2018 ж.		2019 ж. 9 айы	
	Тұрғындарды қамту	Іс-шара саны	Тұрғындарды қамту	Іс-шара саны	Тұрғындарды қамту	Іс-шара саны
Нұр-Сұлтан қаласы		0		0	700	8
Алматы қаласы					2 020	4
Шымкент қаласы					16 875	65
Ақмола облысы	76 765	118	80 596	187	2 393	46
Ақтөбе облысы	2900	36	6500	28	13350	25
Алматы облысы	8 109	144	16 229	173	25 560	135
Атырау облысы	20 000	5	50 000	24	300 000	22
ШҚО	2 943	24	912	18	10 280	22
Жамбыл облысы	296	6		2	3 330	44
БҚО	7 654	41	3 540	95	19 216	92
Қарағанды облысы					10 501	12
Қостанай облысы	0	0	15 000	75	7 331	61
Қызылорда облысы	49 955	10	27 875	21	14 005	31
Маңғыстау облысы	120 000	7	110 000	11	350 000	17
Павлодар облысы	16 250	101		311	59 460	35
СҚО	3 000	15	4 200	15	6 698	108
Түркістан облысы					25 000	21
ОҚО	14 151	35	15 000	18		
<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>322 023</b>	<b>542</b>	<b>329 852</b>	<b>978</b>	<b>866 719</b>	<b>748</b>



берілмеген. Сонымен, «Тұрғындарды арнайы жобаға қатысумен қамту» көрсеткіші бойынша Алматы республикада арнайы жобаға барлық қатысушы ішінде ең төменгі нәтижені көрсетіп отыр – 0,13%.

**Шымкент қаласы бойынша** арнайы жобаның жүзеге асырылуының сандық көрсеткіштерінің жеке есебі 2019 жылдан бастап жүргізіледі. Қазіргі уақытта қаланың 17 жоғары оқу орындарынан 10 университет оқулықтармен қамтамасыз етілген (қамтамасыз етілу ЖОО жалпы санының 58,8% құрайды), сондай-ақ 39 кітапхана және «Отырар» орталық ғылыми кітапханасының филиалдары қамтамасыз етілген.

Барлық оқулықтар білім беру процесіне енгізілген.

Жаңа оқулықтарды ақпараттық ілгерілету бойынша қаланың барлық жоғары оқу орындарында кітаптардың тұсаукесері, көрмелері өткізілді (Әуезов атындағы ОҚМУ).

Арнайы жобаны жүзеге асыруға қосымша демеушілер қаражаты бөлінген, ол 2 158 000 теңгені құрайды.

Жалпы, 2019 жылға 13 іс-шара өткізу жоспарланған, өткізілгені – 65. Тұрғындарды іс-шаралармен қамту 16 875 адамды құрайды.

Сонымен қатар, аударылған оқулықтардың білім беру процесінде пайдаланылуы туралы ақпарат жоқ. Мысалы, олардың негізінде жеке арнайы курстар құру, тақырыптық талқылау жүргізу, пікірталас алаңдарын құру.

**Ақмола облысында** арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар барлық бағыттарда тұрақты көрсеткіштер көрсетуде және 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы ішінде біркелкі жүзеге асырылды.

Қосымша 190 000 теңге көлемінде демеушілер қаражаты пайдаланылды. Облыстағы 6 ЖОО ішінде 4-еуі жаңа оқулықтармен қамтамасыз етілген (қамтамасыз етілу ЖОО жалпы санының 66,6% құрайды), сондай-ақ, 26 кітапхана

қамтамасыз етілген. 2 жыл 9 ай ішінде 159 754 адамды қамтыған 351 іс-шара өткізілді, бұл республика бойынша өткізілген іс-шаралардың жалпы санының 15,4% құрайды.

Аударылған оқулықтарды ілгерілету бойынша жүргізілген іс-шаралардың негізгі форматтары ЖОО оқытушылары мен студент жастар арасында пікірталастар, дөңгелек үстелдер форматында өтті.

**Ақтөбе облысында** 2 жыл 9 ай ішінде 22 750 адамды қамтыған 89 іс-шара өткізілді.

Жаңа оқулықтармен 6 білім беру мекемесі (қамтамасыз етілуі 100% құрайды), 11 кітапхана қамтамасыз етілді. Арнайы жобаны жүзеге асыруға 500 000 теңге сомасында демеушілер қаражаты тартылды.


Облыста аударылған оқулықтарды оқу процесіне енгізу бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Барлық оқулықтар Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің білім беру бағдарламаларына енгізілген, 2018-2019 оқу жылында «Таңдау пәндері» топтамасы бойынша аударылған оқулықтар негізінде жасалынған 14 жаңа пән енгізілді. 2019 жылы қаңтарда педагогтар арасында Стивен Ковидің «Жасампаз адамдардың жеті дағдысы» кітабы бойынша тренинг өткізілді.

Аударылған оқулықтарды ақпараттық ілгерілету бойынша Ақтөбе облысының барлық жоғары оқу орындарында презентациялар, көрмелер, өзге де ақпараттық-имидждік іс-шаралар өткізіледі.

Сонымен қатар, осы оқулықтармен танысуға қызығушылық деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар өткізу жағынан алып қарағанда жүйелі жұмыс жүргізу тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған. Стивен Ковидің кітабын талқылау бойынша өзекті іс-шара бір реттік сипатта болып отыр.

**Алматы облысында** барлық сандық көрсеткіштері бойынша жоғары көрсеткіштер байқа-

## 21-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша жиынтық көрсеткіштердегі өзгерістер



лады. Жаңа оқулықтармен 3 жоғары оқу орны (қамтамасыз етілуі 100%), 10 кітапхана қамтамасыз етілді.

Арнайы жобаны жүзеге асыру жүйелі негізге қойылған, іс-шаралар саны, тұрғындармен қамту жылдар бойынша біркелкі бөлінген.

Ақпараттық-имидждік іс-шаралар облыстың көптеген аудандарының кітапханаларында өткізілді. Бірыңғай бағыттағы түрлі іс-шараларды біріктіру нәтижелі формат болып табылады.

Мысалы, Талдықорғанда Қазақстанның жас ақындары мен жазушыларының кітап көрмесінде ҚР Ұлттық аударма бюросы қазақ тіліне аударылған кітаптар туралы бейнефильм көрсеткен. Арнайы жоба міндеттерін жүзеге асыруға бірінбірі толықтыратын көзқарас тұрғындар арасында ағарту жұмыстарын жүргізу міндетін кешенді шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта жаңа оқулықтардың оқу процесіне енгізілуі, оқулықтардың мазмұндық контентімен танысу бойынша іс-шаралар өткізілгені туралы ақпарат жоқ.

**Атырау облысында** 2 жыл 9 ай ішінде 370 020 адамды қамтыған 51 іс-шара өткізілді. Жаңа оқулықтармен 28 білім беру мекемесі (ЖОО қамтамасыз етілуі 100%), 155 кітапхана қамтамасыз етеді.

**Шығыс Қазақстан** облысында 2 жыл 9 ай ішінде 14 135 адамды қамтыған 64 іс-шара өткізілді. Жаңа оқулықтармен 47 білім беру мекемесі (ЖОО қамтамасыз етілуі 100%), 47 кітапхана қамтамасыз етілді.

**Жамбыл облысында** «100 жаңа оқулық» арнайы жобасы шеңберінде 3 білім беру мекемесі, 51 кітапхана жаңа оқулықтармен қамтамасыз етілді. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша 1873 адамды қамтыған 52 іс-шара өткізілді.

Жалпы, осы арнайы жоба бойынша өңірдегі жұмыс барлық бағыттар бойынша жүргізілуде. Жоғары оқу орындарының жоба шеңберінде шығарылған оқулықтармен қамтамасыз етілуі 100% құрайды. Оқулықтар оқу бағдарламаларына енгізілді, олардың электронды нұсқалары облыстық кітапхананың веб-порталы арқылы қолжетімді. QR-код қою бойынша жұмыстар аяқталды.

2019 жылы іс-шаралар санының елеулі көлемде өсуі орын алды. Жұмыста осы оқулықтардың мазмұнын аудан орталықтарындағы ТЖБ студенттері арасында насихаттауға негізгі басымдық берілді. Іс-шаралардың түрлі форматта – әдеби кештер, ақпараттық шолулар, семинар-тренингтер, көрмелер түрінде өткізілуі өзекті болып табылады. Іс-шаралармен облыстың 4 ауданы қамтылды.

Сонымен қатар, өткізілген іс-шаралардың нәтижелілігінің жеткіліксіздігін атап өтуге болады: спикерлер анықталмаған, жекелеме іс-шаралардың тақырыптары жанама сипатта болып келеді, таңдап алынған формат соңғы нәтижеге қол жеткізуге бағытталмаған. Мысалы, «Шуақты өлке шұғыласы» әдеби-музыкалық

кештің ұйымдастырылуы, оның мақсаты – берілген ақпаратқа сәйкес, патриотизмге тәрбиелеу.

**Батыс Қазақстан облысында** «100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 30 410 адамды қамтыған 228 іс-шара өткізілді, бұл республика бойынша өткізілген іс-шаралардың 10,1% құрайды. Қазіргі уақытта облыстың 7 жоғары оқу орнының 4-еуі, сондай-ақ 342 кітапхана оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Арнайы жобаны және аударылған кітаптарды ақпараттық-имидждік ілгерілету бағыты бойынша жүйелі іс-шаралар өткізіледі: көшпелі көрмелер, презентациялар, әңгімелер. Жалпы іс-шаралармен облыс аудандарының көпшілігі қамтылған.

Меценаттар ұйымдастырған жоба нәтижелі болып табылады. Байқаудың мақсаты – аударылған кітаптардың мазмұнымен терең танысқан студенттер санын арттыру. Ол үшін кітапты оқу қорытындысы бойынша жазылған жалпы сыйақы қоры 1 млн. теңгені құраған үздік шығарма байқауы ұйымдастырылды.

**Қарағанды облысында** арнайы жоба аясында 2019 жылдың 9 айы ішінде 10 501 адамды қамтыған 12 іс-шара өткізілді, бұл республикалық көрсеткіштердің 0,5% құрайды. Қазіргі уақытта арнайы жоба шеңберінде жаңа оқулықтармен өңірдің 47 білім беру мекемесі және 47 кітапханасы қамтамасыз етілген (ЖОО қамтамасыз етілуі 100%). 2019 жылы арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 54 600 000 теңге бөлінді.

2017, 2018 жылдары жобаны ілгерілету және кітаптарды насихаттау бойынша жұмыстардың жүргізілмегендігін атап өтуіміз қажет. 2019 жыл ішінде бірнеше ірі жобалар жүзеге асырылды: қала кітапханалары мен оқу орындарында «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» көрмесі, «Бір кітап – бір әлем» акциясы, «100 жаңа кітап» зияткерлік ойындары.

Осы оқулықтарды оқу процесіне енгізу бағыты бойынша «Философия тарихы» таңдау пәні енгізілді, «Адамдар оқуды тоқтатқан кезде ойлануды да тоқтатады» тақырыбында шеберлік класы өткізілді, «Ақылды кітапхана» / «Smart library» жобасы жүзеге асырылды.

Жалпы, 2019 жыл ішіндегі арнайы жобаның сандық және сапалық көрсеткіштері жаңа кітаптардың танымалдығы мен білім беру процесінде пайдаланылуын арттыру бойынша жүзеге асырылған жобалардың сабақтастығын көрсетеді.

**Қостанай облысында** «100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 22 331 адамды қамтыған 136 іс-шара өткізілді, қамту республикалық көрсеткіштердің 5,9% құрайды. Оқулықтармен 42 білім беру мекемесі және 40 кітапхана қамтамасыз етілді. Арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар 2018 жылы басталды.

Қазіргі уақытта кітаптарды тұрғындар арасында ақпараттық жарық көрсету мен насихаттау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

**Қызылорда облысы.** Арнайы жобаны жүзеге асыру барысында 91 835 адамды қамтыған 62 іс-шара өткізілді, бұл республикалық көрсеткіштердің 2,7% құрайды. Жаңа оқулықтармен облыстың 9 университетінің 5-і, сондай-ақ, 7 кітапхана қамтамасыз етілді.

Талдау арнайы жобаны жүзеге асыру бүкіл кезең ішінде мақсатты түрде жүргізілгендігін көрсетеді. 2017 жылы негізгі жұмыстар тұрғындарды аударылған оқулықтармен және жалпы, арнайы жобамен таныстыруға бағытталды.

«Business book» тақырыбында жас оқырмандармен кездесулер ұйымдастырылды, «100 жаңа оқулық және ғылым мен білім берудің өзекті мәселелері» өңірлік конференция өткізілді, «Ашық көрме» көрмесі, «Reading Time» оқырмандар сағаты өткізілді. Кітапхана қызметкерлері мектеп түлектерімен ұйымдастырған «100 жаңа оқулық» білімінің көкжиегі» пікірталас жобасы алаңы өзекті болып табылады. Мұндай іс-шараның форматын жоғары оқу орындарының, өзге де білім беру мекемелерінің студенттерін қатыстыру арқылы кеңейтуге болады.

Алайда іс-шаралар санының өскеніне қарамастан, тұрғындарды қамтудың теріс динамикасы байқалады, бұл өткізілген іс-шаралардың саны мен форматын талдауды қажет ететіндігін көрсетеді.

**Маңғыстау облысында** арнайы жоба аясында 9 ай ішінде 580 000 адамды қамтыған 35 іс-шара өткізілді.

Жаңа оқулықтармен 5 білім беру мекемесі (ЖОО қамтамасыз етілуі 100%) және 5 кітапхана қамтамасыз етілді.

Маңғыстау облысында жұмыс барлық бағыттар бойынша жолға қойылған. Қала кітапханаларында, Ш. Есенов атындағы КГУТИ кітаптардың тұсаукесері өткізілді. Аударылған оқулықтарды оқу процесіне енгізу бойынша жұмыстар жүйелі негізге қойылған. КГУТИ оқу жоспарына «таңдау пәні» топтамасы бойынша төрт пән енгізілді. Барлық оқулықтар білім беру бағдарламаларына, сонымен қатар, оқу процесіне аударылған оқулықтар негізінде әзірленген «Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған онлайн-курстар бағдарламасы» білім беру модулі енгізілді. Барлық мамандықтар бойынша магистрлік диссертациялар мен студенттердің диплом жұмыстарының тақырыптарының тізіміне «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары бойынша жаңа тақырыптар енгізілді. Маңғыстау облысы тұрғындарды қамтудың ең жоғары көрсеткішіне қол жеткізіп отыр, ол республикалық көрсеткіштің 40,4% құрайды.

**Павлодар облысында** «100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында 2 жыл 9 ай ішінде 86 870 адамды қамтыған 447 іс-шара өткізілді. 6 білім беру мекемесі және 2 кітапхана жаңа оқулықтармен қамтамасыз етілді. Диаграммалардан ең көп іс-шара саны Павлодар облысына келетіндігін көруге болады.

**Солтүстік Қазақстан облысында** арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде 13 898 адамды

қамтыған 138 іс-шара өткізілді. Жаңа оқулықтармен 2 білім беру мекемесі (оқулықтармен қамтамасыз етілуі 100% құрайды) және 2 кітапхана қамтамасыз етілді.

Облыста арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша бүкіл кезең ішінде сандық көрсеткіштердің өсімі байқалады. Жұмыстың оң жағы жұмыспен тек облыс орталығын қамтып қана қоймай, аудандар мен ауыл округтерінің де қамтылуы болып табылады. Мысалы, «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» Нижнебурлук ауылдық кітапханасында лайд-презентация өткізілді, оның спикері – ауыл кітапханашысы Вербицкая М.М. «Көшбасшы – оқырман» байқауы өзекті болып табылады.

**Түркістан облысында** 9 ай ішінде 54 151 адамды қамтыған 74 іс-шара өткізілді, бұл республикалық көрсеткіштердің 3,2% құрайды. Білім беру мекемелерін, кітапханаларды оқулықтармен қамтамасыз ету бағыты бойынша жаңа оқулықтармен 2 білім беру мекемесі және 2 кітапхана толық қамтамасыз етілді. ЖОО қамтамасыз етілуі 100% құрайды.

Жаңа оқулықтарды ілгерілету бойынша жоғары оқу орындары кітапханаларында аударылған 17 оқулықтың тұсаукесерлері өткізілді, арнайы жобаны насихаттаумен байланысты арнайы бұрыштар мен стендтер құрылған.

Сонымен қатар, «Сырдария» университетінде жаңа оқулықтар сканерленіп, университет сайтына орналастырылды.

Өткен кезең ішінде білім беру мекемелерін жаңа оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша да, оны тұрғындар арасында ілгерілету бойынша да жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, өңірдің көптеген кітапханалары жаңа оқулықтармен қамтамасыз етілмеген осы оқулықтарды оқушылар арасында ілгерілету бойынша зияткерлік байқаулар, викториналар, білім беру мекемелері студенттері арасындағы пікірталастар түріндегі жұмыстар жүргізілмеген.

## **АРНАЙЫ ЖОБАНЫҢ 2 ЖЫЛ 9 АЙ ІШІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ**

### **1. Іс-шаралардың сапасын талдау**

Арнайы жобаны жүзеге асыруда жалпы нәтижені қалыптастыруға өткізілген іс-шаралардың сапалық деңгейі, таңдап алынған форматы, өткізілген уақыты мен орыны, контенттің мақсатты аудиторияға сәйкестігі және т.б. елеулі көлемде ықпал етеді. Есепті кезең ішінде арнайы жобаны жүзеге асыруда іс-шараны өткізудің әр түрлі форматтары пайдаланылды:

- Кітаптарды оқу процесінде мазмұндық пайдалану бойынша педагогтар арасында семинар (Ақтөбе, Түркістан облыстары).

- Жүргізілген жұмыстарды талдау және алдағы уақытқа ұсыныстар жасау арқылы ғылыми-тәжірибелік конференциялар (Ақмола, Қызылорда облыстары).

- Аударылған кітаптарды пайдаланудың саны мен сапасы туралы кері байланыс алуға бағытталған әлеуметтанулық зерттеу (Ақтөбе



облысы).

- Аударылған кітаптарды студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалану (Жамбыл, Маңғыстау облыстары).

- Жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізу (барлық өңірлер).

- Аударылған оқулықтар негізінде жаңа арнайы курстар енгізу (Ақтөбе, Қарағанды, Маңғыстау облыстары).

- кітапханалардың веб-порталдарында қолжетімді болатын кітаптардың электрондық нұсқаларын, кітаптардың QR-кодын әзірлеу (Жамбыл, Қарағанды, Түркістан облыстары).

- Көрмелер, презентациялар ұйымдастыру, стендтер рәсімдеу (барлық өңірлер).

- кітап мазмұнымен танысуға бағытталған байқаулар, акциялар, зияткерлік ойындар ұйымдастыру (барлық өңірлер).

БҚО меценаттары ұйымдастырған іс-шара нәтижелі болып табылады. Жобаның мақсаты – аударылған кітаптардың мазмұнымен терең танысқан студенттер санын арттыру. Ол үшін кітапты оқу қорытындысы бойынша жазылған үздік шығарма байқауы ұйымдастырылды. Жалпы сыйақы қоры 1 млн. теңгені құрады.

Арнайы жобаның басты міндеттерінің бірі – аударылған оқулықтарды мазмұнды зерттеу, оларды білім беру процесінде пайдалану.

Арнайы жобаның басты мақсаты – қоғамдық сананы жаңғыр-туға қол жеткізу осы оқулықтардың мазмұнымен танысу арқылы ғана мүмкін болады. Соған байланысты Қарағанды, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарында жүргізілген жұмыстар өзекті болып табылды. Мысалы, КГУТИ оқу жоспарына «Таңдау пәні» топтамасы бойынша төрт пән енгізілген, аударылған кітаптар негізінде жасалынған «Онлайн курс бағдарламалары» білім беру модулі енгізілді. Барлық мамандықтар бойынша магистрлік диссертациялар мен студенттердің дипломдық жұмыстары тақырыптары тізіміне «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары бойынша жаңа тақырыптар енгізілді. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде «Таңдау пәні» топтамасы бойынша аударылған оқулықтар негізінде құрастырылған 14 жаңа пән енгізілген. Мұндай жұмыстармен жоғарыда аталған облыстардың барлығы қамтылған.

Сонымен, іс-шаралардың форматы бойынша жасалынған талдау алға қойылған міндетті шешуге түрлі көзқарастардың бар екендігін көрсетеді, ол өз кезегінде арнайы жобаның мақсаты мен міндеттеріне неғұрлым нәтижелі қол жеткізуге ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, жұмыс нәтижелілігін төмендететін факторлар да кездеседі. Бұл – ең алдымен арнайы жобада қойылған міндеттерді шешуге бағытталмаған, өңірлердің жоғары сандық көрсеткіштерге жетуге ұмтылысын ғана көрсететін іс-шаралардың өткізілуі. Мысалы, Ақтөбе облысы өткізілген іс-шаралар саны бойынша жоғары көрсеткіш көрсетіп отыр, бірақ

онда арнайы жоба тақырыбына сәйкес келмейтін іс-шаралар да қосылған. Мысалы шет елде университет оқытушыларының 100 үздік ғылыми мақалаларының электрондық нұсқасының шығарылуы, 34 ақын, жазушылардың үздік шығармалары енген 27 томдық «Ақтөбе кітапханасы» кітаптар сериясының шығарылуы («Парыз» қоғамдық қорының демеушілік қаражаты есебінен 52 млн. теңге), «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры және «Нұр Отан» партиясының бірлесе отырып өткізген профессорлық-оқытушылық құрамның кітаптарының 55 электрондық нұсқасын презентациялаған «Қазақстанның ашық кітапханасы» жобасы. Шығыс Қазақстан облысында – қазақ тілі бойынша эрудиттер байқауының өткізілуі. Жалпы, әрбір өңірде арнайы жобаның мақсаттарына сәйкес келмейтін іс-шаралар өткізіледі, алайда олар жалпы алғанда маңызды міндеттерді шешуге бағытталған.

## **2. Сандық көрсеткіштерді талдау**

Жылдар жіктелісінде сандық көрсеткіштер динамикасын талдау («іс-шаралар саны», «тұрғындардың қамтылуы») өңірлердің көпшілігінде тұрақты өсім орын алғандығын көрсетеді (20-сурет). Бұл, ең алдымен кітаптардың университеттерге, колледждерге, кітапханаларға кезеңдеп түсуімен, 2018 жылдан бастап олардың санының артуымен, сондай-ақ арнайы жобаның мазмұндық контентін қарастыру процестерімен негізделеді.

Осы сандық көрсеткіштер аударылған кітаптардың оқу процесінде пайдалану мүмкіншіліктерінің өсуінің тікелей корреляторы болып табылады. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде осы көрсеткіштер бойынша төмен көрсеткіштер көрсетіліп отыр. Алматы қаласында, Нұр-Сұлтан қаласында және Қарағанды облысында ЖОО, НЗМ саны көп және сәйкесінше кітаптарға қажеттілік жоғары дәрежеде болғанымен, төмен көрсеткіштер байқалады, тиісінше қазіргі уақытта осы оқулықтарға ең көп қажеттілік пен сұранысқа ие бола отырып, өткізілген іс-шаралар саны, тұрғындарды арнайы жобаға қатысумен қамту көрсеткіштері бойынша ең төменгі көрсеткіштерді көрсетіп отыр.

## **3. Міндеттерді жүзеге асырудың жүйелілігі**

Арнайы жобаның тиімді жүзеге асырылуының нәтижелілігі міндеттерді кешенді және жүйелі іске асыру мен байланысты. Соған байланысты жұмыс үш негізгі бағыт бойынша біркелкі бөлінуі тиіс: кітаптарды тұрғындар, ең алдымен оқушылар арасында насихаттау; кітаптардың мазмұндық контентін ақпараттық сүйемелдеу; оларды зерттеу және оқу процесіне енгізудің түрлі форматтарын пайдалану. Қазіргі уақытта өңірлердің көпшілігінде арнайы жобаны ілгерілету бойынша ақпараттық жұмыстарды ұйымдастыруға басымдық берілген. Ал осы оқулықтарды оқу процесі мен жобаларға енгізу, кітаптарды оқуға қызығушылықты арттыруға бағытталған, жастар үшін қызықты диалогтық алаңдар, пікір-

таластар форматтарында кітаптармен танысуға қызығушылықты арттыру мақсатындағы іс-шараларға жеткілікті назар аударылмаған. Сол себепті жүргізілген жұмыстарға қарамастан, оқушылар кітаптардың мазмұнын оқу және зерттеу процестерінде пайдалану мүмкіншіліктері туралы аз хабардар етілген. Эксперттік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, оған қатысқандардың тек 21,7% арнайы жоба туралы хабардар екенін көрсеткен<sup>6</sup>.

#### **4. Кітапханалардың аударылған оқулықтармен қамтамасыз етілуі.**

Арнайы жобаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі көп жағдайда осы кітаптарды насихаттау бойынша кітапханалар жүргізетін жұмыстарға сәйкес кітапханалардың қамтамасыз етілуімен негізделеді. Талдау көрсетіп отырғандай, өңірлердің көптеген кітапханалары осы кітаптармен қамтамасыз етілмеген. Кітапханалардың аударылған кітаптармен қамтамасыз етілуінің ең жоғары көрсеткішін Батыс Қазақстан, Атырау облыстары, Шымкент қаласы көрсетіп отыр. Солтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда облыстарының кітапханалары кітаптармен іс жүзінде қамтамасыз етілмеген.

Кітапхана қорын жаңа, алдыңғы қатарлы оқулықтармен қамтамасыз етудің іске асырылмауы, олардың қызметінің нәтижелілігін төмендетеді. Азаматтардың барлық санаттары қала кітапханаларына барады, сондықтан да оларда осы және өзге де өзекті кітаптардың болуы тұрғындардың әдебиеттерді оқуға қызығушылығының артуына, кітапханалардың зияткерлік бос уақыт өткізу құралы және сананы жаңғыртушы ретіндегі танымалдығының артуына ықпал ететін болады.

**5. «100 жаңа оқулық» арнайы жобасы** ерекше бәсекеге қабілеттілік артықшылығына ие. Оның мақсаттарына – қоғамдық сананы жаңғыртуға – нақты қол жеткізу үшін тиісті әлеуметтік мәртебеге, өмірлік тәжірибеге, беделге ие бүкіл ғылыми, мәдени және бизнес қауымдастығының кешенді түрде құш жұмсауы қажет.

Қазіргі уақытта барлық дерлік өңірлерде спикерлер, іс-шараларды ұйымдастырушылар қызметін студенттер, оқытушылар, кітапхана қызметкерлері атқарып келеді. Осы оқулықтарды ілгерілету бойынша іс жүзіндегі бір де бір іс-шараны белгілі ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, бизнесмендер өткізбейді. Соған байланысты, кітаптарға терең контент-талдау жасауға бағытталған іс-шаралардың сапасын арттыру мақсатында мәдениет, саясат, ғылым, бизнес элиталарын, қоғам қайраткерлерін, барлық деңгейлердегі депутаттарды қатысу үшін тарту ұсынылады.

**6. Арнайы жобаны ақпараттық-имидждік ілгерілету** тұрғындардың жүзеге асырылып отырған жұмыстары туралы хабардар болуының жоғары дәрежеде екендігін көрсетпейді. Қолда бар ақпарат өзінің мазмұны мен сапасына қарай мақсатты аудиторияның форматына сәй-

кес келмейді, сондай-ақ тұрғындардың аталған кітаптарды оқып, танысуға қызығушылығының өсуіне ықпал етпейді.

#### **АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАТЕРЛЕР**

1. ӨЖО жұмысының өңірдің білім беру мекемелерімен үйлестірілуінің төмен деңгейі арнайы жобаның іс-шараларын жоспарлау және нақты жүзеге асыру сапасын төмендетеді, сондай-ақ жобаның жүзеге асырылуы барысы туралы жалпы ақпараттану деңгейін төмендетеді. Бұл жұмыстардың сапасын арттыру іс-шаралардың жүй-

елі негізде жоспарлануына, жүзеге асырылған жобалардың саны мен сапасына тұрақты мониторинг жүргізілуіне ықпал ететін болады, мұның өзі соңғы нәтижесінде жүргізілген жұмыстардың барынша тиімді нәтижелер беруіне ықпал етеді.

2. Арнайы жобаны жүзеге асыруға формалды көзқарасты өңірлердің көпшілігі аударылған кітаптар туралы ақпаратандыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлайтындығынан байқауға болады. Кітаптардың мазмұнын талқылауға, аударылған кітаптарды күнделікті өмірде пайдалану мүмкіншіліктерін талқылауға бағытталған іс-шаралар жеткіліксіз және өте төмен деңгейде жүргізіледі.

3. Жоғары сандық көрсеткіштерге қол жеткізу үрдісінің орын алуы. Мысалы, Маңғыстау облысы 2 жыл 9 ай ішінде 580 000 адамды қамту көрсеткішін көрсеткен, сонымен бір мезетте бар жоғы 35 іс-шара өткізілген. Орта есеппен алғанда, әрбір іс-шараға шамамен 16 571 адам қатысқан. Оны іс жүзінде жүзеге асырудың қиын екенін айтпағанның өзінде сандық көзқарас Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижелілігін төмендетеді.

4. Аударылған кітаптардың сапасына мониторинг жүргізудің, оларды нақты режимде пайдаланудың (кітапханаларда, Open-U сайтында) жеткіліксіз деңгейде болуы олардың пайдаланылуы мен қажеттігінің шынайы бағамын жасауға мүмкіндік бермейді.

5. Тұрғындардың арнайы жоба туралы хабардарлығының төмен деңгейі, арнайы жобаны ақпараттық ілгерілетудің жаңа маркетингтік стратегиясының болмауы.

6. Оқулықтарды іріктеу, аударма сапасы, оқылу деңгейі, білім беру процесіндегі нақты қажеттілігі туралы ашық қоғамдық талқылаулар өткізудің төмен деңгейі.

7. Берілген есепті ақпараттың объективті болмауы. Мысалы, берілген есепке сәйкес, Батыс Қазақстан облысында арнайы жоба шеңберінде тек 2019 жылдың өзінде жаңа кітаптармен 342 кітапхана қамтамасыз етілген, ал республикадағы орташа көрсеткіш 20 кітапхананы құрайды.

#### **ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШІМ ЖОЛДАРЫ**

1. «Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқу-

<sup>6</sup> «Рухани жаңғыру» бағдарламаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі әлеуметтанулық зерттеуі: «Жастар» ғылыми – зерттеу орталығы» ЖШС, 2019 ж.



лық» арнайы жобасын жүзеге асыру бойынша жинақталған тәжірибені есепке ала отырып, арнайы жобаның қоғамдық сананың жаңғыруын көрсететін өзекті көрсеткіштерін, индикаторларын, сондай-ақ іс-шаралардың тиімді форматтарын енгізе отырып, «Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық» арнайы жобасын жүзеге асыру тұжырымдамасын өзектендіру ұсынылады.

2. Оқулықтарды таңдап алу мақсаттарына жүйелі талдау жүргізу, оның негізінде мемлекеттік тілге аудару үшін оқу әдебиеттерін таңдап алудың сапалық бағамдарын әзірлеу. Әдебиеттерді іріктеуді ашық режимде жүзеге асыру.

3. Арнайы жобаны жүзеге асыруда барынша нәтижелілікке қол жеткізу мақсатында барлық жоғары оқу орындарында, кітапханаларда жүйелі негізде аударылған кітаптардың өзектілігі мен мазмұндылығын талқылауға бағытталған түрлі форматтағы іс-шаралар өткізу (book dating, дөңгелек үстелдер, лекторийлер). Мұндай іс-шаралармен студенттерді, педагогтарды, мектеп оқушыларын қамту ұсынылады. Талқылауға спикерлер ретінде ғалымдарды, мәдениет, қоғам қайраткерлерін, педагогтарды тарту ұсынылады.

4. Кітаптардың білім беру мекемелеріне келіп түсуіне қарай олардың өзектілігі, аударма сапасы, оқуға жеңіл болуы (рәсімделуі, шрифті, суреттерінің сапасы және т.б.), аударылған кітаптардың білім беру процесінде қажет етілуін талдау мақсатында мониторинг жүргізу.

5. Өңірлік жобалық офистерге іс-шараларды кешенді, жүйелі негізде жоспарлау ұсынылады. Алға қойылған міндеттерді шешудің түрлі жолдарын есепке ала отырып, іс-шараларды ақпараттық ілгерілетушілік (көрме, презентация, жарнама), кітаптардың мазмұндық жағын зерттеуге бағытталған еркін форматтағы іс-шаралар (зияткерлік байқаулар, шығармашылық іс-шаралар, диалог алаңдары) және оларды оқу процесіне енгізу арқылы ғылыми-білім беру шараларын жүзеге асыру бойынша пропорционалды бөлу ұсынылады.

6. Ұлттық аударма бюросына арнайы жобаның басты операторы ретінде оқытушылармен, ӨЖО қызметкерлерімен, университет студенттерімен және БАҚ өкілдерімен жүйелі негізде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

7. Жоғары оқу орындарына «Таңдау пәндері» топтамасы бойынша білім беру бағдарламаларына аударылған оқулықтар негізінде әзірленген арнайы курстарды енгізу, сонымен қатар, есепке осы арнайы курстарды оқып шыққан студенттер санын енгізу ұсынылады.

8. Қазіргі әлемде кітап оқуға қызығушылықтың төмендеуі мәселесі өзекті болып табылады. Соған байланысты, кітапханаларда осы мәселені шешудің үлкен мүмкіншіліктері бар. Ыңғайлы инфрақұрылыммен, Интернет мүмкіншіліктерімен жарақтандыру, өзекті әдебиеттермен қамтамасыз ету арқылы көптеген елді мекендер кітапханалары (әсіресе ауыл-

дар мен аудандардың) зияткерлік демалыс орталықтарына айнала алады.

Соған байланысты кітапхана қорларын арнайы жоба аясында аударылған оқулықтармен толықтыру, оларды жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету, кітапханаларда жаңа кітаптардың тұрақты көрмелерін ұйымдастыру, сондай-ақ өзекті заманауи форматта ақпараттық жұмыстар жүргізу ұсынылады.

9. Жоғары оқу орындарына оқу орынын «Қазақстанның ашық университеті – Open-U» туралы ақпараттандыру бойынша жұмыстардың беелсенділігін арттыруды ұсынамыз. Оқу процесіне аударылған оқулықтар бойынша бейне дәрістерді қарауды, сондай-ақ Open-U сайтында қолжетімді TED форматындағы тақырыптық әңгімелер мен талқылаулар ұйымдастыруды ұсынамыз.

#### **4. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасының өзектілігі рухани бірегейлікті қалыптастыру және қолдау, өркениеттің қазіргі қатерлері жағдайында қоғамның рухани дамуының маңыздылығымен негізделеді. Қазіргі уақытта бұл жоба еліміздегі ең белсенді жүзеге асырылып келе жатқан жобалардың бірі болып табылады.

Бұл жобаның негізгі мақсаты – ұлттық-мәдени кодты өзектендіру мақсатында Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін, қасиетті орындарын сақтау, қалпына келтіру, насихаттау.

Арнайы жобаның негізгі міндеті Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның мәдени-географиялық белдеуін ұлттық бірегейліктің түпқазық элементтерінің бір ретінде құру» мақаласында анықталған болатын. Үш негізгі міндет қойылды:

- Әрбір қазақстандықтың «Мәдени-географиялық белдеулер» объектілерінің рөлі мен орыны бойынша білім алуы;

- БАҚ-тың қасиетті объектілер бойынша ұлттық ақпараттық жобаларға жүйелі көзқарасы;

- Ішкі және сыртқы мәдени туризмді дамыту үшін халықтың киелі мұрасын насихаттау.

Арнайы жоба аясында негізгі міндеттермен қатар қасиетті объектілердің санын анықтау, қазіргі заманғы туристік кластер құру мақсатында оларды қазіргі заманғы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету міндеттері қойылды.

Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі бағыттары Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құру болды: қасиетті объектілерге экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыру, ішкі туризмді дамытуға қолдау көрсету, қасиетті объектілердің инфрақұрылым және логистика жағынан қолжетімділігін қамтамасыз ету, жастарды халықтың мәдени мұрасын зерттеуге белсенді түрде тарту.

## **АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

Арнайы жоба аясында 2 жыл 9 ай ішінде 3 744 568 адамды қамтыған 11 516 іс-шара өткізілді. Жалпы, арнайы жобаны жүзеге асыруға 15 098 702 650 теңге тартылды. Жергілікті бюджеттен жұмсалған қаражат мөлшері 10 751 836 160 теңгені құрады. 4 346 866 490 теңге сомасына демеушілер қаражаты тартылды. 46 518 экскурсиялар мен экспедициялар өткізілді.

22-суретте «Тұрғындарды қамту», «Іс-шаралар саны» көрсеткіштері бойынша бүкіл есепті кезең ішіндегі көрсеткіштер тұрақты өсім көрсетіп келетіндігін көруге болады. 2018 жылдан бастап іс-шаралар санының төмендеуі Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау облыстарында орын алған. Осы өңірлерде 2018 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат мөлшерінің де азаюы байқалады.

Іс-шаралар санының белсенді артуы Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады. Осы өңірлерде сондай-ақ арнайы жобаға қатысушылар санының артуы орын алған. Жоғарыда аталған өңірлерде жалпы тартылған қаражат көлемінің артуы байқалады (ЖБ және демеушілер қаражаты).

Есепті кезең ішінде ЖБ қаражатын барынша көп мөлшерде пайдаланған ШҚО – 3 687 418 000 теңге, нәтижесінде өңір бойынша инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу 100% құрайды. Өзге көрсеткіштер бойынша өңірлер орташа көрсеткіштер көрсетіп отыр. Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау облыстары ЖБ қаражатын пайдалану бойынша ең төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр, алайда олар демеушілер қаражатын тартқан, мұның өзі оларға өзге көрсеткіштер бойынша орташа көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр.

Демеушілер қаражаты ең көп тартылған Павлодар облысы – 3 058 276 490 теңге, мұның өзі өткізілген іс-шаралар, тұрғындарды қамту сияқты өзге көрсеткіштерге ықпал еткен, олар бойынша облыс 3 орында. Демеушілер қаражаты өңірлердің 76% астамында тартылған (Алматы, ШҚО, СҚО, Алматы, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары).

24-суреттен көріп отырғанымыздай, есепті кезең ішіндегі ЖБ шығындары 10 751 836 160 теңгені, демек, барлық жұмсалған қаражатты 71% құрайды. Жылдар бойынша ЖБ тартудың біркелкі еместігі байқалады. Егер де 2017 жылдан 2018 жылға дейін ЖБ қаражатының өсімі орын алса (1,2 есе), ал 2019 жылы ЖБ көлемінің төмендеуі байқалады (3,7 есе).

Тартылған демеушілер қаражатының сомасы 4 346 866 490 теңгені құрайды, мұның өзі барлық тартылған қаражаттың 29% құрайды, тартылған демеушілер қаражатының көлемі бойынша ең жоғары көрсеткіш 2018 жылға ке-

леді. 2019 жылы демеушілер қаражатын тарту 5 есеге қысқарған.

Жиыны есепті кезең ішіндегі «Тұрғындарды қамту», «Іс-шаралар саны» көрсеткіштері тұрақты өсімді көрсетіп отыр. 2019 жылы бөлінген қаражат сомасының азайғанына қарамастан іс-шаралар саны бойынша өсім жыл сайын кемінде 170%, тұрғындарды қамту бойынша кемінде 120% құрайды.

Арнайы жоба міндеттерінің бірі – экскурсиялар өткізу. Жиыны 46 518 экскурсиялар мен экспедициялар өткізілген. Бұл көрсеткіш те жыл сайын 110% көлемінде тұрақты оң динамиканы көрсетіп отыр.

### **Арнайы жобаның жүзеге асырылуын өңірлер бойынша талдау**

**Нұр-Сұлтан қаласында** есепті кезең ішінде 913 929 адамды қамтыған 38 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 11 455 экспедициялар мен экскурсиялар өткізілген. Бұл көрсеткіш республика бойынша ең жоғары көрсеткіш болып табылады.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша 2017 жылы Бозок» тарихи-мәдени қорығы жобасын құрастыру жұмыстары басталды (2022 ж. дейін). 2018 жылы 44 музей экспонаттарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілді, олардың ішінде С.Сейфуллиннің жеке заттары, «АЛЖИР» музей-мемориалдық кешенінің реквизиттері, «Жастар театры» ИКҚК ғимаратының фасадын жөндеу және т.б. «Куйгенжар» археологиялық ескерткіші, «Шұбар», «Сарқырама» молаларына ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша мектеп оқушылары үшін экспедициялар, оның ішінде «Бозок» қалашығына ұйымдастырылды, онда ғалымдар балаларды туған өлкесінің тарихымен таныстырды.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша «Нұр-Сұлтанның киелі орындары» кітабы басып шығарылды, әр түрлі форматтағы ақпараттық жобалар жүзеге асырылуда.

Қасиетті жерлер бойынша туризмді дамыту бағыты бойынша 2018 жылы мектеп оқушыларының көшпелі экспедициясы, «Тұлпар» қазақ үй этникалық лагері, «Батыр» шатыр лагерлері (3 000 бала) ұйымдастырылды. 2019 жылы «Астананың қасиетті жерлерінің географиясы», «Мәңгілік ел» триумфалдық арка кешені, «АЛЖИР» ерекше экспонаттары тақырыптарына экскурсиялар ұйымдастырылды.

Жалпы Нұр-Сұлтан қаласы республика бойынша тұрғындарды жобамен қамту (913 929 адам), өткізілген экскурсиялар саны (республикалық көрсеткіштің 24,62 % көрсеткіштері) бойынша көш бастап келеді. Сонымен бір мезетте, өңірде өткізілген іс-шаралардың саны бойынша, әсіресе қазақстандықтардың мәдени-география-

22-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша өткізілген іс-шаралар саны және тұрғындарды қамту

Облыстар	2017 жылы		2018 жылы		2019 жылдың 9 айы		Жиыны 2 жыл 9 ай бойынша	
	Іс-шаралар саны	Қамту	Іс-шаралар саны	Қамту	Іс-шаралар саны	Қамту	Іс-шаралар саны	Қамту
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>1 505</b>	<b>823 089</b>	<b>3 719</b>	<b>1 361 856</b>	<b>6 292</b>	<b>1 559 623</b>	<b>11 516</b>	<b>3 744 568</b>
Нұр-Сұлтан қаласы	17	8 000	3	435 000	18	470 929	38	913 929
Алматы қаласы	3	400	5	200	4	5 100	12	5 700
Шымкент қаласы					61	19 700	61	19 700
Ақмола облысы	429	76 357	2 037	86 475	499	85 457	2 965	248 289
Ақтөбе облысы	42	2 807	62	6 361	142	93 900	246	103 068
Алматы облысы	356	12 752	345	74 878	378	33 145	1 079	120 775
Атырау облысы	12	200 000	10	150 000	35	350 000	57	700 000
ШҚО	15	700	235	140 530	114	42 734	364	183 964
Жамбыл облысы	12	856	4	0	104	12 251	120	13 107
БҚО	22	14 384	75	32 570	2 883	59 681	2 980	106 635
Қарағанды облысы	4	3 600	6	3 400	5	12 242	15	19 242
Қостанай облысы	119	1 725	130	11 750	40	8 000	289	21 475
Қызылорда облысы	41	119 669	30	32 398	154	5 600	225	157 667
Маңғыстау облысы	70	300 000	92	70 000	7	20 000	169	390 000
Павлодар облысы	128	35 872	432	271 974	588	182 214	1 148	490 060
СҚО	185	35 400	190	35 000	1 260	158 670	1 635	229 070
Түркістан облысы	50	10 567	63	11 320			113	21 887

23-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша өңірлер жіктелісінде ЖБ шығындары мен демеушілер қаражаты шығындарының саны

Облыстар	2017 жылы		2018 жылы		2019 жылдың 9 айы		Жыны 2 жыл 9 ай бойынша	
	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>4 162 245 869</b>	<b>636 940 000</b>	<b>5 184 949 191</b>	<b>3 110 215 000</b>	<b>1 404 641 100</b>	<b>599 711 490</b>	<b>10 751 836 160</b>	<b>4 346 866 490</b>
Нұр-Сұлтан қаласы	107 100 000		34 000 000		616 983 000		758 083 000	0
Алматы қаласы	100 800 000		111 200 000	550 000 000	32 800 000	100 000 000	244 800 000	650 000 000
Шымкент қаласы					13 610 000		13 610 000	0
Ақмола облысы	300 000	100 000	530 000	130 000	300 000		1 130 000	230 000
Ақтөбе облысы	850 000 000	0	180 900 000	0	10 538 200	7 905 000	1 041 438 200	7 905 000
Алматы облысы	2 500 000	7 300 000	65 800 000	16 640 000	450 000	1 700 000	68 750 000	25 640 000
Атырау облысы	500 000 000		120 000 000		2 000 000	1 000 000	622 000 000	1 000 000
ШҚО	1 473 832 000		2 039 989 000		173 597 000	2 000 000	3 687 418 000	2 000 000
Жамбыл облысы	55 300 000		91 000 000	16 000 000	4 368 000		150 668 000	16 000 000
БҚО			1 846 700		2 784 700		4 631 400	0
Қарағанды облысы	67 300 000		244 200 000		1 620 000		313 120 000	0
Қостанай облысы	81 000 000	72 000 000	6 900 000	27 700 000	0		87 900 000	99 700 000
Қызылорда облысы	163 000 000	400 000	156 693 126	18 265 000	51 900 000		371 593 126	18 665 000
Маңғыстау облысы	56 800 000		130 202 000	44 000 000	30 690 200		217 692 200	44 000 000
Павлодар облысы	389 313 869	342 090 000	1 314 688 365	2 229 080 000	174 000 000	487 106 490	1 878 002 234	3 058 276 490
СҚО	1 000 000	50 000	1 000 000		0		2 000 000	50 000
Түркістан облысы	314 000 000	215 000 000	686 000 000	208 400 000	289 000 000		1 289 000 000	423 400 000



лық қасиетті орындардың рөлі мен орыны бойынша білімдік дайындығы бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр.

**Алматы қаласында** есепті кезең ішінде 5 700 адамды қамтыған 12 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 40 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша Райымбек батыр кесенесіне жөндеу жұмыстары жүргізілді; «Боралдай сақ қорғандары» ескерткішін сақтау және оны ЮНЕСКО бүкіл әлемдік мұра объектілері тізіміне енгізу мақсатында 430 га аумағындағы жерде сақ мәдениеті орталығын құру жоспарлануда, «Сақ қорғандарын музейлендіру археологиялық кешені» жобасы жүзеге асырылуда.

Қажылық туризмді дамыту мақсатында Свято-Вознесенск соборында ғылыми-жөндеу қалпына келтіру жұмыстары аяқталды (604 млн. тг. – жеке меншік қаражаты). «Верный обсерваториясы ғимараты» тарих және мәдениет ескерткішін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (46 млн. тг. – жеке меншік қаражаты).

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша теледидар мен әлеуметтік желілер арқылы көрсету үшін қаланың қасиетті объектілері туралы 28 бейнебаян шығарылды; «Алматы туралы 100 естелік» кітабының 8 мың данасы дайындалды; туристік бағыттар картасы берілген 5 мың атлас, 8 мың қала бойынша туристік жолсерік, сондай-ақ қала брендбүгіне сәйкес сувенирлік өнімдер дайындалды.

2017 жылдан бастап Атлетизм ауылы аумағында «Алатау» туристік кластері, «Qazaq-Open» қолөнершілер орталығы, түрлі көрме-көңіл көтеру павильондары жұмыс істейді. «Алматы қаласының туристік ақпараттық орталығы» - VisitAlmaty ЖШС қызметі реформаланды, жалпы маркетингтік стратегия құрастырылды, Алматы – VisitAlmaty.kz туристік сайтының және қала көшелері мен көше қиылыстарында орналасқан 96 ақпараттық тотемдердің редизайны жүзеге асырылды.

Жалпы, арнайы жобаны жүзеге асырудың көрсеткіштерінің үлкен бөлігі есепті кезең ішінде тұрақты болды. Үлкен тарихи маңызы бар, ұлттық бірегейліктің терең тарихи қабаттарын көрсететін қасиетті объектілерді зерттеу, жөндеу-қалпына келтіру бойынша жұмыс жүргізілді: Райымбек батыр кесенесі, Боралдай сақ қорғандары, өзге де объектілер. Қасиетті объектілерді қалпына келтіру жұмыстарына демеушілік қаражат тартылды (650 млн. теңге). Жалпы, «Қасиетті объектілердің түрлі инфрақұрылымдармен қамтамасыз етілуінің үлес салмағы» көрсеткіші бойынша Алматы республика бойынша көшбасшы позициясын ұстанып келеді (100%).

Сонымен қатар, Алматы, Қазақстанның тарихи, мәдени, қаржылық орталығы, ерекше табиғат ландшафтына ие бола отырып, соған

қарамастан республикалық көрсеткіштермен салыстырғанда жүргізілген экспедициялар мен экскурсиялар бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр – 0,08%, мұның өзі тұрғындарды жобамен қамтудың жалпы көрсеткішінен де көрініс табады (5 700 адам).

**Шымкент қаласында** есепті кезең ішінде 19 700 адамды қамтыған 61 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 5 400 экспедициялар мен экскурсиялар өткізілген.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша ескі қаланы зерттеу (Ескі қаланы жаңғырту) бойынша жоба жүзеге асырылуда, ежелгі археологиялық саябақ кешенін музей форматында қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша қала көшелерінде қасиетті объектілер туралы ақпарат берілген 27 баннер орнатылған. Жергілікті телеарналар 18 бейнебаян көрсетті. Сонымен қоса, ақпарат алмасу Бағдарлама шеңберінде Шымкент қаласының көшелерінде Қызылорда, Жамбыл, Түркістан және өзге де облыстардың қасиетті объектілері туралы ақпарат беретін плакаттар орналастырылған. Қасиетті және туристік маңызы бар барлық объектілер қалада QR-кодтармен жабдықталған.

Қасиетті объектілердің инфрақұрылымы мен логистикасын дамыту бағыты бойынша «Ибрагим ата», «Қарашаш ана», «Әбдул Әзиз баб», «Мірәлі баба», «Қожасалық» кесенелерінің, өзен жағалауы аумағын, («Кошқар ата» жобасы) абаттандыру жұмыстары жүргізілген.

Өңірде қасиетті объектілерді әлеуметтік желілер арқылы насихаттау жұмыстарының жоғары деңгейде жолға қойылғанын атап өтуге болады.

**Ақмола облысында** есепті кезең ішінде 248 289 адамды қамтыған, 2965 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 420 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған. Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша «Көкшетау-Нұр-Сұлтан» тас жолы бойында тарихи тұлғаларға 5 ескерткіш орнатылған: Үкілі Ыбырайға, Ақан серіге, Біржан салға, палуан және композитор Балуан Шолаққа, қазақ хандығының соңғы ханы Кенесары ханға (450 млн. тг.); облыс өңірлерінен қосымша материал жинау жүзеге асырылған және соның нәтижесінде 1 объект «Тоғыз әулие» (Астрахан ауданы) жалпыұлттық маңызы бар объектілер тізіміне және 3 объект өңірлік маңызы бар қасиетті объектілер тізіміне енгізілген: Аңғал батыр жерленген жер (Біржан сал ауданы), Шамай батыр жерленген жер (Сандықтау ауданы), Кабыл батыр жерленген жер (Жарқайың ауданы). «Қазыналы қазба – ұлт құндылығы» жобасы шеңберінде Бурабай ауданының Жаңаталап ауылы жанына археологиялық экспедиция ұйымдастырылған, одан



4 қыш құмыра, 1 қола бұйым табылған (1 499 мың тең.) Зеренді ауданының Васильковка ауылы жанындағы зерттеу жұмыстары барысында екі сақ жауынгерінің қабірлері қару-жарақтарымен табылған (б.з.б. 7 ғ.).

Облыстың барлық қасиетті объектілеріне QR-кодтар орнатылған, баратын жолдар салынған, киелі орын туралы ақпарат беретін ақпараттық қалқандар орнатылған. Зеренді ауданында 10,5 млн. теңгеге Уәли хан мазары аумағы абаттандырылған (Б.Козлов).

Қасиетті жерлер бойынша туризмді дамыту бағыты бойынша Ақмола облысының қасиетті объектілерінде болған туристердің саны 10 000 астам адамды құрайды. Ақмола облысының киелі жерлерін насихаттау мақсатында 2019 жылғы 21- 24 шілде аралығында Ресей Федерациясының (Омск, Тюмень облыстары) 23 оқушысы мен педагогтары үшін (этникалық қазақтар) тур ұйымдастырылған.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша «Ақмола облысы мұрағат құжаттары» жобасы жүзеге асырылуда, «Жас зерттеуші» клубы «Отан отбасынан басталады» зерттеу жұмысының тұсаукесері өтті, «Ақмола облысы архив беттерінде» конференциясы өткізілді (ақпан, 2019 ж). Омбы тарихи мұрағатынан келіп түскен Ақмола облысының тарихы бойынша құжаттар көшірмелері әзірленді.

Нұр-Сұлтан – Көкшетау тас жолы бойына ескерткіштер орнату сияқты жобалардың жүзеге асырылуының өзектілігі туралы мәселе қойғымыз келеді (450 млн. тг.). Ұлы тұлғаларға ескерткіштерді қоғамдық орындарда орналастырған нәтижелі болған болар еді, онда жергілікті тұрғындар мен экскурсия жетекшісінен ақпарат алуға болады, сондай-ақ бюджет қаражаты да арнайы жобаға сәйкес келетін басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған болар еді. Қазіргі уақытта облыстың 47 қасиетті объектілерінің тек 4-еуі инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Жалпы, Ақмола облысы өткізілген экскурсиялар саны бойынша ең төмен көрсеткіштердің біріне ие болып отыр – 0,9 %, сонымен бірге облыс өткізілген іс-шаралар саны бойынша алдыңғы орында.

**Ақтөбе облысында** есепті кезең ішінде 103 068 адамды қамтыған 246 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 4319 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша «Қобыланды батыр» мемориалдық кешеніне, «Абат-Байтақ» қорымына қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілген, Ақтөбе қаласында Н. Шайкеновке, Хромтау қаласында Д. Беркимбаевқа және Ұ. Құлымбетовке, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіштер ашылған.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық

қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша 2018 жылы «Алтын қыран» компаниялар тобының құрылтайшысы меценат И. Салжанов, ақысыз негізде облыстық өлкетану музейінің жаңа ғимаратының құрылысына көмек көрсетті (635 млн. теңге). «Нарру Camp» жазғы лагерлер ұйымдастыру өзекті іс-шара болып табылады.

Қасиетті жерлерге туризмді дамыту бағыты бойынша 2019 жылғы 31 мамырдан 8 маусымға дейін К.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің бастамасы бойынша Ақтөбе – Нұр-Сұлтан – Павлодар – Семей – Жидебай – Қарағанды – Баянауыл – Қарқаралы бағыты бойынша «Жұбановтан Абайға дейін» ғылыми-танымдық экспедициясы ұйымдастырылды, «Ұлы даланың жеті қыры – аңызға толы Түркістан» экскурсиясы т.б. іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша республикалық (10) және жергілікті (22) маңызы бар ескерткіштердің 3D-моделін құрастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, олар арнайы жобаға енгізілді, сол арқылы виртуалды тур ұйымдастыру мүмкіншілігі пайда болды. 47 ескерткішке QR-код орнатылды, оның көмегімен тұрғындарға белсенді карта қол жетімді болады.

**Алматы облысында** есепті кезең ішінде 120 775 адамды қамтыған 1079 жоба/ іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 2426 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша «Ескерткіштердің электрондық картасы» құрастырылды, оған өңірдің 2 343 ескерткіші енгізілді. Карта бүкіл облыстың барлық тарихи, мәдени, табиғи және қасиетті объектілері туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Сүлеймен Демирел университеті студенттерімен бірлесе отырып, үш тілде «Жетісудың киелі жерлері» iOS (Айос) және Android (Андройд) мобильді қосымшалары іске қосылды. Сондай-ақ, «Алматы облысының мәдениет ескерткіштері энциклопедиясы» шығарылды, онда облыстың барлық тарихи және мәдени ескерткіштері туралы ақпарат берілген.

2018 жылы «Zhetysu 360°» жобасы іске қосылды, онда облыстың 20 музейі мен 5 қасиетті объектілері 3D форматында орнатылған. Өңірдің 255 объектісіне QR-код енгізілген. «Хан Тәңірі» Ұлы пирамидасының мәрмәр шыңына медиа-экспедиция ұйымдастырылды, оған қатысушылар 6 000 метр биіктікті бағындырды. Тарихи ескерткіштер мен қалаларды жаңғырту және олармен танысу мақсатында ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұрасы объектілеріне ақпараттық тур ұйымдастырылды.

2019 жылы Алматы облысы әкімдігі және «Жетісу географиялық ассоциациясы» қоғам-

## 24-сурет. Жылдар жіктелісінде арнайы жобаның жүзеге асырылуы бойынша жиынтық көрсеткіштер



### ІС-ШАРАЛАР САНЫ



### БЮДЖЕТ ШЫҒЫНЫ, ТЕҢГЕ



### ҚАТЫСУМЕН ҚАМТУ



### ДЕМЕУШІЛЕР ҚАРАЖАТЫ, ТЕҢГЕ



### ЭКСКУРСИЯЛАР САНЫ



кент қаласы – Кербұлақ ауданы – Қапал көлі – Шарын шатқалы бағыты бойынша «Жетісу жауһарлары» туристік сапары ұйымдастырылды. 200 жуық адам сапар барысында кесенелер, ескерткіштер және қасиетті орындарда болды.

Арнайы жоба жүзеге асырылған кезең ішіндегі көптеген көрсеткіштер оң динамика көрсетеді. 2017-2018 жылдары өткізілген экскурсиялардың саны 1,7 есе, демеушілік қаражаттың көлемі – 2,2 есе, тұрғындармен қамту – 5,9 есе өсті. Арнайы жобаны ақпараттық ілгерілету бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. «Ескерткіштердің электрондық картасы», iOS (Айос), Android (Андроид) арналған мобильді қосымшалар құрастырылды, үш тілде «Жетісудың қасиетті жерлері» шығарылды, «Zhetysu 360°» жобасы, медиа-экспедиция, бейне байқаулар ұйымдастырылды.

Алматы облысының аумағы тарихи артефактілердің, қазақ хандығының неғұрлым маңызды оқиғаларының тікелей жинақталған жері болып табылады. Алматы облысы ерекше табиғат ландшафтына ие. Соған байланысты өңірдің үлкен қызығушылық тудыратын туристік кластер құру үшін барлық мүмкіншіліктері бар. Соған қарамастан, «Қазақстанның киелі жерлерінің геогра-

дық бірлестігі «Жетісудың 7 өзені» тақырыбында байқау жариялады. Байқау қорытындысы бойынша тамыз айында «Үздік бейнебаян», «Үздік фотосурет» және «Үздік аңыз» номинациялары бойынша жеңімпаздар жарияланды.

Қасиетті жерлерге туризмді дамыту бағыты бойынша 2426 экспедициялар мен экскурсиялар өткізілді. 2019 жылы Лепсі – Қапал – Жар-

фиясы» жобасы аясында қасиетті объектілерді дамыған инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің үлес салмағы» ортадан төмен көрсеткішті көрсетіп отыр (17,24%). Өткізілген экскурсиялар мен экспедициялардың үлес салмағы көрсеткіші республика бойынша барлық өткізілгеннің 5,2% құрайды.

**Атырау облысы** есепті кезең ішінде 700 000 адамды қамтыған 57 жоба/ іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 1529 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылды. Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша «Құлшан ата - Ақмешіт, Аралтөбе», «Ұшқан – Қарашүңгіл – Ақінген», «Иманқара – Жұбан Тамы – Ақкөгершін», «Тас кешу», «Сарайшық» экспедициялық бағыттары ұйымдастырылды; «Нұр Отан» партиясымен бірлесе отырып, «Сарайшық – Арыстанбаб – Қожа Ахмет Яссауи – Әйтеке би» халықаралық экспедициясы өткізілді; Құрманғазы ауданында Құрманғазының зиратына экскурсия ұйымдастырылды; 22 тарихи объектіге қалпына келтіру-жөндеу жұмыстары жүргізілді; демеушілердің қолдауымен М. Бекмұхамбетов Алаш қозғалысы ғимараты (Құрманғазы ауданы) және Құрманғазы Сағырбайұлының қазақ үйі ескерткіші жөндеуден өткізілген.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша экспедициялар өткізілді. Атап айтқанда, туған өлкенің тарихын зерттеу үшін ҚХР «Бабалар аманаты».

Өңірде 2018 жылдан 2019 жылға дейін өткізілген экскурсиялар мен экспедициялар санының 88 есе өскенін көруге болады. Алайда өңірде қасиетті объектілердің инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстар жергілікті деңгейге қойылмаған: 27 объектінің тек 3 объектісі қамтамасыз етілген.

**Шығыс Қазақстан облысында** есепті кезең ішінде 183 964 адамды қамтыған 364 жоба/ іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 3048 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша «Шығыс Қазақстанның ежелгі қазынасы» жобасы жүзеге асырылуда, Қазақстан мен шет елдердің белгілі археологтары мен түркітанушылардың қатысуымен «Алтай – түркі әлемінің алтың бесігі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілген, жаңа туристік бағыттар құрастыруға, өңірдің қасиетті орындарының инфрақұрылымын абаттандыру бойынша жұмыстарды үйлестіруге бағытталған «Шығыс Қазақстанның асыл қазынасы» ақпараттық-туристік жобасы жүзеге асырылуда. ШҚО қасиетті объектілері бойынша 32 туристік бағыт құрастырылған.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы

білім беру бағыты бойынша бірнеше іс-шаралар өткізілген: 8-10 сыныптардың 160 оқушысы қатысқан «Киелі Алтайым – туған жерім» археологиялық жазғы лагерь өткізілді; Зайсан қаласының жалпы білім беретін орта мектептері оқушыларымен «Қазақстан уақытқа саяхат» тақырыбында квест-экскурсия өткізілген; «Өлкетанушы» отрядының «Сигнал» шоқысына саяхаты, өзге де іс-шаралар өткізілген.

Қасиетті жерлер бойынша туризмді дамыту бағыты бойынша жүйелі негізінде өңірдің қасиетті орындарына колледж студенттерінің, мектеп оқушыларының, ардагерлердің экскурсиялары ұйымдастырылады.

Шемонайха ауданының Ново-Ильинка ауылы мектеп оқушылары арасында өткізілген «Жануарды тап», «Өлең оқу», «Экологиялық этикет» тақырыбын талқылау, экологиялық білім бойынша пікірталастар өткізу сияқты іс-шаралар топтамасынан тұратын «Экологиялық калейдоскоп» жобасы өзекті болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысы қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі көрсеткіші бойынша көшбасшы болып табылады (100%), барлық көрсеткіштер бойынша тұрақты нәтижелерге ие. Өңір жергілікті бюджет қаражатын игеру бойынша да алда келеді (3687 418 000 теңге).

**Жамбыл облысы** есепті кезең ішінде 13 107 адамды қамтыған 120 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 5746 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша «Академик К.И. Скрябиннің музей-үйі» жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді, «Бектөбе», «Тамды», «Саудақент», «Георгиевск» қалашықтарында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді (24 млн.теңге), «Дулат баба» кесенесін (Т.Рысқұлов атындағы аудан), «Байзақ баба» кесенесін (Сарыкемер ауылы, Байзақ ауданы), 1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған ескерткіш (Жарлысу ауылы, Т.Рысқұлов ауданы) және өзге де объектілерді жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша өңірдің сегіз жалпыұлттық объектілері туралы 8 фильм түсіріліп, Ютуб және басқа әлеуметтік желілерде орналастырылды. Қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай тілдерінде, iOS, Android платформаларында барлық смартфондар үшін қолжетімді «Tagaz Tour» мобильді қосымшасы іске қосылды. Қосымшада өңірдің тарихи-мәдени объектілері, демалыс орындары туралы толық ақпарат берілген, QR-код көмегі арқылы объектілер туралы барлық ақпаратты табуға болады. «Әулие-атаның қасиетті жерлері» 300 кітап-альбомдары, 500 қасиетті жерлер карталары шығарылды. Әлеуметтік желілерде қол-

жетімді 53 қасиетті орынның 3D моделдері жасалынды.

Облыстық тарих-өлкетану музейінде Айша бибі, Қарахан, Бабаджа хатунның және Ақыртас кешенінің галограммасы орнатылған. Келушілер үшін өңірдің тағы да 15 қасиетті орындарына виртуалды қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Қасиетті жерлер бойынша туризмді дамыту бағыты бойынша тек 2019 жылдың өзінде тарихи-мәдени объектілерде 84 мыңға жуық турист болған, 5000 астам экскурсиялар мен экспедициялар өткізілген. «Ежелгі Тараз шеберлері» жобасы іске асырылды, ашық аспан астындағы этномәдени саябақ салынды және қолөнер шеберлерінің шығармаларының көрмелері ұйымдастырылды. Бұл жобаға 5 565 адам қатысты, олардың 500 астамы – шет елдік туристер (Германия, Италия, Жаңа Зеландия, Жапония, Болгария, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Россия). Өзге облыстардан келген туристер 2000 жуық адамды құрады. «Ancient Taraz» туристік форумы ұйымдастырылды, оның шеңберінде «Ежелгі Тараз шеберлері» көрмесі өткізілді, «Taraz Fashion week» сән апталығы, «Тараз-Фуд Туризм-2018» тәтті тағамдар фестивалі, «Қазақ ауылы» этноқалашығы жұмыс жасады.

Ағымдағы жылдың басынан бастап «Ауданнан ауданға» жобасы аясында 13 900 оқушылар Қазақстанның қасиетті орындары картасына енген сегіз тарихи-мәдени объект бойынша туристік экспедиция жасады. Түркістан қаласының қасиетті орындары бойынша танымдық экскурсиялармен 6 947 оқушы қамтылды.

Қасиетті объектілердің инфрақұрылымы мен логистикасын дамыту бағыты бойынша барлық 35 объект инфрақұрылымдарымен GPS-ке енгізілді. Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап гид қызметі қосылған екі туристік автобус іске қосылды, олар ақысыз негізде өңірдің қасиетті және тарихи орындарына сапарлар ұйымдастырады. Жоба аясында бірінші кезекте аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар қамтылатын болады. Қазіргі уақытта 2 мыңнан астам мектеп оқушылары мен колледждер және жоғары оқу орындары студенттері акцияға қатысты.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша «Туған өлке – тұнған тарих» тақырыбында облыстық онлайн-сабақтар өткізілді (13 000 мектеп оқушылары); «Әулие-атаның қасиетті тарихы» тақырыбында интербелсенді жарыстар өткізілді (11 461 оқушы). «Өз жеріңді танып, біл» жобасы аясында аудандар бойынша экскурсиялар, онлайн-сабақтар, интербелсенді жарыстар өткізіледі.

«Қызғалдақ – Жамбыл облысының табиғи мұрасы» ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Тараз жеріне тағзым» жастар туристік фестивалі, «Тараз – өткен мен болашақтың ұштасқан қаласы» республикалық жастар форумы өткізілген.

Сонымен, туризмді дамыту бойынша үлкен

жұмыс жүргізілген (шет елдік туристерді қосқанда 90 мыңнан астам турист), өңірдің 20 мыңнан астам мектеп оқушылары, сондай-ақ республиканың қасиетті орындарында болған. Оған екі тегін автобус жүргізе отырып қасиетті орындармен арнайы бағыттардың ұйымдастырылуы үлкен көмек көрсетті.

Нәтижесінде, өткен жылмен салыстырғанда туристер саны артқан. Облысқа 28 мың турист келген. Өткізілген экскурсиялар мен экспедициялардың саны бойынша Жамбыл облысы үшінші орын алады (жиыны 5746) және бүкіл республика бойынша өткізілген экскурсиялар мен экспедициялардың 12,3% құрайды.

Сонымен қатар, іс-шараларды жоспарлау біркелкілік сипатта емес. Мысалы, егер де 2018 жылы 4 іс-шара жоспарланған болса, ал 2019 жылдың 9 айы ішінде 104 іс-шара өткізілген. Бұл тұрғындарды жобамен қамтуға да байланысты. 2018 жылы бір де бір адам жобаға қатыспаған. Бұл көрсеткіш сапасыз есеп берудің немесе жоспарлаудың төмен деңгейінің нәтижесі. Кез келген жағдайда мұндай деңгейдегі жұмыс азаматтардың арнайы жобаға деген сенімін төмендетеді.

**Батыс Қазақстан облысы** осы кезең ішінде 106 635 адамды қамтыған 2986 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 5 379 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша Бөкей Ордасы тарихи-музей кешеніне жол салу жұмыстары басталған (600 км.); «Жайық қалашығы» ежелгі қалашықты қалпына келтіру бойынша жобалау жұмыстары жүргізілуде (XIII-XV ғғ.) (6 млрд. теңге); Сырым ауданында «Алаш Орда үйі» музейіне күрделі жөндеу жүргізіліп, экспозициялары жаңартылған; Теректі ауданында меценаттар есебінен Тақсай ханшайымы табылған жерде салынған «Тақсай ханшайымы» кесенесі ашылды. 500 жуық алтын артефактілер табылды, олардың ішінде сырғалар, жүзіктер, кулондар (8 млн.теңге); белгілі қоғам қайраткері Гумар Қараштың отаны Жәнібек ауданында меценаттар есебінен салынған кесенінің салтанатты ашылуы өткізілді.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша «Жайықтың қасиетті жерлері» - өлкетанушылар форумы жобасы жүзеге асырылуда; 2019 жылы Құрманғазы Сағырбаевтың туғанына 200 жыл толуына орайластырылған халықаралық экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция бағыты РФ, Астрахань облысының Володар ауданының Алтынжар ауылы арқылы өтті. Экспедиция қорытындысы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді және «Күй – құдірет» материалдар жинағы мен белгілі ақын Д.Мұштанованың «Әз ғұмыр» кітабы шығарылды; «Индер – Орал өңірінің болашағы зор геосаябағы» 10 күндік халықаралық экспедициясы өткізілді. БҚО және Атырау



облысы аумағында 4 ірі табиғи объектілер зерттелінді. Олардың ішінде – Большая Ичка тауы, Индер көлі және Индер тауы, Аралсор көлі және Орда Қарағай орманы. Экспедиция қорытындысы бойынша мақалалар мен монографиялар шығарылды.

Қасиетті жерлерге туризмді дамыту бағыты бойынша Батыс Қазақстан облысында мәдени-туристік кластерді дамытуда 5 бағыт әзірленді: «Бөкей ордасының киелі жерлері» (Хан Ордасы); «Алаш Орда үйі»; «Жұмағазы Хазрет» кесенесі; «Алтын Ханшайым» Тақсай қорғандары; «Жайық ежелгі қалашығы».

Жалпы, Батыс Қазақстан облысында қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 10,6 % құрайды, іс-шаралар саны 2018 жылдан 2019 жылға дейін 38 есе өскен, мүдени-туристік кластерді дамыту үшін 5 бағыт құрастырылған.

**Қарағанды облысында** есепті кезең ішінде 19 242 адамды қамтыған 15 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 418 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша тарихи-мәдени мұра болып табылатын қасиетті объектілерді жөндеу-қалпына келтіру бойынша жұмыстар жоспарлы негізде жүргізілуде. 2017 жылы 10 объект жөндеуден өткізілді: Каражартастас моласы; Айбас Дарасы кешені кесенесі; Торақ батыр кесенесі; Сұлтанғазы кесенесі; Жанғабыл кесенесі; Нұрлан кесенесі; Тәттімбет Қазанғапұлы кесенесі; Ағыбай батыр кесенесі; Құнанбай қажы мешіті; Ұлытау ауданының Дуылғалы мешітін жөндеу жұмыстарының I кезеңі аяқталды.

2018 жылы 12 объектіде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді: Айнан кесенесі, Оспан кесенесі, Санғыру-1, Санғыру-2, Санғыру-3 қорығы, Қылыш кесенесі, Дуылғалы мешіті, Теректі некрополи, Құтжан қажы кесенесі, Түндік археологиялық кешені, Қарағанды облысының сәулет өнері ескерткіштері, Жәнібек кесенесі, Талдысай ежелгі металлургтер кешені, Ембұлақ кешені.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша Орталық Қазақстандағы ежелгі металлургия ескерткіштерінде, Айыртас археологиялық кешенінде, Едрей 3 қорымында (Қарқаралы ауданы), Қарағаш қорған тобында (Жаңаарқа ауданы), Кененбай некрополінде (Шет ауданы), Урум некрополінде (Бұхар жырау ауданы), Озерное ауылында (Оскарровка ауданы) археологиялық қазба жұмыстары мен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы облыс өткізілген экскурсиялар мен экспедициялар, өткізілген іс-шаралардың саны көрсеткіші бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр – 0,8 %, 64 қасиетті объектінің тек 7-еуі инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

**Қостанай облысында** есепті кезең ішінде

21 475 адамды қамтыған 289 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 930 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша 2018-2020 жылдарға арналған инфрақұрылым жасау және қасиетті объектілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жол картасы әзірленген. Жол картасы шеңберінде ақпараттық жол нұсқағыштар қойылуда, объектілер аумағын абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, жолдар жөнделуде. 2017 жылы жұмыс тобы қасиетті объектілердің біртұтас тізімін қалыптастыру мақсатында тарихи мәдени объектілерге, сондай-ақ жаппай қажылық жасайтын орындарға инвентарлау мен жіктеу жүргізген.

Қостанай облысының қасиетті объектілерінің негізгі бөлігі (86%) автокөлік жолдарынан алыс жерлерде орналасқан. Облыста қасиетті объектілерге апаратын жолдарды жөндеу бойынша шаралар қабылдануда. 2017 жылы облыстық маңызы бар «Әулікөл - Жалдама» тас жолына орташа жөндеу жүргізуге 952,1 млн. теңге облыстық бюджеттен бөлінген, ол Кейкі батыр кесенесіне (тас жолдан 0,5 км орналасқан) және Құтан әулие кесенесіне («Әулікөл – Жалдама» тас жолынан далалық жолмен 1,5 км қашықтықта орналасқан) апаратын жол инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин кесенесінің (Қостанай ауданы, Мичуринское ауылы маңында) инфрақұрылымын дамытуға облыстық бюджет қаражатынан 93,1 млн. теңге бөлінген (айналасын абаттандыру – 14,6 млн. теңге; жеткізетін жолдарға орташа жөндеу жұмыстары – 72,1 млн. теңге; жеткізетін жолдарды абаттандыру – 6,4 млн. теңге).

Жалпыұлттық маңызы бар екі объектіде: Кейкі батыр кесенесі және Міржақып Дулатұлы кесенесі шырақшылар жұмыс істейді.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша облыстың барлық 29 қасиетті объектілерінде GPS-координаталар анықталған; объектілер көруге қолжетімді.

Осы арнайы жобаны жүзеге асырудың нәтижесі демеушілер мен меценаттардың белсенді түрде тартылуы болды: демеушілер мен меценаттардан тартылған қаражат сомасы өңірдегі осы арнайы жоба бойынша жұмсалған барлық қаражаттың 53% құрайды. Нәтижесінде қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуінің үлес салмағы 100% құрайды. Бұл жерде атап өтетін мәселе арнайы жобаны жүзеге асырудың осы тиімді көрсеткіштері соның ішінде Жол картасының құрастырылуымен де негізделеді.

**Қызылорда облысында** есепті кезең ішінде 157 667 адамды қамтыған 225 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 173 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.



Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша өңірде «Сыр жағалауының қасиетті ескерткіштері: аңыздар, мифтер, тарих» жобасы жүзеге асырылуда. Сурет галереясында «Ұлы дала тарихы» көрмесі ұйымдастырылған және мектеп оқушылары мен студенттерге арналған Sacral Tour туристік экспедиция ұйымдастырылған. Шірік-Рабат, Сығанақ, Жанкент, Жент, Сортөбе қалаларында, Арал теңізі жағалауында орналасқан Кердері кесенесінде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Қышқала және Бәбіш ауылдарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген.

Өңір тарихын насихаттау мақсатында «Туған өлке» ғылыми жобалар байқауы өткізілді, сондай-ақ Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарында «Өңір эпиграфикасы: рухани салт-дәстүр мен ұрпақ сабақтастығы» гранттық жобасы ұйымдастырылған, ол ҚР БҒМ Ғылым комитетінің қолдауына ие болды. Қазіргі уақытта жоба аясында эпиграфиялық коллекция құрастырылуда. Ежелгі Сығанақ қаласы аумағында археологиялық жұмыстар басталған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағытында республика бойынша әріптес өңірлерде (Шымкент қаласы, Түркістан, Ақтөбе облыстары) 11 баннер орналастырылған; вайнерлер, блогерлер көмегімен, дәстүрлі БАҚ қолдану, постерлер тарату арқылы өңірдің қасиетті объектілерін насихаттау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қасиетті жерлерге туризмді дамыту бағыты бойынша экскурсиялар өткізілген: «Қорқыт-ата» тарихи кешеніне экскурсия, қасиетті объектілер бойынша «Балаларға мейірім сыйла» экскурсиясы, Сырдария аудандық кітапханасының белсенді оқырмандары үшін «Ұлы дала елі», «Сырға толы Сыр өңірі» тарихи-танымдық экспедициясы және өзге де іс-шаралар ұйымдастырылған.

Өңір 2017 жыл бойынша тұрғындарды қамту бойынша ең үздік көрсеткіштердің біріне ие, сонымен қатар тұрғындардың арнайы жобаға қатысуының 2018 жылы 72%, 2019 жылы 95% төмендегенін көруге болады.

**Маңғыстау облысы** есепті кезең ішінде 390 000 адамды қамтыған 169 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 454 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша 6 тарих және мәдениет ескерткіштері жөндеуден өткізілді (2017 жылы – Жамбауыл қорымы, Мұрын жырау кешені, 2018 жылы – Шақпақ ата, Караман ата қорымы, 2019 жылы – Жолжан, Айымбет қорымы). 2018 жылы «Ұлы Жібек жолының Каспий теңізі өңірінің Қызылқала қаласын ЮНЕСКО бүкіл әлемдік мұралары тізіміне енгізу» номинациялық құжатын дайындау бойынша жұмыстар жүргізілді («Қызылқала қаласы» Ұлы Жібек жолының құрамдас бөлігі ретінде 03.05.2012 ж.

ЮНЕСКО бүкіл әлемдік мұралары тізіміне бастапқы түрде енгізілген болатын). «Маңғыстаудағы ноғай кезеңі (15-17 ғғ.)» жобасы аясында «Қарауылкүмбет» орта ғасырлық күмбездің археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Өңірдің тарихи және киелі орындарын абаттандыру бойынша сенбіліктер ұйымдастырылды, 12 қасиетті объект шарбақпен қоршалып, күзет тақтайшалары мен жол көрсеткіштері орнатылды.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша 2018 жылы «QR-MANGYSTAU» мобильді қосымшасы құрастырылды, оған Маңғыстау облысының жалпы республикалық және облыстық маңызы бар барлық киелі орындары енгізілген. 2019 жылы 28 объект мобильді қосымшаларға енгізілді, сондай-ақ QR-кодтарымен тақтайшалар орнатылатын болады, олар «QR-MANGYSTAU» мобильді қосымшасына бекітілген. «Маңғыстаудағы ноғай кезеңі (XV-XVII ғғ.)» кешенді экспедициясының қорытындысы бойынша «Арша» медиа студиясы жеке эпизодтарын түсірді, олар «Хабар 24», «Ел арна» телеарналары арқылы көрсетілді.

2018 жылы жердің интербелсенді картасын құрастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Неғұрлым маңызды объектілер тарихи және мәдени мұра объектілерінің мәліметтер базасы негізінде 3D панорама көмегімен суретке түсірілді.

2019 жылы 13 объект бойынша мәліметтер Маңғыстау облысының қасиетті жерлерінің интербелсенді картасына енгізілетін болады (сайт mangystau.inmap.kz). Облыстың 20 объектісі бойынша виртуалды 3D турлар әзірленуде. Қазіргі уақытта архитектура мен археологияның 28 ескерткішіне QR-кодтар орнатылған. Өңірдің қасиетті орындары туралы деректі фильмдер топтамасы түсірілді, фильмдер интернет қорлар арқылы көруге қолжетімді.

Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша 2018 жылы ұлттық тарихтың көп ғасырлық тәжірибесін жүйелеу мақсатында Маңғыстау облысындағы материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұра бойынша халықаралық ғылыми экспедиция ұйымдастырылды. Экспедицияға Ә.Марғұлан атындағы археология институтының, С.Есенов атындағы КГУТИ ғалымдары, Ресейдің, Әзірбайжанның, Түркияның білікті мамандары, сондай-ақ жергілікті өлкетанушы-тарихшы мамандар қатысты.

2019 жылғы 12-13 наурызда «Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге жаңа көзқарастар және болашағы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді, оған Әзірбайжанның, Иранның, Ресейдің, Өзбекстанның, Ұлыбританияның Оксфорд университетінің ғалымдары қатысты. Конференцияны өткізу барысында Қошқар ата мемориалын, Шақпақ жер асты мешітін және

Отпан тарихи-мәдени кешенін зерттеу мен насихаттау бойынша семинар-практикум өткізілді.

Өңір барлық көрсеткіштер бойынша орташадан жоғары көрсеткіштерге ие, сонымен қатар тұрғындардың арнайы жобаға қатысуының 2018 жылы 76%, 2019 жылы 94% төмендегені байқалады.

**Павлодар облысы.** Есепті кезең ішінде 490 060 адамды қамтыған 1148 жоба/ іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 1375 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша облыстың республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық қасиетті орындары толықтай абаттандырылып, қоршалған, сондай-ақ ақпараттық стендтер орнатылған. Мысалы, ерекше жобалардың бірі Сұлтанбет сұлтанның ордасын қалпына келтіру болып табылады. «Марғұлан-орталығы» аумағында XVIII ғасырдың аса ірі саяси қайраткері, халық арасында Сұлтанбет сұлтан атымен кеңінен танымал болған Сұлтанмұхаммед батырдың үй-жайы қалпына келтірілді. Күн панельдері ең жаңа технологияларының көмегімен Баянауыл ауданындағы Қоңыр әулие үңгіріне жарық жүргізілді.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін және туризмді ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша «Шығыс Қазақстанның қасиетті орындары бойынша ақпараттық пресс-тур» жобасы жүзеге асырылды, оған қатысушылар Шығыс Қазақстан өңірінің тарихи маңызды және киелі жерлерінде болды; «Рухани tour» жобасы, оның бағыты Павлодар, Қарағанды облыстарының, Жезқазған қаласының аумағын қамтыды және жалпы ұзақтығы 4 000 километрді құрады.

Өңірдің жоғары оқу орындары негізінде үш тілде «Павлодар, Ертіс жағалауының қасиетті объектілерінің картасы» ғылыми-танымал басылымы дайындалды, облыстың қасиетті объектілерінің суреттемелі сайттары жасалынды.

Өңір жергілікті бюджет пен демеушілер қаражатын тарту бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр, тиісінше республика бойынша көрсеткіштердің – 17,4% және 70,3%. Нәтижесінде қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 100% құрайды. Өңірде жүзеге асырылған жоба/іс-шаралардың саны республикалық көрсеткіштің 10,1% құрайды. Өңірдің археологиялық ескерткіштеріне кешенді ғылыми зерттеулер жүргізе отырып, «Петроглифтер» ерекше жобасы, «Ежелгі Баянауыл» туристік бағыты әзірленген, ол ежелгі тарих пен археологияның ерекше қасиетті объектілері арқылы өтеді және автобус, жаяу, атпен аралау мүмкіндіктерін ұсынады.

**Солтүстік Қазақстан облысында** есепті кезең ішінде 229 070 адамды қамтыған 1635 жоба/ іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 2537

экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған. Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беру бағыты бойынша іс-шаралар кешені өткізілген: мектеп оқушылары, колледж студенттері және М.Қозыбаев атындағы СҚМУ студенттері үшін экспедициялар ұйымдастырылған. 2019 жылы аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 9000 астам бала облыстың қасиетті орындарында болған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша Солтүстік Қазақстанның таныстыру карточкасы энеолит кезеңінің тұрағы «Ботай» болып табылады. Әлемдік қауымдастық жылқыны тұңғыш рет қолға үйретілген жер ретінде Солтүстік Қазақстанды танып отыр. Ағымдағы жылы «Ботай – Ұлы дала мәдениеті» бірінші халықаралық көркем симпозиумын ұйымдастыру жоспарланған, оған Германияның, Ресей Федерациясының, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Қазақстанның суретшілері қатысады деп күтілуде. Қожаберген жырау ескерткіші (Тәуке хан кезеңінің белгілі батыры), Мағжан Жұмабаевқа, Бәйкен Әшімовқа ескерткіштер орнатылған. Аққайың ауданында Жансүгір батырға мазар тұрғызылған.

Туристік орындардың, оның ішінде қасиетті объектілердің инфрақұрылымын қалпына келтіру мен дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізіледі. Қарасай және Ағынтай батырлар кешенінде, Мағжан Жұмабаев және Иван Шухов музейлерінде, «Қазақстан жұлдыздары» алтарында және өзге де көптеген сәулет және қала құрылысы ескерткіштеріне реставрациялық жұмыстар мен баратын жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша облыстың «Қазақстанның киелі жерлері» интербелсенді қасиетті картасы әзірленген, «Солтүстік Қазақстан облысының киелі жерлері» буклеті құрастырылған. Қазіргі уақытта түрлі объектілердегі сәулет және археология ескерткіштеріне 95-тен астам QR-кодтар орнатылған. Сонымен қатар, барлық қасиетті объектілерге 3D-турлар құрастырылған, олар үйден шықпастан қалаған объектілерде болып, оның тарихымен танысуға мүмкіндік береді.

Арнайы жобаның жүзеге асырылуының бүкіл кезеңі ішінде СҚО елді мекендерді қамту бойынша ең жоғарғы көрсеткіштердің бірін көрсетіп келеді. Жыл сайын СҚО іс-шаралармен қамту 150-160 жуық елді мекендерді құрайды. Бұл көрсеткіш өңірлер жіктелісінде ең жоғары болып табылады.

**Түркістан облысы** есепті кезең ішінде 183 646 адамды қамтыған 615 жоба/іс-шара жүзеге асырылған. Тұрғындарды қасиетті объектілермен таныстыру мақсатында 869 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін құру бағыты бойынша Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің аумағын, Күлтөбе қа-

лашығын абаттандыру, Уқаш ата қабірстасына апаратын жол мен көлік тұрағын жөндеу, Аппақ Ишан мешітінің төбесін жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілген.

2018 жылы Ханқорған қалашығына археологиялық зерттеу жүргізу үшін облыстық бюджеттен 32,0 млн. тг. бөлу қарастырылған, тастағы нышандар мен белгілерді зерттеуге – 18,0 млн. тг. Археологиялық қазба жұмыстарының, Ханқорған қалашығын реставрациялау мен консервациялау бойынша жұмыстардың нәтижелері негізінде ашық аспан астындағы музей ашу жоспарлануда.

Отырар қаласында қақпаны қалпына келтіру, жақын аумағын абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізілген. 2019-2020 жылдары «Отырар төбе» және «Арыстанбаб» қалашықтары арасында сервистік орталық салу, маңайын абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда. Отырар қаласына сапар-орталық салу жұмыстары басталды.

Қасиетті орындардың мәдени-географиялық белдеуін ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша келесі жұмыстар жүргізілген: ЮНЕСКО-ның әлемдік мәдениет мұралары тізіміне «Ұлы Жібек жолы ескерткіштері» атауымен енген 8 тарихи-мәдени ескерткіштер туралы деректі фильм түсірілген (Сауран, Түркістан, Сидак, Қараспан, Жуантөбе, Күлтөбе қалашықтары, Отырар оазисі ескерткіштері, Боржар қорғаны), «Ежелгі Жетіген құпиясы» 10-сериялы сериалы көрсетілді («Хабар», «ҚазақТВ»), «Қасиетті Қазығұрт», «Отырарды қорғау», «Қажымұқан – күш символы», «Бәйдібек би» тарихи анимациялық фильмдері көрсетілді («Асыл арна», «Хабар», «НАРТВ», «Отырар», «Южный», «ТВК Шымкент», «Айғақ»); «Түркістан», «Оқсыз», «Ордабасы – бірлік туы» анимациялық фильмдері көрсетілді, «Төле би» 10-сериялы сериалы көрсетілді. 2018 жылғы 19 қарашада «Қасиетті Түркістанның және түркі әлемінің рухани жаңғыруы» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

Қазақстанның және Түркістан облысының қасиетті орындарының картасына енген объектілер туралы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде арнайы бейнебаяндар дайындалған. «Ontustik TourAudio» ұялы қосымшасы әзірленген.

Қасиетті орындар туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 55 тарихи және мәдени объектілерге, 100 ескерткішке, «Тарих-өлкетану музейінің» 70 экспонатына QR-код орнатылды.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде облыстық маңызы бар мәдени-тарихи, мүсін, археология ескерткіштері туралы фотоальбом, «Оңтүстіктің қасиетті жерлері: мифтер мен аңыздар» жинағы, 2 томдағы «Түркістан облысының қасиетті орындарының географиясы», «Ежелгі Түркістан» ғылыми-танымдық альбомы, «Қасиетті Түркістан – екі әлемнің қиылысы» альбомы, «Түркістан – руханилық бесігі» энциклопедиясы

(4 т.) шығарылды.

Өңірдің қасиетті объектілері мен туристік орындарын насихаттау мақсатында маусым айында «Ұлы дала Түркістаны» республикалық фотоэкспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция аясында түсірілген фотосуреттер арнайы фотокөрмеде қойылды.

Қасиетті жерлер бойынша туризмді дамыту бағыты бойынша 869 экспедициялар мен экскурсиялар өткізілді. 2019 жылдың сәуір айында Түркістан облысында «Оңтүстік аңыздары» экспедициясы ұйымдастырылды, оған республиканың түрлі өңірлерінен 700 жуық саяхатшы қатысты. «Nomad explorer» республикалық экспедициясының мүшелері Түркістан облысының киелі орындарында болды.

Арнайы жобаны жүзеге асыру кезеңі ішіндегі көптеген көрсеткіштер оң динамиканы көрсетеді. 2017 жылдан 2018 жылға дейін өткізілген экскурсиялар саны 1,2 есе өскен, демеушілер қаражатының көлемі тұрақты көрсеткіштерді сақтап келеді. Жалпы алғанда, осы арнайы жоба бойынша бөлінген демеушілер қаражатының көлемі республика бойынша барлық демеушілік қаражаттың 9,7% құрады. Туризмді дамыту үшін түрлі мақсатты аудиторияларға бағытталған іс-шаралар кешені өткізілді: фотоальбомдар, энциклопедиялар, үш тілдегі атластар, роликтер, фильмдер, постерлер. «Оңтүстік аңыздары» жоба-экспедициясы ерекше болып табылады, оған республиканың түрлі өңірлерінен 700 жуық саяхатшы қатысқан.


Сонымен бір мезетте, Қазақстанның рухани астанасы, қасиетті туризмді, оның ішінде халықаралық деңгейде дамытудың орасан зор мүмкіншіліктеріне ие бола отырып, өңірде келесі көрсеткіштер бойынша төмен нәтижелер көрсетілген: «Экскурсиялар мен экспедициялар саны» - 1,86%, «Тұрғындардың арнайы жобаға қатысуы» Түркістан облысының жалпы тұрғындар санынан – 9,2%, «Қасиетті объектілердің заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуінің үлес салмағы» - 21%.

## **2 ЖЫЛ 9 АЙ БОЙЫНША АРНАЙЫ ЖОБАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ**

Жалпы, өңірлердің көпшілігі арнайы жобаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

1. Қасиетті объектілер белдеуін құру – арнайы жоба міндеттерінің бірі, ол рухани баудың, ұлттық тарихты өзектендірудің, туристік кластерді дамытудың орталығына айналуы тиіс. Соған байланысты, қасиетті объектілерді жаңғырту және оларды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету арнайы жоба міндеттерін кешенді шешудің драйверлеріне айналуы тиіс. 25-суреттен көріп отырғанымыздай, қасиетті объектілердің ең көп саны Түркістан, Қызылорда, Қарағанды, Алматы облыстарында орналасқан. Қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуінің ең жоғары көрсеткіштеріне Павлодар (100%), Қостанай (100%) облыстары, Алматы

## 25-сурет. Қасиетті объектілер саны және олардың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі



## 26-сурет. 2 жыл 9 ай ішіндегі қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі, бюджет шығыны, демеушілер қаражатының тартылуы.

Өңір	Қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі	Бюджет шығыны, теңге	Демеушілер қаражатының тартылуы, теңге
Нұр-Сұлтан қаласы	80 %	758 083 000	0
Алматы қаласы	100 %	244 800 000	650 000 000
Шымкент қаласы	57,1 %	13 610 000	0
Ақмола облысы	8,5 %	1 130 000	230 000
Ақтөбе облысы	6,8%	1 041 438 200	7 905 000
Алматы облысы	17,24%	68 750 000	25 640 000
Атырау облысы	11,1%	622 000 000	1 000 000
ШҚО	100 %	3 687 418 000	2 000 000
Жамбыл облысы	66 %	150 668 000	16 000 000
БҚО	10,6 %	4 631 400	0
Қарағанды облысы	10,9 %	313 120 000	0
Қостанай облысы	100 %	87 900 000	99 700 000
Қызылорда облысы	27,7 %	371 593 126	18 665 000
Маңғыстау облысы	51,2 %	217 692 200	44 000 000
Павлодар облысы	100 %	1 878 002 234	3 058 276 490
СҚО	56 %	2 000 000	50 000
Түркістан облысы	21 %	1 289 000 000	423 0000

27-сурет. «Іс-шаралар саны», «Тұрғындарды қамту» көрсеткіштері

Облыстар	Жиыны 2 жыл 9 ай ішінде	
	Іс-шаралар саны	Тұрғындардың осы іс-шараларға тартылуы
<b>Қазақстан Республикасы</b>	11 516	3 744 568
Нұр-Сұлтан қаласы	38	913 929
Алматы қаласы	12	5 700
Шымкент қаласы	61	19 700
Ақмола облысы	2 965	248 289
Ақтөбе облысы	246	103 068
Алматы облысы	1 079	120 775
Атырау облысы	57	700 000
ШҚО	364	183 964
Жамбыл облысы	120	13 107
БҚО	2 980	106 635
Қарағанды облысы	15	19 242
Қостанай облысы	289	21 475
Қызылорда облысы	225	157 667
Маңғыстау облысы	169	390 000
Павлодар облысы	1 148	490 060
СҚО	1 635	229 070
Түркістан облысы	113	21 887

қаласы (100%) қол жеткізіп отыр. 50% төмен инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көрсеткіштері Ақтөбе, Атырау, Алматы, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Түркістан, Қызылорда облыстарында орын алған. Қамтамасыз етудің ең төменгі көрсеткіштерін Ақтөбе (6,8%), Ақмола (8,5%), БҚО (10,6%) көрсетіп отыр. Сонымен, қасиетті объектілерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша неғұрлым нәтижелі жұмыс жүргізіп келе жатқан Алматы, ШҚО, Қостанай, Павлодар облыстары.

Кейбір өңірлерде тиімсіз жоспарлау орын алған (26, 27-сур.). Мысалы, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстарында қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен төмен деңгейде қамтамасыз етілуінің негізгі факторларының бірі қаржылық қамтамасыз етудің ең төменгі деңгейлерінің бірі болуында (ЖБ республикалық көрсеткіштен

0,01% және 0,04%). Соған қарамастан, өңірлер іс-шаралардың рекордтық санын өткізеді (27-сур.) 2 965 (республикалық көрсеткіштен 25,7% және 25,9%). Республика бойынша іс-шаралардың орташа көрсеткіші 463 құрайды. Мұндай үрдіс Алматы облысында орын алған: «Қасиетті объектілердің жалпы санынан қалпына келтірілген объектілер саны» - 17,24% көрсеткішін көрсете отырып, өңірде 1013 (республика бойынша барлық іс-шаралардың 9,3%) іс-шара өткізілген. Ақтөбе, Атырау, Қарағанды облыстарында инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі (тиісінше 6,8%, 11,1%, 10,9%) жеткіліксіз қаржыландырумен, сондай-ақ қасиетті объектілердің негізгі тас жолдардан алыс орналасуымен негізделеді.

Түркістан облысында инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі Қа-



28-сурет. 2 жыл 9 ай ішінде өткізілген экскурсиялар саны

Өңірлер	Жалпы өткізілген экскурсиялар саны	Республикалық көрсеткіштен %
<b>Қазақстан Республикасы</b>	46 518	100%
Нұр-Сұлтан қаласы	11 455	24,62 %
Алматы қаласы	40	0,08 %
Шымкент қаласы	5400	11,6 %
Ақмола облысы	420	0,9 %
Ақтөбе облысы	4319	9,28 %
Алматы облысы	2426	5,2 %
Атырау облысы	1529	3,2 %
ШҚО	3048	6,5 %
Жамбыл облысы	5746	12,3 %
БҚО	5 379	11,56 %
Қарағанды облысы	418	0,8 %
Қостанай облысы	930	1,9 %
Қызылорда облысы	173	0,37 %
Маңғыстау облысы	454	0,9 %
Павлодар облысы	1375	2,95 %
СҚО	2537	5,4 %
Түркістан облысы	869	1,86 %



зақстан бойынша қасиетті объектілер санының ең көптігімен байланысты – 100 объект.

Сонымен, алға қойылған міндеттерді шешуде басымдықтарға жүйелі назар аударудың болмауы (БҚО, Ақмола, Алматы облыстары), тиімсіз жоспарлау, арнайы жобаны жергілікті бюджеттің жеткіліксіз қаржыландыруы (БҚО, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Ақмола, Алматы облыстары), сондай-ақ демеушілер қаражатын тарту деңгейінің төмендігі өткізілетін іс-шаралардың нәти-

желілігінің нақтылы төмендеуіне алып келеді және Бағдарламаны жүзеге асырудан тұрақты нәтиже алуға кедергі жасайды.

2. Өткізілген іс-шаралардың сапасы мен саны. Өңірлер жіктелісінде іс-шаралардың ең көп саны Ақмола (2 965 іс-шара, 248 289 адам), Батыс Қазақстан (2 980 іс-шара, 106 635 адам) және Солтүстік Қазақстан (1 635 іс-шара, 229 070 адам) облыстарында өткізілген. Іс-шаралардың ең аз саны Алматы қаласы (12 іс-шара, 5 700 адам), Қарағанды (15 іс-шара 19 242 адам) облысы және Нұр-Сұлтан қаласы (38 іс-шара 913 929 адам).

27-суреттен көріп отырғанымыздай, «Іс-шаралар саны» және «Тұрғындарды қамту» көрсеткіштері арасында тікелей корреляция жоқ. Ең көп іс-шара санын өткізген өңірлер тұрғындарды қамту бойынша төмен көрсеткіш көрсетіп отыр. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында есепті кезең ішінде 38 іс-шара өткізілген, тұрғындарды қамту 913 929 адамды құраған. Сонымен, орта есеппен алғанда әрбір іс-шараға 24 050 адамнан келеді, мұның өзі іс-шараның нәтижелілігін төмендетеді. Неғұрлым объективті нәтижелерді Алматы қаласы, Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және өзге де облыстар көрсетіп отыр, оларда бір іс-шараға орта есеппен 500 адамнан келеді.

3. Арнайы жобаны жүзеге асырудың нәти-

желілік бағамдарының бірі – әр түрлі мақсатты аудиторияның мүдделері мен қажеттіліктерін есепке алатын әр түрлі форматтағы іс-шаралардың өткізілуі.

Міндеттерді нәтижелі шешудің сәтті мысалы – Шымкент. Мысалы, арнайы жобаны ақпараттық ілгерілету бағыты бойынша іс-шаралардың жүйелі кешені өткізілген, олар тұрғындардың түрлі санаттарының қызығушылықтары мен мүддесін қамтыған: қасиетті объектілер туралы, оның ішінде өзге өңірлердегі, ақпарат беретін баннерлердің орнатылуы; жергілікті теледидар бойынша қасиетті объектілер туралы бейнебаяндардың көрсетілуі, әлеуметтік желілердегі ақпараттық роликтердің үнемі жаңартылып отыруы, «Жастар керуені» жастар форумының өткізілуі, оның барысында бүкіл Қазақстан жастары Шымкенттің көп ғасырлық тарихымен танысты, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, ғылыми зерттеулер, экспедициялар ұйымдастырылды. Жалпы, өңірлердің басым бөлігінде арнайы жобаның барлық бағыттары қамтылған, сондай-ақ түрлі форматтағы іс-шаралар ұсынылған. Жалпы, міндеттерді шешуге кешенді көзқарас Бағдарламаның танымалдығының өсуіне, оған деген сенімнің өсуіне және оны жүзеге асыруға қатысуға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

4. «Ескерткіштердің электрондық картасын» жасау, QR-кодтар орнату. Әлемдік қауымдастықтың жаһандық ақпараттану процессін есепке ала отырып, отандық мәдениет өзінің жетістіктерін интернет қорлар арқылы көрсетудің кең көлемдегі мүмкіндіктеріне ие болуы тиіс. Соған байланысты қасиетті объектілерде «Ескерткіштердің электрондық картасын» жасау, QR-кодтар орнату сұранысқа ие жоба болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру бойынша қазіргі уақытта өңірлерде келесі жағдай қалыптасқан. «Ескерткіштердің электрондық картасын» жасау, QR-кодтар орнатумен қамтамасыз ету Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Түркістан облыстары және Шымкент қаласында орын алған. Сонымен, ұлттық мәдени мұраны интернет қорлар арқылы ілгерілетудің технологиялық шарттары 9 өңірде жүзеге асырылған. Өзге өңірлерде осы бағыттағы жұмыстар басталған.

5. Демеушілер қаражатын тарту. Арнайы жобаны жүзеге асырудың нәтижелілігінің көрсеткіштерінің бірі – демеушілер қаражатын тарту. Бұл міндет арнайы жоба аясында негізгі болып табылмайтынына қарамастан, әсіресе тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру, жаңа туристік кластерлер қалыптастыру жағынан алып қарағанда екі жақ: мемлекеттік органдар, бизнес қауымдастығы үшін де өзара тиімді процесс болып табылады.

Қазіргі уақытта демеушілер мен меценаттар қаражатын тарту бойынша ең жоғары көрсеткішті Павлодар облысы көрсетіп отыр, онда **жұмсалған қаражаттың 60%** астамы демеушілер

7 «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Туған жер» арнайы жобасы «Атамекен» кіші бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесі» тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп. Алматы, 2018 ж.

есебінен тартылған. Жалпы, өңірлердің 76% астамында демеушілер мен меценаттардың қаражаты тартылған.

6. Экскурсиялар мен экспедициялар. Қазақстандықтарға мәдени-географиялық қасиетті орындардың рөлі мен орыны туралы білім беруді және туризмді дамыту мақсатында есепті кезең ішінде өңірлерде 46 518 экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастырылған. Ең жоғары көрсеткіштерге Нұр-Сұлтан, ШҚО, Шымкентте қол жеткізілген (28-сурет). Ең төменгі көрсеткіштерді Алматы қаласы, Ақмола, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау облыстары көрсетіп отыр. Бұл өңірлер сондай-ақ инфрақұрылыммен қамтамасыз ету деңгейі бойынша да төмен көрсеткіштерге ие (50% төмен). Сонымен, бір міндеттің шешілмеуі (инфрақұрылыммен қамтамасыз ету) арнайы жобаның келесі міндеттерінің орындалу мүмкіндіктеріне кедергі келтіреді.

Туристік бағыттар құрастыру. Арнайы жоба жүзеге асырылған мерзім ішінде жаңа туристік бағыттар құрастырылды, олар болашақта әлемдік деңгейдегі туристік кластердің негізін құрауы, өңірлердің инвестициялық қызығушылығын арттыруы, шағын және орта бизнесті дамыту факторына айналуы мүмкін. Қазақстанның туристік кластерінің ерекшелігі экологиялық, қасиетті, тарихи-мәдени туризмді біртұтас блокқа біріктіру мүмкіндігінен тұратын болады.

Жүзеге асырылу кезеңі ішінде барлық өңірлерде 60-тан астам жаңа туристік бағыттар құрастырылды: «Жетісу жауһары» – Лепсі – Қапал – Жаркент қаласы – Кербұлақ ауданы – Қапал көлі – Шарын шатқалы бағыты бойынша, «Құлшан ата – Ақмешіт – Аралтөбе», «Ұшқан – Қарашүңгіл – Ақінген», «Иманқара – Жұбан Тамы – Ақкөгершін», «Тас кешу», «Сарайшық»; ШҚО қасиетті объектілері бойынша 32 туристік бағыт; Батыс Қазақстан облысы бойынша 5 бағыт: «Бөкей Ордасының қасиетті орындары» (Хан Ордасы); «Алаш Орда үйі»; «Жұмағазы Хазрет» кесенесі; «Алтын Ханшайым» Тақсай қорғанында болу; «Жайық ежелгі қалашығы» өзге де бағыттар. Ең көп бағыттар саны ШҚО, БҚО, Алматы, Атырау, Түркістан облыстарында құрастырылған.

### **АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАТЕРЛЕР**

1. Өңірлерде басымдықтар жүйесі қалыптастырылған арнайы жобаны жүзеге асыру тұжырымдамасының және жол картасының болмауы міндеттерді шешуде өзге мәселелерге назар аударылуына, бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына және жалпы арнайы жобаның тұрғындар арасындағы танымалдығының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Сарапшылар арасындағы сауалнамаға сәйкес<sup>7</sup> «Қасиетті география» арнайы жобасының жүзеге асырылу деңгейі 39,4% құрайды.

2. Сандық көрсеткіштерді есептеудің бірыңғай әдіснамасының болмауы. Көптеген

өңірлер «Өткізілген іс-шаралар саны» көрсеткішіне барлық өткізілген іс-шараларды енгізеді. Жеке өңірлер (Алматы қаласы) тек қасиетті объектілерді қалпына келтіру бойынша іс-шараларды ғана енгізеді. Нәтижесінде бұл көрсеткіш арнайы жобаның жүзеге асырылуының объективті картинасын бермейді.

Есептерде көрсетілген «Экскурсиялар мен экспедициялар саны» жиынтық көрсеткіші де талдау жүргізуге айқындық бермей, белгісіздік тудырады. Бұл іс-шаралар (экскурсиялар мен экспедициялар) түрлі мазмұндық бағытқа ие болып келеді және оларды бір көрсеткішке біріктіру арнайы жобаны жүзеге асырудағы міндеттердің шешілуінің нақты деңгейінің бұрмаланып көрсетілуіне әкеліп соғады.

3. Қасиетті объектілерді қазіргі заманғы инфрақұрылыммен қамтамасыз етудегі прогрестің баяу жүруі туристік кластерді дамытуға, объектілерді тұрғындар арасында насихаттауға кедергі келтіреді, арнайы жобаны жүзеге асырудан тұрақты нәтиже алуға қол жеткізуге мүмкіндік бермейді (25-сурет).

4. Өңірлердің арнайы жоба мақсаты мен міндеттерін айқын ұғынбауы – өңірлердің арнайы жобаны жүзеге асырудың басты мақсаты сапалы жоспарлау мен ұйымдастырусыз мүмкіндігінше неғұрлым көп іс-шара өткізу қажет деп ұғынуына алып келеді. Тиісінше, шағын бюджетті және қысқа мерзімдік іс-шаралар жоспарланады, ал арнайы жобаның негізгі мақсаты мен міндеттері жүзеге асырылмай қалады. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында жоба жүзеге асырыла бастаған кезден бастап 11 455 экскурсиялар мен экспедициялар өткізілген. Қарапайым есеп жасаудың өзі өткен кезең ішінде әр күн сайын 12 іс-шара өткізілген болып шығады.

#### **ҰСЫНЫСТАР**

1. Шағын және орта бизнесті дамыту, өңірлердің инвестициялық қызығушылығын арттыру, өз тарихы, мәдениеті, халқына деген құрметті қалыптастыру мүмкіншіліктеріне ие арнайы жобаны жүзеге асырудың барынша нәтижелілігіне қол жеткізу мақсатында арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша Тұжырымдама және өңірлік Жол карталарын құрастыру/өзектендіру ұсынылады.

2. Жоспарлауда неғұрлым жоғары дәрежелі нәтижелілікке қол жеткізу мақсатында арнайы жобаны жүзеге асыру көрсеткіштеріне өзгерістер енгізу ұсынылады. «Экскурсиялар мен экспедициялар саны» көрсеткішін «Экскурсияларға қатысушылар саны» және «Экспедициялар саны» деген екі бөлек көрсеткішке ауыстыру ұсынылады.

3. Өзекті қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында әрбір қазақстандық болуы тиіс Қазақстанның қасиетті объектілерінің ондығын құрастыру.

4. Жобаны нәтижелі жүзеге асыру мақсатында іс-шараларды жоспарлау кезінде Бағдарламаның әдістемелік құралында көрсетілген арнайы жобаның мақсаты мен міндеттерін бас-

шылыққа алу ұсынылады.

Барынша нәтижелілікке қол жеткізу үшін іс-шараларды жоспарлауды жүйелі негізде жүзеге асыру, тиісінше бюджет және өзге де қаражаттарды міндеттердің басымдылығына қарай бөлу ұсынылады. Атап айтқанда, бірінші кезеңде қаражаттың негізгі бөлігін қасиетті объектілердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейін арттыруға бағыттау.

Жеке өңірлердің қасиетті объектілердің үлкен мөлшеріне ие болып отырғанына және оларды дамыту қазақстандық туризмге қызығушылықты арттыруға ықпал ететіндігіне байланысты туристік кластерлер құрастыру, оларды жүзеге асыру үшін бүкіл Қазақстан бойынша демеушілер қаражатын тарту ұсынылады.

Мысалы, Павлодар облысындағы объектілер толығымен инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, сонымен қатар өңір демеушілер қаражатын тарту бойынша ең жоғары көрсеткішке ие, оларды өзге өңірлерде туризмді дамытуға пайдалануға болады.

4. Қазақстандық туризмді дамыту, өзеті тарихи білімдерге қызығушылықты арттыру, тәрбиелік ықпал ету мақсатында мекемелерге көшпелі корпоративтік іс-шараларын қасиетті объектілерде өткізуді ұсынамыз.

#### **5. «ЖАҒАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**

Қазіргі ақпараттық-қарым-қатынастық жағдайлар мен жаһандану үрдістері кезінде мәдени құндылықтарды экспорттау – оны сақтау мен өркендетудің ең нәтижелі жолы. Соған байланысты «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы бастамасы көтерілді, оның мақсаты – Қазақстанның мәдени жетістіктерін халықаралық кеңістікте насихаттау, оны әлемдік стандарттар деңгейіне көтеру.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін арнайы жоба аясында мынадай міндеттер қойылуы тиіс:

1. Заманауи қазақстандық мәдениет қайраткерлерінің шығармаларын алты әлемдік тілге аудару.

2. Заманауи қазақстандық мәдениет қайраткерлерінің үздік шығармаларын ілгерілету.

3. Ел ішінде қазақстандық мәдениетті насихаттау, сондай-ақ Қазақстанның мәдени жетістіктерін шет елдерде насихаттауға қолдау көрсету.

4. Заманауи қазақстандық мәдениетті ілгерілету үшін материал берудің қазіргі заманғы формаларын құрастыру және пайдалану.

5. Шығармашыл зиялыларға қолдау көрсету.

#### **АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында есепті кезең ішінде 7 997 іс-шара өткізілген (29-сурет), ол

үшін жергілікті бюджеттен 4 948 342 233 теңге бөлінген. Тұрғындарды қамту 2 093 464 адамды құраған. Ұжымдардың шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен жүзеге асырылған жобалар мен іс-шаралардың саны 1 561 148 550 теңге сомасына демеушілер қаражаты тартылған.

Іс-шаралар Ақмола облысында ең көп жүзеге асырылған, республика бойынша өткізілген барлық іс-шаралардың – 73,9%. Арнайы жобаға қатысушылардың саны жағынан Атырау, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстары көш бастап

келеді: тиісінше республикалық көрсеткіштің 33,5%, 11%, 14,4% құрайды. Іс-шаралардың ең аз мөлшері Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында, БҚО, Қарағанды, Маңғыстау облыстарында өткізілген, мұның өзі республикалық көрсеткіштің 0,15%, 0,2%, 0,4%, 0,1%, 0,3% құрайды, бұл, жалпы алғанда, Маңғыстау облысынан өзгесінде «Тұрғындарды қамту» көрсеткішімен сәйкес келеді. Қарағанды облысында іс-шаралар 2019 жылдан бастап жүзеге асырыла бастаған.

2017-жылдан 2018 жылға дейін барлық

**29-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша өңірлер жіктелісінде «Іс-шаралар саны», «Тұрғындардың қатысумен қамтуы» көрсеткіштеріндегі өзгерістер**

Өңір атауы	2017 жыл		2018 жыл		2019 жылдың 9 айы		2 жыл 9 айы	
	Іс-шаралар саны	Қатысушылар саны	Іс-шаралар саны	Қатысушылар саны	Іс-шаралар саны	Қатысушылар саны	Іс-шаралар саны	Қатысушылар саны
Нұр-Сұлтан қаласы			5	16 300	11	370	16	16 670
Алматы қаласы	2	20 000	6	33 500	4	43 000	12	96 500
Шымкент қаласы					11	32 300	11	32 300
Ақмола облысы	650	79 609	3 907	81 408	1 352	84 892	5 909	245 909
Ақтөбе облысы	36	16 573	48	107 384	52	14 436	136	138 393
Алматы облысы	158	6 707	134	13 244	162	33 339	454	53 290
Атырау облысы	10	400 000	20	500	42	300 000	72	700 500
ШҚО	22	68 510	256	153 088	144	81 537	422	303 135
Жамбыл облысы	4	28 530	7		44	7 492	55	36 022
БҚО	7	3 500	18	10 630	8	1 166	33	15 296
Қарағанды облысы					5	896	8	10 096
Қостанай облысы	54	2 052	105	5 205	55	7 200	214	14 457
Қызылорда облысы	10	42 278	15	24 358	23	15 364	48	82 000
Маңғыстау облысы	11		11	180 000	5		27	180 000
Павлодар облысы	77	19 826	205	19 700	81	66 557	363	106 083
СҚО	30	8 600	30	12 550	83	25 878	143	47 028
Түркістан облысы					31	10 123	31	10 123
ОҚО	18	2 542	25	3 120			43	5 662



өңірлер көрсеткіштердің тұрақты өсімін көрсетеді (29-сурет). Сонымен қатар, 2019 жылы өңірлердің 23% іс-шаралардың және/немесе қатысушылар санының төмендеуі байқалады (Нұр-Сұлтан, БҚО, ШҚО, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстары).

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында ЖБ 4 948 342 233 теңге бөлінген, бұл барлық жұмсалған қаражатың 76% құрайды (30-сурет). ЖБ қаражаты ең

көп бөлінген Алматы қаласы және Ақмола облысы: тиісінше республикалық көрсеткіштің 38,8% және 14,6% құрайды. ЖБ бөлінген қаражатың ең төменгі мөлшерін СҚО, Маңғыстау облыстары көрсетіп отыр, мұның өзі республика бойынша бөлінген ЖБ қаражатының 0,02% және 0,16% құрайды.

ЖБ қаражатының жылдар бойынша біркелкі бөлінбеуі орын алған. 2017 жылы ЖБ қаражаты өңірлердің 59% бөлінген, 2018 жылы өңірлердің

30-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша өңірлер жіктелісінде «Жергілікті бюджет шығыны», «Демеушілер қаражаты» көрсеткіштеріндегі өзгерістер

Өңір атауы	2017 жыл		2018 жыл		2019 жылдың 9 айы		2 жыл 9 айы	
	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар қаражаты	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар қаражаты	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар қаражаты	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар қаражаты
Нұр-Сұлтан қаласы			82 600 000				82 600 000	0
Алматы қаласы	600 000 000	525 000 000	715 500 000	430 000 000	606 800 000		1 922 300 000	955 000 000
Шымкент қаласы					21 000 000		21 000 000	0
Ақмола облысы	3 400 000		1 000 000		720 000 000		724 400 000	0
Ақтөбе облысы	19 306 000	0	55 205 000	0	38 315 700	1571000	112 826 700	1 571 000
Алматы облысы	18 800 000	4 400 000	7 300 000	25 500 000	2 000 000		28 100 000	29 900 000
Атырау облысы	395 000 000	0	200 000 000	0	50 000 000	1 000 000	645 000 000	1 000 000
ШҚО	0		551 833 000		59 881 000		611 714 000	0
Жамбыл облысы	0	0	91 000 000	0	3 463 800	0	94 463 800	0
БҚО			4 500 000	0	15 700 000		20 200 000	0
Қарағанды облысы	23 000 000		26 600 000				49 600 000	0
Қостанай облысы	0	0	1 920 000	0	8 500 000	0	10 420 000	0
Қызылорда облысы	75 000 000	0	125 589 000	0	84 030 000	0	284 619 000	0
Маңғыстау облысы			4 759 000		3 200 000	0	7 959 000	0
Павлодар облысы	296 922 733	471 567 700	60 000	100 000	300 000	101 029 850	297 282 733	572 697 550
СҚО	500000	0	700000	0	0	0	1 200 000	0
Түркістан облысы					2 580 000	420 000	2 580 000	420 000
ОҚО	30 090 000	0	1 987 000	560 000			32 077 000	560 000

95%, 2019 жылы өңірлердің 80% астамында бөлінген. Бүкіл есепті кезең ішінде ЖБ шығындарының тұрақты көрсеткішін өңірлердің 30% көрсетіп отыр (Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Қызылорда, Атырау және басқа облыстар). Қаржыландырудағы өзгерістер өткізілетін іс-шаралардың саны мен сапасынан көрініс табады. Мысалы, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында қаржыландырудың болмауы, ШҚО, Қызылорда облыстарында қаржыландырудың төмендеуі арнайы жобаға қатысушылардың санының елеулі көлемде төмендеуімен корреляцияланады (29-сурет).

Демеушілер қаражаты 1 561 148 550 теңге сомасында тартылған, бұл барлық жұмсалған қаражаттың 24% құрайды (30-сурет). Жалпы алғанда, демеушілер қаражатын тарту өңірлердің 42,8% орын алған. Демеушілер қаражаты Алматы қаласында (жалпы көрсеткіштің 61%), Павлодар облысында (36,6%) ең көп мөлшерде тартылған, мұның өзі өңірдегі іс-шаралар санының елеулі көлемде болуымен сәйкес келеді (республика бойынша өткізілгеннің 4,5%).

### **Арнайы жобаның жүзеге асырылуын өңірлер бойынша талдау**

**Нұр-Сұлтан.** «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында есепті кезең ішінде 16 іс-шара өткізілген. Осы іс-шараларды ұйымдастыру үшін жергілікті бюджеттен 82 600 000 теңге бөлінген. Ұжымдардың шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен жүзеге асырылған іс-шаралардың саны – 156 (республика бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі).

2019 жылдың өзекті жобалары ішінен «ASTANA ART SHOW 2019» - қазіргі заманғы қазақ өнері фестивалін атап өтуге болады, іс-шарамен қамту 2 000 адамды құраған.

**Алматы.** Арнайы жоба аясында есепті кезең ішінде 96 500 адамды қамтыған 12 іс-шара өткізілген. Осы арнайы жоба аясында 2 877 300 000 теңге тартылған, оның ішінде демеушілер қаражаты 955 млн. теңгені құрайды (республика бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі), жергілікті бюджет қаражаты 1 922 300 000 теңге (осы арнайы жоба аясында республика бойынша жұмсалған барлық қаражаттың 38,4% құрайды).

Сонымен қатар, Алматы ұжымдардың шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен өткізілген жобалар мен іс-шаралардың саны бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр (3).

**Шымкент.** Арнайы жоба аясында есепті кезең ішінде 32 300 адамды қамтыған 11 іс-шара өткізілген. Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 21 000 000 теңге бөлінген. Өңір ұжымдарының шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен 11 іс-шара өткізілген.

2019 жылдың өзекті іс-шарасы Шымкент қаласының өзбек драма театрының Керчь қаласындағы (РФ) «Боспор агонь» антик өнерінің XXI халықаралық фестиваліне қатысуы, сондай-ақ Ташкент қаласына гастролі болды. «Шетелдік журналистер Шымкентте» пресс-туры ұйымдастырылып, мәдени-тарихи

объектілерінде болды.

**Ақмола облысы.** Арнайы жоба аясында өңірде есепті кезең ішінде 245 909 адамды қамтыған 5 909 іс-шара өткізілген. Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 724 400 000 теңге бөлінген. Ұжымдардың шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен 23 іс-шара өткізілген.

2019 жылы бірнеше өзекті жобалар жүзеге асырылған: 2019 жылдың 12-19 мамыры аралығында Ақмола облыстық орыс драма театрының Татарстан Республикасының Буинск қаласында өткен «Пространство диалога» ұлттық театрлардың III халықаралық фестиваліне Ш.Айтматовтың «Плаха» спектаклі қойылымымен қатысуы (1000 жуық адам көрген); қазіргі заманғы цифрлық форматтағы «Жаңа тыныс» музыкалық байқауы; «Шебердің қолы алтын» әйел қолөнер шеберлерінің жұмыстарының көрмесі; «Сыңғырла, домбыра»; «Ұлы дала құтты мекен – Сарыарқа» көшпелі концерттері және өзге де іс-шаралар.

Өңір іс-шаралар саны бойынша көш бастап келеді, іс-шаралардың көпшілігі республика шеңберінде қазақстандық мәдениетті насихаттауға бағытталған. Сонымен қатар, есепке арнайы жоба міндеттерін шешуге бағытталмаған іс-шаралар енгізілген.

**Ақтөбе облысы.** Арнайы жоба аясында 138 393 адамды қамтыған 136 іс-шара өткізілген. Өңір ұжымдардың шет елдерде іс-шаралар өткізуі көрсеткіші бойынша ең жоғары көрсеткіштердің біріне ие (44).

Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 112 826 700 теңге бөлінген, демеушілер мен меценаттардан тартылған қаражат көлемі – 1 571 000 теңгені құрайды.

Қазақстандық мәдениетті насихаттау бойынша түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілген. Мысалы, Қарғалы ауыл округіндегі «Домбыра – халық жүрегінің айнасы» көрмесі, «Маржан саздың маңғазы домбырамсың», «Намысты ұландар» ұлттық ойын түрлері байқауы, Татарстан Республикасында халықаралық арт-симпозиум мүшесі Марат Рахметола ұлының қатысуымен «Свадебный переполох» қойылымы, «Алақай» облыстық қуыршақ театрының «Ертегілер каруселі» қуыршақ театрларының I халықаралық фестиваліне қатысуы (ұжым «Жоғары көркемдік рәсімдегені үшін» грамотасына ие болды), Байқоңыр қаласына гастрольдер (1620 көрермен).

Жалпы алғанда, Ақтөбе облысында осы арнайы жоба белсенді түрде жүзеге асырылуда. Облыстың шығармашылық ұжымдары Үндістан, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Бельгия, Люксембург, Египет, Израиль сияқты елдерде қазақ мәдениеті мен өнерін насихаттады.

**Алматы облысы.** Алматы облысы жоспарды екі есеге жуық асыра орындаған (жоспарланған 229 орынына 454 іс-шара). Өңір ұжымдарының шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен 8 іс-шара ұйымдастырылған.

Іс-шараларды өткізуге жергілікті бюджеттен 28 100 000 теңге бөлінген. Демеушілер мен меце-

наттар қаражаты – 29 900 000 теңге.

2019 жылдың сәуір айында Бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Үш күндік конференция жұмысына Франциядан, Германиядан, Армениядан, Польшадан, Беларусьтен келген халықаралық сарапшылар мен ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, арт-менеджерлер, өңірлік және ұлттық жобалық бюро өкілдері қатысты.

Есепті кезең ішінде келесі өзекті жобалар жүзеге асырылды: шетелдік суретшілердің қатысуымен пленэр, пресс-конференциялар, көрмелер ұйымдастыра отырып, «Сұлулық әлемді құтқарады» суретшілердің халықаралық симпозиумы, оның негізгі мақсаты – Алматы облысының табиғаты мен көрікті жерлерін насихаттау және тәжірибе алмасу; жастардың қатысуымен «Қазақстанның жаһандық әлемдегі орны» кітап көрмесі (50 қатысушы); CALTAVUTURO халықаралық фольклор фестивалі (қамту 30 000 адам).

Жалпы алғанда, арнайы жоба аясында жұмыс барлық бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Арнайы жобаны жүзеге асырудың негізгі көрсеткіштері тұрақты жұмысты көрсетеді. Өңірде 454 іс-шара өткізілген, оларға қамту республика бойынша арнайы жобаға қатысушылардың жалпы санының 2% жуығын құрайды.

**Атырау облысы.** «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында есепті кезең ішінде 700 500 адамды қамтыған 72 і-шара өткізілген. Ұжымдардың шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен жүзеге асырылған іс-шаралардың саны 18 іс-шара. Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 645 000 000 теңге бөлінген.

Неғұрлым маңызды іс-шаралар: Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі Камила Жапалованың Кипрдегі суретшілердің халықаралық симпозиумына қатысуы (4-14 маусым, 2019), Н.Тлендиев атындағы кіші өнер академиясы оқушыларының «Менің ұлы Отаным» халықаралық байқауына қатысуы (Санкт-Петербург қ.), онда жүлделі орынға ие болды; ҚХР Пекин, Сенин, Ланьчжоу қалаларындағы музей қызметкерлеріне арналған халықаралық семинарға қатысу (тамыз, 2019); қоғам қайраткерлері мен «National Geographic Qazaqstan» редакторының қатысуымен «Тікелей эфирде 102 фм» жобасы.

Қазақстандық мәдениетті шетелдік аренада көрсету мақсатында өңірдің шығармашылық ұжымдары Үндістан, Македония, Португалия, Малайзия, Ресей, Түркия, Венгрия, Сербия бойынша гастрольдік турлар өткізді.

Сонымен қатар, есепке арнайы жоба міндеттерін шешуге бағытталмаған іс-шаралар енгізілген (талап етілген мамандықтар бойынша кәсіби дағдыларға оқыту, жасөспірімдер мен жастарды жұмысқа орналастыру бойынша «Samgau» жобасы және өзге де іс-шаралар).

**Шығыс Қазақстан облысы.** «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында есепті кезең ішінде 303 135 адамды

қамтыған 422 іс-шара өткізілген. Ұжымдардың шет елдердегі іс-шараларға қатысуымен 3 іс-шара өткізілген.

Неғұрлым маңызды іс-шаралар: Зайсан ауданының тұрғындарымен әнші М.Искаковты еске алуға арналған ретро-концерт өткізілген, «Ұлы дала палитрасы» халықаралық пленэр-көрмесі ұйымдастырылған; балаларға арналған «Даналық тамшысын ізде» жобасы - «Біздің аталарымыз қалай ойнаған»; республикалық айтыс «Ел айбыны, жыр айдыны – Алакөл»; «Қазіргі қазақ киносы» жобасы қазақ киносы тарихын талқылай отырып; «Лондон бойынша саяхат» виртуалды экскурсиясы; «Абай мен Пушкин поэзиясындағы үндестік» әдеби бағдарлама Курчатова қаласында; «Неғұрлым көп тілді мемлекеттік, шет тілін, өз тіліңді игер» викторинасы; «Әдеби қонақ үйі «Көп дана сөздер айтқан» жобасы, онда мектеп оқушыларын Абай шығармаларымен, оның өмірі мен шығармашылығымен, кітапхана қорындағы аудио және бейне жазбалармен таныстырған.

**Жамбыл облысы.** «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы шеңберінде есепті кезең ішінде 36 022 адамды қамтыған 55 іс-шара өткізілген. Өңір ұжымдарының қатысуымен шет елдерге 13 гастроль жасалынған. Н Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 94 463 800 теңге бөлінген.

2017 жылы облыстық филармонияның «Ақкербез» би ансамблі Нью-Делиде өткен фестивальге қатысты, облыстық орыс драма театры Сербияға гастрольдік сапармен барып қайтты, қазақ драма театры Румынияда болған. 2018 жылы «Балауса» циркінің әртістері Доха араб қаласында өткен «MAGIC FESTIVAL – 2018» фестиваліге қатысты, онда екінші орын алған. Облыстық орыс театры Македонияның Велес қаласында өткен «Стоби-2018» халықаралық антикалық драма театрларының фестиваліне қатысты. Театр артисі Бекназар Избасаров «Үздік ер адам рөлі» номинациясының жүлдегері болды. 2019 жылдың қаңтар айында «Ақкербез» би ансамблі БАӘ өткен Шейх Заид атындағы фестиваліге қатысты.

Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясында К.Әзірбаев атындағы облыстық филармонияның ұжымы, Сарысу ауданының «Айжан қыз» би ансамблі және Жуалы аудандық театры Жизақ облысында көрермендер назарына бірнеше қойылымдар ұсынды. Облыстық қазақ драма театрының ұжымы Татарстанның Қазан қаласында өткен халықаралық театр фестиваліне қатысты.

Жалпы алғанда, арнайы жобаны жүзеге асыру көптеген бағыттар бойынша ұйымдастырылған, оның ішінде халықаралық байқауларға қатысу (Бекназар Избасаров Македонияның Велес қаласында өткен «Стоби-2018» халықаралық антикалық драма театрларының фестивалінде «Үздік ер адам рөлі номинациясының жүлдегері болды»). Облыстың көркемөнерпаздар ұжымдары 4 шығармашылық ұжымның қа-

тысуымен әлемнің 6 мемлекетінің сахнасында өнер көрсетті.

Іс-шаралар санының өсуі орын алған. Егер де 2017 жылы 4 жоспарланса, 2018 – 7, 2019 жылы – 26.

Батыс Қазақстан облысы. Есепті кезең ішінде 15 296 адамды қамтыған 33 іс-шара өткізілген. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 20 200 000 теңге бөлінген.

Мәдениет пен өнердің үздік туындыларын шет елдерде насихаттау мақсатында Македония, Тайланд, Біріккен Араб Әмірлігі, Ресей, Әзірбайжан, Аустрия сияқты елдерге 25 астам гастрольдік турлар ұйымдастырылды, оның ішінде 8-і 2019 жылдың I-жарты жылдығында. Мысалы, Орал қаласының жастар шығармашылығы орталығының ұжымы ТУРКСОЙ және Қазақстанның Әзербайжандағы елшілігі ұйымдастырған Шеки қаласында өткен X халықаралық музыка фестиваліне қатысты.

Шілде айының басында Г.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония ұжымы, «Орал сазы» фольклорлық ансамблі және Орал қаласының «Салтанат» би ансамблі Кремс және Вельс (Аустрия) қалаларында «Ұлы дала әуезі» концерттік бағдарламасымен болды. Баку қаласында Р.Бейбутов атындағы Әзірбайжан мемлекеттік театрында Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан әншілерінің қатысуымен БҚО эстрадалық-симфониялық оркестрінің концерті өтті.

ҚР халық әртісі, әнші-композитор Е.Хасанғалиевтің әндерін орындаушылардың «Атамекен» XI халықаралық ән фестивалі ұйымдастырылды, «Эльтон – алтын көл» фольклорлық-этнографиялық фестивалі. Бөкей Ордасы аудандық мәдениет үйі жанындағы «Нарын» фольклорлық-этнографиялық ансамблі РФ Волгоград облысының Эльтон п. өткен фестиваліне қатысты, «Құдаша» Дәулеткерей туындыларын орындаушылар, «Көрөғлы», орыс халық әні «Волга реченька» және т.б.

**Қарағанды облысы.** Арнайы жоба аясында есепті кезең ішінде 10 096 адамды қамтыған 8 іс-шара өткізілді. Өңір ұжымдарының қатысуымен шет елдерге гастрольдер ұйымдастырылды. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 49 600 000 теңге бөлінді.

**Қостанай облысы.** Есепті кезең ішінде 14 457 адамды қамтыған 214 іс-шара өткізілді. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 10 420 000 теңге бөлінді.

Өңір ұжымдарының шет елдердегі шараларға қатысуымен 4 іс-шара өткізілді. 2019 жылғы 29 маусымда Тур Хейердаль атындағы «Desht-Thor» ежелгі технологиялар мен мәдени қарым-қатынастардың халықаралық фестивалі ұйымдастырылды. Фестивальде полиметаллдар, атпен жүру мәдениеті, тоқыма технологиялары, Ұлы дала тұрғындарының киім үлгілері, ұрыстар көрсетілді. Соңында аудандық музейдің конференц-залында фестивальге қатысушылардың пресс-конференциясы өткізілді, қатысушылар-

мен қамту 500 адамды құрады.

**Қызылорда облысы.** Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет арнайы жобасы аясында есепті кезең ішінде 82 000 адамды қамтыған 48 іс-шара өткізілді. Өңір ұжымдарының қатысуымен шет елдерде 44 іс-шара өткізілді. Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 284 619 000 теңге бөлінді.

Өңірдің белгілі суретшілері «Аға ұрпақ өнері жастарға аманат» халықаралық суретшілер симпозиумын ұйымдастырды. Облыстық филармонияның камералық оркестрі Сырдария өнері мен мәдениетін шет елдерде насихаттау мен ілгерілету мақсатында түркі тілдес елдердің әртістерінің қатысуымен Босния мен Герцеговинада өткен класикалық камералық оркестрлер фестиваліне қатысты. Сонымен қатар, облыстық шығармашылық ұжымдары Ресей Федерациясының Орынбор қаласына ұйымдастырылған гастрольдік турға қатысты.

Тамыз айында облыстық филармонияның Өзбекстанға гастролі, «Шабытыма қанат берген Сыр бойының табиғаты» сурет көрмесі, суретшілер Одағының мүшелері Көлбай Әділханұлының «Замандастар» жеке көрмесі, өзге де іс-шаралар ұйымдастырылды.

**Маңғыстау облысы.** Есепті кезең ішінде 180 000 адамды қамтыған 27 іс-шара өткізілді. Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 7 959 000 теңге бөлінді. Өңір ұжымдарының қатысуымен шет елдерде 27 іс-шара өткізілді. Өткізілген іс-шаралар: М.Өскінбаев атындағы облыстық филармонияның «Ақжарма» фольклорлық ансамблі шет елге гастрольмен барып қайтты. 2019 жылы Маңғыстау қуыршақ театры «Гугуле шапкасының астында» халықаралық қуыршақ театрлары фестиваліне қатысты; «Қазақи дәстүрмен заманауи дәстүрдің ұштасуы» жобасы, көп балалы аналардың жас келіндермен оларды қазақи әдет-ғұрып, салт-дәстүрге үйрету, ұлттық құндылықтарға назарын аудару мақсатындағы кездесуі өткізілді.

**Павлодар облысы.** Арнайы жоба аясында 106 083 адамды қамтыған 363 іс-шара өткізілді. Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 297 282 733 теңге бөлінді. Демеушілер, меценаттар қаражатынан – 472 697 550 теңге.

Өткізілген іс-шаралар: «Ұлы даланың дарындар керуені», ата-бабамыздың ұлы мұрасын насихаттау және танымал етуге бағытталған, халық ауыз әдебиеті үлгілері (айтыс, дәстүрлі ән, терме, күй, ұлттық ойындар, жаңылтпаш, жұмбақ), «Ұлы дала музыкасы» және өзге де қазақ мәдениетін насихаттау бойынша іс-шаралар.

Ertis Promenade сахнасында Иса Байзақов атындағы облыстық филармонияның жеке орындаушылары мен шығармашылық ұжымдарының концерті болып өтті, «Шаңырақ» облыстық орталығы, Павлодар облысының қалалары мен аудандарының мәдениет мекемелері мен ұйымдарының, балалар вокал студияларының, этномәдени орталықтардың және өзге де мекемелердің іс-шаралары өткізілді. 2019 жылдың



жазғы маусымы аяқталар кезде концерт ұйымдастырылды, оған «Кешью» тобы, дәстүрлі музыкант – Ибрагим Ескендір, ақын – Татьяна Бурмирова, танымал орындаушы – Қайрат Нұртас және Қазақстан Республикасының халық әншісі Роза Рымбаева қатысты, «Сібір жұлдыздарды жағады» (Ресей) музыкалық фестиваліне қатысу және өзге де іс-шаралар.

Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының симфониялық оркестрі Италияның 7 қаласы бойынша 22 гастрольдік концерт берді (Рим, Неаполь, Милан, Флоренция, Бари, Генуя, Турин).

**Солтүстік Қазақстан облысы.** Арнайы жоба аясында 47 028 адамды қамтыған 143 іс-шара өткізілді. Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 1 200 000 теңге бөлінді.

Өткізілген іс-шаралар: Ж.К.Сүлейменовтың шығармашылық кеші, «Ұлы даланың ескі әуендері» әдеби-музыкалық кеш (15 адам), «Бабалар сөзі - ғасырлар үні» әдеби круиз, аудандық кітапханада қазақ жазушыларының шығармаларымен танысу өткізілді, «Туған өлкеге есіме таныс қаламгер» көрмесі, «Жаңа буын кітаптары» бейнерепортаж, «Әнде шекара жоқ» халықаралық фестивалі, «Оқырман тайынша – 2019» жазғы оқулары және өзге де іс-шаралар.

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ студенттері Нурсейт Абдразаховтың және Роман Гиричевтің полярлық полюске экологиялық экспедицияға қатысуы өзекті жоба болып табылады, халықаралық жастар күніне арналған «PetroFEST» көше субмәдениеті фестивалі.

**Түркістан облысы.** Арнайы жоба аясында 15 785 адамды қамтыған 74 іс-шара өткізілді. Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 34 657 000 теңге бөлінді. Демеушілер, меценаттар қаражатынан – 980 000 теңге.

Қазақстан мәдениетін шет елдерге танытыру бағыты бойынша 66 іс-шара өткізілді. 2017 жылы «Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасы аясында қазақ халқының ежелгі мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін насихаттауға және туыстас түркі халықтарымен мәдени байланыстарды нығайтуға бағытталған 40-тан астам мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізілді 22 түркі тілдес елдердің өкілдері қазақ халқының мәдениетімен, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрімен танысты.

2018 жылғы 5 қыркүйекте Түркістан қаласында ТЮРКСОЙ халықаралық түркі мәдени мекемесінің 25 жылдығына байланысты іс-шаралар кешені өткізілді: халықаралық конференция, суретшілер пленары, опералық фестиваль, жазушылар мен аудармашылар конгресі және өзге де іс-шаралар, оларға түркі мемлекеттерінің өкілдері қатысты.

2019 жылдың 1-6 наурызы аралығында Анкара қаласында Түркия елшілігі жазушы Шәрбану Бейсенованың түрік тіліне аударылған «Ханша Сүзге және Бозақ сұлу», Маргува» кітаптарының тұсаукесерін ұйымдастырды. Іс-шарада облыстық филармонияның әртістері өнер көрсетті.

Есепті кезең ішінде өңірдің шығармашылық ұжымдары Парижде (Франция), Мәскеуде (Ресей), Стамбулда, Анкарада, Сакарияда (Түркия), Бакуде, Гобустанда (Әзірбайжанда) халықаралық деңгейдегі 10 іс-шараға қатысты (байқаулар, фестивальдер).

Тұтас алғанда, арнайы жоба бойынша жұмыстар негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда, көптеген көрсеткіштер оң динамика көрсетуде. Жүзеге асыруға 980 000 теңге сомасы көлемінде демеушілер қаражаты тартылды (жалпы алғанда, осы жобаны жүзеге асыру үшін 4 өңір демеушілер қаражатын тарта алды). Облыстың шығармашылық ұжымдары әлемнің 4 мемлекетінің сахналарында өнер көрсетті. Шетелдік қатысушыларды шақыра отырып, музей жобалары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, қатысушыларды арнайы жобаға тартудың пайыздық көрсеткішінің төмендігін атап өтуге болады (15 785 адам, республика бойынша арнайы жобаға қатысушылардың 1%), сонымен бір мезетте өңір тұрғындарының саны бойынша жетекші орынды алады. Түркістан облысы ерекше тарихи-мәдени мұраға ие, оны шет елдерде түрлі өзекті форматтарда насихаттау елеулі оқиғаға айналған болар еді.

Өңір шекаралас мемлекеттермен тарихи жолға қойылған мәдени байланыстар орнатқан. Соған байланысты өңірдің Орталық Азия шеңберінде қазақстандық мәдениетті насихаттау үшін мол мүмкіншіліктері бар.

## **2 ЖЫЛ 9 АЙ ІШІНДЕГІ АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ**


1. Арнайы жоба міндеттерін қамту. Жалпы, өңірлердің көпшілігі арнайы жобаны жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді. Дегенмен, арнайы жоба аясында қойылған міндеттердің барлығы бірдей жоғары нәтижелі жүзеге асырылмайды. Мысалы, қазіргі қазақстандық мәдениетті ілгерілету, шығармашыл зиялыларға қолдау көрсету үшін материал ұсынудың заманауи түрлерін құрастыру және пайдалану міндетін – өңірлердің көпшілігі өзекті деп есептемейді және тиісінше жүзеге асырмайды. Сонымен қатар Қазақстанның мәдени жетістіктерін шет елдерде насихаттау міндеті өңірлердің көпшілігі үшін ұйымдастырушылық жағынан да, қаржылық жағынан да орындалуы қиын. Сонымен қатар, өңірлердің көпшілігі оны тиісті деңгейде орындауға тырысады. Алайда мемлекеттік қаражатты өңірлік ұжымдардың шет елге шығуына жұмсау қаншалықты нәтижелі болмақ?

31-суреттен көріп отырғанымыздай, ұжымдардың шет елдерге шығуына ең көп қаражат жұмсаған Алматы қаласы (2 млрд. 877 млн. 300 000 теңге), сонымен қатар оңтүстік астанада 15 іс-шара өткізілген, оның 3-і шетелдік гастрольдермен байланысты.

Ақмола облысында шығындар 724 млн. 400 мың теңгені құраған. 5932 іс-шара өткізілген (республикалық көрсеткіштің 73,9% құрайды), оның ішінде, 23 – шетелдік гастрольдер. Жалпы, ел

31-сурет. 2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айы бойынша өңірлік ұжымдардың шетелдік гастрольдерінің саны.

Өңірлер	Шетелдік гастрольдер саны	Республика бойынша іс-шаралар	Қаржылық шығындар
Нұр-Сұлтан қаласы	156	16	82 600 000
Алматы қаласы	3	12	2 877 300 000
Шымкент қаласы	11	11	21 000 000
Ақмола облысы	23	5 909	724 400 000
Ақтөбе облысы	44	136	103 552 000
Алматы облысы	8	454	58 000 000
Атырау облысы	18	72	695 000 000
ШҚО	3	422	611 714 000
Жамбыл облысы	13	55	94 463 800
БҚО	25	33	20 200 000
Қарағанды облысы	11	8	49 600 000
Қостанай облысы	4	214	5 348 000
Қызылорда облысы	44	48	296 589 000
Маңғыстау облысы	27	27	6 187 000
Павлодар облысы	61	363	769 980 283
СҚО	8	143	1 200 000
Түркістан облысы	66	31	35 637 000



**525**

Шетелдік гастрольдер саны

**7954**

Республика бойынша іс-шаралар

### 32-сурет. Арнайы жоба бойынша жоспарлардың жүзеге асырылуы

Өңір	Іс-шаралар саны		Іс-шаралар саны		Іс-шаралар саны		Іс-шаралар саны	
	2017 жылы		2018 жылы		2019 жылдың 9 айы		Барлығы	
	жоспар	Нақты	жоспар	Нақты	жоспар	Нақты	жоспар	Нақты
Нұр-Сұлтан қаласы								
Алматы қаласы	2	2	6	6	2	4	10	12
Шымкент қаласы					5	11	5	11
Ақмола облысы	650	650	3 907	3 907	1 364	1 352	5 921	5 909
Ақтөбе облысы	34	36	40	48	50	52	124	136
Алматы облысы	58	158	133	134	38	162	229	454
Атырау облысы	10	10	20	20	6	42	36	72
ШҚО	20	22	200	256	121	144	341	422
Жамбыл облысы	4	4	7	7	2	44	13	55
БҚО	7	7	7	18	8	8	22	33
Қарағанды облысы	1	1	2	2	1	5	4	8
Қостанай облысы	54	54	105	105	168	55	327	214
Қызылорда облысы	10	10	12	15	35	23	57	48
Маңғыстау облысы	0	11	1	11	7	5	8	27
Павлодар облысы	175	77	205	205	59	81	439	363
СҚО	30	30	30	30	100	83	160	143
Түркістан облысы					25	31	25	31
ОҚО	15	18	18	25			33	43

ішінде өткізілген 5 909 іс-шара (олардың негізгі үлесі өңірге келеді) елеулі мәдени нәтиже береді. Алайда арнайы жобаның міндеті – қазақстандық мәдениетті әлемдік деңгейге көтеру. Ал осы арнайы жоба аясында барлық күш шығармашылық шеберлікті арттыруға, мәдениет қайраткерлеріне қолдау көрсетуге, көркем мәдениетті республика көлемінде насихаттауға бағытталуы тиіс.

Арнайы жобаны жүзеге асыруда ең төменгі қаржылық шығындарды СҚО (республикалық көрсеткіштің 0,02% құрайды), Маңғыстау (0,09%), Қостанай (0,08%) облыстары көрсетіп отыр. Іс-шаралардың саны бойынша бұл өңірлер тиісінше: 1,7%, 0,3%, 2,6% көрсеткіштеріне ие. Сонымен, біз осы көрсеткіштер арасында аздаған корреляцияны көреміз, мұның өзі сапаға зиян келтіре отырып сандық нәтижелерге қол жеткізу үдерістерінің куәсі бола алады.

2. Іс-шаралардың саны мен сапасы. Арнайы

жобаның жүзеге асырылуының нәтижелілік көрсеткіштерінің бірі – өткізілген іс-шаралар саны.

Іс-шаралар саны бойынша Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары көш бастап келеді. Іс-шаралардың ең аз мөлшерін Қарағанды облысы мен Алматы қаласы өткізген. Өткізілген іс-шаралардың саны бойынша елеулі диапазон орын алып отыр. Егер де Ақмола облысында ағымдағы кезең ішінде 5 909 өткізілген болса, Қарағанды облысында бар болғаны 8 іс-шара өткізілген. Сандық көрсеткіштердегі осы теңгерімсіздік бұрыс шешімдер кешенінің орын алуының индикаторы болып табылады. Біріншіден, өңірлер сандық нәтижелерге қол жеткізу үшін арнайы жобаның мақсаттарына қатысы жоқ және әдетте ағымдағы болып табылатын іс-шараларды енгізеді. Мысалы, «Қала аруы» байқауын өткізу (Ақмола облысы), кітапханада «Коворкинг орталық» ашу, мектеп жәрмеңкесін өткізу, «Білікті маман» жобасы (ШҚО), «Жыл

маманы 2019» байқауы (Жамбыл облысы), Жарасбай Сүлейменовтың 70 жылдығына арналған шығармашылық кеш, «Негізгі Заңның триумфы» - құқықтық ақпарат (СҚО) т.б.

Екіншіден, өткізілген іс-шаралардың санын есептеудің бірыңғай әдіснамасының болмауы. Өңірлердің бір бөлігі ел ішіндегі іс-шаралар мен шетелдік гастрольдерді жеке-жеке есептейді, өзгелері барлық іс-шараларды біріктіріп есептейді. Мысалы, Алматыда барлығы 12 іс-шара өткізілген, оларға 96 500 адам қатысқан. Есеп көрсетіп отырғандай, орта есеппен әрбір іс-шараға 8041 адам қатысқан, мұның өзі объективті көрсеткіштерге сәйкес келмейді.

Үшіншіден, өткізілген іс-шаралардың көпшілігінің сапасы мен форматы арнайы жоба аясында қойылған міндеттер деңгейіне жетпейді. Өңірлер облыс шеңберінде үлкен көлемдегі концерттер, көрмелер, жергілікті шығармашылық ұжымдардың қойылымдарын өткізеді, ал арнайы жобаның міндеті – қазіргі қазақ мәдениетінің үздік жетістіктерін насихаттау, ол мынаны қарастырады, біріншіден, өңірлік деңгейде үздік музыкалық номерлерді таңдап алу, екіншіден, бір реттік іс-шаралар емес, аудан, облыс, республика, шет елдер бойынша көлемді гастрольді ұйымдастыру.

4. Жоспарлаудың нәтижелілігі іс-шаралардың сапалы өткізілуінің, арнайы жобаның мақсаты мен міндеттеріне болашағы бар жүйелі көзқарас қалыптастыру, қатерлерді мерзімімен бағалау, қолда бар активтерді тиімді пайдалану кіреді. Талдау көрсетіп отырғандай (32-сурет), жоспарланған және жүзеге асырылған іс-шаралардың саны арасындағы оңтайлы арақатынас Алматы, Ақмола, Ақтөбе облыстарында орын алған. Өңірлердің 52% сандық жағынан жоспарды асыра орындайды, олардың ішінде басым көпшілігі 100% астам асыра орындайды (Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды облыстары). Өңірлердің 23% жоспардың орындалмауы орын алған: Қостанай облысы – 34%, Қызылорда облысы – 22,8%, Павлодар облысы – 22,3%, Солтүстік Қазақстан облысы – 25%. Сонымен, өңірлердің тек 23% нәтижелі жоспарлау орын алған.

### **АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАТЕРЛЕР**

1. Арнайы жоба мақсаттарының нәтижелі жүзеге асырылуы бірінші кезекте ҚР мәдениет және спорт министрлігінің қызметімен байланысты. Сондықтан да барынша нәтижелілікке қол жеткізу үшін оны үйлестіретін қызмет қажет. Өңірлер өздерінің мүмкіншіліктеріне сәйкес келетін міндеттерді жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Қазіргі уақытта өңірлер көркемөнерпаздар ұжымдарының шетелдік гастрольдерін ұйымдастыру жағынан алып қарағанда өте қымбат іс-шаралар өткізуде, олардың нәтижелілігін бағалау мүмкін емес. Мұндай көзқарас мемлекет қаражатын және іс-шараны ұйымдастырушылардың

энергиясын босқа жұмсауға алып келуі мүмкін.

2. Өңірлердің арнайы жоба мақсаты мен міндеттерін айқын ұғынбауы. Тиісінше, үнемі арнайы жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келе бермейтін іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылады. Арнайы жобаны жүзеге асырудың формалды көрінісі жасалынғанмен, оның негізгі мақсаттары шешусіз қалады.

3. Есептіліктің үлкен легі, ӨЖО өңірлік құрылымдармен жұмысының жеткіліксіз үйлестірілуі, өзге де ұйымдастырушылық мәселелер есепті ақпараттың сапасының төмендеуіне алып келеді: бір кезең ішінде әр түрлі сандық көрсеткіштер орын алған, іс-шаралар туралы ақпарат формалды, үстірт сипатта болып келеді. Мұндай жағдай барлық өңірлердің есептерінде орын алған.

4. Өңірлер арнайы жобаның барлық бірдей міндеттерін қамтымаған. Есептерде шығармашыл зиялыларға қолдау көрсету туралы ақпарат берілмеген, барлық бірдей өңірлер елімізде қазақстандық мәдениетті танымал ету міндетін нәтижелі шеше алмай келеді. Арнайы жобаның осы міндеттерін шешуде өңірлер үлкен мүмкіншіліктерге ие.

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

1. Арнайы жобаны жүзеге асыру Тұжырымдамасы мен өңірлік Жол карталарын құрастыру. Арнайы жоба алға қойған мақсаттар мен міндеттерге барынша нәтижелі қол жеткізу үшін ОМО мен АҚДМ арасында міндеттерді шешу айқын үйлестірілуі тиіс. Мысалы, шет елдерге гастрольдерді ұйымдастыру, таңдап алу МСМ құзыретіне берілуі тиіс. Жол карталарын құру мемлекеттік қаражат пен ұйымдастырушылардың энергиясын үнемдеуге, алға қойылған міндеттерге барынша жоғары деңгейде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2. Бірыңғай мәдени кеңістікті қалыптастыру, өңірлік шығармашылық ұжымдардың шеберлік деңгейін арттыру, патриотизмді қалыптастыру мақсатында жергілікті шығармашылық ұжымдардың республика бойынша гастрольдерінің, мысалы, ШҚО оңтүстік өңірлердегі мәдениет айлығы сияқты іс-шараларды қоса есептегендегі жол картасын құрастыру.

3. Қазіргі әлемде мәдениет – жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудың және ел ішінде өзара кірігудің қуатты құралы. Соған байланысты, заманауи мәдени кластерлерді дамыту мақсатында республика шеңберінде мәдениеттің түрлі бағыттары бойынша жыл сайынғы халықаралық/республикалық/өңірлік байқаулар өткізуді және оларды өткізуге жауаптылықты түрлі өңірлерге бекітіп беру ұсынылады (шағын-спектакльдер, кино фестивальдер, ұлттық, спорттық, қазіргі заманғы би байқаулары, сурет өнері және т.б.).

4. Қазіргі мәдениет – бұл тұлғаның рухани-эстетикалық даму құралы, мұнда базалық тірек – ұлттық мәдени тамырлар, тарихи тәжірибе, үздік дәстүрлер, сондай-ақ ұлттың өзіндік ұлттық кодын сақтау. Соған байланысты негізгі



басымдықты мәдениеттің ұлттық түрлерін насихаттауға (қобызшылар, домбырашылар, айтыс), сондай-ақ, осы бағыттар бойынша жыл сайынғы түрік әлемі шеңберіндегі халықаралық байқаулар өткізу бастамасын көтеру ұсынылады.

5. Өңірлер бойынша арнайы жобаны жүзеге асырудан барынша нәтижелілікке қол жеткізу мақсатында барлық міндеттерді толық қамту, іс-шаралар сапасына мониторинг жасау, арнайы жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келмейтін іс-шаралар өткізбеу, қазіргі заманғы трендтерге байланысты форматын өзектендіру ұсынылады. Әсіресе бұл шығармашыл зиялыларға қолдау көрсету және өңірлік көркемөнерпаздар ұжымдарының республика бойынша гастрольдерін ұйымдастыруға қатысты. Осы міндеттерді шешуде өңірлер үлкен мүмкіншіліктерге ие.

## **6. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**

Бәсекеге қабілеттілік идеяларын ілгерілетуге, сәтті өмір модельдерін насихаттауға арналған «100 жаңа есім» арнайы жобасы меритократия идеяларына қолдау көрсетуге серпіліс берудің маңызды драйверлерінің бірі болып табылады. Негізгі идея – еліміздің қазіргі қазақстандықтарды таныстыратын 100 жаңа есімінің тізімін қалыптастыру арқылы отандастарымыздың сәтті өмірлік модельдерін ілгерілету, оның түрлі қызмет салаларындағы жетістіктерін насихаттау.

Жобаның жалпы принциптері сәттілік идеяларын, меритократия принциптерін, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизм мен білімнің салтанат құруын ілгерілету болып табылады.

Неліктен қазақстандықтардың жетістік тарихының мысалдары қоғам мүшелері үшін қызықты болып табылады? Іс мынада, қоғамдық сананы жаңғырту адамдардың архетипіне ықпал ету арқылы мүмкін болады, одан кейінгі екінші қадам іс-әрекет паттерніндегі өзгерістер болуы мүмкін, одан кейін өмірдің барлық салаларында жаңа рөлдік модельдер пайда болады. Оны тәуелсіздік жылдары ішінде қазіргі Қазақстанның дамуына белгілі бір дәрежеде (елеулі) үлес қосқан адамдардың нақты өмір тарихын мысалға ала отырып қоғам ішінде насихаттау мен ақпараттық ілгерілету арқылы мүмкін болады.

Сонымен, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасының мақсаты – бұл тұрғындар арасында өмірлік қызметтің түрлі салаларында жоғары нәтижелерге қол жеткізген отандастарын мысалға келтіре отырып сәттілік идеясын ілгерілету.

Міндеттері:

1. Жоба жеңімпаздарын ел қауымдастығы ішінде ақпараттық және имидждік ілгерілету;

2. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарының бастамалары мен жобаларын жүзеге асыруға қолдау көрсету.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы аясында іс-шаралардың келесі форматы ұсынылады:

- «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы-

на қатысушыларды әлеуметтік маңызды және бұқаралық-көпшілік іс-шараларға қатысуға тарту;

- «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасын ілгерілету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;  
- «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына қатысушыларды ілгерілету мен танымал ету бойынша ақпараттық-имидждік кампания ұйымдастыру және өткізу.

Осы іс-шараларды жоба жеңімпаздарының тұрғындармен кездесуі форматында жүзеге асыру, әсіресе жас қазақстандықтардың басым көпшілігінің олардың өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданған мүдделерін ұғынуына, сәтті өмірлік стратегияларын ұғынуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жеңімпаздар өз мысалдары арқылы мемлекеттің қандай мүмкіндіктер беріп отырғанын, өздерінің карьералық жетістіктері мен алға жылжуларында шешуші болған себептерді көрсете алады.

Сәтті өмірлік рөлдік модельдерді көрсету меритократиялық принциптерді нығайтуға, жастардың еңбек етуге мүдделілік деңгейін жоғарлатуға, демек, бәсекеге қабілетті қоғам негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## **АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Есепті кезең ішінде «Рухани Жаңғыру» өңірлік жобалық офистері жоба бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Жобаға қатысу үшін 4,5 мыңға жуық өтінім қабылданды (2017 жылы – 2 223, 2018 жылы – 1640, ҚР АҚДМ мәліметтері). Бүкілхалықтық онлайн дауыс беру арқылы (100 esim.el.kz ресми сайтында) 131 жеңімпаз анықталды (2017 жылы – 102, 2018 жылы – 29).

Арнайы жобаға қатысу үшін өтінімдердің басым көпшілігі Нұр-Сұлтан қаласынан (2017, 2018 жылдардағы барлық өтінімдердің 9,8%), Ақмола (7,6%), Алматы (14,2%), Жамбыл (7,9%), Қостанай (16,7%), Түркістан (15,4%) облыстарынан келіп түскен. Ең төменгі белсенділік БҚО (0,5%), Қарағанды (0,7%) облыстарында орын алған.

Жеңімпаздардың басым көпшілігі Алматы қаласына (2017, 2018 жылдардағы барлық жеңімпаздардың 23%), Нұр-Сұлтан (16,5%), СҚО (12,2%) келеді. Жеңімпаздардың ең төменгі көрсеткіші БҚО (2,2%), Алматы (1,5%), Атырау (3%), Маңғыстау (1,5%) облыстарына келеді.


Жеңімпаздармен кездесулердің ең көп саны Нұр-Сұлтан қаласында (республика бойынша барлық өткізілгеннің 16%), Ақмола (10,4%), Ақтөбе (10,8%), Жамбыл (13,5%), Павлодар (9,4%) облыстарында өткізілген. Кездесулердің ең аз өткізілген өңірлері – Алматы (0,9%), Қарағанды (0,7%) облыстары.

Кездесулерді ұйымдастырудағы ең жоғары нәтижелілік Нұр-Сұлтан қаласында, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар облыстарында жүзеге асырылған, оларда орта есеппен 1 жеңімпазға 25 кездесуден келеді. Кездесулер ұйымдастырудағы ең төмен нәтижелілік Қарағанды облысында орын алған, онда әрбір жеңімпаз орта есеппен 2 іс-шара өткізген. Қазіргі уақытта 2019 жылға үміткерлерді таңдау бойын-

33-сурет. «2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айында өңірлер бойынша жеңімпаздар, жобаға қатысушылар, тұрғындармен кездесулер саны»

Өңір атауы	Жоба жеңімпаздарының саны			Жобаға өңірден қатысушылар саны			Тұрғындардың жоба жеңімпаздарымен кездесулері (саны, кездесу туралы ақпарат)		
	2017	2018	2019 жылдың 9 айы	2017	2018	2019 жылдың 9 айы	2017	2018	2019 жылдың 9 айы
Нұр-Сұлтан қаласы	9	13		172	206			235	124
Алматы қаласы	20	11		73	33			18	9
Шымкент қаласы							0	0	41
Ақмола облысы	8			179	115		49	167	20
Ақтөбе облысы	5			40	8		124	85	36
Алматы облысы	1	1		230	320		7	8	6
Атырау облысы	3	1		57	62	1	21	25	17
ШҚО	11	0		60	79		3	45	21
Жамбыл облысы	8	0		154	153	772	134	149	24
БҚО	3			12	9		72	35	18
Қарағанды облысы	7	1		13	16		2	10	5
Қостанай облысы	3	2		566	78		3	51	26
Қызылорда облысы	4	2		84	82		52	61	34
Маңғыстау облысы	2	0		35	51	3	21	43	11
Павлодар облысы	5	0		196	11		23	50	139
СҚО	8	8		104	67		70	80	45
Түркістан облысы		0					0	40	
ОҚО	6	0		248	350	2145			

Тұрғындардың жоба жеңімпаздарымен кездесулері (саны, кездесу туралы ақпарат)



34-сурет. 2017, 2018 жылдардағы жоспар/нақты бөлінісінде арнайы жобаның орындалуы туралы ақпарат

Өңір атауы	2017 жыл						2018 жыл							
	Іс-шара саны		Жоспар (теңге)		Нақты (теңге)		Қамту (саны)		Жоспар (теңге)		Нақты (теңге)		Қамту (саны)	
	Жоспар	Нақтылы	Жер-гілкіті бюджет	Деме-ушілер, меце-наттар қаражаты	Жер-гілкіті бюджет	Деме-ушілер, меце-наттар қаражаты	Жоспар	Нақтылы	Жоспар	Нақтылы	Жер-гілкіті бюджет	Деме-ушілер, меце-наттар қаражаты	Жоспар	Нақтылы
Нұр-Сұлтан қаласы	0													
Алматы қаласы	0						18						5 900	8
Шымкент қаласы	0													
Ақмола	173	173	100 000		100 000	73 380	124	124	200 000	1 200 000	1 200 000	200 000	85 142	103
Ақтөбе	53	55	0	0	0	12 700	94	97	0	0	0	0	11 440	14
Алматы	24	27	25 000 000	4 100 000	25 000 000	153 795 000	56	57	0	700 000	700 000	0	11 451	66
Атырау	5	55	0	0	0	400 000	21	21	0	0	0	0	20 000	15
ШҚО	5	5	0	0	0	1 773	69	69	2 850 000	2 850 000	0	0	17 733	18
Жамбыл	8	8	0	0	0	125 298	4	4	0	0	0	0		163
БҚО	9	72	0	0	0	36 045 226	21	35	0	0	0	0	43 630	73
Қарағанды	0	3	0	0	0	0	0	0	0	0	0	7		
Қостанай	13	13	0	0	0	1 830	70	70	0	0	0	0	15 000	31
Қызылорда	10	111	0	0	41 754 000	36 258	38	41	0	3 875 000	3 875 000	0	99 589	67
Маңғыстау	4	40	0	0	0	210 000	4	32	0	0	0	0	90 000	61
Павлодар	1116	64	241 647 333	341 767 300	241 647 333	11 100 300	175	175	300 000	5 000 000	5 000 000	300 000	12 280	387
СҚО	70	70	0	0	0	10 500	80	80	0	0	0	0	116 000	45
Түркістан	0													
ОҚО	40	40				4 120	55	67	3 192 000	981 000	981 000	3 192 000	57 000	32
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>530</b>	<b>586</b>	<b>266 747 333</b>	<b>345 867 300</b>	<b>308 501 333</b>	<b>951 626 300</b>	<b>811</b>	<b>890</b>	<b>6 542 000</b>	<b>11 756 007</b>	<b>11 756 007</b>	<b>6 542 000</b>	<b>485 165</b>	<b>1 083</b>

ша жұмыстар жалғастырылуда.

## **АРНАЙЫ ЖОБАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ТАЛДАУ**

### **Нұр-Сұлтан қаласы**

Есепті кезең ішінде «100 жаңа есім» арнайы жобасы аясында 378 адам қатысқан, олардың ішінен 2017 жылы 9 адам және 2018 жылы 13 адам жоба жеңімпаздары атанды. Жеңімпаздар жоба басталған кезден бастап тұрғындармен 359 кездесу өткізген.

Арнайы жобаның жеңімпаздары қоғам өмірінің түрлі салалары бойынша өз ісінің кәсіби шеберлері болды. Ең жас жеңімпаз – Арман Сүлейменов – Zero To One Labs және nFactorial Incubator – ерекше мобильді өнімдер студиясының негізін қалаушы (40+ қосымша портфолио: <http://021labs.com/>). 3 жыл ішінде оның компаниясы 200+ қосымша шығарған, 300+ программистер дайындаған. Ұзақ мерзімдік мақсаты – әлемдік деңгейдегі 10 000 программист дайындау және IT-аутсорсинг қызметі есебінен ел экономикасына жылына 1 млрд. әкелу.

**Алматы қаласында** есепті кезең ішінде 5900 адамды қамтыған 18 іс-шара өткізілген, 2019 жылдың 9 айы ішінде 21 600 адамды қамтыған 59 іс-шара өткізілген. 2 000 астам адам тапсырыс берген, олардың ішінен 20 қала тұрғыны жеңімпаз атанды. Олардың ішінде мәдениет, спорт, медицина, ғылым және т.б. өкілдері бар. 2018 жылы жобаның екінші кезеңі сәтті жүзеге асырылды. Алматы қаласынан 2 400 жуық адам тапсырыс берген, 11 қала тұрғыны жеңімпаз атанды (33 адам жоба финалистері атанды).

Жоба жеңімпаздары көптеген қалалық іс-шараларға қатысады, онда олар адамдарды өз жетістіктерімен мүдделендіру мақсатында өздерінің ерекше адамдық қасиеттері мен кәсіби жетістіктерімен бөліседі. Мысалы, 2017 жылдан қазіргі таңға дейін Алматы қаласында жоба жеңімпаздарының қатысуымен азаматтардың түрлі санаттарымен 27 кездесу өткізілді.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасын ілгерілету және ақпараттық ашып көрсету мақсатында «Almaty» телеарнасы жобаның бірінші кезеңінің жеңімпаздары туралы 40 астам бейнебаян әзірледі, 42 жаңалық сюжеттерінің шығуы ұйымдастырылды. 2019 жылы жобаның екінші кезеңінің жеңімпаздарымен 10 бейнебаян әзірленді, сондай-ақ 30 астам жаңалық сюжеттері көрсетілді.

**Шымкент қаласында** 2019 жылы 9 815 адамды қамтыған 41 іс-шара өткізілді. Шымкент қаласынан шыққан 3 азамат арнайы жобаның жеңімпазы атанды. Жоба жеңімпаздарын насихаттау және тұрғындарды олардың сәтті тарихымен таныстыру мақсатында ағымдағы жылдың 9 айы ішінде тұрғындармен 41 кездесу өткізілді. Жобаға қатысқысы келетін азаматтар санының жыл өткен сайын көбеюі позитивті трендке айналып келеді. Егер де 2018 жылы 19 азамат өтінім берген болса, ағымдағы жылы бұл сан екі есеге өскен. Жерлестерінің жетістік-

терін насихаттау мақсатында Шымкент қаласының көшелерінде республика бойынша жеңімпаздардың суреттерімен 37 баннер орналастырылған.

### **Ақмола облысы**

Есепті кезең ішінде жобаға 294 адам қатысқан, олардың ішінде 2017 жылы 8 адам жоба жеңімпаздары атанды. Жоба мақсаты мен құндылықтарын ілгерілету үшін өңірдің сәтті, жетістігі мол тұлғаларының облыстық тізімі қалыптастырылған, олардың тарихы интернет қорларда жарияланған. Жеңімпаздар мен қатысушыларды облыстық іс-шараларға тарту, олардың жетістіктерін әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ілгерілету бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. 2 жыл 9 ай ішінде жоба жеңімпаздарының өңір тұрғындарымен 236 кездесуі өткізілген.

### **Қызылорда облысы**

166 078 адамды қамтыған 135 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 11 /36 258, 2018 жыл – 41 / 99 589 2019 жылдың 9 айы – 83 / 30 231). Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 61 224 000 теңге бөлінді (2017 ж. – 41 754 000 теңге, 2019 жылдың 9 айы – 19 470 000 теңге). 2018 жылы демеушілер мен меценаттар қаражатының мөлшері – 3 875 000 теңге. 2 жыл ішінде өңірден жобаға 166 өкіл қатысты, олардың ішінен 2017 жылы 4 жоба жеңімпазы, 2018 жылы – 2. Арнайы жобаны жүзеге асыру барысында жоба жеңімпаздарымен 147 кездесу өткізілді, оларға үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен, бұқаралық ақпарат құралдары және азаматтық қоғам топтары өкілдерінен тұратын жастар қатысты.

Қостанай облысында есепті кезең ішінде 21 927 адамды қамтыған 136 іс-шара өткізілді 2017 жыл – 13 / 1 830, 2018 жыл – 70 / 15 000, 2019 жылдың 9 айы – 53 / 5 097). 2 жыл ішінде арнайы жобаға өңірден 644 адам қатысты (2017 ж. – 566 а., 2018 ж. – 78 а.), олардың ішінен 2017 ж. – 3, 2018 ж. – 2 адам жоба жеңімпазы атанды. Тұрғындарды сәтті өмірлік тарихпен таныстыру, еңбек жетістіктерін насихаттау мақсатында жоба жеңімпаздарының мектеп оқушыларымен, студенттермен, облыс жастарымен, оның ішінде ауылдық елді мекендерде 80 кездесу ұйымдастырылды. 2017 жылы жобаның Қостанай облысынан жеңімпаздары 3 адам болды: конькимен сырғанау спорты бойынша әлем чемпионы, Олимпиадалық ойындарға қатысушы, еңбек сіңірген спорт шебері – Денис Валерьевич Кузин, Еңбек ері, «ТПК «Карасу» ЖШС Бас директоры – Алмат Жанабильевич Турсунов, «Жас қанат – 2006» ЖШС директоры, кәсіпкер – Кайрат Алембаевич Маишев. Жол картасына сәйкес, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына қатысушылар имидждік іс-шаралар, әлеуметтік акциялар, мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізуге тартылады.

Қарағанды облысында 2017 жылы облыстан 13 үміткердің сауалнамасы болды, 7 қатысушы жеңімпаз атанды. 2018 жылы 16 өтінім, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының



2 кезеңінің жеңімпазы облыстан 1 қатысушы болды. Жобаға қатысушылар мен жеңімпаздары 21 әлеуметтік маңызды іс-шараларға қатысты (2017 жыл – 3, 2018 жыл – 7, 2019 жыл – 10), облыстың ынталандыру алаңдарында спикер және шабыттандырушы ретінде сөз сөйледі, өздерінің тәжірибесімен және жеке жетістіктерінің тарихымен бөлісті. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тақырыбы бойынша 117 баннер еңбектегі жетістік құндылықтарын ілгерілететін идеяларды насихаттайды.

**Батыс Қазақстан облысында** есепті кезең ішінде 87 175 адамды қамтыған 125 іс-шара өткізілген (2017 жыл – 72 / 36 045, 2018 жыл – 35 / 43 630, 2019 жылдың 9 айы – 18 / 7 500). 2 жыл ішінде жобаға 21 адам қатысты, олардың ішінен 2017 жылы 3 адам жоба жеңімпазы атанды. 2017 жылы өңірден жоба жеңімпаздарының тізіміне үш адам енді. Жоба жеңімпаздарының тұрғындармен 125 кездесуі ұйымдастырылды, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары туралы 28 баннер орнатылды.

**Шығыс Қазақстан облысында** 20 546 адамды қамтыған 95 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 5 / 1 773, 2018 жыл – 69 / 17 733, 2019 жылдың 9 айы – 21 / 1 040). Жоба жеңімпаздарының тұрғындармен 37 614 адамды қамтыған 69 кездесу ұйымдастырылды (2017ж. – 3 / 1030, 2018 ж. – 45 / 23815, 2019 – 21 / 12769). Арнайы жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 2018 жылы 2 850 000 теңге бөлінді. Жиыны облыс бойынша арнайы жоба аясында 2017 жылы – 60 қатысушы болды, олардың ішінде 11 республикалық деңгей жеңімпаздары. 2018 жылы 79 үміткер болды.

**Атырау облысында** 440 000 адамды қамтыған 34 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 5 / 400 000, 2018 жыл – 21 / 20 000, 2019 жылдың 9 айы – 8 / 20 000). Жобаға Атырау облысынан 2 жыл ішінде 119 адам қатысты, оның ішінде 2017 жылы – 3, 2018 жылы – 1 адам жоба жеңімпазы атанды. Жоба жеңімпаздарының облыс тұрғындарымен 63 кездесуі өткізілді.

**Алматы облысында** есепті кезең ішінде 169 077 адамды қамтыған 198 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 27 / 153 795, 2018 жыл – 57 / 11 451, 2019 жылдың 9 айы – 114 / 3 831). Іс-шаралар мен жобаларды өткізуге жергілікті бюджеттен 2017 жылы 25 000 000 теңге бөлінді, 4 950 000 теңге демеушілер қаражаты тартылды (2017 ж. – 4 100 000 теңге, 2018 ж. – 700 000 теңге, 2019 жылдың 9 айы – 150 000 теңге). 2017 жылы өңірден 230 үміткер туралы жеке мәліметтер жинақталды, олардың ішінен 6 100 esim.el.kz ресми сайтында дауыс беру үшін орналастырылды. Дауыс берудің нәтижелері бойынша 2017 жылы 1 үміткер жоба жеңімпазы атанды – «Асар» реабилитациялау орталығының директоры Елдос Баялышев. 2018 жылы Алматы облысынан арнайы жобаның жеңімпазы жазушылар мен журналистер Одағының мүшесі Макпал Тажмагамбетова (Мыса) болды. Оның еңбектері ағылшын, түрік, татар, башқұрт, орыс, қырғыз, әзірбайжан

және испан тілдеріне аударылды. Осы жоба жүзеге асырылған бүкіл кезең ішінде өңірден шыққан жеңімпаздармен тұрғындардың 21 кездесуі өткізілді.

**Ақтөбе облысында** 27 129 адамды қамтыған 170 іс-шара өткізілген (2017 жыл – 55 / 12 700, 2018 жыл – 97 / 11 440, 2019 жылдың 9 айы – 18 / 2 989). Жобаға Ақтөбе облысынан 2 жыл ішінде 48 адам қатысқан, олардың ішінен 2017 жылы 5 адам жеңімпаз атанды. Жоба жеңімпаздарын танымал ету және тұрғындарды олардың сәтті тарихтарымен таныстыру мақсатында ақпараттық-имидждік іс-шаралар өткізілді. Жоба басталған кезден бастап тұрғындармен 245 кездесу өткізілді. «Өз елінің тұлғасы» ақпараттық-патриоттық акциясы өткізілді. Ақтөбе облысының энциклопедиясын және өңірдің имидждік журналын шығару жоспарлануда. «Әр өлкенің лайықты баласы бар» жобасы аясында облыс аудандарында болып, жастармен кездесулер ұйымдастырылды, «Жаныңда жүр жақсы адам» облыстық акциясы ұйымдастырылды.

**Жамбыл облысында** 379 адам қатысты, олардың ішінен 2017 жылы 8 адам жоба жеңімпазы атанды. Жоба басталған кезден бастап жоба жеңімпаздары тұрғындармен 307 кездесу өткізді. 2017, 2018 жылдары және 2019 жылдың 9 айы ішінде 2 858 адамды қамтыған 36 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 8 / 125, 2018 жыл – 4, 2019 жылдың 9 айы – 24 / 2 733). Жоба жеңімпаздарының жетістіктерін насихаттау мақсатында облыс аумағында билбордтар орнатылды, кездесулер өткізілді, БАҚ ақпараттық қолдау көрсетілді.

**Павлодар облысында** 74 903 адамды қамтыған 275 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 64 / 11 100, 2018 жыл – 175 / 12 280, 2019 жыл – 36 / 51 523). Арнайы жоба жүзеге асырылған өңірден 207 адам қатысты, олардың ішінен 2017 жылы 5 адам жоба жеңімпазы атанды. Жоба жеңімпазы Алексей Лодочников жеке концертпен облыстың барлық қалалары мен аудандарын аралап шықты. Тағы да бір жеңімпаз Куат Есенов Америкадан арнайы келіп, С.Торайғыров атындағы ПМУ негізінде студенттермен кездесу өткізді, онда оларға IT-технологиялар және Google компаниясындағы жұмысы туралы әңгімеледі. Облыста өзінің еңбегімен әрқайсысы жеке алғандағы сала бойынша жетістікке жеткен арнайы жобаға қатысушылар қазіргі уақытта да белсенді түсінік беру жұмыстарын жүргізіп келеді, еңбек ұжымдарымен, студенттермен, ардагерлермен кездесулер өткізеді. «Абай ауылға келді» жобасы жүзеге асырылуда, оның аясында Даниал Әсенов Абайдың, Шәкәрімнің, Мағжанның, Мәшһүр Жүсіптің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын Павлодар облысы тұрғындары арасында белсенді түрде насихаттап келеді. Жиыны 2 жыл 9 ай ішінде жоба жеңімпаздары өңір тұрғындарымен 212 кездесу өткізген.

#### **Солтүстік Қазақстан облысы**

74 903 адамды қамтыған 275 іс-шара өткізілген (2017 жыл – 70/10 500, 2018 жыл – 80

/ 16 000, 2019 жылдың 9 айы – 87 / 20 401). Арнайы жоба жүзеге асырылған 2 жыл ішінде оған өңірден 207 адам қатысты, олардың ішінен 2017 жылы 8 адам жоба жеңімпазы атанды («Наука» Баязитова К.Н., Кучер Т.П.; «Общество» Евдаев Р.И.; «Спорт» Диденко В.М., Бейсенов А.С.; «Бизнес» Зенченко Г.Г., Бернецяң Г.С.; «Медицина» Кухарюк А.В.). 2018 жылы – 8 финалист.

Тұрақты негізде жастармен ынталандыру кездесулері өткізіледі: «Жастардың алтын бесігі», «Елбасы серіктері» және т.б. жеңімпаздар қоғамдық пікірдің спикер-көшбасшылары пулына кірді, диалогтық алаңдарға қатысады, БАҚ-та сөз сөйлейді. Облыс аудандары мен Петропавловск қаласында жоба жеңімпаздарымен 15 баннер орнатылған.

**Маңғыстау облысында** 370 000 адамды қамтыған 83 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 40 / 210 000, 2018 жыл – 32 / 90 000, 2019 жылдың 9 айы – 11 / 70 000). Жобаға Маңғыстау облысынан 86 адам қатысқан, олардың ішінен 2017 жылы 2 адам жоба жеңімпазы атанды. Облыста тұрғындардың жобаға қатысушылар мен олардың жетістіктері туралы хабардарлық деңгейін арттыруға бағытталған кең көлемдегі ақпараттық-имидждік компания өткізілген. Облыстық және аудандық газеттер екі тілде «100 жаңа есім» атауымен тақырыптық рубрикалар ашты және осы тақырып бойынша 300 астам мақала басып шығарды. Өңірлік телеарна арқылы бейнебаяндар көрсету ұйымдастырылды. Өңірде жеңімпаздар В.Трифонов және Т.Мукантаев туралы 25 билборд орнатылды. Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріне үлес қосқан, белгілі тұлғаларын насихаттау мақсатында «Маңғыстау мақтаныштары» мақалалар жинағы басып шығарылды. Жоба жүзеге асырылған кезең ішінде жоба жеңімпаздарының тұрғындармен 75 кездесуі өткізілді.

**Түркістан облысында** 162 120 адамды қамтыған 142 іс-шара өткізілді (2017 жыл – 40/4 120, 2018 жыл – 67/57 000, 2019 жылдың 9 айы – 35/101 000). Жергілікті бюджеттен арнайы жобаны жүзеге асыруға 4 692 000 теңге бөлінді (2018 жыл – 3 192 000 теңге, 2019 жылдың 9 айы – 1 500 000 теңге). Демеушілер мен меценаттар қаражатынан – 1 581 141 теңге (2018 ж. – 981 000 теңге, 2019 жылдың 9 айы – 600 141 теңге). 2017 жылы осы жоба аясында 248 үміткер «El.kz» порталында тіркелді. Республикалық сарапшылар мен жұмыс топтары 16 үміткерді таңдап алып, дауыс беруге жіберді, олардың ішінен 6 адам жоба жеңімпазы атанды. 2018 жылы арнайы жобаның маңыздылығын түсіндіру және еңбектегі жемістілік идеяларын насихаттау мақсатында тұрғындармен 40 кездесу өткізілді. Мысалы, жоба жеңімпазы, ҚР мәдениет қайраткері, акын-айтыскер Бекарыс Шойбеков онлайн режимдегі «Көрсетілім сағаты» тәрбиелік іс-шарасына қатысты, оған 67 260 оқушы қатысты.

Түркістан облысы бойынша жоба жеңімпаздарын насихаттау мақсатында жарнамалық плакаттар, буклеттер, таратпа материалдар шыға-

рылып, орналастырылды. Тұрғындар неғұрлым тығыз орналасқан жерлерде, облыс қалалары мен аудандарының орталық алаңдарында жоба жеңімпаздарының портреттерімен 70 билборд орналастырылды. 2019 жылы жобаны ілгерілету шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Қоғамдық келісім» КММ бірлесе отырып, түрлі ұлт өкілдерінен тұратын жастармен форум өткізді.

### **Қаржыландыру**

Қаржыландыру бойынша мәліметтерді талдау мынаны анықтады: жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен – 301 195 393 тг бөлу, демеушілер мен меценаттардан – 369 103 441 тг. ақша қаражатын тарту жоспарланғаны анықталды. Нақты көрсеткіш тиісінше 337 388 093 тг және 362 423 448 тг. құрады (мәлімет көзі ҚР АҚДМ). Қаржыландыру бойынша жоспарлық көрсеткіштер мен жоспарды орындау мүмкіншіліктері жалпы алғанда көрсеткіштерге қол жеткізілгенін көрсететінін атап өтуге болады.

Қаржыландыру мәселелерінде қаржы құю көлемінің, сондай-ақ жобалау қызметіне демеушілер мен меценаттардың қаражатын тарту көлемінің әртүрлі мөлшерде екенін атап өтуге болады. Демеушілер қаражатын тарту бойынша, әсіресе, Павлодар облысының жұмысын атап өтуге болады, есепті кезең ішінде – 350 767 300 тг. (2017 ж. – 341 767 300 тг, 2018 ж. – 5 млн. тг, 2019 ж. – 4 млн.тг). Мысалы, Қызылорда облысының демеушілер қаражатын тарту бойынша көрсеткіштері (2018 ж. – 3 875 000 тг.) Павлодар облысымен салыстырғанда әлдеқайда аз мөлшерде. Қызылорда облысында көбінесе жергілікті бюджеттен мемлекет қаражаты тартылады (2017 ж. – 41 754 000 тг., 2018 ж. – 3 875 000 тг., 2019 ж. – 19 470 000 тг.). Павлодар облысынан өзге облыстармен салыстырғанда бұл өңір арнайы жобаны жергілікті бюджеттен қаржыландыру бойынша көш бастап келеді 2019 жылы 342 947 333 тг. сомасы бөлінген (2 жыл 9 ай ішінде). Мәліметтерді барлық бірдей өңірлер бермеген.

Әлеуметтік қайырымдылықты көтермелеу мақсатында фандрайзинг (краудфандинг және т.б.) сияқты неғұрлым заманауи әдістерді қолдана отырып, қаржыландырудың әртүрлі көздерін іздестіру қажет деп ойлаймыз.

### **2 ЖЫЛ 9 АЙ ІШІНДЕГІ АРНАЙЫ ЖОБАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ**

Жоба жоғары деңгейдегі өзектілікке ие, себебі еңбектегі жетістік идеяларын насихаттауға, сәтті өмірлік стратегиялармен танысуға, сондай-ақ мемлекет беретін ықтимал әлеуметтік сатыларды насихаттауға ықпал етеді.

1. Арнайы жобаның нәтижелілігіне кездесулер ұйымдастыру арқылы қол жеткізіледі, мұның өзі жас ұрпақты белсенді әлеуметтік көзқарас ұстануға, еліне өз Отанында жетістікке жетуге, өз армандарын орындауға мүмкіндік бергені үшін шексіз алғыс білдірудің патриоттық сезімдерін білдіруге ынталандырады. Өңірлер

35-сурет. 2019 жылы жоспар/нақты бөлінісінде «Іс-шаралар саны», «Қаржыландыру», «Тұрғындарды қамту» көрсеткіштерінің орындалуы

Өңір атауы	Іс-шара саны		Жоспар (теңге)		Нақты (теңге)		Қамту (саны)	
	Жоспар	Нақты	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар қаражаты	Жергілікті бюджет	Демеушілер мен меценаттар қаражаты	Қатысушылар саны	Елді мекендер
Нұр-Сұлтан қаласы								
Алматы қаласы	2	41					15 700	8
Шымкент қаласы	12	41					9 815	26
Ақмола облысы	66	66	100 000	900 000	100 000		86 217	77
Ақтөбе облысы	50	18	300 000	0	0	0	2989	5
Алматы облысы	21	114		150 000		150 000	3 831	162
Атырау облысы	8	8	0	0	0	0	20 000	15
ШҚО	21	21	3 400 000	0	0		1 040	9
Жамбыл облысы	1	24	0	0	0	0	2 733	19
БҚО	10	18					7 500	15
Қарағанды облысы	1	10					1 540	3
Қостанай облысы	85	53	0		0		5 097	21
Қызылорда облысы	158	83	21 131 300	5 780 000	19 470 000	0	30 231	54
Маңғыстау облысы	8	11	200 000				70 000	61
Павлодар облысы	36	36	1 000 000	4 000 000	1 000 000	4 000 000	51 523	57
СҚО	100	45	274 760	50 000	274 760	50 000	20 000	50
Түркістан облысы	30	35	1 500 000	600 141	1 500 000	600 141	101 000	32
ОҚО								
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>609</b>	<b>624</b>	<b>27 906 060</b>	<b>11 480 141</b>	<b>22 344 760</b>	<b>4 800 141</b>	<b>429 216</b>	<b>614</b>

осы бағытта үлкен жұмыс жүргізген. Арнайы жобаның жеңімпаздарымен кездесулер, түсіндіру жұмыстары, еңбек ұжымдарымен, студенттермен, ардагерлермен кездесулері, олардың қатысуымен телевизиялық жобалар ұйымдастырылады. Жеке іс-шаралардың нәтижелі форматтарын атап өтуге болады. Мысалы, Павлодар облысында «Абай ауылға келді» жобасы жүзеге асырылады, оның шеңберінде жоба жеңімпазы Даниал Асенов Абайдың, Шәкәрімнің, Мағжанның, Мәшһүр Жүсіптің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын Павлодар облысы тұрғындары арасында кеңінен белсенді түрде насихаттап келеді. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жоба жеңімпазы Алексей Лодочников өзінің жеке концертімен облыстың барлық қалалары мен аудандарында болды.

Сонымен қатар, көптеген жобалардың нәти-

желілігі төмен имидждік құрамдас бөліктері орын алған, себебі ақпараттық және имидждік ілгерілетудің қолда бар форматтары еңбекке бағытталу мен Жалпыға Ортақ еңбек Қоғамы идеяларын, кәсіпқойлықты, жас ұрпақтың кәсіби қалыптасу мүмкіншіліктерін көтермелеуге бағытталмаған. Сонымен қатар, жеке іс-шаралардың форматы мен көрсеткіштері олардың нәтижелілігіне деген күмән туғызады. Мысалы, Түркістан облысы бойынша жоба жеңімпазы, ҚР мәдениет қайраткері, ақын-айтыскер Бекарыс Шойбеков онлайн режимдегі «Танымдық сағат» тәрбиелік іс-шараға қатысқан, оған 67 260 оқушы қатысқан. Мұндай іс-шаралардың қажеттілігі мен объективтілігі күмән тудырады.

2. Тұрғындарды қамту көрсеткіші бойынша ең жоғары көрсеткішті Атырау 440 000 (29%) және Маңғыстау (республика бойынша қаты-

сушылардың жалпы санының 16,3%) облыстары көрсетіп отыр. Тұрғындарды қамту бойынша ең төменгі көрсеткішті Жамбыл 2 858 адам (0,63%) және Қарағанды (республика бойынша қатысушылардың жалпы санының 0,35%) облыстары көрсетіп отыр. Кейбір өңірлер бойынша мәліметтер берілмеген, мұның өзі салыстырма талдауды қиындата түседі.

3. Арнайы жобаны жүзеге асырудың нәтижелілігінің тікелей нәтижесі – арнайы жобаға қатысуға берілген өтінімдер саны. Сандық бөлінісінде өтінімдердің ең көп мөлшері Қостанай (644, 24%), Түркістан (республика бойынша үміткерлердің жалпы санының 16,5%, Алматы (республика бойынша үміткерлердің жалпы санының 12,2%) облыстарынан болып отыр.

Ең азы Қарағанды (республика бойынша үміткерлердің жалпы санының 0,64%) және Батыс Қазақстан облыстарында (0,46%). Жеңімпаздар саны бойынша көш бастап келе жатқан Нұр-Сұлтан (9), Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 адамнан).

4. Тұрақты нәтижелерге қол жеткізу бойынша жұмыстар сандық көрсеткіштер динамикасымен сәйкес келеді. Егер де 2017–2018 жылдар ішінде «Арнайы жобаға қатысушылар саны», «Өткізілген кездесулер саны» көрсеткіштері өңірлердің көпшілігінде тұрақты динамиканы көрсеткен болса, 2019 жылы барлық көрсеткіштер бойынша төмендей бастаған. Бірнеше өңірлерде арнайы жобаны жүзеге асыру үшін бүкіл кезең ішінде жергілікті бюджет қаражаты бөлінбеген, сондай-ақ демеушілер мен меценаттар қаражаты тартылмаған (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Батыс Қазақстан, Қостанай, Жамбыл, Қарағанды облыстары). Осы жүргізілген жұмыстар теріс комплементарлық нәтиже береді. Жоғарыда аталған өңірлерде өткізілген іс-шаралар саны көрсеткіші бойынша ең төменгі көрсеткіш көрсетіліп отыр: Жамбыл облысы – 6, Алматы – 9, Шымкент – 1, Атырау – 4, Қарағанды облысы – 17. Сонымен, арнайы жобаны жүзеге асырудағы ортақ кемшіліктер, әлсіз қаржыландыру, оның ішінде арнайы жоба жеңімпаздарының қаржылық мүдделіліктерінің болмауы, арнайы жобаны жүзеге асырудың ұзақ мерзімдік нәтижелілігін төмендетеді.

5. Арнайы жобаның танымалдығын арттыру мақсатында барлық өңірлерде жеңімпаздардың фотосуреттері орнатылған, баннерлер мен билбордтар әзірленген. Алайда мазмұндық контентті талдау оларда берілген ақпараттың жеңімпаздардың маңыздылығы мен рөлін мазмұндық жағынан ұғынуға ықпал етпейтінін көрсетеді. Билбордтардың көпшілігінде жеңімпаздардың фотосуреттерімен қоса, жеңімпаздардың жетістіктері, олардың Қазақстанды ілгерілету бойынша мүмкіншіліктері туралы қысқаша ақпарат берілген.

### АРНАЙЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАТЕРЛЕР

1. Өңірлік жоспарлардың өңірлік есептерге

### 36-сурет. 2017, 2018 жылдардың, 2019 жылдың 9 айы бойынша «Жобаға қатысушылардың, жеңімпаздардың, тұрғындармен кездесулердің саны» жиынтық көрсеткіштері



сәйкес келмеуі, берілетін есептердің унификациялануының болмауы. Атап айтқанда, есепті ақпаратта көп жағдайларда жеңімпаздардың тұрғындармен кездесулері мен арнайы жоба бойынша іс-шаралар саны жиынтық көрсеткішінде берілген, мұның өзі жүргізілген жұмыстарға дұрыс талдау жасауға мүмкіндік бермейді.

2. Жүргізілген іс-шараларды контент-талдау жеңімпаздардың тұрғындармен кездесулерін ұйымдастырудың жүзеге асырылған форматтары уақыт өте келе қанағаттанбаушылық туды-



руы мүмкін екенін көрсетеді.

3. Жобаның имидждік құрамдас бөлігінің нәтижелілігінің төмендігі, себебі оны ақпараттық және имидждік ілгерілетудің қолда бар форматтары еңбекке бағыттаудың мазмұнын түсіндіру, жалпыға бірдей еңбек қоғамы мен кәсіпқойлық идеяларын насихаттау және жас ұрпақтың кәсіби қалыптасу мүмкіншіліктерін түсіндіру үшін жеткіліксіз болып табылады.

4. 2018 жылдан бастап негізгі сандық көрсеткіштердің төмендеуі. Тұтас алғанда арнайы жобаға қатысушылар санының төмендеуі, арнайы жобаға қатысушыларды тарта отырып өткізілетін іс-шаралар санының азаюы орын алып отыр. Суреттен көріп отырғанымыздай, ең жоғары сандық көрсеткіштер 2017 жылға келеді. 2018 жылы арнайы жоба жеңімпаздарының саны 2017 жылмен салыстырғанда 4,5 есе, өңірлерден қатысушылардың саны 1,3 есе азайған.

«Жобаға қатысушылардың, жеңімпаздардың, тұрғындармен кездесулердің саны» жиынтық көрсеткіштері

Сонымен, арнайы жобаға қатысушылар санының азаюы үрдісіне байланысты тұрғындардың арнайы жобаға деген сенімдері мен қатысушының төмендеуі туралы қорытынды жасауға болады.

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШІМ ЖОЛДАРЫ**

1. Тұрғындармен кездесулердің контенттік мазмұнын жетілдіру, жас ұрпаққа өзінің білімі, еңбегі мен дарыны арқасында жетістікке жеткен адамдардың шынайы тарихын көрсету мақсатында арнайы жоба аясында іске асырылуы тиіс келесі іс-шаралар форматы ұсынылады:

1) жеңімпаздардың жұмыс жағдайындағы кездесулерін ұйымдастыру, мұның өзі жоғары сынып оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жақсартады, жастардың ерте кәсіптік бағдар алуға назарын аударады, болашақта өз күштерін қай бағытта жұмсауы қажеттігі туралы ойлануына мүмкіндік береді, әсіресе ауылды жерлердің жастарына ерекше көңіл бөлу қажет;

2) жеңімпаздардың университеттердегі ашық есік күндері, оқушылар сарайындағы пәндік олимпиадалар шеңберіндегі кездесулерін, жеңімпаз қызмет ететін мамандық саласын насихаттау және мамандық бойынша кәсіптік бағдар беру мақсатында ұйымдастыру;

3) жеңімпаздарды өзі еңбек ететін бағыт шеңберінде әрекет ететін мемлекеттік бағдарламаларды, олардың жас тобына мемлекет беріп отырған мүмкіншіліктерді түсіндіруге тарту. Бұл жастар арасындағы ақпараттық-түсінік жұмыстарының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жеңімпаздар өздерін мысалға келтіре отырып, мемлекет берген қандай мүмкіндіктердің өздерінің жетістікке жетуі мен карьералық өсуі үшін шешуші болғанын көрсете алады;

4) жоба жеңімпазының қызмет саласы туралы қысқа метражды фильмдер түсіру, оларды жеңімпаз қызмет ететін сала бойынша салалық

және ғылыми мәселелерді талқылауға ықпал ететін ТД бағдарламаларына қатысуға тарту;

5) жобаны жүзеге асырудың берілген форматын есепке ала отырып, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру маңызды, арнайы жоба жеңімпаздарын әлеуметтік маңызды және бұқаралық-көпшілік іс-шараларға қатысуға тарту. Ынталандырушы кездесулер, пікірталас алаңдарын өткізу, олардың басты тақырыптары жастардың мүмкіншіліктерін дамыту мен жүзеге асыру үшін жағдай жасау, оның бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру, жеңімпаздың қызмет саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

2. Арнайы жобаны ақпараттық ілгерілету контентінің сапасын жақсартуды, сондай-ақ тұрғындардың барлық топтарын қамту мақсатында қарым-қатынастардың түрлі құралдары мен бірлесе әрекет ету форматтарын пайдалануды ұсынамыз.

3. Жоба жеңімпаздарының мүдделілігін арттыру үшін оларды ақшалай көтермелеу, сондай-ақ олардың жетістіктерін жүзеге асыруға қолдау көрсетуді қарастыруды ұсынамыз.

### **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев тұтас алғандағы қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың басты бағыттарын айқындайтын 6 негізгі бағытты бөліп көрсеткен: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Осы бағыттардың әрқайсысының өз мақсаты, міндеттері бар, оларға қол жеткізу қазіргі әлемдік қатерлерге жүйелі жауап беруге, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елі қатарына енуінің генераторы болуына ықпал ететін болады. Бағдарлама бағыттарының мақсаттық қондырмалары тұтас алғанда арнайы жобалардың міндеттерін біріктіреді. Соған байланысты 2019 жылға дейін іс-шараларды жоспарлау кешенді түрде жүзеге асырылды, онда әрбір жоба/іс-шара жүйелі негізде Бағдарламаның және арнайы жобаның бағытына енгізілді. Сонымен, 2019 жылға дейін Бағдарлама бағыттары бойынша жеке жоспарлау жүзеге асырылған жоқ, бағыттардың жүзеге асырылуының нәтижелілігін бағалау АҚДМ құрастырған индикаторлар жүйесі негізінде жүзеге асырылды.

Нақты мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап ӨЖО Бағдарлама мен арнайы жобалар бағыттары бойынша іс-шараларды жеке жоспарлаудағы жұмыстар басталды. Сонымен, Бағдарлама бағыттарының жүзеге асырылуын 2019 жылы өткізілген іс-шаралар негізінде талдау мүмкін болды.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын бағыттар бойынша жүзеге асырудың сандық көрсеткіштерін талдау**


Есепті кезең ішінде Бағдарлама бағыттары аясында 24 437 іс-шара өткізілді, олардың 43,3% қалаларда және 58,5% ауылды жерлерде жүзеге асырылған. Тұрғындарды қамту 6 836 194 адамды құраған, олардың 70% қала тұрғындары және 30% ауыл және аудан тұрғындары құраған. Жобалар мен іс-шаралардың жалпы санының 6,42% демеушілер қаражатына жүзеге асырылған. 37-суреттен көріп отырғанымыздай, іс-шаралар

Бағдарламаның барлық бағыттары арасында біркелкі бөлінген, мұның өзі жоспарлаудың сапалық деңгейін білдіреді. Іс-шаралардың ең көп саны «Білімнің салтанат құруы» бағытына келеді (барлық өткізілген іс-шаралардың 23,12%). Ең аз саны «Эволюциялық даму» бағытына келеді (тиісінше 7,6%).

Тұтас алғанда, жүзеге асырылу кезеңі ішінде Бағдарлама бағыттары бойынша іс жүзінде әрбір өңірде өткізілетін зәкірлік жобалар мен іс-шаралар қалыптасқан: Bookcrossing, «Кітап сыйла», Book Dating – кітаптарды талқылау бо-

**37-сурет. Бағдарлама бағыттары бойынша қорытынды көрсеткіштер**

Бағыттар	Бағдарлама бағыттары бойынша қорытынды көрсеткіштер						Олардың ішінде демеушілер қаражатына өткізілгені
	2019 жылдың 9 айы						
	Іс-шаралар саны			Қамту			
	Жиыны, оның ішінде	қала	ауыл	Жиыны, оның ішінде	қала	ауыл	
Бәсекеге қабілеттілік	3957	1697	2227	1147268	778567	368701	226
Білімнің салтанат құруы	5651	2129	3522	1039737	709338	330399	221
Ұлттық бірегейлік	4826	2465	2827	1913690	1381397	534293	276
Прагматизм	3576	1239	2337	757472	431212	326260	265
Эволюциялық даму	1872	876	996	469659	313990	153842	167
Сананың ашықтығы	4555	2171	2386	1508368	1228219	280149	414
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>24437</b>	<b>10577</b>	<b>14295</b>	<b>6836194</b>	<b>4842723</b>	<b>1993644</b>	<b>1569</b>



йынша зияткерлік алаң, «Отбасы – бақыт мекені», «#TazaQala» акциясы, «Қайырымдылық жасауға асық!» волонтерлік акция, «IT-WEEK.KZ» халықаралық ИТ-форум, «QazTalks» азаматтық қоғамның ашық конференциясы, «StudentsTalks» халықаралық конференция, «Qazaq Epos» байқауы, «Бояулар құпиясы» – жас суретшілердің республикалық байқауы, «Қайырымдылық керуені», «ITU Roboson» ҚР жоғары оқу орындары арасындағы робот техникасы бойынша республикалық чемпионат, «Алтын қазына» – балалар шығармашылығы байқауы, «Шеберлер қалашығы», «Үшқыр ой алаңы» дебат турнирі және т.б. Бұл жобаларды жүзеге асыру оң пікір тудырды, тұрғындарды кеңінен қамтыды, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттауға елеулі көлемде ықпал етті.

### **Бағдарламаны бағыттар бойынша жүзеге асыру**

#### **1. «Бәсекеге қабілеттілік» бағыты**

Есепті кезең ішінде «Бәсекеге қабілеттілік» бағыты аясында жиыны 3957 іс-шара өткізілген. Іс-шаралар саны бойынша Қостанай және Түркістан облыстары көш бастап келеді (тиісінше 12,5% және 13,7%). Ең аз саны Қарағанды облысына келеді (0,5%) 5,73% демеушілер қаражатына жүзеге асырылған.

«Бәсекеге қабілеттілік» бағыты бойынша Бағдарламаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі.

Жүзеге асырылу кезеңі ішінде осы бағыттың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуде оң тәжірибе қалыптасты. Келесі маңызды, ағымдағы уақытта жүзеге асырылып отырған жобаларды бөліп көрсетуге болады:

- «Social trust» әлеуметтік кәсіпкерлік мектебі» жобасы шеңберінде оқыту тренингтерін өткізу (Қарағанды);

- кәсіпкерлікті дамытудың сәтті тәжірибелері туралы жергілікті БАҚ-та материалдар топтамасын басып шығару (Қарағанды);

- «Startup-Weekend» жобасы шеңберінде «Kyzylorda Business Hub» стартаптар байқауы (Қызылорда);

- КСРО халық әншісі, академик Б.Төлегенованың жыл сайынғы вокалистердің халықаралық байқауы (Алматы);

- Ерекше қажеттіліктері бар жастардың шығармашылық мүмкіншіліктерін арттыруға бағытталған «Жастар жалыны» дельфийлік өнер мектебі. Мектеп шеңберінде өнердің 6 бағыты бойынша шеберлік курстары өткізіледі: орындаушылық, сурет, қолданбалы, сөз, әлеуметтік, экологиялық (Ақмола облысы);

- Әлеуметтік желілерде «My success story – Менің жетістігімнің тарихы!» жобалар топтамасын іске қосу (Ақмола облысы);

- «Сөз – тілдің көркі» жобасы, қазақстандық жазушылар мен ақындардың шығармашылығымен танысу және насихаттауға бағытталған. Іс-шаралар топтамасына 1000 астам мектеп оқушылары қатысқан (ШҚО);

- «Саналы ұрпақ» жобасы: түрлі бағыттар бойынша мектеп оқушылары арасындағы байқаулар топтамасы («Полицияның жас достары», «Қалалық «Балдық би» сайысы» және т.б.).

«Бәсекеге қабілеттілік» бағыты аясында Бағдарлама қондырмаларына сәйкес бәсекеге қабілеттілік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған іс-шараларға басым көңіл аударылуы тиіс. Сонымен қатар, мысалы, өңірлердің 2019 жылғы қыркүйек айындағы есептері бойынша жүзеге асырылған 513 іс-шара/жобадан, ІТ-сауаттылықты дамытуға бағытталған – 5 (Қызылорда, Қостанай облыстары), көп тілділікті дамыту – 2 («Болашаққа бастар жол – үш тұғырлы тіл» жобасы және «10 күн қазақ тілінде сөйлейміз» акциясы, Алматы, Павлодар облыстары). Шығармашылық қабілеттер мен мәдени ашықтықты дамытуға бағытталған жобалар – 35. Жобалардың елеулі көлемі кәсіпкерлікті дамыту, азаматтық бастамалар, кәсіби құзыреттіліктер бойынша жүзеге асырылады – 18. Өзге іс-шаралар спортты дамытуға және өзге бағыттарға бағытталған. Ұзақ мерзімдік оқу мерзімімен оқытуға бағытталған жобалар жиыны – 3 (ШҚО, Қарағанды облыстары). Бағдарлама бағытына қатысы жоқ іс-шаралар орын алған. Мысалы, «Рухани тәрбие отбасыдан» аудандық байқауы (Алматы облысы), Ақтоғай ауданында мектеп спорт залының ашылуы (Павлодар облысы) және т.б.

Сонымен, іс-шаралардың елеулі бөлігі бір реттік сипатқа ие, бәсекеге қабілеттілік құзыреттіліктерін дамытуға мақсатты қондырмалары жоқ, мұның өзі бағыттың мақсаты мен міндеттеріне жүйелі түрде қол жеткізудің негізі бола алмайды.

#### **«Прагматизм» бағыты**

«Прагматизм» бағыты аясында жиыны 3576 іс-шара өткізілген. Іс-шаралар саны бойынша Павлодар және Түркістан облыстары көш бастап келеді (өткізілген іс-шаралардың жалпы санының 18,6% және 15,01%). Ең аз саны Қарағанды облысына (0,36%) және Нұр-Сұлтан қаласына келеді (0,39%). Осы бағыт бойынша жобалар мен іс-шаралардың жалпы санының 7,4% демеушілер қаражатына жүзеге асырылған.


Осы бағытты жүзеге асырудың негізгі мақсаты – экологиялық мәдениетті, салауатты өмір салтын, тиімді шешімдер мәдениетін, кәсіпқойлық пен реализмге бағыттылықты қалыптастыру. Жалпы, өңірлер іс-шараларды осы бағыт аясында қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

Мынадай маңызды, ағымдағы уақытта жүзеге асырылудағы жобаларды бөліп көрсетуге болады:

- мектеп аумағын абаттандыру бойынша байқау. Мектептерде клумбаларға бөлу үшін көшеттер отырғызылады, шағын архитектуралық формалар құрастырылады. Жобаны әзірлеуге жиыны 4 000 адамнан тұратын мұғалімдер мен оқушылар тартылған. Жобаның жүзеге асырылу мерзімі 2019 жылдың қыркүйегі – 2020 жылдың

38-сурет. 2019 жылдың 9 айы бойынша «Бәсекеге қабілеттілік» бағыты бойынша Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері

Өңір	Бәсекеге қабілеттілік						
	Жиыны 2019 жылдың 9 айы бойынша						
	Іс-шара саны			Қамту			Демеушілер қаражаты есебінен
	Жиыны іс-шаралар	қала	ауыл	Жиыны іс-шаралар	қала	ауыл	
Ақмола облысы	410	176	234	72300	26875	45425	7
Ақтөбе облысы	372	80	292	117265	59251	58014	27
Алматы облысы	239	93	146	19795	11348	8447	12
Атырау облысы	109	73	36	131521	105260	26261	22
ШҚО	270	138	132	108864	95592	13272	10
Жамбыл облысы	206	69	137	60132	41698	18434	1
БҚО	321	172	149	51768	38392	13376	5
Қарағанды облысы	21	15	6	17014	1622	15392	0
Қостанай облысы	496	219	277	63130	27992	35138	58
Қызылорда облысы	191	119	72	188154	163219	24935	16
Маңғыстау облысы	109	47	62	46250	21045	25205	11
Павлодар облысы	160	73	87	47216	31067	16149	0
СҚО	245	76	169	41322	9393	31929	0
Түркістан облысы	546	118	428	73831	37107	36724	32
Нұр-Сұлтан қаласы	33	33	0	28678	28678	0	0
Алматы қаласы	33		0	39040	39040	0	2
Шымкент қаласы	196	196	0	40988	40988	0	23
<b>Жиыны</b>	<b>3957</b>	<b>1697</b>	<b>2227</b>	<b>1147268</b>	<b>778567</b>	<b>368701</b>	<b>226</b>



мамыры (Қарағанды);

- «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпазының, әлсіз көретін және көзі көрмейтін велосипедшілердің қатысуымен «Алматы-

Түркістан» қайырымдылық веломарафоны (Алматы);

- 1 сынып оқушыларына арналған «Бір бала – бір ағаш» жобасы, оған 2048 оқушылар қатысты;

- «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» жобасы – қолданбалы өнер көрмесі (Қызылорда).

2019 жылдың қыркүйек айы бойынша өңірлер бөлінісінде іс-шараларды талдау іс-шаралар түрлерінің келесі сандық арақатынасын көрсетеді (жиыны 345 іс-шара өткізілген):

- спортты дамытуға бағытталған – 14 астам (Қызылорда, Қарағанды, Алматы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары, Алматы қаласы);

- экологиялық мәдениетті қалыптастыруға – 33 (Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды,



ақмола және т.б. облыстар);

- кәсіпқойлықты, зияткерлік қабілеттерді, көшбасшылық сапаларды дамыту –17 астам;

- меценаттықты дамыту, қарт адамдарға, ардагерлерге көмек көрсету және басқа – 6 жоба (Қостанай, Қызылорда, Түркістан облыстары). Өзге іс-шаралар бір реттік сипатта болып келеді: ынталандырушы кездесулер, шығармашылық іс-шаралар т.б. Осы бағыттың міндеттеріне бағытталмаған іс-шаралар орын алған: Өскемен қаласының №37 жалпы білім беретін орта мектебінде мектеп кафесінің ашылуы, Елена Әбдіхалықовамен бірге ән кеші (Ақтөбе облысы), «Жаңа кітаптар» көрмесі (Алматы облысы) және т.б.

Сонымен, жалпы алғанда осы бағыттың міндеттері жүзеге асырылған іс-шаралар мен жобалардан көрініс тапқанымен, бір реттік іс-шараларға басым көңіл аударылған (70% астам), мұның өзі жүзеге асырылған іс-шаралардың синергетикалық нәтижесін төмендетеді.


### 3. «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты

Жиыны, есепті кезең ішінде бағдарлама шеңберінде 4826 іс-шара өткізілген. Іс-шаралар саны бойынша Қостанай және Түркістан облыстары көш бастап келеді (өткізілген іс-шаралардың жалпы санының 15,4% және 11,9%). Ең аз саны Қарағанды облысына (0,5%) және Нұр-Сұлтан қаласына келеді (0,12%). Осы бағыт бойынша жобалар мен іс-шаралардың жалпы санының 5,7%

39-сурет. 2019 жылдың 9 айындағы «Прагматизм» бағыты бойынша Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері

Өңір	Прагматизм						Демеушілер қаражаты есебінен
	Жиыны 2019 жылдың 9 айы бойынша						
	Іс-шара саны			Қамту			
	іс-шаралар саны	қала	ауыл	іс-шаралар саны	қала	ауыл	
Ақмола облысы	249	96	153	67151	39687	27464	3
Ақтөбе облысы	101	29	72	15122	6863	8259	14
Алматы облысы	222	90	132	19978	10333	9645	16
ШҚО	193	105	88	57884	30955	26929	17
Жамбыл облысы	182	86	96	34204	16218	17986	1
БҚО	319	174	145	52887	37860	15027	6
Қарағанды облысы	13	9	4	13330	3130	10200	1
Қостанай облысы	355	100	255	28784	13225	15559	51
Қызылорда облысы	198	103	95	221365	160167	61198	56
Маңғыстау облысы	73	29	44	24558	8997	15561	8
Павлодар облысы	664	54	610	47760	32791	14969	0
СҚО	249	66	183	84429	16057	68372	73
Түркістан облысы	538	78	460	53968	18877	35091	3
Нұр-Сұлтан қаласы	14	14	0	687	687	0	0
Алматы қаласы	29	29	0	19925	19925	0	4
Шымкент қаласы	177	177	0	15440	15440	0	12
<b>Жиыны</b>	<b>3576</b>	<b>1239</b>	<b>2337</b>	<b>757472</b>	<b>431212</b>	<b>326260</b>	<b>265</b>

Количество мероприятий за счет спонсорских средств



демеушілер қаражатына жүзеге асырылған.

«Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағытының міндеттері – ұлттық мәдениет ядросын сақтауға, оны қазіргі трендтермен байланыста өзектендіруге бағытталған көпқырлы жұмыстар жүргізу. Өңірлердің көпшілігінде өткізілген іс-шаралардың негізгі форматы шығармашылық кездесулер, ұлттық әдет-ғұрыпты білуге арналған байқаулар өткізу («Қыз жібек» және т.б.), ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастыру, театрландырылған қойылымдар және басқалары болып табылады.

Мынадай маңызды, ағымдағы уақытта жүзеге асырылып отырған жобаларды бөліп көрсетуге болады:

- технология сабақтарында 6-7 сынып оқушыларын киіз басу дағдыларына оқыту (Қарағанды);

- «Композиторлар музыкасындағы өңір тарихы» ауылдық мектеп оқушыларымен әңгіме. Іс-шара Абай қаласы, Тұлпар, Дубовка ауылдарының балалардың өнер мектептері тәрбиеленушілерімен, БӨМ педагогтарымен өткізілді. Іс-шарада қазақстандық композиторлардың өмірбаяны, олардың шығармашылығы таныстырылды, олардың шығармалары орындалды. Жиыны лекториймен 5 000 астам тыңдаушы қамтылды;

- «Алыс та жақын уақыт: қазақ әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері» топтамасынан интербелсенді этнографиялық жоба - «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым», оның міндеті – қазақ ұлттық әдет-ғұрпын насихаттау: «Қызды оң босағаға отырғызу», «Құда түсу», «Босаға майлау»,

«Құрсақ тәрбиесі», сондай-ақ шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуі (Қостанай);

- «Үздік оқырман отбасы» облыстық байқауы. Байқауға қатысушылар (отбасы) «Кітап және менің отбасым» бейнебаян/мультимедиялық презентация көрсетеді, «Біздің отбасымыздың сүйікті кітабы» сахналық қойылымы және өзге де тапсырмалар;

- «Менің отбасым – менің қуанышым!» жобасы, отбасылық дәстүрлерді нығайтуға бағытталған. Жастардың бриллиант және алтын үйлену тойлары мерейтой иелерімен кездесу-әңгімелесулері өткізілді;

- «Асыл әжелер» клубының ашылуы (Ақмола облысы);

- Қазақ фольклорының мұрасы және музыкалық өнері – Ұлы Дала Елі» студенттеріне арналған «Қазақтану» білім беру дәріснамасы (СҚО).

Сонымен, қазіргі уақытта ұлттық мәдениетті дамыту бойынша іс-шаралар қатысушыларды үлкен көлемде қамтуды және тұрғындар арасынан үлкен құлшынысты көрсетіп отыр (іс-шаралардың жалпы санының 19,7% және қатысушылардың жалпы санының 28%).

Сонымен қатар, ұлттық мәдениеттің ядросы, ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі шарты – ең алдымен тілді білу. Қазіргі уақытта қазақтардың елеулі бөлігі үшін ана тілін сауатты білу шешімін таппай отырған мәселе туындап отыр. Соған байланысты осы бағыт аясында қазақ тілін меңгеру, сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған жобаларды жүзеге асыруды ұсынамыз.

#### 4. «Білімнің салтанат құруы» бағыты

**40-сурет. 2019 жылдың 9 айындағы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты бойынша Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері**

Өңір	Ұлттық бірегейлік						Демеушілер қаражаты есебінен
	2019 жылдың 9 айы						
	Іс-шара саны			Қамту			
	іс-шаралар саны	қала	ауыл	іс-шаралар саны	қала	ауыл	
Ақмола облысы	77	285	255	259536	218065	41471	16
Ақтөбе облысы	218	118	100	49533	29980	21553	22
Алматы облысы	382	133	249	187336	169484	17852	13
Атырау облысы	387	297	90	244420	176515	67905	60
ШҚО	365	157	208	169964	90981	78983	14
Жамбыл облысы	270	76	194	133032	89519	43513	10
БҚО	485	301	184	55155	33609	21546	7
Қарағанды облысы	26	18	11	24221	10962	13259	0
Қостанай облысы	747	194	553	152627	86698	65929	69
Қызылорда облысы	265	161	104	113332	80379	32953	25
Маңғыстау облысы	125	56	69	99128	35519	63609	17
Павлодар облысы	404	212	192	67843	46035	21808	0
СҚО	241	66	175	45707	25503	20204	2
Түркістан облысы	579	136	443	37921	14213	23708	6
Нұр-Сұлтан қаласы	6	6	0	1520	1520	0	0
Алматы қаласы	43	43	0	195020	195020	0	3
Шымкент қаласы	206	206	0	77395	77395	0	12
<b>Жиыны</b>	<b>4826</b>	<b>2465</b>	<b>2827</b>	<b>1913690</b>	<b>1381397</b>	<b>534293</b>	<b>276</b>

Жиыны есепті кезең ішінде бағыт аясында 5651 іс-шара өткізілген. Іс-шаралар саны бойынша Ақтөбе, Түркістан облыстары көш бастап келеді (өткізілген іс-шаралардың жалпы санының 26,2%, 12,29%). Ең аз саны Қарағанды облысына (0,2%) және Нұр-Сұлтан қаласына келеді (0,19%). Осы бағыт бойынша жобалар мен іс-шаралардың жалпы санының 3,9% демеушілер қаражатына жүзеге асырылған

«Білімнің салтанат құруы» бағытының міндеттері – қоғамда білімнің жалпыға ортақтығы идеясын, жоғары білімді адам культін қалып-

тастыру, білімнің болашақ сәттіліктің іргетасын қалайтын сәттілік факторы ретіндегі түсінігін қалыптастыру. Бағдарламада жастарға ерекше көңіл бөлінген, олардың басымдықтар жүйесінде білімділік бірінші орында тұруы тиіс. Осы міндеттерге байланысты осы бағыт аясындағы негізгі іс-шаралар/жобалар оқыту іс-шараларын өткізу, ғылыми-зерттеу алаңдарын ұйымдастыру (конференциялар, дөңгелек үстелдер және т.б.), ғылыми жобалар байқауларын, белгілі ғалымдармен кездесулер, ағартушылық іс-шаралар өткізу және т.б. болуы тиіс.

41-сурет. 2019 жылдың 9 айындағы «Білімнің салтанат құруы» бағыты бойынша Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері.

Өңір	Білімнің салтанат құруы						Оның ішінде демеушілер қаражаты есебінен
	2019 жылдың 9 айы						
	Іс-шара саны			Қамту			
	іс-шаралар саны	қала	ауыл	іс-шаралар саны	қала	ауыл	
Ақмола облысы	364	162	202	67663	49307	18356	1
Ақтөбе облысы	1484	296	1188	45096	17123	27973	21
Алматы облысы	271	85	186	21660	9440	12220	7
Атырау облысы	200	120	80	85958	63206	22752	49
ШҚО	397	155	242	122076	95140	26936	5
Жамбыл облысы	156	56	100	60728	10122	50606	0
БҚО	519	290	229	45379	23567	21812	6
Қарағанды облысы	13	7	6	858	783	75	0
Қостанай облысы	656	292	364	47576	21454	26122	53
Қызылорда облысы	183	111	72	91460	64232	27228	18
Маңғыстау облысы	88	41	47	31758	13439	18319	13
Павлодар облысы	200	112	88	51642	37658	13984	2
СҚО	169	41	128	25732	6383	19349	18
Түркістан облысы	695	105	590	113364	68697	44667	1
Нұр-Сұлтан қаласы	11	11	0	1290	1290	0	0
Алматы қаласы	37	37	0	31260	31260	0	1
Шымкент қаласы	208	208	0	196237	196237	0	26

Талдау көрсетіп отырғандай, өңірлердің көпшілігі іс-шараларды қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырады. Мысалы, ШҚО ӨЖО жұмысы нәтижелі болып табылады: оқыту мазмұнындағы іс-шаралар мен білімділікті дәріптеуді ілгерілету бойынша іс-шаралар 50/50 пропорциясында жоспарланған. Облыста «Химиялық калейдоскоп» мектеп оқушыларына арналған турнирі, «Болашаққа қадам» техникалық шығармашылық пен өнертапқыштық байқауы, «Қазақ хандығы» тақырыбына «білгірлер» зияткерлік ойыны, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу бойынша студенттік олимпиада, балаларды ертегілер әлеміне тартуға бағытталған жоба: «Ұлы ертегіші – Ганс Христиан Андерсен», «Үздік жас оқытушы» жобасы, онда оқытушылар жаңартылған мазмұн, оқыту технологиясы,

көп тілділік бойынша өздерінің шеберліктерін көрсететін және т.б. өзекті іс-шаралар жүзеге асырылады.

Мынадай маңызды, ағымдағы уақытта жүзеге асырылып отырған жобаларды бөліп көрсетуге болады:

- Абайдың 175-жылдығына арналған әдебиет үйірмесінің ашылуы, үйірмелер желісін ашу жоспарлануда (Қарағанды);

- белгілі тұлғалардың қатысуымен іс-шара: «Нәтиже» компаниясының иесі, кітап авторы – Ерлан Әшімовпен кездесу (Қарағанды);

- «Зерде» шығармашылық жобалар байқауы, оның негізгі мақсаты – оқушылардың зияткерлік-шығармашылық мүмкіншіліктерін және танымдық қызығушылықтарын ынталандыру (Ақтөбе облысы);



**42-сурет. 2019 жылдың 9 айы жіктелісінде «Эволюциялық даму» бағыты бойынша Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері.**

Өңір	Эволюциялық даму						
	2019 жылдың 9 айы						
	Іс-шаралар саны			Қамту			Оның ішінде демеушілер қаражаты есебінен
	Жиыны, оның ішінде	қала	ауыл	Жиыны, оның ішінде	қала	ауыл	
Ақмола облысы	154	47	107	17392	6601	10791	5
Ақтөбе облысы	98	34	64	24355	14240	10115	21
Алматы облысы	119	54	65	8819	5207	3612	6
Атырау облысы	70	44	26	72438	51200	21238	18
ШҚО	130	65	65	27657	22721	4936	24
Жамбыл облысы	135	45	90	20492	10810	9212	1
БҚО	80	46	34	17927	12862	5419	6
Қарағанды облысы	9	7	2	2505	1955	0	4
Қостанай облысы	230	60	170	32896	13986	18910	27
Қызылорда облысы	234	127	107	68276	47929	20347	15
Маңғыстау облысы	55	22	33	39143	14379	24764	3
Павлодар облысы	116	60	56	35736	22627	11948	0
СҚО	99	32	67	12053	5916	6137	0
Түркістан облысы	141	31	110	11236	4823	6413	3
Нұр-Сұлтан қаласы	1	1	0	50000	50000	0	0
Алматы қаласы	10	10	0	6800	6800	0	2
Шымкент қаласы	191	191	0	21934	21934	0	32

- көшбасшылардың қысқы мектебі (Ақмола облысы).

Сонымен қатар, жеке өңірлерде Бағдарлама бағыты міндеттерін шешуге бағытталмаған іс-шаралар өткізіледі («Ақмола жұлдыздары» гала-концерт, «Отбасылық құндылықтар» ақпараттық жобасы, хореографиялық байқау, Ақмола облысы).

**5. «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» бағыты**

Жиыны есепті кезең ішінде бағыт аясында 1872 іс-шара өткізілді. Іс-шаралар саны бойынша Қызылорда облысы көш бастап келеді (өткізілген іс-шаралардың жалпы санының 12,28%). Ең аз саны Қарағанды облысына (0,5%) және Нұр-Сұлтан қаласына келеді (0,05%). Осы бағыт бойынша жобалар мен іс-шаралардың жалпы санының 8,7% демеушілер қаражатына жүзеге асырылған.

«Қазақстанның революциялық емес, эволю-

циялық дамуы» бағытының міндеттері – қоғамның, әрбір қазақстандықтың эволюциялық шешімдер мәдениетін қабылдауын қалыптастыру. Міндеттерге байланысты осы бағыт аясындағы негізгі іс-шаралар құқықтық мәдениетті, медиацияны, меценаттықты, волонтерлікті, азаматтық белсенділікті дамытуға бағытталған, тәрбиелік-патриоттық сипаттағы іс-шаралар болуы тиіс. Талдау көрсетіп отырғандай, өңірлердің көпшілігі іс-шараларды қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

Мынадай маңызды, ағымдағы уақытта жүзеге асырылып отырған жобаларды бөліп көрсетуге болады:

- «Мектепке жол» акциясы – аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету. Акция ауданның 38 мектебінде өткізілген (СҚО);

- ауданның 38 мектебінің оқушылары ҰОС

ардагерлеріне, жалғызбасты қарт зейнеткерлерге көмек көрсету, аула маңындағы аумақты абаттандыру бойынша волонтерлік қозғалысқа қатысты (СҚО, Қызылжар ауданы);

- 2019 жылдың қыркүйек айында «Abay TEAM» волонтерлік корпусы «Samruk-Kazyna Trust» АҚ өткізген «Жеңіс» республикалық жобасына қатысты. Азық-түлік пакеттері сатып алынды, үйлер мен пәтерлерге тазалық жұмыстары жүргізілді;

- волонтерлердің «Қайырымдылық жасауға асық!» акциясы, оның нәтижесінде балалар заттары, кеңсе тауарлары сатып алынып, қажет ететіндерге бөліп берілді. 50 волонтер қатысты;

- «Жастарға жарқын жол аштық» тақырыбына дебат турнирі, онда жастардың әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық көзқарастарын арттыру, пікірталас өткізу дағдыларына ие болу, өз көзқарасын қорғай білу мәселелері талқыланды (Алматы);

- «Педагогикалық династиялар» жобасы, оның мақсаты – оқытушылар отбасыларының тарихымен танысу, оларды династия тарихымен таныстыру, «Павлодар қаласының инновациялық типтегі № 34 мектебінің педагогикалық династиялары» жылнамасын құрастыру үшін олардың шығармашылық жетістіктерімен танысу;

- «New step» жобасын жүзеге асыру аясындағы «Менің отбасымның бір күні» жобасы. Жоба қамқоршылар отбасыларындағы бала – ата-ана қарым-қатынасын үйлестіру мен жолға қою үшін жағдай жасауға, тиімді психологиялық ахуал құру және қолдауға, сондай-ақ мұндай отбасы мүшелері арасында өзара мейірімділік пен ынтымақтастық қатынастарын орнатуға бағытталған (Павлодар облысы);

- «жастықтан даналыққа дейін – Асыл әжем» жобасы, оның мақсаты өскелең ұрпақты халықтық тәрбиенің принциптері, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу. Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Мәдени мұраны, этикалық нормалар мен қоғамдағы мәдениеттілікті дамыту және ілгерілету (Павлодар облысы);

- «Біздің stories» жобасы, оның мақсаты Жезқазған ауданы тұрғындарының тарихын құрастыру, ұрпақ сабақтастығын насихаттау (Павлодар облысы).

Дегенмен, осы бағыт бойынша іс-шараларды жоспарлау үнемі жүйелі сипатта бола бермейді. Мысалы, Павлодар облысында 80% астамы – патриоттық-тәрбиелік мазмұндағы іс-шаралар, өңірде құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша жобалар жүргізілген жоқ. СҚО құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар 5%, меценаттық пен волонтерлікті дамыту 8% құрайды. Қалған іс-шаралар патриоттық, отбасылық құндылықтарды дамытуға бағытталған.

Маңғыстау облысында 2019 жыл ішінде келесі іс-шаралар өткізілген: патриотизмді дамыту бойынша (1), меценаттық (1), спорттық іс-шаралар (1), зияткерлік-танымдық байқаулар, кездесулер (4), форсайттық зерттеулер бойынша

конференция (1). Қалған іс-шаралар бағыттың мақсаты мен міндеттерін қамтымайды. Жиыны 55 іс-шара жүзеге асырылған.

Жиынтығында бұл іс-шаралар белгілі бір деңгейде бағыт міндеттерін шешеді. Сонымен қатар, бағыт шеңберінде қойылған міндеттерді шешуге бағытталған жобаларды жүзеге асыру ұсынылады.

Бағдарлама бағыттары міндеттерімен корреляцияланбайтын іс-шаралар енгізіледі. Мысалы, электрондық құжаттар қорын әзірлеу аясында құжаттарды цифрлау бойынша шығармашылық зертхана ұйымдастыру (СҚО), Ш.Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Шәмші-дария» музыкалық кеш (Ақтөбе облысы) және т.б.

#### **6. «Сананың ашықтығы» бағыты**

Жиыны есепті кезең ішінде 4 555 іс-шара өткізілген. Іс-шаралар саны бойынша Жамбыл және Түркістан облыстары көш бастап келеді (өткізілген іс-шаралардың жалпы санының 13,7% және 10,9%). Ең аз іс-шара өткізген Нұр-Сұлтан қаласы (0,35%). Осы бағыт бойынша жобалар мен іс-шаралардың жалпы санының 9% демеушілер қаражатына жүзеге асырылған

«Сананың ашықтығы» бағытының міндеттері – қазақстандықтар бойында өзгерістерге дайын болу, өзгенің тәжірибесін ала білу, өзгелерден үйрену, ашықтық және үздік жетістіктерді қабылдауға дайын болу қасиеттерін қалыптастыру. Соған байланысты осы бағыт аясындағы негізгі іс-шаралар қарым-қатынастық құзыреттілікті дамытуға, инклюзивті қоғамды дамытуға бағытталған, халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткізілетін іс-шаралар болуы тиіс. Талдау көрсетіп отырғандай, өңірлердің көпшілігі іс-шараларды қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

Мынадай маңызды, ағымдағы уақытта жүзеге асырылып отырған жобаларды бөліп көрсетуге болады:

- «Көп балалы аналарға арналған жеңілдіктер» жадынамасын шығару (СҚО);

- 1-3 сынып оқушыларына арналған ертегілер күнін өткізу. Әлем халықтарының ертегілері әңгімеленіп, талқыланды;

- «Students Talks» жоғары оқу орындары аралық конференциясы, онда әрбір спикер TEDx форматында алдыңғы қатарлы тәжірибемен және идеялармен бөлісті (Қостанай);

- «Жастардың белгілі тұлғалармен кездесуі» жобасы, оның шеңберінде «Асыл арна» телеарнасының директоры Мухамеджан Оразбайұлы Тазабек (Аркалық қ.) кездесу өткізілді, онда ол жастарға қазақ халқының тәуелсіздік үшін жанқияр ерлік күресі, бостандық туралы армандаған біздің ата-бабаларымыз туралы, әрбір азаматтың өзінің туған өлкесінің тарихын білуі, оны дамытуға өз үлесін қосуы қажеттігі туралы әңгімеледі;

- «Рухани жаңғыру» аймақтық жобалық кеңсесінің қызметкерлері мен Алматы қаласының жоғары оқу орындары қызметкерлеріне арналған семинар-тренинг;

43-сурет. 2019 жылдың 9 айындағы «Сананың ашықтығы» бағыты бойынша Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері.

Өңір	Открытость сознание						
	2019 жылдың 9 айы						Оның ішінде демеушілер қаражаты есебінен
	Іс-шаралар саны			Қамту			
	Жиыны, оның ішінде	қала	ауыл	Жиыны, оның ішінде	қала	ауыл	
Ақмола облысы	433	271	162	45 575	37 418	8 157	3
Ақтөбе облысы	190	48	142	37 871	22 150	15 721	29
Алматы облысы	218	90	128	25 309	13 409	11 900	13
Атырау облысы	195	136	61	118 410	96 225	22 185	33
ШҚО	255	135	120	178 167	166 296	11 871	26
Жамбыл облысы	623	281	342	226 048	151 058	74 990	1
БҚО	364	192	172	48 258	32 252	16 006	6
Қарағанды облысы	21	20	1	85 290	85 245	45	1
Қостанай облысы	512	170	342	41 340	16 817	24 523	70
Қызылорда облысы	476	309	167	110 856	87 045	23 811	180
Маңғыстау облысы	86	39	47	28 762	11 042	17 720	8
Павлодар облысы	197	96	101	53 071	33 229	19 842	0
СҚО	167	66	101	34 160	18 789	15 371	14
Түркістан облысы	500	100	400	38 466	20 459	18 007	7
Нұр-Сұлтан қаласы	16	16	0	60 690	60 690	0	0
Алматы қаласы	147	47	100	8 765	8 765	0	3
Шымкент қаласы	155	155	0	367 330	367 330	0	20
<b>Жиыны</b>	<b>4 555</b>	<b>2 171</b>	<b>2 386</b>	<b>1 508 368</b>	<b>1 228 219</b>	<b>280 149</b>	<b>414</b>

- «Мәдени даму» жобасы, оның мақсаты – жергілікті қауымдастық арасында еңбек адамдарын насихаттау (БҚО);

- «Ашық алаң: жастар, мемлекеттік қызмет, болашақ» диалог алаңы (БҚО).

Сонымен қатар, іс-шараларды жоспарлауда ағартушылық сипаттағы іс-шараларға баса көңіл бөлінеді. Мысалы, БҚО іс-шаралардың 70% астамы соған сәйкес контентке ие болып отыр. Қарым-қатынастық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған іс-шаралар – 5 (15,6%). Алматы қаласы жақсы тәжірибе көрсетуде, онда осы бағыт аясында шетелдік сарапшылардың қатысуымен конференциялар, дөңгелек үстелдер, дәрістер өткізіледі; қала көшелерінде ашық өнер фестивалдері өткізіледі, театрландырылған қойылымдар қойылады, инклюзивті қоғамды дамыту бойынша іс-шаралар өткізіледі. Қостанай облысында 2019 жылы осы бағыт бойынша 2 іс-шара өткізілген.

### БАҒДАРЛАМА БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. Өңірлер жүзеге асырған іс-шаралардың

көпшілігі Бағдарлама бағытына да, арнайы жобаларға да енгізіледі. Нәтижесінде Бағдарлама аясында өткізілген іс-шаралардың нақты санын анықтау мүмкін болмайды, сондай-ақ ол Бағдарламаны көлемді жүзеге асырудың сандық көрінісін ғана жасайды. Мысалы, Алматы қаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тақырыбын талқылау бойынша сарапшылармен кездесу «Эволюциялық даму» бағытын жүзеге асыруға да, арнайы жобаға да жатқызылған. Мұндай мысалдар көпшілік сипатқа ие және барлық өңірлерде орын алған.

2. Жоспарланған және жүзеге асырылған іс-шаралардың жартысынан астамы кездесулер, концерттер, шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуі түрінде болып келеді. Мысалы Атырау облысында 2019 жылдың қыркүйек айында жүзеге асырылған 9 іс-шараның 4-еуі қазақи мұраны насихаттау бойынша (кездесулер, концерттер, шығармашылық жетістіктер көрмелері). Сонымен қатар, Бағдарлама бағыттары мақсатты сипатта болып келеді (бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді дамыту және т.б.),

соған байланысты іс-шаралар форматы көп жағдайларда оқыту, дамыту сипатында болуы тиіс. Мысалы, семинарлар, байқаулар, оның ішінде жобалар байқаулары, зияткерлік іс-шаралар, экологиялық, волонтерлік, тәлімгерлік жұмыстарды ұйымдастыру, акселераторлар құру және т.б. мұндай іс-шаралар өзекті құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады және бәсекеге қабілетті принциптер мен қондырғыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Көптеген өңірлер Бағдарлама бағыттары бойынша іс-шаралардың тиісті тақырыбы мен мазмұнын анықтауға қиналады және тиісінше Бағдарлама бағыттарына қатысы жоқ іс-шараларды қосады. Мысалы, денсаулықты нығайту мен спортты дамытуға бағытталған жобалар, ұлттық мәдениетті қалыптастыру іс жүзінде барлық бағыттарға енгізіледі; латиница бойынша іс-шаралар «Білімнің салтанат құруы», «Сананың ашықтығы» және т.б. бағыттарына енгізіледі. Жалпы, Бағдарлама бағыттарының міндеттеріне сәйкес келмейтін іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылады («Ескі пластинка» ретро кеш – 70-ші жылдар әндерін тыңдау, Шымкент; ақын, композитор, әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың тегін концерті, Ақтөбе облысы, Бақты ауылында саябақ және демалыс аймағын салу, ШҚО).

4. Бағдарлама бағыттарының мақсаттарын жүзеге асыру ұзақ мерзімдік сипатта болуды қарастырады, сондай-ақ бүкіл қоғамның жүйелі күш жұмсауын талап етеді. Соған байланысты, Бағдарлама бағыттары бойынша нақты жобаның логикасына жауап бермейтін бір реттік іс-шараларды өткізу нәтижесіз болып табылады.

### **БАҒДАРЛАМА БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР**

1. Жоспарлаудың нәтижелілігін арттыру, өткізілген іс-шаралардың мақсатын жалпы түсіну, сондай-ақ тиісті форматты таңдап алу мақсатында Бағдарламаның әр бағыты бойынша мақсатын, міндетін, пайдаланылатын технологиялық құралдарын сипаттай отырып, Тұжырымдама әзірлеуді ұсынамыз.

2. Бағдарламаны жүзеге асырудан ұзақ мерзімдік тұрақты нәтиже алу үшін бір реттік сипаттағы іс-шараларды жүзеге асырудың орнына бағыттар шеңберінде тиісті іс-шаралар жоспары бар және Бағдарламаның нақты мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған жобаларды ғана жоспарлауды және жүзеге асыруды ұсынамыз. Мұндай көзқарас кезінде жобалар аясындағы іс-шаралар каскадтық әдіс бойынша әзірленеді, мұның өзі сабақтастықты, жинақталған тәжірибені есепке алуды, ең бастысы – тұрақты және нақты нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін болады. Мысалы, ШҚО Бағдарлама бағыттары бойынша іс-шаралардың көпшілігі белгілі бір жобалар аясында өткізіледі. Қазіргі уақытта ШҚО-да 8 ірі жоба жүзеге асырылуда («Туған ел - туған жер», «Саналы ұрпақ», «Салауатты ұрпақ» және т.б.), мұның өзі іс-ша-

ралардың мазмұндық және мақсаттық бірлігін, тиімді форматтарды нәтижелі іріктеуді, іс-шараларды сәтті ұйымдастырудың тәжірибесін жинақтауды қамтамасыз ететін болады. Сонымен, есепті кезең ішінде нақты индикаторларға қол жеткізуге бағытталған және Қазақстанның барлық өңірлерінде ірі жобалардың негізі болуы мүмкін бірнеше жобалар жүзеге асырылды (жоғарыда аталған).

3. Бағдарлама бағыттарын жүзеге асыруды нақты нәтижелерге қол жеткізу мақсатында іс-шаралардың оқытушы, дамытушы форматтарын өткізуге баса көңіл бөлуді ұсынамыз. Мысалы, «Open-English», жобалар байқауы, кәсіпқойлыққа, қарым-қатынасқа және өзге де құзыреттіліктерге оқыту, сондай-ақ көңіл көтерушілік сипаттағы іс-шаралар санын азайту (концерттер, фестивалдер, шығармашылық кештер, көрмелер және т.б.).

Бағдарлама бағыттарының мақсатты қондырмаларына неғұрлым жас ұрпақтарға арналатынына байланысты іс-шаралар форматын таңдап алу кезінде жас ұрпақ өкілдері қызығушылық танытатындарына басты назар аударуды ұсынамыз.

4. Абай мұрасын терең ұғынуды ілгерілету және тұрғындарды ұлы қазақ ақынының 175-жылдығы бойынша іс-шаралар өткізумен кеңінен қамту мақсатында жоғары оқу орындары базасы негізінде «Абай әлемі» клубтарын ұйымдастыру ұсынылады, олардың шеңберінде қазақ халқының мұрасын зерттеу бойынша түрлі іс-шаралар өткізуге болған болар еді.

5. Отбасы институтын нығайту қазіргі уақытта өзекті мәселе болып отыр. Соған байланысты «Ұлттық бірегейлік» бағыты аясында отбасылық құндылықтарды нығайту, оның ішінде өзектендірілген ұлттық дәстүрлер бойынша жоба бастамасын ұсынамыз. Өңірлерде осы тақырып бойынша өткізілетін іс-шараларды біріктіруді, олардың тәжірибесін жинақтау арқылы отбасылық өмірдің түрлі жақтарын шешуді қамтитын көлемді жоба жасауды ұсынамыз.

6. Ұлттық мәдениеттің ядросы – ең алдымен тілді білу. Қазіргі уақытта қазақтардың елеулі бөлігі үшін ана тілін сауатты білу өзекті мәселе болып келеді. Соған байланысты «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты аясында қоғамның барлық деңгейінде қазақ тілін меңгеру, оның ішінде қазақ әдебиеті туындыларын бірлесе оқу және талқылау бойынша сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған жобаны жүзеге асыруды ұсынамыз.



### III ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ҚОҒАМ МҮШЕЛЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүзеге асырыла бастаған кезінен бастап қоғамның ерекше назарында. 2017 жылы жариялана салысымен Бағдарлама Қазақстанның ішінде де, шет елдерде де кеңінен талқылана бастады. Түрлі деңгейлердегі сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуының қажеттігін, мерзімділігін, маңыздылығын және нәтижелілігін талқылай бастады.

2017 жылдың қыркүйек айында Қазақстан делегациясы ЮНЕСКО штаб-пәтерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тұсаукесерін жасады. Сарапшы пікірі, Альберт Фишлер, Франция университетінің профессоры: «Сөз Қазақстанның жалпы әлемдік мәдени ортаға сәтті кірігуі туралы ғана емес, сонымен қатар өзінің бірегейлігін, дәстүрлерін сақтап қалуы жөнінде болып отыр. Білім мен білімділік Қазақстанның ежелгі дәстүрі болып табылады. XIX ғасырдың ұлы философы Абай Құнанбаев қазіргі күні де өзекті, өмір талабына сай болып қала береді. Қазақстан мен оның мәдениеті бүкіл әлем үшін ашық және транспарентті».

Отандық сарапшылар да өз көзқарастарын білдірді. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, ҰҒА академигі, т.ғ.д. профессор: «Біздің халқымыздың ерекше тарихын, мәдениетін, қоғамның әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің барлық сан алуан түрлерін, тілін өз бойына сіңіру, болашақ ұрпаққа жеткізу, әлемдік қауымдастық пен жалпы адамзаттық құндылықтармен байыту, нақтылы өмірде сақтау (тек жадында ғана емес) – жаңа, ашық, конструктивті және сындарлы қоғам санасының параметрлері осылар».

Қоғамның «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қабылдауын неғұрлым айқын ұғыну мақсатында 2017 жылдан бастап әлеуметтанулық зерттеулер, тұрғындар арасында сауалнамалар өткізіліп келеді.


#### 2017 жыл

«Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі 2017 жылдың қыркүйек – қараша айларында «Қоғамдық сананы жаңғырту кезеңіндегі заманауи қазақстандықтардың құндылықты бағдарлары» тақырыбында әлеуметтанулық зерттеу өткізді.

Зерттеу міндеттері мыналар болып табылды:

- Тұрғындардың мәдениет пен ұлттық кодты сақтай отырып, қоғамдық сананы жаңғыртуды қабылдауын зерттеу ;
- Тұрғындар үшін тарихтың ерекшелігінің, мәдени мұралардың, өзіндік ұлттық кодтың сақталуының, Қазақстанның революциялық дамуының емес ұлттық тарихи тамырларды тірек етудің маңыздылық деңгейін анықтау;
- Өзіндік ерекше мәдениет пен руханилықтың маңыздылығы, оның жат экстремистік идеологияларға қарсы тұрудағы мүмкіншіліктері;
- Қоғамдағы бірлік пен келісімнің алғышарттары, идеялық бірлік пен қазақстандық бірегейлікті нығайту, патриотизм;
- Тұрғындардың прагматизм мен реализм мәдениетіне негізделген ұлттық рухани дамуы мәселелеріне көзқарасы;
- Зияткерлік даму, білімнің салтанат құруының жалпыға ортақтығы, үздік жетістіктерді қабылдай білу;

44-сурет. Сіз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының мазмұнымен таныссыз ба ? (%)



- Азаматтардың жаңа жағдайда жұмыс істеуге бейімделуі мен мүдделілігін зерттеу, күшті, бәсекеге қабілетті және жауапты адамдардың ұлтын қалыптастыру.

Іріктелген респонденттер саны 1000 адамды құрады. Іріктеуді қалыптастыру кезінде қала-ауыл, жас, жыныс, ұлты, респонденттердің шыққан тегі сияқты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы статистика комитетінің қалалық және ауылдық жерлер тұрғындары, ұлттық құрамы бойынша параметрлері есепке алынды. Сауалнама 16 өңірде жүргізілді.

Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері қазақстандықтардың басым бөлігі белгілі бір деңгейде қоғамдық сананы жаңғырту бойынша дискурсқа тартылғанын көрсетеді.

Жиынтығында сауалнамаға қатысқандардың 83,7% Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласының шыққанын білетін болып шықты. Осылайша, Бағдарлама шыққаннан 5 ай өткеннен кейін жүргізілген зерттеу тұрғындардың бағдарлама туралы ақпараттануының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

#### Бағдарламаның бағыттарын бағалау

##### Көптілділік

Респонденттер қазіргі замандағы бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы көптілділіктің рөлін жоғары бағалайды. Шет тілдерді білу қазақ тілін білумен бір қатарда қазіргі қазақстандық үшін қажетті сапалардың бестігіне кіреді.

Үш тілді меңгеру мүмкіншілігі (қазақ, орыс, ағылшын) сауалнамаға қатысқандардың 55,9% қызығушылығын тудырады және олардың пікірінше бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді

##### Бәсекеге қабілеттілік

Қазақстандықтар қазіргі Қазақстан қоғамындағы азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы мемлекеттің, білім беру және ғылым мекемелерінің, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың ерекше рөлін атап көрсетті.

Ең маңызды сапалар деп қазақстандықтар білімділік пен мәдениеттілікті (57,2%), адалдықты (40,2%), жауапкершілікті (31,7%), рухани құндылықтарды (24,6%), әділдікті (22,5%), ақылдылықты (22,0%), нәтижелі еңбекке ұмтылысты (21,3), жақындарына қамқорлықты (19,8%), төзімділікті (18,9%), батыл ойлауды (18,4%) көрсеткен, олар Қазақстанның дамуына ықпал етуі мүмкін.


Оған қарама-қайшы жоғары билікте отырған туыстарына сүйену (39,8%), бейімделу мүмкіншіліктерінің төмендігі, жаңашылдықтан қорқу, кәсіпкерлік бастамашылықтың болмауы, әділдікке сенбеу, заңды айналып өтуге тырысу, патернализм, үнемсіздік (21,4%) сияқты сапалар көбінесе Қазақстанның дамуына кедергі жасаушы факторлар ретінде көрсетілген.

#### Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Тұрақты эволюциялық даму қазақстандықтардың басымдықтарының бірі болып табылады. Сұралғандардың 57,4% Қазақстан үшін өзгерістер біртіндеп жүргізілуі тиіс деп көрсеткен.

Эволюциялық даму жолы барлық сұралған топтардың басым көпшілігінде оңтайлы деп қарастырылады. Сонымен қатар, 26-50 жас аралығындағы топта революциялық, радикалды өзгерістерге қолдау көрсету ортадан жоғары көрсеткіш көрсетіп отыр. Сонымен қатар, шоғырлану экономикалық белсенді тұрғындар арасында ортадан жоғары.

45-сурет. Сіз үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін дамытуға ықпал етеді деп ойлайсыз ба?



46-сурет. Сіздің пікіріңізше, қазіргі Қазақстан қоғамында азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға кім көбірек ықпал ете алады?



**Прагматизм**

Қазақстандық прагматизм, қатысушылардың пікірінше, негізінен нақты мақсаттарға қол жеткізуден көрініс табуы тиіс – 46,8%; сондай-ақ білімге, салауатты өмір салтына, кәсіби жетістіктерге басымдық беру сияқты оң көзқарастардан тұрады – 41,6%, өз күші мен мүмкіндіктеріне ғана сену керек дегендер – 34,2%. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін ықпалды тұлғалардың қолдауына ие болу қажет деп есептейтіндер - 21,4%, қажет адамдармен келісімге келе білу - 15,6%, кедергіні кез келген жолмен еңсеру қажет – 12,3%.

**2017 жылғы зерттеулер бойынша қорытындылар:**

1. Қазақстандықтар Қазақстанның дамуының революциялық емес эволюциялық жолын қарастыратын, ұлттық мұраны, ұлттық кодты, білімділікті, мәдениетті және адалдықты сақтауға негізделген жаңғырту типін қолдайды.

2. Респонденттердің пікірінше, қазіргі қазақстандық – бұл білімді, заманауи технологияларды пайдалана білетін, шет тілдерді және мемлекеттік тілді меңгерген, заңға бағынатын азамат. Қазақстандықтар көптілділіктің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілік үшін маңызын


жоғары бағалайды.

3. Респонденттер қазіргі қазақстандық қоғамдағы азаматтардың бәсекеге қабілеттіліктерін дамытудағы мемлекеттің, білім беру және ғылым мекемелерінің, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың рөлін жоғары бағалайды. Сонымен қатар, респонденттер өздерінің жеке бәсекеге қабілеттіліктерінің, жалпы елдің бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ететінін сезінеді.

4. Тұрғындар арасында прагматизм, басқа мамандық алуға дайындық, меритократия құндылықтары жоғары деңгейде қолдау табады. Қазақстандықтардың елеулі дәрежедегі жаңғырту мүмкіндіктерін есепке ала отырып, олардың жаңғырту процестеріне белсене қатысуы үшін жағдай жасау қажет, ол үшін тұрғындарды біліктілігін арттыру, кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардар болуын күшейту қажет.

5. Сонымен, жаңғыртудың сәтті жүзеге асырылуына азаматтардың жалпықазақстандық бірегейлігі, олардың жоғары дәрежедегі жаңғырту мүмкіндіктері ықпал етуі мүмкін. Тек олардың белсенділігін арттырудың шарттары мен тетіктерін жасау қажет.

47-сурет. Сіздің пікіріңізше, дамудың қай жолы Қазақстан үшін маңызды болып табылады – эволюциялық даму немесе революциялық даму?



- Эволюциялық даму, баяу өзгерістер
- Революциялық даму, радикалды өзгерістер
- Жауап беруге қиналамын

**2018 жыл**

«Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі 2018 жылдың қазан айынан қараша айына дейін өткізген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелілігі гранттық жобасы шеңберінде әлеуметтанулық зерттеу өткізді.

Зерттеудің мақсаты - «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасының Қазақстан Республикасы тұрғындарының азаматтық белсенділігін арттыруға ықпалын бағалау.

Мақсатты топтар келесі санаттарға бөлінді: тұрғындар, фокус-топтар және сарапшылар.

Сарапшылар сауалнамасы келесі міндеттерді қарастырды:

- бағдарламалық іс-шаралардың қоғамдағы жаңғырту процестеріне, қоғамның бірігуіне және рухани жандануына ықпал ету деңгейін анықтау;

- өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешудегі жергілікті қауымдастықтың белсенділік деңгейін бағалау;

- зиялылардың, бизнес өкілдерінің, ғылым мен білім, мәдениет, жастар өкілдерінің бағдарламалық іс-шараларды жүзеге асырудағы рөлін анықтау;

- бағдарламалық іс-шаралардың Қазақстандағы волонтерлік қызметті дамытудағы рөлін анықтау;

- жергілікті, өңірлік меценаттар мен волонтерлердің әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы белсенділігін бағалау;

- қоғамдық сананы одан әрі жаңғырту бойынша Бағдарламаны дамытудың болашағы бар бағыттарын бөліп көрсету;

- «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша басқару шешімдері үшін сараптамалық ұсыныстарды анықтау.

Сарапшылық сауалнама қоғамдық-саяси мәселелермен тікелей айналысатын мемлекеттік және жергілікті басқару, ҰЕҰ, қоғам қайраткерлері, ғылыми қызметкерлер (саясаттанушылар, тарихшылар, мәдениеттанушылар) өкілдерімен өткізілді. Сарапшылық сауалнаманың жалпы саны – 102 құрайды.

**Сарапшылардың 2018 жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асыру деңгейін бағалауы**

Жалпы, сарапшылар қазақстандық қоғамды жаңғыртудың трансформациясын қолдайды және оң бағалайды. Сарапшылардың пікірінше, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және алты арнайы жобаны іске асыру кезінде қоғамдық сананың трансформациясы басталды. Аймақтарда мемлекет, ҰЕҰ, бизнес және қарапайым адамдар қатысуымен ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Қоғамдық санада өзгерістерге «жылжу» байқалады, бұл үрдісті өңірлерде орын алған жағдайдан көруге болады.

Қоғамдық сананы жаңғыртуда республикада бейбітшілік пен келісімді сақтау ерекше рөл атқарады. Бұл тұрғыда сарапшылар елдің бірлігін қозғайтын негізгі факторларды анықтады:

Сарапшылар ең алдымен:

- теңдік пен адам құқықтары және бостандығын (65,6%);

- этникалық топтар мен діндер өкілдерінің арасында келісім мен өзара түсіністікті (57,3%);

- мемлекеттік тілді және оның қоғамдағы рөлін құрметтеуді (37,5%);

- Қазақстан Республикасының аумағының тұтастығын (30,2%);

- басқа этникалық топтардың мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуді (29,2%) бағалайды.

Сарапшылардың пікірінше, ғылыми интеллигенция (63,4%), білім беру секторының өкілдері (54,9%) және шығармашылық интеллигенция



(53,5%) - қоғамды жаңғыртудың ең тиімді қозғаушы күші болып табылады. БАҚ өкілдері (45,1%), қоғам қайраткерлері, құқық қорғау белсенділері (36,6%), бизнес өкілдері де (22,5%) маңызды рөл атқарады.

Сарапшылардың пікірінше, елде жаңғыруды табысты іске асыру үшін ұлттық құндылықтарды және дәстүрлерді қалпына келтіруге (49,4%); демократияны дамытуға, азаматтардың әлеуметтік-саяси белсенділігін арттыруға (44,9%); жұмыспен қамтамасыз ету және азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсартуға (44,9%); елді

жаңғыртуға қабілетті кадрларды даярлауға (39,3%); халықтың қарапайым ойлау мен мінез-құлқындағы өзгерістерге (36,0%), цифрлық технологияларды дамытуға (32,6%); мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қатаң бақылауға (32,6%) назар аудару қажет.

Сарапшылардың 44,2% пікірінше, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобаларын іске асыру тұрғысында бірінші кезекте «Кіші Отанды» қолдауға бағытталған «Туған жер» арнайы жобасы ел өңірлерінде белсенді түрде жүзеге асырылуда. Содан кейін «Қазақстанның киелі

#### 48-сурет. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру барысында өңірдің қоғамдық санасын жаңғыртуда қандай өзгерістер байқалады?

Өңірлер	Сарапшы пікірлері
Ақмола	«Адамдар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы көбірек айта бастады» - № 73 сарапшы.
Ақтөбе	«Күн сайын қоғам рухани құндылықтарға көбірек көңіл бөліп келеді» - № 13 сарапшы.
Алматы	«Қоғамдық сана-сезімнің жаңғыруы қазірдің өзінде басталды, көптеген меценаттар туған өлкені жетілдіруде жұмыс істей бастағаны байқалады» - №44 сарапшы.
Атырау	«Бұл жоба аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жағымды әсер етеді. Мәдени-рухани шаралар жүзеге асырылуда» - №97 сарапшы.
Батыс-Қазақстан	«Сананы жаңғырту қазірдің өзінде басталды, тіпті шалғайдағы ауылдарда да халық осы бағдарлама туралы хабардар болу үшін жұмыстарды жалғастыру керек» - №76 сарапшы.
Жамбыл	«Білім, мәдениет және туризм саласында көптеген жобалар жүзеге асырылуда, осы бағытта көрсеткіштер байқалады» - №7 сарапшы.
Қарағанды	«Сананы жаңғырту - бұл ұзақ процесс, тек барлық бағыттардағы жүйелік шаралар ғана оған ықпал етеді», - №27 сарапшы.
Қостанай	«Біздің өңірімізге бұл бағдарлама аса қажет, «мұз қозғалды». Бірақ жобаны өте кеш бастады» - №89 сарапшы.
Қызылорда	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жұмыстар көптеген салаларда қазірдің өзінде байқалады» - №81 сарапшы.
Маңғыстау	«Күн сайын азаматтар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы көбірек білуде» - №77 сарапшы.
Павлодар	«Адамдар «Ққасиетті орындар» сияқты ұғымдарды есіне алды, тарихи тамырларға назар аударды және т.б.» - №72 сарапшы.
Солтүстік Қазақстан	«Туризм белсенді дамуда, коворкинг-орталықтар ашылуда, меценаттар туған өлкені дамытуға ат салыса бастады, әлемнің үздік кітаптары аударылуда» - №55 сарапшы.
Түркістан	«Біз халықтың тарихының, мәдениетінің, дәстүрлерінің негізіне қайта оралып, ескерткіштерді, қасиетті объектілерді зерттеуге және қайта жаңартуға жақындадық» - №90 сарапшы.
Шығыс Қазақстан	«Облыста көптеген жұмыстар атқарылды: көптеген жобалар іске асырылды, жергілікті билік органдары белсенді жұмыс атқаруда» - №8 сарапшы.
Нұр-Сұлтан қ.	«Еліміздің технологиялық модернизациясы жағдайында, саналы жаңғыртуға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын бір мезгілде іске асыруды орынды деп санаймын - №97 сарапшы.
Алматы қ.	«Көптеген университеттерде «Рухани жаңғыру» орталықтары ашылды, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізіліп, білім беру жобалары жүзеге асырылуда» - №96 сарапшы.
Шымкент қ.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шаралары қоғамдық сананы рухани жаңғыртудың тәжірибелік тетіктері болып табылады» - №34 сарапшы.



жерлерінің географиясы» арнайы жобасы – 39,4%. Сондай-ақ респонденттердің үштен бірі «Қазақстанның 100 жаңа есімі» - 34,6% және «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобаларының - 34,6% тиісті деңгейде іске асырылып жатқанын мойындады.

«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру» және «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобалары салыстырмалы түрде төмен деңгейге ие – 29,8% және сәйкесінше 27,9%. Сарапшылардың жартысы (51,9%) латын графикасына көшу бойынша арнайы жоба ішінара іске асырылған деп есептейді, осы жағдай «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» – 49%, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» – 48,1% , «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» – 41,3% арнайы жобалары бойынша да байқалады.

Сарапшылар ел өңірлерінде халық «Рухани жаңғыру» жобалық офистерінің жұмысы туралы жақсы хабардар екендігін атап өтті. Респонденттердің жартысына жуығы (46,2%) жобалық офистердің жұмысымен толық таныс. Аталған қызметпен ішінара танысы (23,1%) - сарапшылардың төрттен бірі. Олар жобалық офистер туралы біледі, бірақ 15,4% офис қызметі туралы терең ақпараты жоқ. Сұралғандардың 12,5% «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жұмысын толық білмейді.

Респонденттердің төрттен бірі (24,3%) жобалық офистер ең алдымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша толық ақпарат беруі керек деп санайды. Сарапшылардың 18,5% өзін-өзі жүзеге асыру, жеке әлеуетті дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу қажеттілігін атап өтті. Сарапшылардың пікірінше, бұл іс-шаралар тегін болуы керек. «Ресми дөңгелек үстелдерді, конференцияларды және т.б. ұйымдастырудың орнына біз адамдар кәсіби қызметінде, өмірінде және басқа да жағдайларында пайдалы нәрселерді білгісі келетін жоғары сапалы шараларға мұқтажбыз» - Шығыс Қазақстан облысының №4 маман.

Сонымен қатар, сарапшылар нақты проблемаларды шешуге ықпал ете алатын (16,9%) тиісті органдарға, орталықтарға азаматтарды жіберу арқылы жобалық кеңселердің функцияларын

толықтыруды, өңір проблемаларын талқылау үшін ҰЕҰ мен бизнестің тұрғындармен кездесуін ұйымдастыруды (14,8%) және әлеуметтік желілердегі жобалық кеңселердің қолжетімділігін қамтамасыз етуді (12,2%) ұсынды.

«Әлеуметтік желілер тек есеп беру үшін, оқиғалардан фотосуреттер орналастыру үшін пайдаланылмауы керек, оларды халықпен кері байланыс жасау үшін пайдаланған дұрыс. Жобалық офистер немесе «Рухани жаңғыру» бағдарламасы әртүрлі аудиториялар үшін қызықты болуы керек. Бұны мазмұнды SMM (әлеуметтік медианы маркетинг) құралдарымен және дағдыларымен айналысатын мамандар іске асыруы керек» - Алматы қаласы бойынша №93 маман.

Сонымен қатар, сарапшылар жобалық офистерге «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша консультациялық, әдістемелік қызметтер көрсетумен, техникалық, материалдық, қаржылық ресурстар ұсынумен айналысуды ұсынды.

«Жобалық орталықтарға адамдар идеялармен, жобалармен жүгінеді, алайда оларға тек кеңес беру қызметін көрсетеді, әкімдіктер, ЖОО арқылы жәрдемдеседі, бірақ олар қандай да бір жобаларды қаржылық қолдауда көмек көрсете алмайды» - №98 сарапшы, Атырау облысы.

Сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобаларын іске асыру барысындағы мынадай кемшіліктерді атап өтті: сарапшылардың үшінші бөлігі (30,3%) бағдарламаның негізгі құндылықтары мен идеялары жеткіліксіз насихатталуда деп санайды. Басқа сарапшылар ұйымдастырылған іс-шаралардың ресми сипатын (22,7%) және іске асырылатын жобалар туралы халықтың хабардарлық деңгейінің төмен (21,2%) екенін атап өтті. Сарапшылардың айтуынша, барлық шараларда Бағдарламаның аты мен логотипінің шамадан тыс пайдаланылуы халықтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасына теріс қатынасын туындатады (18,2%).

Сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының логотипін Денис Тенге арналған мерекелік іс-шараларға және комсомолдың 100 жылдығына арналған стендтерде орынсыз пайдалануды атап өтті. Сарапшылардың пікірінше, әсіресе соңғысы әлеуметтік желілерде үлкен ре-

## 50-сурет. Қоғамдық сананы одан әрі жаңғырту бағдарламасындағы басым бағыттарды көрсетіңіз

Өңірлер	Сарапшы пікірі
Ақмола	«Туған жер», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «100 жетекші оқулықтардың аудармасы», «Латын графикқасына ауысу» бағыттарын белсенді дамыту қажет. «Қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, халықтың құқықтары мен сөз бостандығын қорғау халықтың санасын жаңғыртуда маңызды рөл атқарады».
Ақтөбе	«Сананы жаңғыртудың негізі адами құндылықтарға қойылатын заманауи талаптар негізінде ұлттық дәстүрлерді дамыту болуы тиіс». «Идеялар қоғамға түсінікті, ал жобалар елдің қарапайым азаматтарына қолжетімді болуы керек». «Қоғамдық сананы жаңғырту кезінде мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру керек». «Бірыңғай ұлттық идеологияны, бірегей құндылықтарды қалыптастыру және дамыту қажет».
Алматы	«Білім беру, рухани, моральдық, мәдени жобалар арқылы азаматтардың өзіндік санасын жоғарыламай істеу керек емес».
Атырау	«Отбасылық және отбасылық құндылықтар институтын жүйелі, жүйелі, мақсатты түрде жетілдіру қажет. Аға буынның рөлін, маңыздылығын, өмірлік тәжірибесін арттыру, БАТА мәртебесін көтеру».
Батыс-Қазақстан	«Прагматизм идеясын, білім мен білім беруді дамыту керек». «Біз барлық бастамалар бойынша жұмыс істей беруіміз керек».
Жамбыл	«Біз осы бағытта бағдарламаны терең түсініп, жобаларды іске асыруды күтеміз».
Қарағанды	«Бәсекеге қабілеттілікті арттыру, ұлтқа инвестиция салу керек». «Мәдениеттің деңгейін көтеру, барлық заңдардың теңдігі, ғылымның дамуы, аймақтың мәдениетін сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, білім деңгейін арттыру».
Қостанай	«Халықты қамтуды кеңейту, жобаларға қатысу үшін көп адамдарды тарту қажет».
Қызылорда	«Отанымыздың мәдениеті мен тарихын дамыту, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу және Отанға деген сүйіспеншілік - құнды».
Маңғыстау	«Міндетті түрде нақты нәтижеге бағытталған жұмыстарды жүргізу керек».
Павлодар	«Тарихи және мәдени құндылықтарды зерттеп, насихаттау, халықтың этнопедагогикалық білімін арттыру қажет».
Солтүстік Қазақстан	«Мәдени мұраны дамыту маңызды, ең жақсы авторларды танымал ету, шығармашылықты арттыру, патриоттық фильмдер жасау, «Рухани қазына» бағдарламасын дамыту қажет. «Атамекен» бағдарламасының іске асуы көркемөнерді дамытуға мүмкіндік береді және жергілікті тұрғындар өздерінің үйлерін басқарудан қаланы басқаруға қатысуға ауысады».
Түркістан	«Жергілікті тұрғындарды өзгерістерге дайындығын, мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халық арасында патриотизмді дамыту, қоғамның рухани жаңаруы »тақырыбында дәріс оқыды. «Түркістан аймағында ұлттық қасиетті орындарды сақтау және дәріптеу бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыруға ауқымды қаражат бөлу».
Шығыс Қазақстан	«Қазақ тілінің рөлін күшейту, жалпы халықты қазақ халқының мәдениетімен таныстыру». «Бізге Қазақстан тарихы, қазақ философиясы туралы кеңейтілген зерттеу қажет».
Нұр-Сұлтан қ.	«Атамекен» кіші бағдарламасының шеңберінде Қазақстанның жас ғалымдарының әлеуметтік инновациялық идеялары мен жобаларына қолдау көрсету үшін ғылымға көбірек көңіл бөлу керек. Жастар бизнесте және бизнесте айналысу үшін маңызды. Бәсекеге қабілетті ұрпақ осылай қалыптасады ».
Алматы қ.	«Жоғары білікті жастар үшін жағдай жасау, жастардың шетелге кетуін тоқтату». «Ауыспалы жаңа оқулықтардың санын арттыру қажет. Бұл ғылыми-техникалық салада мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді. «100 кітап» жобасынан басқа, ғылыми қоғамдастықты қазақ тілінде көбірек кітаптар шығаруға ынталандыру керек».
Шымкент қ.	«Азаматтардың ой-өрісін өзгерту, халықтың мәдениетін, білімін және ақпаратын дамыту».



зонанс тудырды.

Сондықтан сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының логотипін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты (немесе нормативті) әзірлеуді және жобаларды іске асыруда оқиғалардың сапасына ерекше назар аударуды ұсынады.

*«Бағдарламаның логотипін пайдалану қағидаларын әзірлеу қажет, өйткені оның шамадан тыс пайдаланылуы тұтастай алғанда бағдарламаның теріс қабылдауына алып келеді. Сондай-ақ іс-шараларды мұқият қарастыру керек, қазір олар (барлығы дерлік) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде және есеп үшін өткізіледі. Сандықтан сапаға көшу керек!»* - Қостанай қ., №87 маман.

Сондай-ақ, сарапшылар қоғамдық сананы одан әрі жаңғырту бағдарламасының даму перспективаларына баса назар аударды.

### **2018 жылғы зерттеу бойынша қорытындылар:**

1. Сарапшылық сауалнама нәтижесі сарапшылар қауымдастығының жалпы қазақстандық қоғамдағы жаңғыртушылық қайта құруларды қолдайтынын және оң бағалайтынын көрсетеді. Сарапшылардың пікірінше, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде қоғамдық санада қоғамдық сананы трансформациялау жағына қарай елеулі «жылжу» орын алған.

2. Сарапшылардың бағалауынша, ел бірлігіне ықпал ететін шешуші факторлар мынадай: теңдік және адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу (65,6%), ұлттар мен діндер өкілдері арасындағы келісім және өзара түсіністік (57,3%). Соңғы орында – мемлекеттен тысқары жерлерде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау (10,4%). Сарапшылардың пікірінше, қоғамды жаңғыртудың өзіндік драйвері, қозғаушы күші ғылыми зиялылар болып табылады (63,4%), білім беру саласының өкілдері (54,9%) шығармашыл зиялылар (53,5%).

3. Сарапшылардың бағалауы бойынша, елімізде жаңғыртуды сәтті жүзеге асыру үшін неғұрлым маңызды болып табылады: ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді жаңғырту (49,4%); демократияны дамыту, азаматтардың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру (44,9%); жұмыспен қамтамасыз ету және азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру (44,9%).

4. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қоғамдық сананы одан әрі жаңғырту бойынша дамытудың маңызды жақтарын ұсынды. Олардың пікірінше, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық жобаларының болашағы бар, барлық басталған бағыттар бойынша жұмысты белсенді түрде жалғастыру қажет.

5. Тұрғындардың азаматтық белсенділігін дамыту бойынша сарапшылар азаматтық белсенділерге ақпараттық қолдау көрсету, ынталандыру және қолдау, білім беру процесін да-

мыту, тұрғындарды, мекемелерді кең көлемде қамту және тұрғындардың мәдениетін арттыруға, демократиялық құндылықтарды дамытуға, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, білім беру сапасын арттыруға, ауыл тұрғындарының азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған жобаларды ұйымдастыру мен өткізу туралы ұсыныстар жасалынды.

### **2019 жыл**

2019 жылдың тамыз айында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС «Рухани жаңғыру»: Бағдарламаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі тақырыбында зерттеу жүргізді.

Зерттеу мақсаты: Тұрғындардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы хабардар болу деңгейіне әлеуметтанулық талдау жасау.

Әлеуметтанулық зерттеу шеңберінде мынадай зерттеу міндеттері қойылды:

- тұрғындардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы хабардар болу деңгейін және ол бойынша ақпарат көздерін зерттеу;

- тұрғындардың осы Бағдарламаның мақсаты мен маңызы туралы пікірін анықтау;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуының негізгі бағыттары туралы ақпараттану және оған тұрғындардың қатысу деңгейін анықтау;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тұрғындарға ықпал ету деңгейін бағалау (респонденттер мен сарапшылардың көзқарастары бойынша).

Зерттеу барысында 2 әдіс қолданылды: сарапшылық сұхбат (жалпы саны – 20: саясаттанушылар, журналистер, тарихшылар және т.б.) және тұрғындармен телефонмен сауалнама.

Таңдап алынған жиынтық көлемі 1200 адамды құрады. Еліміздің барлық өңірлері қамтылды (14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қала). Зерттеу барысында квоталық іріктеу пайдаланылды. Негізгі параметрлері: тұратын өңірі, жынысы және жасы. Іріктелген жиынтықты есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері бойынша жүргізілді.

### **Әлеуметтанулық зерттеуге сәйкес қоғамдық пікір**


#### **1. Тұрғындардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы ақпараттануы**

Сарапшылардың көпшілігі тұрғындардың негізгі бөлігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бар екенін біледі деген сенім білдіреді және оны ақпараттық-түсінік беру жұмыстарымен, көлемді іс-шаралармен, арнайы жобалардың жүзеге асырылуымен, сондай-ақ БАҚ кеңінен ашылып көрсетілуімен байланыстырады.

*«Мен тұрғындар бағдарлама туралы жеткілікті көлемде хабардар деп ойлаймын, себебі барлық БАҚ, мектептерде, мемлекеттік мекемелерде ол туралы айтылады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасына көптеген байқаулар арналған, солардың аарқасында түрлі жас тобындағы және кәсіптегі адамдар ол туралы біледі»* (жастар саясаты сала-



51-сурет. Сіз «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы естідіңіз бе? (%)



сындағы сарапшы).

«Мен біздің еліміздің тұрғындары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы жақсы хабардар деп ойлаймын, ол үшін көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды» (мемлекеттік қызметкер).

Сонымен қатар, сарапшылар бағдарлама туралы мазмұндық ақпараттың аз игерілгенін атап көрсетеді.

«Еліміздің тұрғындарының, 70% «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы біледі деп ойлаймын. Бірақ, көпшілігі бұл бағдарламаның мазмұнын білмейді. Менің ойымша, бұл бағдарламаны әуел бастан қажетті арнада ілгерілеткен дұрыс болар еді» (журналист).

«Тұрғындардың басым көпшілігінің мақаланы оқымағаны айқын. Бұл бағдарламаның бар екені туралы көшелерде ілінген әйгілі бүркіттің суреті салынған түрлі-түсті логотипі арқылы біледі деп ойлаймын» (қоғам қайраткері).

Сауалнама мәліметтері сарапшылар пікірінің шынайылығын көрсетеді, еліміздің тұрғындарының басым бөлігінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы тек жалпылама көзқарас қалыптасқан. Сауалнама барысында «ештеңе естіген жоқпын» деген жауап нұсқасын ешкімнің көрсетпегенін атап өтуімізге болады.

#### Сарапшы пікірі

«Еліміздің тұрғындары бағдарлама туралы жалпылама біледі, бірақ жан-жақты бұл бағдарламаның барлық жақтары мен артықшылықтары туралы хабар алыстағы елді мекендерге, атап айтқанда ауылдарға толық жеткізілмеген. Бағдарламаны жүзеге асыруға жаппай тарту жүзеге асырылмайды. Көптеген жобалар өткізілді деп белгі соғу үшін ғана өткізіледі, сондықтан да сезіне қоярлықтай нәтиже жоқ» (ҚХА өкілі).

«Тұрғындардың хабардар болуы одан да жақсырақ болғанды қалайды. Негізгі себеп тұрғындардың бағдарламаны орындауға әлсіз тартылуы» (тарихшы).

«Бағдарламаны күнделікті өмір деңгейінде толық ұғыну әлі де болса қолданбалы жобалар-

дың көмегімен ақпараттық-түсінік беру жұмыстарын жүргізуді талап етеді» (журналист).

#### 2. Ақпарат көзі

Сауалнама нәтижелері тұрғындардың басым көпшілігінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы негізінен ақпараттық-түсінік беру жұмыстары барысында жүзеге асырылатын іс-шаралардан және негізінен дәстүрлі ақпарат көздерінен біледі деп ойлайды. Қатысушылардың 60% астамы теледидар, радио, газеттерден деп көрсеткен.

Дәстүрлі ақпарат көздері негізінен аға буын өкілдері арасында көш бастап келеді, осымен теледидар жаңалықтары мен бағдарламаларына деген қызығушылықты түсіндіруге болады.

Жастар қазіргі уақытта негізінен әлеуметтік желілермен жұмыс жасайды. Көшеде орналасқан жарнамалар, интернет пен әлеуметтік желілердегі ақпарат қала ортасы, жастар аудиториясы және білімді азаматтар үшін неғұрлым нәтижелі. Қатысушылардың 32,6% бағдарлама туралы мәлімет алған орын ретінде оқу немесе жұмыс орынын көрсеткенін атап өтуімізге болады. Сауалнамаға қатысқан барлық дерлік сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы ең нәтижелі ақпарат көздері ретінде әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, Youtube-каналдарын көрсеткен.


Сонымен қатар сарапшылар баспа БАҚ, теледидардың аға ұрпақ өкілдері үшін маңыздылығын атап көрсетеді.

«Қоғамдық іс-шаралар мен теледидар бағдарламалары – тек осы жерлерде бағдарламаның мақсаттары мен мазмұны туралы естуге болған шығар. Бірінші жағдай жастар мен белсенді тұлғалар үшін екені түсінікті, ал теледидарға келетін болсақ жоба өңір тұрғындары мен ересек адамдар үшін бағдарлама түсінікті бола түсуі үшін маңызды. Мен көптеген таныстарымнан олар көшедегі «Рухани жаңғыру» деген жазуы бар баннерлердің мазмұнын ұға ма деп сұрадым. Олар жоқ деп жауап берді. Адамдар баннерлерде

52-сурет. Сіз «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз? (%)



53-сурет. Жас бөлінісіндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы ақпарат көздері (%)



неліктен осы адамдардың орналастырылғанын және адамдар не себепті оның аты мен лауазымын білуі керек екенін түсінбейді» (журналист).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы нәтижелі ақпарат көзі ретінде сарапшылар әлеуметтік жарнаманы, волонтерлік жобаларды, эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткізілетін көпшілік іс-шараларды, блогерлердің мүмкіншіліктерін ақпараттық жұмыс барысында белсене пайдаланылуын атап көрсетеді.

«Әлеуметтік желілерде қоғамдық пікір көшбасшыларын осы бағдарламаның нақтылы жетістіктерін насихаттауға тарту. Қазіргі уақытта бұл жұмыс өте әлсіз жүргізілуде. Мысалы, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғалар ішінен миллион жазылушылары бар көшбасшылардың көпшілігі, тіпті жүз мыңдық паблик иелерінің де көпшілігі

бұл жұмысқа тартылмаған» (оқытушы).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы нәтижелі ақпарат көздерінің бірі, әлеуметтік жарнамалар деп есептеймін. Сонымен қатар, жарнама ақпараттық сипатта емес әрекет етушілік сипатта болуы тиіс. Соған байланысты белгілі бір процессті жүзеге асыру және оны адамдардың, әсіресе тұрғындар мен жастар арасында беделді адамдардың қызығушылығын тудыратын жарнама түрінде көрсету қажет» (саясаттанушы).

Сарапшылар, әсіресе журналистер қауымдас­тығы ақпарат берудің форматын өзгерту қажет­тігі туралы мәселе көтереді, ақпаратты жастар үшін түсінікті тілде қалыптастыру қажет деп есептейді.

**3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы жобалары туралы хабардарлық деңгейі.**

Сарапшылардың пікірінше, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тұрғындар арасында танымал арнайы жобалары «Туған жер», «100 жаңа есім» және «Қазақстанның қасиетті жерлері географиясы» болып табылады. Сондай-ақ олардың пікірінше «100 жаңа оқулық» және «Латиницаға көшу» өзекті болып табылады (журналист).

Телефон арқылы сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігі қазақ әліпбиінің латиницаға көшірілуі, 100 жаңа есім және қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық туралы неғұрлым жоғары дәрежеде хабардар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, мәліметтерді талдау мақаланы оқымаған, бірақ ол туралы бірдеңені естігенмін дегендер түрлі жобалар туралы хабардар екендігін көрсетеді.

#### 4. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы бойынша тұрғындардың ақпараттану деңгейін бағалау.

Барлық дерлік өңірлерде латын графикасына көшу туралы жоғары дәрежеде ақпараттану байқалады. Әсіресе Маңғыстау (84,6%), Шығыс Қазақстан облыстарында (84,0%), Шымкент қаласында (82,8%), Қарағанды (82,7%) Қызылорда (80,9%) облыстарында.

Сарапшылар пікірлері: «Латын графикасына көшу бойынша жоба тұрғындар арасында жақсы пікір туғызды, оған тек ғылыми қауымдастық қана емес, бүкіл халық тартылды, олар осы тақырыпты әлеуметтік желілерде, теле және радио бағдарламаларда талқылады. Әлемдік әдебиет пен ғылымды мемлекеттік тілге аудару да оң көзқарас тудырды, алайда бағдарламаны одан әрі танымалдандыру және білім беру жүйесіне енгізу қосымша жұмыс жасауды қажет етеді» (ҚХА өкілі).

«Латын графикасына көшу ең көп пікір туындатқаны анық. Қазақтарда «төте жазу» деген ұғым бар. Көпшілік кириллица бізді артқа, бұрынғы заманға итеріп тастады және даму үшін латиницаға қайта оралу қажет деп есептейді. Біздің жастарымыздың көпшілігінің ағылшын

тілін меңгергенін есепке алар болсақ, олар үшін оқу мен даму ешқандай қиыншылық тудырмауы тиіс. Ең бастысы біз сөздің латиницада немесе ағылшын тілінде жазылғанын ажырата алмай жүрмесек болғаны? Әсіресе ағылшын тілін меңгермегендер үшін латиницаны игеру қиынырақ болады. Себебі адам сөзді дұрыс оқығанын немесе жазғанын түсінбейді де, мұның өзі сауатсыздықтың өсуіне алып келуі мүмкін. Бірақ біз еңбекшіл халықпыз, демек ағылшын тілін де еңсереміз деп ойлаймын!» (мемлекеттік қызметкер).

#### 5. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы бойынша тұрғындардың ақпараттану деңгейін бағалау.

Ақпараттану деңгейі бойынша екінші орынды «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы иеленіп отыр. Өңірлер бөлінісінде көрсеткіштер 15,4% - 37% құраған. Ең жоғары көрсеткіштер – Шығыс Қазақстан (37,0%), Маңғыстау (33,3%), Қарағанды (32,7%), Қызылорда (31,9%) облыстарында және Шымкент қаласында (31,0%).

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы туралы ауылдық жерлерде – 28,8% біледі (қалаларда – 22,5%).

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасының танымалдығын сарапшылар да «Осы жобалардың қайсылары Сіздің пікіріңізше тұрғындар арасында үлкен қызығушылық тудырды?» деген сұраққа жауап берген кезде атап көрсетті:

«Ең көп пікір туғызған «Қазақстанның 100 жаңа есімі». Көптеген білікті мамандар, белсенділер және жастар өздерінің есімдерінің бүкіл Қазақстан бойынша танымал болуы үшін байқауға қатысу үшін өз түйіндемелерін ұсынды. Сол арқылы олар өз аттарын ел тарихында қалдырғысы келеді» (жастар саясаты саласының маманы).

«100 жаңа есім болуы керек». Және тек қатысушы үшін дауыс беріп, өз үміткеріңді таңдау

54-сурет. «Рухани жаңғыру» арнайы жобалары туралы хабардар болуы көрсеткіштері (қатысушылар санының % )



қажет болғандықтан. Кім өзінің досын, әріптесін немесе танысын қолдамайды?! Өзге жағынан бұл бағыт тұрғындар үшін мүлдем дерлік түсініксіз болды деуге де болады» (журналист).

#### **6. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы бойынша тұрғындардың ақпараттану деңгейін бағалау.**

Танымалдығы бойынша үшінші орынды «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы алады. Ең жоғары көрсеткіштерді келесі өңірлер көрсетіп отыр: Шығыс Қазақстан (36,0%), Қызылорда (29,8%), Батыс Қазақстан (26,7%), Маңғыстау (25,6%) және Жамбыл облыстары (25,0%).

Сарапшылар пікірі: «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Оның өзінде санында шектеу жоқ! Мәселе осы аудармалардың қандай графикада жүзеге асырылатындығында. Және қазірдің өзінде кириллицада басылып қойылғандарын қайда жібереді?!» (оқытушы).

#### **7. «Туған жер» арнайы жобасы бойынша тұрғындардың ақпараттану деңгейін бағалау.**

Жамбыл облысы (26,5%), Шымкент қаласы (24,1%), Қарағанды (23,5%), Қызылорда (23,4%) және Шығыс Қазақстан (20,0%) облыстарының респонденттері хабардарлықтың жоғары дәрежесін көрсетіп отыр. Ең төменгі көрсеткіштер келесі өңірлер бойынша: Солтүстік Қазақстан облысы (12,2%), Маңғыстау облысы (10,3%), Қостанай облысы (9,2%), г. Алматы (8,4%), Ақмола облысы (3,8%).

Осы бағдарлама шеңберінде тұрғындардың әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген топтарына, еңбекке орналасы бойынша қолдау көрсетілетініне, тарихи-мәдени мұраны қорғауға, инфрақұрылымдық объектілер салу мен жөндеуден өткізуге, мектептерді қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жабдықтауға қолдау көрсету бойынша іс-шаралардың жүзеге асырылатынына қарамастан қоғамдық санада бұл іс-шаралар «Туған жер» жобасымен және Жалпығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен әлсіз ассоциацияланады.

Сарапшылар пікірі: «Оқулықтардың мемлекеттік тілге аударылуын, сондай-ақ «Туған жер» жобасын өзекті деп есептеймін. Алайда бұл жоба соншалықты танымал емес» (саясаттанушы).

«Рухани жаңғырды» болашағы зор жобасы «Туған жер» деп есептеймін. Патриотизмге тәрбиелеу – ең маңызды бағыт, онсыз өзге бағдарламалардың маңызы болмайды. Егер де адам өз Отанын шынайы сүйе алмаса ол бұдан былай уақытта оған пайдалы бола алмайды» (жастар саясаты саласының маманы).

#### **8. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы бойынша тұрғындардың ақпараттану деңгейін бағалау**

«Қазақстанның қасиетті жерлер географиясы» арнайы жобасының танымалдығы бойынша ең жоғары көрсеткіштері Қарағанды (22,4%), Шығыс Қазақстан (22,0%), Жамбыл (19,1%), Пав-

лодар (14,8%) облыстарында және Шымкент қаласында орын алып отыр (19,0%). Респонденттердің аталған арнайы жобаны өте аз көрсетуі жұмысты неғұрлым кеңінен ашып көрсету, ішкі туризмді дамыту бойынша бағыттар құрастыру, көлемді телевизиялық бағдарламалар мен ойындар ұйымдастыру қажет екендігін көрсетеді.

Сарапшылар пікірі: «Ең өзекті жобалардың бірі «Қазақстанның қасиетті жерлері географиясы» болып табылады. Сананы жаңғырту мен рухани даму туған жермен, оның тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысқа негізделеді. Жастар өз тарихын жақсы білуі тиіс және шет елдік «Человек-паук», «Джокер», «Терминатор» сияқты кейіпкерлерді емес, біздің өз батырларымыз, хандарымыз, билеріміз бен ойшылдарымызды насихаттау қажет. Ол үшін қазіргі шет елдік көркем фильмдерге, мультфильмдерге, комикстерге бәсекелестік жасауға қабілетті өз туындыларымызды шығаруымыз қажет. Мемлекеттік тілді насихаттау үшін қазіргі балалар мен жастар арасындағы танымал фильмдер мен мультфильмдерге аударма жасау қажет («Марвел», «Игра престолов» және т.б.) және теледидар арқылы тек қазақ тілінде орыс тіліндегі субтитрлармен берілуі керек. Мұның өзі тілдік ортаны қалыптастыруға және жастарды қазақ тіліндегі отандық өнімдерге бейімдеуге мүмкіндік береді».

«Ең өзекті жобалардың бірі «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы». Соңғы жыл ішінде жастар арасындағы көптеген танымал тұлғалар белсенді саяхатшы және ішкі туризмді насихаттаушы болып отыр. Оларға көптеген бағыттар мен жерлер мемлекеттік құрылымдар шығарған бейнебаяндар, интернет бағдарламалар және телебағдарламалар арқылы белгілі болды деп ойлаймын. «Туған жер» – танымалдығы аз, бірақ өңірлерді дамыту үшін өте маңызды бағыт. Егер де ықпалды және белсенді қазақстандықтарды осы жобаға белсенді тартар болса өңірлерде көп мәселелерді алға жылжытуға болады деп ойлаймын» (журналист).

#### **9. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы бойынша тұрғындардың ақпараттану деңгейін бағалау**

Бұл бағдарламаның ең танымал жерлері Қызылорда (23,4%), Шығыс Қазақстан (23,0%), Жамбыл (22,1%), Маңғыстау (20,5%) облыстары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы (20,3%).

Бұл бағыт бойынша тұрғындардың арнайы жобаның маңызы туралы ақпараттануы бойынша жұмыстарды күшейту қажет.


Сарапшы пікірі: «Барлық жобалар өз мазмұны бойынша маңызды және олардың барлығы параллельді түрде жүргізілуі тиіс, бірақ та менің ойымша басты назарды Жалпығы өзге ұлт өкілдерінің мүдделеріне нұқсан келтірместен мемлекеттік тіл мен ұлттық мәдениетті игеруге аудару қажет деп есептеймін» (ҚХА өкілі).

#### **10. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ықпалы мен мазмұны**

Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан астамы 58,3% «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуы олардың өмірінен



55-сурет. Сіз «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жеке өзіңіз үшін оң ықпалын сезінесіз бе? (%)



56-сурет. Сіздің пікіріңізше «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұны неде? (%)



ешқандай да көрініс тапқан жоқ деп көрсеткен.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының тікелей жеке өзіне оң ықпалын Атырау облысы (44,7%), Қызылорда (44,7%), Маңғыстау (35,9%), Түркістан (32,7%), Қарағанды (29,6%) облыстарының тұрғындары жақсы сезінеді. Мақсаттары мен міндеттерінің жеткілікті деңгейде айқын болмауына байланысты тұрғындар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ықпалы мен мазмұнын жете толық түсіне бермейді.

Бағдарламаның барлық бағыттарынан респонденттер қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшірілуі туралы ең жақсы хабардар екеніне қарамастан диаграммадан көріп отырғанымыздай олар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын осы жобамен ең аз мөлшерде байланыстырады.

Жалпы, сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өзектілігі мен талап етілетінін, оның қоғам өміріндегі зор рөлін мойындайды. Соған қарамастан, олардың жауаптарында жоғарыда келтірілген көрсеткіштердің түсініктемесі жатыр. Сарапшылар нақтылы есептелінетін көрсеткіштерге, материалды беру форматына сүйене отырып бағдарламаны жүзеге асыру тетіктеріне өзгеріс енгізу қажет деп санайды.

#### Сарапшылар пікірі:

«Бағдарламаны теледидардан көрсетумен шұғылданатын адам ретінде егер де оның мақсаты жастар болған болса онда бағдарлама ортада ыңғайықты және танымал болады деп есептер едім, бірақ мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істемейтін ересек тұрғындар тіпті бағдарламаның

атауы мен жобаның мазмұнын түсінбейді» (журналист).

## **Бағдарламаны іске асырудың нәтижелілігін арттыру бойынша сарапшылардың ұсыныстары**

### **I. Арнайы жобалардың санын арттыру**

Сарапшылық сауалнама шеңберінде сарапшыларға «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қоғамдық сананы жаңғырту мақсатындағы жаңа жобалармен толықтыру ұсынылған болатын.

Сарапшылар жағдайға түрліше баға берді. Бірі бағдарлама жеткілікті, енді оның жүзеге асырылуына басты назар аудару қажет деп есептейді

«Жаңа жобалармен толықтыру қажет емес деп есептеймін, қолда барды одан әрі дамыту қажет. Қасиетті орындарға неғұрлым көбірек көңіл аударып, бағытты дамытуға жергілікті бизнесмендердің қызығушылығын ояту қажет. Немесе «100 жаңа есім» жобасына қатысу үшін жаңа мүдделендіру шараларын ойластыру керек. Жас биолог тек жобаның келбеті немесе «Рухани жаңғыру» бойынша барлық телевизиялық бағдарламалардың қатысушысы болғысы келмейді. Ол өзінің жобасына назар аударылғанын және оны одан әрі дамыту үшін қаражат бөлгенін қалайды. Мұны өз тәжірибемнен білемін, жас ғалымдар эфирге шығу үшін уақыт таба алмады және өздерінің жобаларын ілгерілету үшін оның маңызы жоқ деп есептеді» (журналист).

#### **Сарапшылар ұсынған жобалар:**

1) Бағдарламаның біздің халқымыздың тарихын зерттеумен байланысты тармақтарын кеңейту;

2) Алаш қайраткерлері, Желтоқсан қозғалысына қатысушылар туралы ақпаратты тиісті деңгейде ашып көрсету, олар туралы фильм шығару;

3) Ішкі мигранттарға олардың қала жағдайларына нәтижелі бейімделуі үшін электронды форматтағы курстар ұйымдастыру;

4) Волонтерлікпен, оның ішінде медициналық волонтерлікпен, әлеуметтік көмек көрсетумен байланысты жобаларды ілгерілету;

5) Жастар бизнесі/кәсіпкерлігін қолдау мен дамыту бойынша жобаларды жүзеге асыру;

6) Мектептер мен жоғары оқу орындарында тәрбиелік және білімдік процесстерді ілестіретін және қолдайтын жобалар;

7) «Жаһандағы қазақ әдебиеті» (журналист);

8) «Тарихи есімдер» – тұрғындарды ұлы жерлестері туралы хабардар ету (қоғам қайраткерлері, жазушылар, саяси қайраткерлер, еңбек адамдары).

### **II. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының нәтижелілігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар.**

а) «Тұрғындармен тығыз байланыс қажет. Азаматтар өздері жасауы мүмкін әрбір нақтылы қадамды айқын түсінуі тиіс. Мысалы, қарапайым және түсінікті принциптер:

1. «Жер туралы ойлы» – Жер-Ана, ол адам-

дарға қамқорлық жасайды. Біз жауап ретінде оған да қамқорлық жасауымыз қажет, экологиялық ойды дамыту, табиғатты қорғау – қоқысты бөлек жинау, тазалық сақтау, өсімдіктер мен жануарларға зиян келтірмеу, өсімдіктерді суару және т.б.

2. «Болашақ туралы ойла» – шығармашылық және стратегиялық ойды дамыту, өз алдында шабыттандыратын мақсат қой, өз болашағыңды өзің жаса, себебі тек сен өзің ғана ол үшін жауап бересің.

3. «Әлемге әдемілік сыйла» - әрекет ет, жақсы әрекеттер жаса, дұрыс таңдау жаса, сыртқы ғана емес, ішкі сұлулық та сенің әрекеттеріңнің нәтижесін бағалаудың басты бағамы болсын.

4. «Әркімнің өз рөлі бар – команда жина». Қазір ұжымдық күш жұмсайтын уақыт – жалғыз адам, тіпті ең ақылды және дарынды болса да қоғам алдында тұрған көлемді міндеттерді шеше алмайды. Командадан өз орыныңды табу және тек өз миссияңды орындау – міне осы әрбір азаматтың маңызды міндеті.

5. «Өзіңе талап қою – өз таңдауыңды жаса!». Өз таңдауыңмен жүріп, өз таңдауыңды жасау үшін ерлік, тәуекелге дайын болу және беймәлім жағдайларда әрекет ете білу. Таңдау – бұл әдетке айналған дағдылардан тысқары, ерекше, жаңашыл, бұрын шешілмеген мәселені жүйелі деңгейде шеше білу.

6. «Тепе-теңдік сақта – тұтастың бөлігі бола біл». Үнемі сен немесе сенің командаң бір бөлігі болып табылатын неғұрлым жоғары иерархиялық деңгейдегі жүйе болады. Жүйенің құрамдас бөлігі бола отырып сен осы жүйеге қызмет етесің – мейлі ол компания, қала, мемлекет, Жер шары болсын. Саналы түрде осы тұтастың мүддесі үшін әрекет ет.

Бұл алты принцип әркімге қол жетімді және түсінікті, сондай-ақ «Рухани жаңғыру бағдарламасының жеңілдетілген принципі болып табылады». Олардың әрқайсысына елімізде жүзеге асырылатын және әрбір азаматтың принциптерді жүзеге асыруына және нақтылы қадамдарды ұсынуын мемлекеттік бағдарламаларды, қолдау шараларын жатқызуға болады» (журналист).

б) «Халықты ақпараттандыру, тұрғындарды, әсіресе жастарды жүзеге асыруға қатысуға тарту бойынша жұмыстардың темпін арттыру («Жас Отан» жастар қанатының өкілі)».

с) «ҚР Президенті жанындағы қоғамдық санын жаңғырту бойынша Ұлттық комиссияның жұмысын белсенділендіру, бағдарламаны жүзеге асыруды ерекше бақылаумен жалғастыру. Бұл бағытқа барлық мүшелерді тарту қажет. Бұл комиссияның қоғамдық мүшелерін ҚР Президенті Әкімшілігі есебінен өңірлерге іс-сапарға жіберу. Олар жергілікті жерлерде осы Бағдарламаның жүзеге асырылуын бақылауы тиіс» (Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілі).

д) «Жастарды тірек ету, білім беру мен тәрбиелеу арқылы «Рухани жаңғыру» идеяларын сіңіру мен құндылықтарын насихаттау» (тарих, оқытушы).

е) «Біздің басты проблемамыз ақпаратты дұрыс, демек, біртіндеп бере алмайтындығымызда. Біз бәрін бірақ береміз, ал халық одан кейін оны сіңіре алмайды. Ол үшін анық стратегия мен жүйелілік керек. Мен бірнеше жыл республикалық телеарнада редактор болып істедім және оның қалай болатынын білемін. Жоспар бар және сен тіпті өз аудиторияңды жоғалтсаң да материалды беруге тиіссің. Онда бөліп беру туралы тіпті әңгіме қозғауға да болмайды. Менің ойымша біз үшін ең бастысы бізге «Нәтижесінде не болатынын түсіндіру». Әйтпесе қауіпсіздік сертификаты сияқты болады. Бұл мені қатты ашуландырды. Түсіндіріңіздерші, бұл не үшін, бұл не береді, оның орнына сізге сертификат орнату керек немесе бұл интернет қорларға қол жеткізуде проблемаларға алып келуі мүмкін дейді?! Әрине бұл бұқаға қызыл шүберек көрсеткен сияқты. Кім ақпаратты осылай береді? Айтпақшы, біздің ұялы телефон операторы да солай береді. Көп жағдайда біз өзімізге өзіміз көр қазғанымызды сезбей де қаламыз. Егер де біз жай ғана өзімізге қажетті бағдарламаны ұсына алмайтын болсақ, өзге әңгіме қозғаудың да қажеті қаншама?!» (мемлекеттік қызметкер).

ф) «Ашып көрсету идеясының, ақпараттың ерекше берілуі. Біз бір ақпараттың өзін әр түрлі беруге болатын уақытта өмір сүрудеміз және оны кім ерекше етіп бере алса сол ұтады. Егер де бағдарлама аудиториясы жастар болса, онда түрлендіріп беру міндетті, қазіргі заманғы, түсінікті тілде сөйлесу маңызды, олай болмаса жастардың көзқарасы басқа жаққа ауып кетеді (журналист).

г) «Әлеуметтік желілердегі қанша негатив болса, содан екі есе көп позитивті, әрі пайдалы ақпараттар таралып, отаншылдық рухын арттыратын әртүрлі қоғамға және оның мүлкіне қауіпсіз саяси технологиялар қолданылғаны абзал» («ҚазАльянс» өкілі).

h) «Бағдарлама әрекет ететіндей болуы үшін бағдарламалар тізімін үнемі жаңартып отыру қажет, қоғам көтеріп отырған жаңа проблемаларды шешуге бағыт ұстану қажет. Мұндай проблемаларды көбінесе қоғам мүшелерінің өздері көтереді» (жастар саясаты саласының маманы).

і) «Көп жұмыс атқарылуда, бірақ та олар тұрғындарға ауқымды емес қол жетімді, әрі түсінікті түрде жетуі тиіс (қысқа вирустық роликтер, инфографикалар, фотоесептер және т.б.)» (оқытушы).

ж) «Үздік жобаға сала бойынша гранттар берілуі керек. Мәселен мен жазушы ретінде қазіргі қоғам психологиясына аналитикалық талдау жүргізе отырып ұлттық характерлер арқылы санаға әсер етуді ұсынамын. Ол үшін өз жобамды СІЗДЕРГЕ қаржыландыруға тапсырар ем...» (жазушы).

к) «Елдегі нақты жағдайды білу қажет. Қалағаның үнемі шындыққа айнала бермейді» (оқытушы).

л) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бұдан да жақсы әрекет етуі үшін менің пікірімше оны тұрғындар арасында кеңінен насихаттау қажет»

(тарихшы, зерттеуші).

м) «Нақтылы өмірлік мақсаттарға қол жеткізуге, салауатты өмір салтына, кәсіби жетістіктерге, білім деңгейін үнемі арттыруға тырысуға бағытталған прагматикалық әрекет модельдерін насихаттау».

2. аталған бағыттарды есепке ала отырып барлық деңгейлерде білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгерту.

3. бағдарламалық мақалада айтылған бағыттар бойынша өскелең ұрпақтың қызығушылығын қалыптастыру мен ынталандыруға белсенді түрде отбасы институтын тарту.

4. бұрын жоспарланған, ағымдағы міндеттерді (мектеп, емхана ашу және т.б.) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс іс-шаралар қатарына «байланыстыру» тәжірибесінен бас тарту.

5. қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша іс-шараларды ұйымдастыру мен бекітуде бәсекеге қабілеттілік, білімнің салтанат құруы және прагматизм сияқты бағыттар айрықша бөлініп, ерекшеленіп тұрады» (саясаттанушы).

п) «Жобада рухты жастар жұмыс істеуі керек» (тележүргізуші).

### **«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудағы қатерлерге сараптамалық талдау**

Сарапшылар Бағдарламаны жүзеге асырудағы мынадай қатерлерді бөліп көрсетеді:

1. «Іс-шараның сапалылығының орынына санына бағыттылық, бағдарламаны жүзеге асырудың тұрғындар үшін түсінікті және қолжетімді тетіктерінің болмауы» (журналист).

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен танысу мектеп оқушылары мен студенттер үшін міндетті пәнге айналуы тиіс» (журналист).

3. «Тұрғындардың тартылуы мен белсенділігінің болмауы. Тұрғындар көбінесе сырттан бақылаушы рөлін атқарады» (оқытушы).

4. «Бұл бағдарламаны жүзеге асыру жобаларды жаппай ашып көрсету мен жүзеге асыруға бақылаудың болмауы себепті біраз ақырындап қалды. Соңғы нәтижесінде азаматтар үшін пәрменді мүдделілік тудырушы болуы тиіс болған «100 жаңа есім» байқауының жеңімпаздарымен жұмыс жүргізілмейді» (оқытушы АНК). «Бір нәрсе кедергі жасап отыр деп айтуға келмейді. Оны Елбасы жариялағаннан кейін ол бәрібір жүзеге асырылатын болады. Мәселе қалай?» 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы шартты түрде айтар болсақ жай ғана кәстрөлді ашқан кезде естуге болатын. Қазір ол бірде ана жерде, бірде мына жерде пайда болады. Менің ойымша қызығушылық төмендеп кетті. Менің ойымша не болып жатқаны туралы көбірек есеп берілуі тиіс? Бізде ақпараттық вакуум пайда болмауы керек, әйтпесе оны кейін өсек, сыбыс пен қауесет толтыратын болады» (мемлекеттік қызметкер).

5. «Қоғамдық сананы трансформациялауды ең бастапқы кезде дұрыс арнаға қою қажет еді. Біз еліміздің, халқымыздың рухани жан дүниесі



сімен айналысудың орынына осы уақытқа дейін құрылыспен айналысып келдік. Бұл жобаның негізін түсіну және тиісінше жүзеге асыру қажет» (журналист).

6. «Кейбір жерлерінде не туралы екені немесе белгілі бір бағыттың жалғасы қалай болатыны түсініксіз. Мысалы, «100 жаңа есім» жеңімпазға не болады төңірегінде көптеген сұрақ туындаты. Жобаның басты кейіпкері болу үшін қандай мүдделілік бар? Мүмкін оқуға грант аларсың? Немесе жобаңды дамытуға грант аларсың? Мүмкін жеңімпазға жұмыс орынын ұсынар, немесе қызықты жоба ұсынар? Осы сұрақтарға жауап болмауы себепті көпшілік қолдау мен шынайы бәсекелестік болған жоқ. Дегенмен бағыттың өзі тиімді және жағымды ақпарат береді. Кез келген адамға өзін ашып көрсету үшін мүдделілік керек» (журналист).

7. «Ютуб» пен әлеуметтік желілерде шетелден келетін, «таргетинг» арқылы таралып отырған деструктивті видеороликтер көрген адамның санасын қатты улайды. Қарап отырып, шынымен солай ма екен деп қаласың. Саяси түрде қалыптаспаған, «саяси тағаланбаған» кісілер теріс пиғылдылардың жетегіне еруі аса оңай. Оларды сүзгілейтін жүйе болса екен. Солармен жарыса, «Рухани жаңғыру» туралы жақсы да, пайдалы ақпараттар үздіксіз тарала берсе екен» («ҚазАльянс» өкілі).

8. «Тұрғындардың әлсіз қамтылуы, әлеуметтік желілердің әлсіз пайдаланылуы (бұл тезисті объективті тексеру үшін «Рухани жаңғыру» бойынша бейнебаяндар мен өзге де жарияланымдардың көрілу санын қарасақ жеткілікті). Мысалы, Инстаграмдағы осы бағдарламаның негізгі парақшасындағы ruh.kz жазылушылардың саны бар-жоғы 1196 жазылушыны құрайды, фейсбукте 2 260 адам, ондағы постар 5-10 лайк алады, мұның өзі жарияланымдардың өте төмен деңгейде қажет етілетінін көрсетеді! [www.ruh.kz](http://www.ruh.kz) ресми сайтына оның қажеттілігін бақылау үшін [zego.kz](http://zego.kz), есептеуішін орнату және [kz](http://kz) сегментіндегі рейтингісін бақылау қажет» (оқытушы).

9. «Менің пікірімше, түрлі бөлімдердің / құрылымдардың / қоғам жіктерінің мүдделерінің толық қамтылмауы кедергі келтіреді» (оқытушы).

10. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының нәтижелі жүзеге асырылуына оның жүзеге асырылу мерзімінің қысқалығы кедергі жасайды» (тарихшы, зерттеуші).

11. «Тұрғындардың жеткілікті хабардар болмауы, жаңғырту процессінің қандай екенін және одан күтілетін нәтижелердің әлсіз түсіндірілуі, сарапшылық ой елегінен өткізілу деңгейінің төмендігі» (саясаттанушы).

12. «Көп атқамінер; шенеуніктердің ұлттық құндылыққа құлықсыз қарауынан» (журналист, тележүргізуші).

13. «Өкінішке орай, қазір барлық дерлік жобаларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасына енгізуге тырысады, сондықтан да олардан болуы мүмкін ақпараттық нәтиже төмендейді. Ақпарат жай фон қызметін атқарады» (журналист, талдау-

шы).

14. «Түсінік беру жұмыстары әлсіз жүргізіледі. Айқын, ұғынықты индикаторлар жоқ. Сонымен қатар жобаны жүзеге асыруда ашықтық қажет» (саясаттанушы).

15. «Мына мәселеге көңіл аударыңыздар орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі – бұл бір бірінен мүлдем өзгеше ұғымдар! Орыс тілінде «Сананы жаңғырту» – бұл өзгерту, өзін ауыстыру, тіпті европаландыру. Ал қазақ тілінде «Рухани жаңғыру» – өзінің түп тамырына, өзінің қазақтығына қайта оралу! Осыдан келіп қиындықтар туындайды...» (оқытушы).

Сонымен, сарапшылардың пікірінше, қоғамдық сананы өзгерту мәселесін қоятын уақыт әлі келген жоқ. Олардың пікірінше, сананы өзгерту – ұзақ процесс. Қиыншылық тудыратыны санадағы өзгерістерді өлшеудің қиындығы. Сонымен қатар сарапшылар оң трендті де атап көрсетеді. Сарапшылардың көпшілігі теріс емес оң баға береді.

### **2019 жылғы зерттеу бойынша қорытындылар**

1. 2019 жылғы сауалнама нәтижелері респонденттердің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы жоғары дәрежеде хабардар екендігін көрсетеді. Ақпараттандырудың жоғары деңгейіне қарамастан 80,7%, респонденттердің «Рухани жаңғыру» терең ұғынуының жоқ екендігін анықтады.

2. Респонденттер бағдарлама туралы дәстүрлі ақпарат көздерінен алады, бірақ тіпті осы респонденттердің өздерінің пікірінше ең нәтижелісі көшелердегі жарнама, интернет пен әлеуметтік желілердегі ақпарат болып табылады. Әсіресе бұл әдістер қалалық орта, жастар аудиториясы және жоғары білімді респонденттер үшін нәтижелі.

3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы жобалары бойынша сарапшылар пікірі мен тұрғындардың пікірі арасында айырмашылық бар. Сарапшылардың «Туған жер» және «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобаларының маңыздылығын бөліп көрсеткеніне қарамастан, респонденттердің бұл арнайы жобаларды сирек еске алатыны байқалады.

4. Сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жаңа жобалармен толықтыру идеясын соншалықты белсенді қолдамайды. Олардың көпшілігінің пікірінше барлық күшті неғұрлым жоғары дәрежедегі нәтижеге қол жеткізу үшін қолда бар жобаларға жұмсау қажет. Соған қарамастан айтылған пікірлер арасынан келесілерді бөліп көрсетуге болады: Алаш қайраткерлері, Желтоқсан қозғалысына қатысушылар туралы ақпаратты тиісті деңгейде ашып көрсету, олар туралы фильмдер шығару, қазақ тілінде ішкі мигранттарға арнап олар қала жағдайына нәтижелі бейімделуі үшін электронды форматтағы курстар ұйымдастыру; волонтерлікпен, оның ішінде медициналық волонтерлік, әлеуметтік көмек көрсетумен байланысты жобаларды ілгерілету; жастар бизнесі/кәсіпкерлігін қолдау мен дамыту бойынша жобаларды жүзеге асыру.



5. Сарапшылар арнайы жобаларды жүзеге асырудан мультипликативті нәтиже болатынын атап көрсетеді – оның ішінде қазақ тілін ілгерілету мен байыту, мемлекеттік тілдегі контентті дамыту, ішкі туризмге, отандық тарих пен мәдениетке қызығушылықты арттыру.

6. Респонденттердің 58,3% «Рухани жаңғыру» бағдарламасы олардың өміріне еш әсер етпейді деп есептейді. Қатысушылардың 25,3% бағдарламаның оң нәтижесі бар екенін көрсеткен.

### ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

2017 жылдың қыркүйек айынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулерді талдау тұрғындардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы ақпараттануының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Мәліметтер көрсетіп отырғандай, жалпы қауымдастық пен сарапшылардың пікірлері көп мәселелер бойынша сәйкес келеді. Белгілі бір арнайы жобалардың танымалдығына байланысты айырмашылықтар бар. Сарапшылық сауалнама көрсеткендей, Қазақстанның сарапшылар қауымдастығының орта есеппен 20% астамы «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен таныс.

Қоғамдық пікір сарапшылары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы ақпараттандырудың жоғары деңгейін үздіксіз ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жүргізілуімен, барлық деңгейлердегі көлемді іс-шаралардың өткізілуімен, арнайы жобалардың жүзеге асырылуымен, сондай-ақ, БАҚ-та кеңінен ашып көрсетілуімен түсіндіреді.

Көптеген сарапшылар жоба туралы ақпараттың тұрғындарға сапалы жеткізілу деңгейін жоғары бағалайды. Ақпараттану мәселесі қазақстандықтардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі құрамдас бөліктерінің мазмұны және рөлін ұғынатынын білдіреді.

Бірақ, ұсынылған мәліметтер тұрғындардың арнайы жобалар бойынша жақсы бағдар ала алмай отырғанын көрсетеді. Соған байланысты, бағдарламаны ашып көрсету және жүзеге асыру бойынша ақпараттық жұмыстардың форматын қайта қарастыру қажет.

#### **Ақпараттық жұмыс бойынша сарапшылардың бірнеше ұсыныстары:**

- Ақпаратты дұрыс бөліп және ерекше түрде беру;
- «Рухани жаңғыруға» қатысы бар әлеуметтік желілерді белсенді түрде пайдалану;
- Әлеуметтік желілерде көзқарас көшбасшыларын тарту;
- Жобалық кеңсе өкілдерінің тұрғындармен тығыз байланыста болуы;
- Диалогты түсінікті және заманауи тілде жүргізу.
- Сарапшылар, сондай-ақ жобалық кеңселердің жұмысын жақсарту бойынша да бірнеше ұсыныс жасайды:
  - ✓ айқын және түсінікті индикаторлар әзір-

леу;

- ✓ қызметкерлерді қаржыландыру деңгейін арттыру;
- ✓ есептіліктің автоматтандырылған жүйесі;
- ✓ жобалық басқаруға толығымен көшу;
- ✓ жобада сапаның саннан басымдығы.

Жалпы, сарапшылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өзектілігі мен талап етілетінін, оның қоғам дамуындағы аса зор рөлін мойындайды.

Сарапшылардың бір бөлігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жаңа жобалармен толықтыру идеясын қолдауда аса белсенділік танытпайды. Олардың көпшілігінің пікірінше, неғұрлым жоғары дәрежедегі нәтижелілікке қол жеткізу үшін күшті қолда бар жобаларды жүзеге асыруға жұмсау қажет.

Жалпы, қоғам «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуын оң бағалайды, сонымен қатар арнайы жобаларды жүзеге асыру форматы мен осы сала бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат беруге өзгерістер енгізу қажет деп есептейді.

Қоғам мүшелері мен сарапшылардың ұсыныстарын есепке ала отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижелілігін ақпараттық қолдау көрсетуді арттыру, азаматтық белсенділерді ынталандыру және қолдауға, білім беру процесін дамытуға, тұрғындарды кең көлемде қамтуға, тұрғындардың мәдениет деңгейін арттыруға, демократиялық құндылықтарды дамытуға, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, білім берудің сапасын арттыруға, ауыл тұрғындарының азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған жобаларды жобалық менеджмент әдістерін қолдана отырып, арттыру арқылы күшейтуге болады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында Қазақстанның жаңа тарихи кезеңге негізгі мақсаты көрсетілген: рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және арттыру, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену, қуатты және жауапты адамдардың біртұтас Ұлтына айналу.

Қазіргі уақытта Бағдарлама – халықтың өткенін, бүгінін және болашағаның кеңістіктерін үйлесімді біріктіріп отырған идеялық платформа. Әлеуметтанулық зерттеулерге сәйкес<sup>8</sup>, қоғам бағдарламалық мақала шыққан кезден бастап оның мазмұны мен мүмкіндігіне белсенді қызығушылық таныта бастады. 2017 жылы респонденттердің 83,7% Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының шыққаны туралы білетіндігін айтқан.

Қазақстандықтар Бағдарламада ұсынылған жаңғыру типін қолдайды. Арнайы жобалар жүзеге асырыла бастаған уақыт ішінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Сарапшылардың пікірі, әлеуметтанулық сауалнама мәліметтері арнайы жобаны жүзеге асырудың мультипликативтік нәтижесін көрсетеді – оның ішінде қазақ тілін ілгерілету мен байыту, мемлекеттік тілдегі контентті дамыту, ішкі туризмге, отандық тарих пен мәдениетке қызығушылықты арттыру. Сарапшылардың пікірінше<sup>9</sup>, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және алты арнайы жоба жүзеге асырыла бастаған кезден бастап қоғамдық санада өзгерістер басталған.

Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша есепті кезең ішінде елеулі көлемдегі сандық және сапалық нәтижелерге қол жеткізілді.

«Туған жер» арнайы жобасы аясында кіші Отанның 2148 объектісі салынып, 1713 объектісі жаңғыртылды. Негізінен әлеуметтік маңызы бар объектілер салынып, жаңғыртылды: мектептер, балабақшалар, ауруханалар, емханалар, мәдениет үйлері, спорттық объектілер және т.б.

Арнайы жобаны жүзеге асыруға 11 173 меценаттар мен демеушілер қатысты, 274 129 014 477 теңге сомасында демеушілер қаражаты тартылды. Есепті кезең ішінде 1 995 502 мектеп оқушылары өлкетану қызметіне тартылды. Бұл көрсеткіштер ОМО және өңірлердің елеулі көлемде жұмыс жүргізгенін көрсетеді.

«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін жетілдіру, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді. 2018 жылғы 14 қарашада республика бойынша 2 млн. жуық адамның қатысуымен жалпыұлттық диктант ұйымдастырылды. Есепті кезең ішінде латын графикасына 1 595 983 адам

оқытылды.

«Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында есепті кезең ішінде 47 кітап аударылып, басылып шығарылды (30 кітап жарияланым сатысында), [www.100kitap.kz](http://www.100kitap.kz) ресми сайтында және «Қазақстан ашық университеті» - [www.OpenU.kz](http://www.OpenU.kz) порталында оқуға арналған электрондық форматта орналастырылған. Қалған 23 кітап 2020 жылы аударылатын болады.

Қазіргі уақытта «Қазақстанның ашық университеті» платформасына 116 жоғары оқу орыны қосылған, 7 225 адам тіркелген, оның ішінде: 3 442 студент, 2 489 адам – профессорлық-оқытушылық құрам және 1 294 адам – жеке пайдаланушылар.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында 2017 жылы «Қасиетті Қазақстан» ҒЗО 6 бағыт бойынша қасиетті объектілерге этномәдени экспедициялар ұйымдастырды. Осы экспедициялардың нәтижесінде «Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар қасиетті объектілері», «Қазақстанның өңірлік қасиетті объектілері» кітаптары шығарылды. Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын кең көлемде жүйелеу нәтижесінде жалпыұлттық маңызы бар 100 кешеннен (201 объектіден тұратын) және өңірлік маңызы бар 500 объектіден тұратын Қазақстанның қасиетті жерлерінің тізімі құрастырылды.

Жиыны бағдарлама іске қосылған кезден бастап республикалық маңызы бар 48 тарихи және мәдени ескерткіштерге жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі негізінде «Музей қорының мемлекеттік каталогы» және «Қазақстанның қасиетті жерлері бойынша виртуалды турлар» пилоттық жобалары іске қосылды. «Виртуалдық турлар» жүйесі Қазақстанның қасиетті жерлері тізіміне кіретін объектілерде онлайн режимде болуға мүмкіндік береді.

Есепті кезең ішінде өңірлерде 271 объект заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді, мұның өзі 60 астам жаңа өңірлік туристік бағыттар құрастыруға мүмкіндік берді. Республика бойынша мектеп оқушылары мен студенттері үшін 46 518 экскурсия ұйымдастырылды.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында есепті кезең ішінде ОМО шет елдерде 3 қазақстандық фильмнің тұсаукесерлік көрсетілімін, 55 гастроль, 19 көрме өткізді. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар шығармашылық ұжымдардың шет елдерде қатысуымен 525 іс-шара өткізді.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы

8 «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі «Қоғамдық сананы жаңғырту кезеңіндегі заманауи қазақстандықтардың құндылықты бағдарлары» тақырыбында жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша есеп. 2017 ж.

9 «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Туған жер» арнайы жобасы «Атамекен» кіші бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесі» тақырыбында жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп, Алматы, 2018 ж.

жобасын жүзеге асыру барысында 2017-2018 жылдары 4,5 мыңға жуық тапсырыс қабылданды. Бүкілхалықтық онлайн дауыс беру арқылы (100 esim.el.kz ресми сайтында) 131 жеңімпаз анықталды. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жүзеге асырылған кезең ішінде АҚДМ жоба жеңімпаздарының сәтті тарихы үлгілерін қоғам мүшелері арасында насихаттау бойынша кең көлемді ақпараттық және имидждік жұмыс жүргізді. Есепті кезең ішінде тұрғындармен 2 259 кездесулер ұйымдастырылды.

Бағдарламаның жүзеге асырылу нәтижелілігін арттыру мақсатында, сондай-ақ, оның ОМО және өңірлер арқылы жүзеге асырылу тәжірибесін есепке ала отырып, кешенді сипаттағы және Бағдарламаны жүзеге асырудың жүйелі нәтижелілігін арттыруға бағытталған бірнеше шараларды ұсынамыз.

### ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАР

1. Мақсаттар мен міндеттерді нәтижелі жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ жинақталған тәжірибені есепке ала отырып, ОМО арнайы жоба Тұжырымдамасын өзектендіру, олардың мазмұнына стейкхолдерлерді, мақсатты аудиторияларды, стратегиялық әріптестерді, іс-шаралардың ұсынылатын форматтарын, зәкірлік жобаларды, мониторинг түрлерін енгізу ұсынылады.

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында барлық арнайы жобалар бойынша кең көлемді дайындық жұмыстары жүргізілген. Осы жұмыстардың барлығын үш министрлік (АҚДМ, БҒМ, МСМ) жүргізген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын тәжірибеде жүзеге асыру қызметтің барлық салаларын қамтиды және еліміздің бүкіл тұрғындарының санасын жаңғыртуға бағытталған. Соған байланысты, 2020 жылдан бастап Бағдарламаны жүзеге асыруға барлық орталық органдарды тартуды, әрбір ОМО жауапкершілік аумағын анықтауды, сондай-ақ арнайы жобаларды ОМО арасында қайта бөлуді жүзеге асыруды ұсынамыз.

«Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі», «Архив - 2025» арнайы жобаларын ОМО бекітуді және өңірлер деңгейінде жүзеге асыруды ұсынамыз, себебі осы арнайы жобалар аясында қойылған міндеттерді шешу республика көлеміндегі қаржылық, әкімшілік, зияткерлік қорларды талап етеді, сондай-ақ ЖБ қаражаты мен ұйымдастырушылардың энергиясын үнемдеуге, алға қойылған міндеттердің ең жоғары деңгейдегі нәтижелілігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Барлық арнайы жобалар бойынша мақсатты индикаторлар мен соңғы нәтижелердің нақты көрсеткіштерінің болмауы жүргізілген жұмыстарға релевантты баға беруге және жобалар мен іс-шараларды жүзеге асырудан алынған нәтижелерді тиісінше бағалауға мүмкіндік бермейді. Соған байланысты «Рухани жаңғыру»

бағдарламасын жүзеге асырудың сандық көрсеткіштерімен корреляцияланатын валидті мақсатты индикаторлар құрастыруды ұсынамыз.

4. Өңірлік іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі 6 бағыты мен 13 арнайы жобасының негізгі мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа алуды ұсынамыз. Өңірлік іс-шараларға өзге қолданыстағы мемлекеттік, өңірлік, салалық бағдарламалар бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыреттілігіне жатқызылатын іс-шараларды енгізбеу қажет.

5. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шара/жобаларды іріктеу кезінде мынадай басымдықтарды ұстанған тиімді болады:

- әлеуметтік кәсіпкерлік тетіктерін дамытуға бағыттылық, жаңа жұмыс орындарын құру, әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша кластерлер құрастыру, тұрғындардың өзін-өзі ұйымдастыруының түрлі формаларын пайдалану, волонтерлік қатысу;

- уақыт талабына сәйкес, ұлттық мәдениетті өзекті форматтарда жаңғырту;

- жаңа мәдени және білім форматтары арқылы Қазақстанның болашағына жаңа көзқарас қалыптастыру: көркем және мультипликациялық фильмдер түсіру, бағдарламалар, реали-ти-шоу дайындау, туған өлкенің аңыз, әңгімелерін зерттеу, форсайттық зерттеулер жүргізу;

- өзекті бағыттар мен салалар бойынша тұрғындардың сауаттылығын арттыру, үздіксіз қолжетімді қосымша білім алу үшін жағдай жасау. Білім беру саласында тренингтер өткізу, оқытудың желілік модельдерін пайдалану, тәлімгерлік жүйесін қамтитын, волонтерлердің, тағылымгерлердің, тәжірибеден өтушілердің қатысуын кең көлемде қамтуды қамтамасыз ететін әлеуметтік инновациялар қажет;

- жүзеге асырылатын жобалар мен іс-шараларды жаңа құрамдас бөліктермен, өзекті форматтармен толықтыру. Бағдарлама идеясы туралы түсіндіру іс-шараларын өткізу;

- республика бойынша ауылдарды, аудандарды қамтуды біркелкі күшейту.

Жалпы, қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал ететін жобалардың ұзақ мерзімді нәтижелерін жоспарлауға ерекше көңіл бөлу, тұрақты және жүйелі дамуға, өзін-өзі ақтауға, синергетикалық нәтиже алуға бағытталуға ерекше көңіл бөлу қажет.

6. Тұрғындардың барлық санаттарын кеңінен қамту бағдарламаны жүзеге асыруға жұмыс істеп отырған ҰЕҰ, азаматтық қоғамның өзге де институттарын қосқан кезде ғана мүмкін болады. Өңірлік деңгейлерде жобаларды жүзеге асыруды ҰЕҰ, белсенді азаматтарға бекіту бас-тамасын көтеру бойынша ұйымдастырушылық мүмкіншіліктер жасау, мұның өзі қоғамның өзін-өзі басқару тетіктерін жетілдіруге ықпал ететін болады.

7. Әлеуметтік мәліметтер мен сарапшылар

пікірін талдау<sup>10</sup> тұрғындардың арнайы жобаларға қатысудағы белсенділігінің төмен деңгейінің орын алуының себебі Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша тұрғындарға ұғымды және қолжетімді тетіктердің, тұрғындардың өңірлік жобалық офистермен тығыз байланыстың болмауында екенін көрсетеді. Соған байланысты, ӨЖО әлеуметтік жобалардың деректер қорының ашық платформасын өзектендіруді, өңірдің өзекті мәселелерін талқылау бойынша онлайн-алаңдар құруды, ашық есік күндерін өткізуді, сондай-ақ ӨЖО жүргізілген және жоспарланған жұмыстары жөніндегі есептерін ашық қолжетімділікпен орналастыруды ұсынамыз. Сарапшылардың бағалауы бойынша<sup>11</sup>, өңірлік жобалық офистер тұрғындар үшін жобалық менеджмент дағдыларын дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізуі, азаматтарды нақты мәселелерін шешуге қолдау көрсетуге қабілетті тиісті органдарға, орталықтарға жіберуі (16,9%), ҰЕҰ мен бизнес өкілдерінің өңір мәселелерін талқылау үшін тұрғындармен кездесулерін ұйымдастыруы тиіс (14,8%).

8. Бағдарламаның стратегиялық міндеттерінің бірі – өз елінің әлеуметтік жауапкершілігі бар азаматтарын қалыптастыру. Соған байланысты волонтерлік қозғалыстың белсенділігін арттыру – Бағдарламаның түпқазық қондырмасы. Қазіргі уақытта волонтерлік қозғалыстың мүмкіншіліктері толық пайдаланылмайды, ол әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелерімен, сондай-ақ өңірлердің есептерімен дәлелденіп отыр. Соған байланысты волонтерлер мүмкіншіліктерін өмірдің түрлі салаларында пайдалану бойынша жүйелі шаралар қабылдауды ұсынамыз. Сарапшылардың пікірінше, мынадай бағыттар бойынша жұмысты күшейту қажет: волонтер мәртебесін арттыру, волонтерлік сағатты есепке алу; тұрақты негізде волонтерлерді орталықтандырылған оқыту және жалпы бағдарламасын енгізе отырып, волонтерлік ұйымдар орталығын құру; волонтерлік қызметті мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында енгізу; волонтерлікті дамыту бойынша мемлекеттік және әлеуметтік тапсырыстарды арттыру; волонтерлікті қолдау бойынша ынталандырушы және көтермелеуші бағдарламалар әзірлеу; волонтерлер талап етілетін еңбек қызметінің бірыңғай базасын құру және олардың дағдыларын қолдану салаларын суреттей отырып, ашық қолжетімділікте волонтерлердің бірыңғай реестрін әзірлеу; аға ұрпақ өкілдері - зейнет жасы алдындағы және зейнет жасындағылар арасында волонтерлік қызметті дамыту.

9. ЖАО мен бизнес-қауымдастықтың бірлесе әрекет етуінің нәтижелі жүйесін қалыптастыру ұсынылады: әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қатысатын меценаттар мен бизнес өкілдерін көтермелеу тетіктерін қарастыру

(салық преференциялары, жеңілдіктер); қайырымдылық қорларының, бизнес өкілдерінің, меценаттардың жұмысын БАҚ арқылы кеңінен насихаттау; қоғамдық танымалдылығын арттыру – қызметке ынталандыруға бағытталған құрметті атақ, наградалар, титулдар беру. Сарапшылардың бағалауы бойынша, қайырымдылық қызметті ұйымдастыруда жүйелілік, тұрақтылық, ашықтық, сондай-ақ қайырымдылыққа азаматтардың басым бөлігін тарту ұсынылады.

10. Сарапшылар айқын ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіз деңгейін атап көрсетеді. Бұл Бағдарламаның атауынан бастап жұмыстың барлық бағыттарына қатысты. Мысалы орыс тілінде сөйлейтін тұрғындардың басым көпшілігі «Сананы жаңғыртуды» өзгерту, өңір ауыстыру, тіпті еуропаландыру ретінде қабылдайды, ал қоғамның қазақ тілінде сөйлейтін бөлігі «Рухани жаңғыруды» ұлттық түп тамырларына қайта оралу деп түсінеді. Сонымен, Бағдарламаны одан әрі нәтижелі жүзеге асыру үшін Бағдарламаның мазмұны мен құндылықтарын ілгерілетудің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін идеологтар, спикерлер пулын қалыптастыру қажет.

11. Қазіргі қоғам ақпараттық жарнамаларға – баннерлер мен билбордтарға белсенді назар аударады, олар ең бастапқы кезден бастап Бағдарламаны ілгерілету мен танымалдығын арттыру мақсатында белсенді түрде пайдаланылып келеді. Сонымен қатар, сарапшылар<sup>12</sup>, сондай-ақ әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері жарнама тақтайшаларындағы көрсетілімдердің ақпарат беру деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Сондықтан да, мақсатты аудиторияның мүддесі мен қажеттіліктерін, ақпаратты ұсыну форматын, өңір қажеттіліктерін есепке ала отырып, оны мазмұны жағынан толықтырумен байланысты Бағдарламаны ақпараттық жарықтандырудың жалпы тұжырымдамасын қайта қарау ұсынылады. Идеялық қондырғылар (ұрандар, слогандар) әзірлеу, оның ішінде сарапшылардың ұсыныстарын пайдалану, олар Бағдарламаның өзектілігін сезінудің өсу нүктесі болуы мүмкін.

12. Әлеуметтанулық зерттеу мәліметтерін талдау<sup>13</sup> тұрғындардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы ақпаратты көбінде барлық жас топтары бойынша дәстүрлі ақпарат көздерінен (телевизия, газет, радио) алатынын көрсетеді (61,2%). Сонымен қатар, тұрғындардың жалпы хабардарлығына әлеуметтік желілер, ақпараттық жұмыстар, оқу орындарындағы хабарлар елеулі көлемде ықпал етеді (23,4%). Соған байланысты, Бағдарламаны ілгерілету бойынша ақпараттық жұмыстарды әлеуметтік желілер, мессенджерлер, интернет-арналар арқылы, сондай-ақ оқу және жұмыс орындарында күшейту ұсынылады. Ақпараттық жарықтандыру форматтарын өзектендіру мақсатында та-

10 «Рухани жаңғыру»: Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу. «Жастар» ҒЗО» ЖШС, 2019 жыл.

11 Сонда

12 Сонда

13 Сонда



нымал вайнерлерді, блогерлерді, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту ұсынылады.

13. Бағдарламаны жүзеге асыруда өңірлер арасындағы жарыс сипатынан арылу қажет. Бағдарлама аясында міндеттерді қалыптастыру мен іс-шараларды жоспарлау кезінде орталықтанған, жалпы масштабтық (республикалық) сипаттан бас тартып, өңірдің, елді мекеннің ерекшеліктерін есепке алу қажет (облыс орталығы, аудан/ауыл, республикалық маңызы бар қала).

14. Өткізілген іс-шаралардың нәтижелілігін мерзімімен объективті талдау мақсатында іс-шаралар сапасына жүйелі негізде мониторинг жүргізіп отыруды ұсынамыз (әлеуметтанулық зерттеулер).

15. «100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында Ұлттық аударма бюросына аударылатын оқулықтар тізімі мен олардың дайын болатын мерзімі туралы алдын ала ақпарат беріп отыруды ұсынамыз. Сонымен, өңірлер, оқу орындары осы оқулықтарды енгізу бойынша іс-шараларды мерзімімен жоспарлай алатын болады. Кітаптардың мазмұнының, рәсімделуінің, оқылуының сапасын арттыру мақсатында оқулықтардың пилоттық контентін апробациядан өткізуді, сондай-ақ олардың мазмұнын студенттердің, оқытушылардың, қоғам мүшелерінің қатысуымен ашық, онлайн режимде талқылауды ұйымдастыруды ұсынамыз.

16. «100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында 2020 жылы жоспарланған 100 кітаптың қалған 23 оқулығын аударып, басып шығару жоспарлануда. Сарапшылар қауымдастығының пікірінше, аударма бойынша жұмыстарды оқу және ғылыми әдебиеттермен шектеліп қана қоймай жалғастыру қажет. Шетелдік жазушылардың оң, бәсекеге қабілетті, креативті және ашық сананы қалыптастыратын, сондай-ақ елдің әрбір азаматының патриоттық сезімдерге және әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелейтін танымал әдеби шығармаларын аудару ұсынылады.

17. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы бойынша сарапшылар оның ел тұрғындары арасында танымалдығын атап көрсетеді. Мысалы, сауалнамаға қатысушылардың 78,6%<sup>14</sup> қазақ тілінің латын графикасына көшірілетіні туралы хабардар екенін көрсеткен.

Сонымен қатар, жаңа әліпбиді күнделікті тәжірибеге енгізу мақсатында латын графикасын пайдалану ережелері бойынша қысқаша түсініктемелер әзірлеу, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен интернет қорларда орналастыру үшін әліпби әріптерін жазу үлгілерін визуалдық графикада дайындау, 2020 жылдан бастап мемлекеттік телеарналардағы барлық медиа-контентті латын графикасындағы субтитрлар арқылы көрсету бойынша көлемді жұмыс жүргізу ұсынылады.

18. «Қазақстанның қасиетті құндылықтары. Қазақстанның киелі жерлерінің география-

сы» арнайы жобасы аясында ұсынылады:

- Қазақстанның қасиетті орындарының мәртебесін арттыру және танымал ету мақсатында ұлттық деңгейде «Қазақстанның 10 қазынасын» анықтауды ұсынамыз, оған неғұрлым белгілі тарихи-маңызды қасиетті объектілер енген болар еді. Болашақ ұрпақ бойына туған тарихы мен мәдениетінің құндылықтарын сіңіру мақсатында Білім және ғылым министрлігіне білім беру бағдарламасына білім беру мекемелері оқушыларының қасиетті объектілерде болуын енгізуді ұсынамыз;

- Арнайы жобаның Өңірлік жол карталарын өзектендіру, арнайы жоба міндеттерін шешуді жүйелі негізге қою: қасиетті объектілердің инфрақұрылымын, логистикасын дамыту, экскурсиялар жасау және өзге де жұмыстар жүргізу;

- Бағдарламаның танымалдығын арттыруға кешенді бағытталған іс-шаралар тізбегін құрастыру, арнайы жобаға қатысуға мүдделілікті арттыру: қасиетті объектілердің туристік бағыттарының сәнді рәсімделген жолсеріктерін әзірлеу және оларды қоғамдық орындарда, жарнамалау арқылы, әлеуметтік желілер арқылы тарату; еліміздің барлық елді мекендерінде оқушылар арасында қасиетті объектілер туралы анимациялық, көркем және деректі фильмдерді жаппай көруді ұйымдастыру, фильмдерді кең көлемдегі қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін интернет қорларға орналастыру.

19. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасын жүзеге асыру аясында елдің танымалдығы артады, оған әлемдік БАҚ Қазақстанның мәдениеті мен өнері туралы жарияланған материалдар санының артып келе жатқаны дәлел бола алады. Сонымен қатар, өткізілетін іс-шаралар елімізді шет елдерде танымал ету бойынша бірыңғай құрылымданған саясат сипатына ие бола алмай келеді. Соған байланысты, шет елдерде бірнеше ұсақ іс-шаралар өткізудің орнына қатысушыларды кең көлемде қамтитын 5 әлемдік трендтік іс-шараны анықтауды ұсынамыз. Мысалы, әлемдегі ең ірі Эдинбург халықаралық кітап фестивалі, онда әлемнің барлық түпкірлерінен кітаптардың үздік үлгілері берілген. Мұндай іс-шараларға қатысу қолда бар қорларды тиімді пайдалануға және Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын әлем қауымдастығына ұсынуға мүмкіндік береді.

Заманауи мәдени кластерлерді дамыту мақсатында республика көлемінде жыл сайынғы республикалық/халықаралық байқаулар өткізілетін орындарды анықтауды ұсынамыз (мысалы ұлттық би, көркем сөз, сурет өнері және т.б. фестивалі), оларды өткізуді түрлі өңірлерге бекітіп беру. Негізгі назарды ұлттық мәдениет түрлерін дамытуға аудару (қобызшылар, домбырашылар, айтыскерлер), сондай-ақ осы бағыт

14 «Рухани жаңғыру»: Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі» тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу. «Жастар» ҒЗО» ЖШС, 2019 жыл.

бойынша түркі әлемі аясында жыл сайынғы халықаралық байқау ұйымдастыру бастамасын көтеру.

Арнайы жобаның алға қойған мақсаты мен міндеттеріне барынша қол жеткізу үшін міндеттерді шешуде ОМО және ЖАО арасында қызметтерді айқын үйлестіру болуы тиіс. Шетелдік гастрольдерді ұйымдастыру мен іріктеуді МСМ құзыретіне беруді ұсынамыз, мұның өзі мемлекет қаражаты мен ұйымдастырушылардың энергиясын үнемдеуге, алға қойған міндеттерге барынша нәтижелі қол жеткізуге мүмкіндік береді.

## ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

### Нұр-Сұлтан қаласы

1. «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыруда өңір барлық көрсеткіштердің тұрақты өсімін көрсетуде және республика бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр. Демеушілер қаражатының сомасы Нұр-Сұлтан қаласында осы арнайы жоба бойынша республика бойынша жұмсалған барлық қаражаттың 8% құрайды.

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері Нұр-Сұлтан қаласындағы азаматтық белсенділік пен халықтың әлеуметтік жобаларға қатысуының орташа көрсеткіші төмен екенін көрсетеді (42,41)<sup>1</sup>. Тек бір ғана индиктор - «Еріктілерге қызмет/көмек көрсету» орташа деңгейге жетті (56,3%). Азаматтық белсенділік пен қатысудың барлық басқа көрсеткіштері төмен даму деңгейіне кіреді. Осылайша, «Туған жер» арнайы жобасының басты міндеттерінің бірі – аймақтағы азаматтық жауапкершілікті және патриотизмді тәрбиелеу мәселесі толығымен шешілмей отыр.

Сонымен қатар, азаматтық қоғамды дамыту бойынша жұмысты күшейту, қала тұрғындары арасында қаланы абаттандыру бойынша іс-шаралар жүргізу (қала мекемелері кеңселерінің, аулалардың, мектеп алдындағы алаңдардың үздік жасыл желекпен рәсімделуіне байқау жариялау және т.б.); астана меценаттары мен демеушілерінің мүмкіншіліктерін ауладағы балалар спорт алаңдары (жабдық деңгейі 13%)<sup>15</sup>, неғұрлым қол жетімді және көпшілікке арналған саябақтар, аллеялар сияқты шағын аумақтың инфрақұрылымын дамытуға пайдалану ұсынылады.

2. «Туған жер» арнайы жобасы бойынша 13 000 оқушы өлкетанулық қызметке тартылды, бұл республикадағы ең төмен көрсеткіштердің бірі. Осыған байланысты мектеп оқушыларының өлкетану жұмыстарына қатысуын кеңейту, студенттерді жұмыспен қамту, оның ішінде экскурсиялар мен экспедициялар ұйымдастыруға тарту ұсынылады.

3. Қазақстанның астанасы республиканың білім беру және зияткерлік орталығы болуы тиіс. Астанада 30 астам жоғары оқу орыны бар, ірі кітапханалар, ҒЗИ орналасқан. Соған байланысты «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ

тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасын жүзеге асыру әлі де болса толық көлемде пайдаланылмай келе жатқан елеулі мүмкіншіліктерге ие. Оқулықтарды оқу, ғылыми-зерттеу процесіне енгізу бойынша жүйелі шараларды ойластыру, жоғары оқу орындарының, ТжКБ оқушыларының кітаптардың мазмұнымен танысуы бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, спикерлер ретінде жетекші ғалымдарды, мәдениет қайраткерлерін, бизнесмендерді тартуды, республикалық деңгейдегі зәкірлік жобалар өткізуді ұсынамыз.

4. Бағдарламаны ақпараттандыру және сүйемелдеу – Бағдарлама және оны іске асырудағы сәтті жобалар туралы ақпарат таратудың негізгі факторларының бірі. Есеп беру кезеңінде Нұр-Сұлтан қаласындағы республикалық және облыстық БАҚ-та 70-тен аспайтын материал жарияланған, бұл ең төмен көрсеткіштердің бірі. Осыған байланысты, БАҚ-та бағдарламаның барлық бағыттары және арнайы жобалары аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды сапалы көрсетуді, Бағдарламаның мағынасы мен құндылықтарын насихаттауды күшейтуді ұсынамыз.

### Алматы қаласы

1. «Туған жер» арнайы жобасы бойынша тұрақты нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жобаларды жүзеге асыруға меценаттарды тарту бойынша жұмысты күшейту, іс-шараларды жоспарлау сапасын арттыру және жергілікті бюджетті нәтижелі пайдалану ұсынылады.

2. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы бойынша тұрғындарды арнайы жобамен қамтуды арттыру, ол үшін қарым-қатынастың түрлі арналарын пайдалану, кәсіпқой жаттықтырушылармен оқыту курстарын ұйымдастыру, күнделікті телебағдарламалар мен жергілікті газеттерде рубрикалар ашу, әлеуметтік желілерде үй тапсырмасы берілген бейнебаяндар орналастыру, караоке, сөздіктерді пайдалану ұсынылады.

3. Алматы Қазақстанның білім беру және ғылыми орталығы болып табылады, ең көп жоғары оқу орындары санына ие және «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» арнайы жобасы аясында аударылған оқулықтарға ең көп сұранысқа ие. Қазіргі уақытта өңір өткізілген іс-шаралар, арнайы жобаға тұрғындарды тарту бойынша төмен көрсеткіш көрсетіп отыр (барлық қатысушылардың 0,13%). Соған байланысты, оқулықтарды білім беру процесіне енгізу бойынша іс-шаралардың саны мен сапасын арттыру, тұрғындарды жобаға қатысумен қамту көрсеткішін арттыру ұсынылады.

4. «Қазақстанның қасиетті құндылықтары. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында ауқымды жұмыс жүргізілген: қала аумағында «Алатау» туристік кластері дамытылуда, «Алматы туралы 100 естелік» кітабы шығарылған, туристік бағыттар картасымен 5 мың атлас, 8 мың туристік жолсері

<sup>15</sup> АҚДМ мәліметтері 2018 ж.

шығарылған. Алматыда оқушы жастар ең көп мөлшерде шоғырланғанын есепке алсақ, өңір өткізілген экскурсиялар саны бойынша төмен көрсеткіштер көрсетіп отыр (республикалық көрсеткіштің 0,08%), қаланың қасиетті объектілері бойынша экскурсиялар мен экспедициялар өткізу жұмыстарын күшейту ұсынылады.

5. Алматы – Қазақстанның мәдени астанасы, мұнда белгілі шығармашылық ұжымдар шоғырланған. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында өңірде ЖБ елеулі көлемдегі ақшалай қаражат бөлінді (2 877 300 000 тенге), оңтүстік астанада 15 іс-шара өткізілді, оның 3-еуі шетелдік гастрольдермен байланысты. Соған байланысты ақшадай қаражатты нәтижелі жоспарлау мен оңтайлы пайдалану бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.

6. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы аясында жоба жеңімпаздары тұрғындармен 27 кездесу өткізген, қамту 5 900 адамды құрайды. Сонымен қатар, арнайы жоба жүзеге асырылған бүкіл кезең ішінде ЖБ қаражаты, сондай-ақ демеушілер мен меценаттардың қаражаты тартылмаған. Жалпы, кездесулер мен іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру үшін ЖБ қаражат бөлу, сондай-ақ демеушілер мен меценаттарды тарту бойынша жұмыс жүргізу ұсынылады.

#### **Шымкент қаласы**

1. «Туған жер» арнайы жобасын жүзеге асыру аясында өңір елеулі көлемдегі демеушілер қаражатын тартқан, Шымкент 2019 жылы жаңғыртылған объектілер бойынша алдыңғы орында келеді. Сонымен қатар, тартылған демеушілер мен меценаттар көрсеткіші, олардың есебінен жүзеге асырылған жобалар саны республика бойынша орташадан төмен болып табылады (0,3%, тиісінше республикалық көрсеткіштің 0,3%). Қайырымдылық мәдениетін дамыту бойынша жұмыстарды туған өлкесін дамытуға қатысуға демеушілер мен меценаттарды, бастамашыл азаматтарды кең көлемде тарту арқылы жүйелі негізге қою, фандрайзинг, краудфандинг арқылы демеушілерді тартудың инновациялық түрлерін енгізу ұсынылады.

2. Өңірде қасиетті объектілерді әлеуметтік желілерде ақпараттық ашып көрсету жұмыстары жоғары деңгейде жүргізіледі. Өңір «Өңірдің қасиетті объектілері туралы имидждік өнімдерді шығару мен интернетте орналастырудың мұндай объектілердің жалпы санына қатысты үлес салмағы» көрсеткіші бойынша ең жоғары көрсеткіштерге ие (860%)<sup>16</sup>, бұл болашақта тұрғындардың туризмге қызығушылығын арттыруға, туған өлкені зерттеуіне ықпал ететін болады.

3. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сәйкес<sup>17</sup> жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қала тұрғындарының 11,1% жуығы қатысады. Сонымен, «Туған жер» арнайы жобасының тұрғындардың жергілікті мәселелерді шешуге

қатысуын арттыру міндеті әлі толығымен жүзеге асырылмай келеді. Тұрғындарды өз қаласының мәселелерін шешуге тартуға бағытталған жобаларды, іс-шараларды, флеш-мобтарды іске қосу ұсынылады.

4. Өңірлік есеп көрсеткіштеріне, сондай-ақ әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне<sup>18</sup> сәйкес, облыста волонтерлердің әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіншіліктері іс жүзінде пайдаланылмайды. Соған байланысты, волонтерлерді жергілікті қауымдастық мәселелерін шешуге тарту бойынша жұмыстарды күшейту ұсынылады, ол үшін волонтерлерді оқытуды жүйелі негізге қою, жергілікті бюджетте волонтерлер ұйымдарын қолдау бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемін ұлғайту, волонтерлердің оң имиджін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

5. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында өңір қала кітапханаларының кітаптармен қамтамасыз етілу көрсеткіші бойынша жоғары орындардың бірін иеленіп отыр. Сонымен қатар, пиар-ігерілету, ақпараттық сүйемелдеу, оқулықтарды мазмұндық игеру, оларды оқу курстары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына енгізу жеткіліксіз деңгейде жүргізіледі. Оқулықтарды оқу процесіне сапалы енгізу, оларды мазмұндық игеру бойынша жұмыстарды жас ұрпақпен кешенді негізде, нәтижеге қол жеткізуге бағыттылықпен жүргізуді ұсынамыз (лекторийлер, оқулықтардың мазмұнымен таныстығы бойынша байқаулар, ғалымдарды, бизнесмендерді спикер ретінде шақыру және т.б.).

#### **Ақмола облысы**

1. 6 арнайы жоба аясында өңір өткізілген іс-шаралар саны көрсеткіші бойынша ең жоғары көрсеткіш көрсетіп отыр (17173), олардың көпшілігі бір реттік сипатта болып келеді. Іс-шаралар санын қойылған міндеттерге сәйкес оңтайландыруды, олардың сапасы мен форматын ойластыруды, сондай-ақ мазмұндық жағынан ұқсас болып келетін іс-шараларды Бағдарламаның нақты мақсаттық көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағыттылықпен бір жобаға біріктіруді ұсынамыз.

2. Өңірдің ЖБ қаражатын ең көп жұмсаған арнайы жоба «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» (арнайы жобаларға барлық жұмсалғандардың 80%), ең аз шығыны - «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы, сонымен қатар көптеген арнайы жобалардың көрсеткіштері тиісті деңгейде жүзеге асырылмаған. Мысалы, өңірдің қасиетті объектілерінің заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 8,5% құрайды. Сонымен, барлық арнайы жобалардың мақсаттары мен міндеттеріне нәтижелі қол жеткізу мақсатында арнайы жоба міндеттерінің басымдықтарын есепке ала отырып, ЖБ қаражатын бөлуді оңтайландыру

<sup>16</sup> АҚДМ мәліметтері 2018 ж.

<sup>17</sup> «Рухани жаңғыру»: Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу. «Жастар» F30» ЖШС, 2019 жыл.

<sup>18</sup> Сонда



ұсынылады.

3. Әлеуметтанулық зерттеулерге сәйкес<sup>19</sup>, өңірде тұрғындардың ӨЖО-ға өтініш білдіруінің төмен деңгейі атап көрсетіледі, мұның өзі Бағдарламаның жүзеге асырылу нәтижелілігін және кеңсенің тұрғындармен жұмыс жасау сапасын төмендетеді. Соған байланысты тұрғындардың жобалық кеңселердің жұмысы туралы қол жетімді, ашық ақпараттануын, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы ақпараттануын қамтамасыз етуді ұсынамыз.

4. Әлеуметтанулық зерттеулерге сәйкес<sup>20</sup>, өңір тұрғындары мынадай өзекті мәселелерді атап көрсеткен: кітапханаларды жаңғырту; тегін қосымша сабақтар, балаларға арналған үйірмелер ұйымдастыру; мүгедектерді жұмысқа орналастыру; жастар спортының дамуы үшін жағдай жасау. Соған байланысты ӨЖО осы мәселелерді жүзеге асыруды іс-шаралар жоспарына енгізуді, сондай-ақ бизнес-қауымдастығының, меценаттардың, волонтерлердің назарын осы мәселелерді шешуге аударуды ұсынамыз.

#### **Ақтөбе облысы**

1. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасының аясында облыста инфрақұрылымы дамыған қасиетті нысандардың үлесі бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірі тіркелген (6,8%), бұл басқа индикаторлар (экскурсиялар, киелі нысандарды танымал ету) нәтижелілігінің жүйелі түрде төмендеуіне алып келеді. Осыған орай, қасиетті нысандарды инфрақұрылымдық қолдау бойынша жұмыстарды бизнес-қоғамдастық пен ғалымдарды тарта отырып, жүйелі негізде жүргізу ұсынылады.

2. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында тарихи ескерткіштерді одан әрі насихаттау, оларды қазақстандықтар мен шетелдік қонақтар көруі үшін туристік объектілер тізіміне енгізу бойынша жұмыстардың белсенділігін арттыру ұсынылады. Өлкетану бойынша жұмыстарға волонтерлерді тарту, форматы жастар санаты үшін қызықты болып табылатын жастар жобаларын жүзеге асыру қажет. Өңірде орналасқан Ұлы Жібек жолы объектілеріне көбірек назар аудару қажет, оларды насихаттау бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жыл сайынғы іс-шаралар өткізу қажет. Өлкетану жұмыстарына тұрғындарды кеңінен тарту, өлкетану мекемелерінің, оқушылардың, студенттердің, археологиялық экспедициялардың, тарихи қауымдастықтардың, өңірдегі ҰЕҰ-ның мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалану. Өңірде өлкетану мекемелері мен қауымдастықтарының, өзге де мүдделі тараптардың күшін пайдалана отырып, тарихи қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу. Музейлерді мектеп

оқушылары арасында ағартушылық жұмыстар жүргізуге кеңінен тарту.

3. «Жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендер арасынан мүмкіндігі шектеулі адамдар-

дың жұмысқа орналасу үлесі» индикаторы бойынша облыста ең төменгі көрсеткіштердің бірі тіркелді – 75%. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі адамдарды, сондай-ақ тиісті ұйымдарды Бағдарлама аясында арнайы жобаларды іске асыруға қатысуға тарту ұсынылады.

4. Әлеуметтанулық зерттеу мәліметтеріне сәйкес, облыс тұрғындарының Бағдарлама мазмұны туралы білім деңгейі төмен. Тұрғындардың тек 5,9% Бағдарламаның мазмұнымен жақсы таныс екендерін айтты. Сұралғандардың 24,7% «Бірінші рет естіп» тұрмын жауап нұсқасын таңдады. Осыған байланысты азаматтардың барлық санаттарының арасында Бағдарламаның мағыналары мен құндылықтарын насихаттауға бағытталған бірқатар жүйелік шараларды әзірлеу ұсынылады (еңбек ұжымдарында жиналыстар өткізу, оқу орындарында танымдық іс-шаралар ұйымдастыру және т.б.).

5. Өңірдің шекара маңындағы мәртебесін ескере отырып, шет елдерде шекара маңындағы аумақтарында тұратын және оларға белгілі болған бұрын Қазақстанда тұрған азаматтарымызды тартуға бағытталған жобаларды әзірлеуді ұсынамыз, мақсат – олардың әлеуетін Қазақстанды шет елдерде ілгерілетуге тарту.

6. Латын графикасына оқыту бойынша жобалардың сапасын арттыру ұсынылады, себебі облыста оқытылған тұрғындардың саны бар болғаны 0,09% құрайды. Жобалардың жаңа форматтарын енгізу, инновациялық өнімдер жасауға белсенді түрде қолдау көрсету (дыбысты кітаптар, бейнеколлекциялар және т.б.) қажет.

#### **Алматы облысы**

1. Алматы облысы бәсекеге қабілетті туристік кластер құру үшін ерекше жағдайларға ие, себебі өңір оны дамыту үшін қажетті қорлар факторы кешеніне ие, олардың ішінде 58 қасиетті объектілер (17 республикалық маңызы бар), 2 343 мәдениет объектісі, табиғи-климаттық жағдай, альпинизм, экотуризм үшін барлық жағдайлар бар. Алайда, мәліметтерді талдау туризмді дамыту мүмкіншіліктері Бағдарлама аясында толық көлемде пайдаланылмайтынын көрсетеді. Соған байланысты экскурсиялар мен экспедициялар санын арттыруды, сондай-ақ оларға тұрғындардың түрлі санаттарын тартуды ұсынамыз.

2. Алматы облысы – Бағдарламаның барлық арнайы жобаларын жүзеге асыру үшін демеушілер қаражатын тартқан өңірлердің бірі. Демеушілер қаражатының сомасы республикалық көрсеткіштің 12% астамын құрайды. Сонымен қатар, 2019 жылдан бастап «Туған жер» арнайы жобасы аясында демеушілер қаражатын тарту көлемі көрсеткішінің 68% (7 сурет), төмендеуі

орын алған, демеушілер мен меценаттарды тартумен өткізілген іс-шаралар 50%, меценаттар мен демеушілер санының 57% төмендеуі орын алған. Соған байланысты, азаматтардың әлеу-

<sup>19</sup> «Рухани жаңғыру»: Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу. «Жастар» F30» ЖШС, 2019 жыл.

<sup>20</sup> Сонда



меттік жауапкершілігін арттыру, оның ішінде бизнес өкілдерімен жұмысты жүйелі, өзара тиімді негізде дамыту ұсынылады.

3. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасын жүзеге асыруда белгілі бір теңгерімсіздіктер бар. Арнайы жобаға қатысқандармен оқытылған тұрғындардың арақатынасы 38,9% құрайды. Сондықтан білім беру қызметіне баса назар аудару ұсынылады.

4. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы үздік қазақстандық тәжірибені таратуға және оны халықтың мүмкіндігінше пайдалануына бағытталған. Осы арнайы жобаны облыста іске асырудың төмен көрсеткіштері орын алған: жеңімпаздар саны – 2 (республикалық деңгейдің 1,5%), өткізілген жиналыстар саны – 21 (республикалық деңгейдің 0,9%), облыс тұрғындарының тек 8,2% жеңімпаздармен кездесулерге қатысты. Осылайша, осы арнайы жоба бойынша жұмыс сапасын жақсарту ұсынылады.

#### **Атырау облысы**

1. Өңір Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша мақсатты бағытталған, жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Барлық арнайы жобалар бойынша оң динамика байқалады. Өңір демеушілер қаражатын бөлу бойынша көш бастап келеді, мұның өзі өңірде мұнай өндіру саласының орналасуымен де байланысты.

2. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасының аясында облыста инфрақұрылымы дамыған қасиетті нысандардың үлесі бойынша төмен көрсеткіштер тіркелді (11,1%), бұл басқа индикаторлардың (экскурсиялар, қасиетті нысандарды танымал ету) жүйелі түрде төмендеуіне алып келеді. Осыған байланысты қасиетті нысандарды инфрақұрылымдық қолдау жұмыстарын жүйелі негізге қою ұсынылады.

3. Облыста зияткерлік спорт түрлерімен шұғылданатындардың жалпы санынан мектеп оқушыларының үлесі бойынша ең төмен көрсеткіштердің бірі тіркелген – 0,3, спорт секцияларында оқитын оқушылар саны – 56,6%. Осыған орай, «Туған жер» арнайы жобасы аясында спорттық қатынастарды құру жұмыстарын жандандыру, жастарды спорт секцияларына тарту бойынша жүйелі шаралар ұсыну ұсынылады.

4. «Орта біліммен қамтылған ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп оқушыларының олардың жалпы санынан үлесі» көрсеткіші бойынша облыс төмен көрсеткіштерге ие – 24,2%. Осыған байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу орындарын салу, сондай-ақ олардың білім беру қызметін қамту үшін бірқатар жүйелі шаралар қабылдау ұсынылады.

5. Облыста мұнай кен орындарында жұмыс істейтін көп мөлшердегі шет ел азаматтары өмір сүреді. Осы жағдайды есепке ала отырып, ұлтаралық келісімді нығайту, өңірде тұратын қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігін сақтау бойынша шаралар қарастыру қажет. Соған бай-

ланысты, Бағдарлама аясында ұлтаралық қатынастар құндылықтарын, сондай-ақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді, тілді, мәдениет пен өнерді насихаттайтын жобалар мен іс-шаралар санын арттыру ұсынылады.

#### **Шығыс Қазақстан облысы**

1. Әлеуметтанулық зерттеулерге сәйкес, сіз «Рухани Жаңғыру бағдарламасы туралы естідіңіз бе?» деген сұраққа сұралғандардың 4,3% «Иә, мен Бағдарлама туралы жақсы білемін» деп жауап берген. ҚР АҚДМ мәліметтері бойынша халықтың іс-шараларға қатысу деңгейі 34,1% құрайды. Осылайша, ЖАО, ӨЖО «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының мағыналарын, мазмұнын және құндылықтарын нақтылау, аймақ халқын іс-шараларға белсенді түрде тартуда белсенді жұмыстар жүргізуі тиіс.

2. Өңір қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін іс-шаралар контенті мен форматын ойластыру ұсынылады (экологиялық, туризмді дамыту және т.б.).

3. Өңірде жүзеге асырылған жобалар мен іс-шаралардың жалпы санынан демеушілер мен меценаттар есебінен жүзеге асырылған жобалар мен іс-шаралар үлесі төмен көрсеткіштерге ие және 8,7% құрайды. Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелеріне сәйкес, «Сіздің ерікті түрде әлеуметтік пайдалы жұмысқа қатысуға қарым-қатынасыңыз қандай?» деген сұраққа респонденттердің тек 3,5% «Үнемі қатысамын» деп жауап берді. Осылайша, патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті және кіші Отанына деген сүйіспеншілікті дамыту жұмыстарын күшейту қажет.

4. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында мектеп оқушыларын, ТЖКББ студенттерін өлкетанушылық қызметке тарту бойынша жұмыстарды күшейту, өлкетану объектілеріне экскурсиялар санын арттыру ұсынылады.

5. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында тұрғындарды латын графикасына оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүйелі негізге қою ұсынылады.

#### **Жамбыл облысы**

1. «Туған жер» арнайы жобасы аясында облыста туған өлкені зерттеу бойынша әр түрлі танымдық жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді ( «Алаңдағы тоғызқұмалақ» ұлттық ойыны және т.б.). Алайда тарихты терең және жан жақты зерттеу үшін ғылыми және шығармашыл зиялылардың қатысуымен ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастыру қажет. Бұл іс-шаралардың жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмауына байланысты арнайы жобаны жүзеге асырудың ғылыми-зерттеушілік құрамдас бөлігін күшейтуді ұсынамыз.

2. Қазіргі уақытта өңірде азаматтардың қоғамдық іс-шараларға тартылуы, әлеуметтік мәселелерді шешудегі азаматтық бастамашылдық тиісті деңгейде жолға қойылмаған. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойын-

ша<sup>21</sup> азаматтық белсенділік пен тұрғындардың Жамбыл облысының әлеуметтік жобаларына қатысуының орташа көрсеткіші төменгі көрсеткішке жатқызылады (32,9). Соған байланысты, жоспарлау кезінде азаматтық жауапкершілікті, патриотизмді дамытуға бағытталған, оның ішінде волонтерлікті дамытуға бағытталған жоба/іс-шараларға баса көңіл аударуды ұсынамыз.

3.ЖАО, ӨЖО Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізгеніне қарамастан, тұрғындарды қамту бойынша көрсеткіш Бағдарламаның барлық дерлік арнайы жобалары бойынша төмен болып табылады. Тұрғындардың 6 арнайы жобаға қатысуының орташа көрсеткіші республикалық көрсеткіштің 2,15% құрайды. Соған байланысты, тұрғындарды неғұрлым кең көлемде қамтуға бағытталған іс-шаралардың форматы мен мазмұнын ойластыруды ұсынамыз.

4. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасын іске асыру бойынша көптеген көрсеткіштер төмен деңгейде. Арнайы жобаға қатысқандармен оқытылған тұрғындардың арақатынасы 0,8% құрайды. Осылайша, арнайы жобаны тиімді жүзеге асыру үшін жүйелі шараларды қарастыру ұсынылады.

5. «Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы бойынша кері байланысты енгізу жұмыстары жеткіліксіз деңгейде жүргізілді. Бұл оқулықтардың оқу процесіне қаншалықты енгізілгені, көпшілікке тарату, осы кітаптардың мазмұнын білу мақсатында көпшілік шаралардың өткізілуі туралы ақпарат жоқ. Кітаптар техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастырумен жабдықталмаған.

Арнайы жобаға халықтың қамтылу деңгейі 3626 адамды немесе республикалық көрсеткіштің 0,24% құрайды. Осылайша, жұмысты жандандыру, іс-шаралардың тиісті мазмұнының сақталуын қамтамасыз ету ұсынылады.

#### **Батыс Қазақстан облысы**

1. «Рухани жаңғыру» Бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын жобалар мен іс-шаралар тұрғындар арасында жақсы танымал<sup>22</sup>, мұның өзі облыста жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының нәтижелілігін көрсетеді. Бұл жұмысты контентті кеңейте, өңірлік ерекшеліктер мен жаңа қарым-қатынас трендтерін есепке ала отырып, ақпараттық ашып көрсету бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

2. Тұрғындардың іс-шараларды ұйымдастырудағы белсенділігін арттыру, азаматтық бастамашылдықты кеңейту, сондай-ақ өңір мәселелерін шешуге барынша бағытталған іс-шараларды жоспарлау мен ұйымдастыру мақсатында ӨЖО-ның ҰЕҰ, бастамашыл топтармен, тұрғындармен бірлесе әрекет етуін күшейту, оның ішінде осы идеялар/бастамалардың ашық платформасын әзірлеу, оған тұрғындардың өз идеялары мен ұсыныстарын жіберу мүмкін-

шіліктерін қарастыру ұсынылады.

3. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасының аясында облыста инфрақұрылымы дамыған қасиетті нысандардың үлесі бойынша ең төмен көрсеткіштердің бірі тіркелді (10,6%), бұл басқа индикаторлардың (экскурсиялар, киелі нысандарды танымал ету) жүйелі түрде төмендеуіне алып келеді. Осыған орай, қасиетті нысандарды инфрақұрылымдық қолдау бойынша жұмыстарды бизнес-қауымдастық пен ғалымдарды тарта отырып, жүйелі негізде жүргізу ұсынылады.

4. Өңірде бірнеше сәтті жобалар жүзеге асырылуда. Олардың өзектілігін жоғалтпауы үшін оларды жаңа мазмұнмен толықтыруды, түрін өзгертуді, оларды ұйымдастыруға волонтерлерді, қоғам қайраткерлерін, бастамашыл азаматтарды тартуды ұсынамыз.

#### **Қарағанды облысы**

1. Қарағанды облысы үлкен мүмкіншілігі мен қорларына қарамастан, облыстар бөлінісінде арнайы жобалардың негізгі көрсеткіштері бойынша орташа көрсеткіштер көрсетіп келеді. Іс-шаралардың жылдар бойынша біркелкі жүзеге асырылмауын атап өтуге болады – 2017 - 2018 жылдары іс-шаралар санының елеулі көлемде өсуі және 2019 жылы белсенділіктің төмендеуі. Өңірлер бөлінісінде облыс демеушілер қаражатын тарту көрсеткіші бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірін көрсетіп отыр – 1,25%, бұл да жүзеге асырылатын жобалардың санына ықпал етеді. Облыста өткізілген экскурсиялар мен экспедициялардың саны бойынша көрсеткіш 0,8% құрайды. Қасиетті объектілердің қамтамасыз етілуі 10% құрайды. Соған байланысты, ӨЖО «Туған жер» арнайы жобасы аясындағы міндеттерді шешуге бизнес-қауымдастықты тартуда іс-шаралар кешенін өткізуді жоспарлау сапасын арттыру бойынша жұмыстарды күшейтуді, қасиетті объектілердің инфрақұрылымын жақсартуға инвестициялар тартудың белсенділігін арттыруды ұсынамыз.

2. Облыс аумағында ерекше тарихи объектілердің орналасқанын есепке алар болсақ (Ұлытау, Жошы хан кесенесі және т.б.), білім беру мекемелері, ӨЖО, ЖАО «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында экскурсиялардың саны мен сапасын арттыру, оның ішінде өзге өңірлердің тұрғындарын (әсіресе оқушы жастарды) тарта отырып, кешенді жұмыс ұйымдастыру ұсынылады.

3. Өңірде елеулі көлемде жоғары оқу орындарының, ТжКББ бар екенін есепке ала отырып, «100 жаңа оқулық» арнайы жобасын олардың білім беру процесіне енгізу және оларды түрлі форматтарда мазмұндық игеру бойынша жұмыстардың белсенділігін арттыру ұсынылады.

4. Өңір «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген, олар жаңа өзекті

21 «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Туған жер» арнайы жобасы «Атамекен» кіші бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесі» тақырыбында жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп, Алматы, 2018 ж.  
22 Сонда

форматтарды пайдалана отырып, 14 ірі жобаны жүйелі негізде жүзеге асыру нәтижесінде мүмкін болды. Осы жұмыстарды жаңа контентпен толықтыра отырып, жалғастыруды ұсынамыз.

#### **Қостанай облысы**

1. Жалпы, Қостанай облысы Бағдарламаның барлық арнайы жобалары бойынша тұрақты көрсеткіштер көрсетіп отыр. «Туған жер», «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру», «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобалары бойынша неғұрлым елеулі көрсеткіштерге қол жеткізіліп отыр. Ең алдымен, бұл іс-шаралардың жылдар бойынша біркелкі бөлінуіне, «Туған жер» арнайы жобасы аясында тартылған демеушілер мен меценаттар санының тұрақты түрде өсуіне, демеушілер мен меценаттардың қаржыларының елеулі көлемде тартылуына қатысты (арнайы жоба бойынша жұмсалған барлық қаражаттың 94,5%).

2. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы аясында Қостанай облысы іс-шаралар өткізу бойынша көшбасшы болып табылады – 5517 қамтуы 330 263 адам, мұның өзі тиісінше республикалық көрсеткіштердің 24,3% және 7,2% құрайды. Өткізілетін іс-шаралардың форматын өңір қажеттіліктерін, сондай-ақ жинақталған тәжірибені есепке ала отырып, өзектендіру ұсынылады.

3. Өткізілетін іс-шараларды одан әрі оңтайландыру, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы шеңберіндегі жеңімпаздардың еңбек жетістіктері идеясын, оң тәжірибесін ілгерілету мақсатында тұрғындарды арнайы жобаларға қатысуға тартуды кеңейту ұсынылады.

4. ӨЖО, ЖАО жоспарлау кезінде тұрғындар мен елді мекендердің барлық арнайы жобалар бойынша біркелкі бөлінуін есепке алу, сол арқылы азаматтарда Бағдарлама міндеттері туралы жүйелі көзқарастар қалыптастыруды жүзеге асыру ұсынылады.

5. Өңірде «Орта білім берумен қамтылған оқушылардың жалпы санынан ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың үлесі», «Халықты жұмыспен қамту орталықтарына өтініш білдіргендердің ішінен мүмкіндігі шектеулі жұмысқа орналастырылған тұлғалардың үлесі» көрсеткіштері төмен және тиісінше 4,6% және 81% құрайды. «Туған жер» арнайы жобасы аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған білім беру орталықтарын ашу бойынша жұмысты жандандыру, Бағдарламаны іске асыруға мүмкіндігі шектеулі адамдарды тарту ұсынылады.

#### **Қызылорда облысы**

1. «Туған жер» арнайы жобасы аясында облыста қайырымдылық мәдениетін дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Өңір демеушілер қаражатын тартуда алдыңғы қатарлы орынды иеленіп келеді (республика бойынша тартылған демеушілер қаражатының жалпы санының 9% астамы). Алайда демеушілер мен меценаттар қаражатын тарту көлемінің төмендеуі орын алған: 2018 жылы 227%, 2019 жылы 100,7%.

Соған байланысты бизнеспен жұмыс жасауға жаңа көзқарас қалыптастыруды, бизнес үшін қызығушылық тудыратын жобалар ұйымдастыруды ұсынамыз.

2. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы бойынша көрсеткіштердің тұрақты түрде өсіп отырғанына қарамастан, есепті кезең ішінде облыс тұрғындарды арнайы жобаға қатысуға тарту көрсеткіші бойынша ең аз көрсеткіш көрсеткен өңірлер қатарына енді – 25 605 адам (0,6%), қатысқан адамдардың жалпы санынан оқытылған тұрғындардың саны (3,2%). Соған байланысты латын графикасына оқыту бойынша іс-шараларды, сондай-ақ тұрғындарды арнайы жобаға қатысуға тартуды арттыруды ұсынамыз.

3. Өңірде Бағдарлама бағыттары бойынша бірнеше іс-шаралар бір реттік сипатқа ие, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді дамытуға бағыттылығы жоқ болып келеді. Соған байланысты нақты нәтижелерге қол жеткізуге және ұзақ мерзімдік болашаққа жүзеге асыру мүмкіндігіне бағытталған жоба/іс-шаралар жоспарлау ұсынылады.

4. «Қасиетті география» арнайы жобасы аясында арнайы жобаны іске асырудың тиімділігін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдау ұсынылады. Облыс аумағында ежелгі Сығанақ қаласы, «Қорқыт-ата» мемориалдық кешені орналасқан. Сонымен қатар, киелі нысандардың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілу деңгейі 27,7%, өткізілген экскурсиялар саны – 173 (республикалық көрсеткіштен 0,37%) құрайды.

#### **Маңғыстау облысы**

1. Жалпы, өңірде Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүйелі негізге қойылған: іс-шаралардың 50% астамы ауылдық елді мекендерде өткізіледі, тұрғындардың арнайы жобаларға кең көлемде қамтылуын атап өтуге болады, елеулі көлемде демеушілер қаражаты тартылған, облыс салынған объектілер саны бойынша ең жоғары көрсеткіштердің біріне ие (республикалық көрсеткіштің 11,2%). Өңір тұрғындарының басым бөлігінің ауылдық елді мекендерде тұратынына байланысты, демеушілер қаражатын ауылдық аймақтардың инфрақұрылымын дамытуға бағыттау ұсынылады.

2. Өңірде танымал қасиетті орындардың саны көп, ерекше табиғи қорлары, теңіз порты бар, мұның өзі облыстың үлкен туристік мүмкіншіліктерінің бар екенін көрсетеді. Соған байланысты өңірде туристік кластерді дамыту ұсынылады, оны жүзеге асыру үшін Бағдарламаның арнайы жобаларының қасиетті орындардың инфрақұрылымын дамыту бөлігін іске қосу қажет, «Дала фольклорының мың жылы», «Түркі әлемінің генезисі» арнайы жобалары аясында көрікті шығармашылық фестивальдер өткізу, «Туған жер» арнайы жобасы аясында теңіз жағалауы аймағының инфрақұрылымын дамыту. Сонымен, кешенді көзқарас идеяларды, өзге де қорларды этномәдениет элементтері, қазіргі заманғы демалыс түрлері, ерекше қасиетті объек-

тілерге экскурсия жасау мүмкіншілігі бар ерекше туристік кластер құру үшін топтастыру мүмкіндігін береді.

3. Облыста «Зияткерлік спортпен шұғылданып отырғандардың жалпы санындағы мектеп оқушыларының үлесі» көрсеткіші ең төмен – 1,7%, «Жұмыспен қамту орталықтарына жүгінген мүмкіндігі шектеулі адамдардың арасында жұмысқа орналасқандарының үлесі» орташа көрсеткіштен де төмен – 77 %. Осылайша, «Туған жер» арнайы жобасы аясында осы проблемаларды шешуде жүйелі шараларды жүзеге асыру, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды Бағдарламаны іске асыруға тарту ұсынылады.

#### **Павлодар облысы**

1. Әлеуметтанулық зерттеу<sup>23</sup> нәтижелеріне сәйкес, аймақта «Рухани жаңғыру» аймақтық жобалық кеңсесімен байланыс деңгейі 8,6% құрайды, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобалары мен арнайы жобаларына қатысу деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен төмен – 36,6%. Сонымен қатар, аймақтық жобалық кеңсенің жұмысы туралы халықтың хабардарлық деңгейі республика бойынша орташа көрсеткішті құрайды – 47,3%. Осылайша, ӨЖО жұмысын кеңінен насихаттау, Бағдарламаны іске асыруға қатысу тетіктерінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау ұсынылады.

2. Мақсатты аудиторияға байланысты латын графикасына оқыту бойынша жобаның жаңа форматтарын енгізу, себебі облыста оқыған тұрғындардың арнайы жобаға қатысқан тұрғындармен арақатынасы бар жоғы 2,8% құраған.

3. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша «Ескерткіштердің электрондық картасын» әзірлеу, QR-кодтар орнату бойынша жұмыстарды өзектендіру.

4. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша іс-шараларды жоспарлау мәселесін жақсарту, себебі облыста жоспардың орындалмауы 22,3% құрады.

#### **Солтүстік Қазақстан облысы**

1. «Туған жер» арнайы жобасы аясында өңір негізгі көрсеткіштер бойынша тұрақты нәтижелерге ие: өткізілген іс-шаралар санында, ЖБ игерген қаражатта, тартылған демеушілер қаражатында, сондай-ақ демеушілер мен меценаттардың саны бойынша өсім орын алған. Өңір жаңғыртылған объектілер саны бойынша алда келеді (республикалық көрсеткіштің 15,7%). Жоспарлау сапасын арттыру, арнайы жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін іс-шараларды алып тастау ұсынылады.

2. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы бойынша тұрғындарды арнайы жобамен қамтуды арттыру, сондай-ақ тұрғындарды латын графикасына оқыту бойынша іс-шаралардың саны мен сапасын арттыру ұсынылады. Жиыны есепті кезең ішінде 1 110

адам оқытылған.

3. «100 жаңа оқулық» арнайы жобасының жүзеге асырылуының нәтижелілігі көп жағдайларда облыс кітапханаларының осы кітаптармен қамтамасыз етілуімен, сондай-ақ олар жүргізіп отырған осы кітаптарды насихаттау бойынша жұмыстардың жүргізілуімен негізделеді. Талдау көрсетіп отырғандай, СҚО кітапханаларының көпшілігі бұл кітаптармен қамтамасыз етілмеген. Соған байланысты кітапханалардың осы кітаптармен қамтамасыз етілуін арттыру, сондай-ақ тұрғындарды арнайы жобаға қатысумен қамтуды арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлау ұсынылады.

4. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасын жүзеге асыруға 1 200 000 тенге бөлінген, бұл республика бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірі (0,02%). Сонымен қатар, 143 іс-шара өткізілген, оның ішінде 8 шетелдік гастрольдер. Нәтижесінде, қаражат көлемінің жетіспеуі сапасы төмен іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ есепке арнайы жоба міндеттерін шешуге бағытталмаған іс-шаралардың енгізілуіне алып келеді. Соған байланысты жоспарға арнайы жоба мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды енгізу, сондай-ақ ЖАО сапалы іс-шараларды жүзеге асыру үшін қаражат бөлуі ұсынылады.

5. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы бойынша «Жастардың алтын бесігі», «Соратники Елбасы» жобалары аясында жастармен ынталандырушы кездесулер өткізу, оларды тұрақты негізде өткізу, форматын кеңейту, сондай-ақ жастардың жобаны жүзеге асырылуына тартылуына көңіл аудару ұсынылады.

#### **Түркістан облысы**

1. Әлеуметтанулық зерттеулерді талдау «Туған жер» арнайы жобасының Түркістан облысында жүзеге асырылу деңгейі азаматтардың санасын жаңғыртуға, әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігін арттыруға жеткілікті деңгейде ықпал етпейтінін көрсетеді. Соған байланысты, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеялары мен мазмұнын терең ұғыну бойынша жұмыстарды күшейту ұсынылады. Жергілікті атқарушы органдарға өткізілетін іс-шаралардың сапасына, олардың Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігіне, идеологтар мен спикерлер пулын оқыту мен тартуға және олардың жұмысын Бағдарламаның мазмұны мен құндылықтарын түсіндіруге бағыттауға назар аударуы ұсынылады.

2. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар тұрғындар арасында тиісінше қабылданбай келеді. 2018 жылы өңірдің бір де бір өкілі арнайы жоба жеңімпазы атанбаған. Жоба жеңімпаздарымен 40 кездесу өткізілген, мұның өзі республика бойынша барлық өткізілген кездесулердің 1,7% құрайды, оларға өңірдің барлық тұрғында

23 «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі өткізген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелілігі» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп. Алматы, 2018 ж.



рының 8,17% қатысқан. Тұрғындарды арнайы жоба мақсаттары мен міндеттері туралы ақпараттандыру бойынша жұмыстарды күшейту, еңбек жетістігі идеяларын насихаттау, сәтті өмірлік стратегиялармен, мүмкін болатын, мемлекет ұсынатын әлеуметтік лифтілермен таныстыру, сондай-ақ үміткерлерді таңдау бойынша сарапшылар тобының жұмысына қатаң талаптар қою ұсынылады.

3. Облыста аула алаңдарын спорттық жабдықтармен жарақтандыру деңгейінің көрсеткіші орташа деңгейден төмен және 11,3% құрайды; «Қосымша біліммен қамтылған мектеп оқушыларының үлесі» - 54,9%. Осыған орай, «Туған жер» арнайы жобасы аясында Кіші Отанда сауықтыру жұмыстары бойынша тапсырмаларының басымдығын ескере отырып, оларды жүйелі негізге қою ұсынылады.

4. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы аясында өңір кітапханаларының көпшілігі оқулықтармен қамтамасыз етілмеген. Өткізілетін іс-шаралар негізінен жаңа оқулықтарды ақпараттық ілгерілетуге бағытталған, сонымен бір мезетте олардың мазмұнын сапалық игеруге бағытталған жобалар шағын көлемде өткізілген. Сонымен, арнайы жоба бойынша іс-шараларды жоспарлауды оларды арнайы жобаның міндеттеріне пропорционалды түрде бөле отырып, жүйелі негізде жүзеге асыруды, өңір кітапханаларының қорын жаңа оқулықтармен толықтыру бойынша жұмыс жүргізуді ұсынамыз (ақпараттық сүйемелдеу, оқу процесіне енгізу, оқулықтардың мазмұнымен танысу және т.б.),.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы – қазіргі уақытта қоғамды бәсекеге қабілеттілік, заманауи әлемдегі өзекті құндылықтар негізінде нәтижелі біріктіруге қабілетті идеологиялық платформа. Сонымен қатар, Бағдарлама барлық жаңғыртушы қайта құрулардың іргетасы ретінде ұлттық кодты, құндылықтар мен дәстүрлерді терең тануды, сондай-ақ оларды қазіргі қатерлерге байланысты өзектендіруді ұсынады. Бұл кешенді көзқарас барлық мемлекеттік және қоғамдық қайта құрулардың тренді, әрбір қазақстандықтың өмірлік ұстанымына айналуы тиіс.

Бағдарлама жүзеге асырылып келе жатқан 2 жыл 9 ай ішінде ОМО, өңірлер, ӨЖО ауқымды жұмыс атқарды. Әлеуметтанулық зерттеулерге сәйкес, Бағдарлама бағыттары (бәсекеге қабілеттілік, білімнің салтанат құруы, прагматизм, сананың ашықтығы, эволюциялық дамуға бағыттылық, ұлттық бірегейлік) қазақстандықтардың көпшілігінің қолдауына ие болуда<sup>24</sup>.

«Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобалары әсіресе аудандар, ауылдар, облыс орталықтары деңгейінде қоғамдық сананы жаңғыртудың генераторына айналды. Сарапшылардың пікірінше, жүзеге асырылуы мен танымалдығы деңгейі бойынша «Туған жер» (44,2%) және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» (39,4%) арнайы жобалары көш бастап келеді. Осы арнайы жобалар аясында Қазақстанның өзекті салала-

рының дамуына негіз болуы мүмкін ірі жобалар жүзеге асырылуда, олар: туристік кластер, меценаттық, қайырымдылық және волонтерлік культі, ұлттық тарихты терең меңгеруге негізделген патриотизмнің жаңа деңгейін қалыптастыру.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобалары жүйелі жүзеге асырылу нәтижесінде жаңа, қазіргі әлемде талап етілетін қазақстандықтардың құндылық ұстанымдарын қалыптастыратын локомотивке айналады, мұның өзі Қазақстанның ғылыми және білімдік мүмкіншіліктерінің сапалық секіріс жасауын, дамыған 30 елдің қатарына енуін қамтамасыз етеді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы әсіресе өңірлер деңгейінде үлкен қолдау тапты. Өңірлік шығармашылық ұжымдар шетелдік әріптестерімен берік мәдени байланыстар орнатты, мұның өзі олардың шығармашылығын жүзеге асыру деңгейін, бәсекелестік деңгейін көтереді. Көптеген өңірлік ұжымдар халықаралық байқауларға қатысып, жүлдегер атануда.

Сонымен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстан қоғамының барлық саласын іс жүзінде қамти отырып өмірге, тәжірибеге, әрбір қазақстандықтың құндылық ұстанымдарына енуі тиіс, тек сонда ғана біздің қоғам өз жетістіктерін құрып, әлемдік деңгейде ілгелете алатын болады.

<sup>24</sup> «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі «Қоғамдық сананы жаңғырту кезеңіндегі заманауи қазақстандықтардың құндылықты бағдарлары» тақырыбында жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша есеп. 2017 ж.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 2017 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры». 2018 ж.
3. «Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Туған жер» арнайы жобасы «Атамекен» кіші бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесі» тақырыбында жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп, Алматы, 2018 ж.
4. «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі «Қоғамдық сананы жаңғырту кезеңіндегі заманауи қазақстандықтардың құндылықты бағдарлары» тақырыбында жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша есеп. 2017 ж.
5. «Рухани жаңғыру»: Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі» тақырыбында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу.«Жастар» ҒЗО» ЖШС, 2019 ж.
6. <http://decenta.kz/smi/podgotovlen-analiticheskij-otchet-o-provedennom-issledovanii-po-izucheniyu-obshhestvennogo-mneniya-o-realizatsii-programmy-ruhani-zha-yru/>.
7. <https://www.caravan.kz/news/kak-programma-modernizacii-obshhestvennogo-soznaniya-rukhanizhangghyru-obsuzhdalas-na-mezhdunarodnoj-arene-403815/>
8. <http://www.kisi.kz/uploads/33/files/UVDk2ZAK.pdf>
9. ҚР АҚДМ ұсынған өңірлердің 2 ж. 6 ай бойынша есептері.
10. 2019 ж. 9 айы бойынша өңірлердің есептері.